

Әділғазы Қайырбеков

ТҮЛГЕЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Эсселер, ғылыми-зерттеу мақалалар,
ой-толғам, сыр-сұхбат

АУҒАНЫМ

Баспа үйі

Алматы

2014

УДК 821. 512. 122-0

ББК 83.3 (5 Қаз)

Қ 23

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді.

ҚАЙЫРБЕКОВ Ә.

Қ 23 ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ: Сәбит пен Ғабит.

Эсселер, ғылыми-зерттеу, мақалалар, ой-толғам, сыр-сұхбат/Ә. Қайырбеков. – Алматы: Айғаным, 2014. – 286 б.

ISBN 978-601-03-0231-0

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты, ақын Әділғазы Қайырбековтің «Тұлғалар тағылымы» атты кітабына оның көп жылдар бойы Алматыдағы «Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің Мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінде» қызмет істей жүріп жазған, қазақ әдебиетінің алыптарының өмірі мен шығармашылығы, әдеби мұралары, құнды жәдігерліктері, т.б. туралы ғылыми-зерттеу мақалалары, эсселері, ой-толғамдары, сыр-сұхбаттары топтастырылған. Ұлттық әдебиетіміздің тарихында өшпейтін із қалдырған, халықтың жүрегінен берік орын тапқан қос қаламгердің қоғамдық-әлеуметтік, жазушылық-азаматтық тұлғалары жан-жақты ашылады. Олардың соңдарында қалдырған мұраларының көркемдік, тағылымдық, өнегелік сипаттары сараланады.

Кітап әдебиет әлеміне ынтызар, көркем туынды табиғатына, қаламгерлердің өскен ортасы мен өмірдегі тыныс-тіршілігін білмекке құмар қалың оқырман қауымға, ұстаздар мен шәкірттерге арналған.

УДК 821. 512. 122-0

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-03-0231-0

© «Айғаным», 2014

МУЗЕЙДЕГІ МӘҢГІЛІК МЕЗЕТТІҢ МӘНІ

Әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен ғылымның белгілі қайраткерлеріне музей ашу – біздің республикамыздың мәдени-әлеуметтік өмірінде орныққан дәстүрге айналды. Атын атап, түсін түстеп, санамалап жатпай-ақ қояйық, музейлердің қарасы еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі онжылдықта біршама өсті. Мұның сыры неде? Әрине, экономикалық дағдарыстар, жұмыссыздық, мәдени ошақтардың басына бұлт үйірілуі – мұның бәрі де нарықты экономиканы нақты даму жолы ретінде таңдаған елдердің әуелде тұмсық соққан тығырықты өткелдері екені анық. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда қаншама қиындықпен ашылған ауылдағы қазақ мектептері қайта жабылып, кітапханалар, мәдениет үйлері мен клубтар жұмысын тоқтатып жатқан кездерде экономикалық дағдарыстар енді рухани дағдарыстарға ұшырататын болды ғой деп уайым шеккенбіз. Мәдениет ошақтарының басындағы мүшкіл хал музейлерді де айналып өтпеген. Театрлар мен музейлер көрермендері мен келушілерінің қатарын күрт сиретіп, қалт-құлт күй кешті. Дегенмен, музейлер мүлде жабылып қалмады. Қайта ұлттық сананың, тарихи жадымыздың оянуы, тірілуі өткенімізге, ата-бабаларымыздың азаттық пен тәуелсіздікке жету жолындағы арпалысты күресіне қайта үңілуге, тарихымыздағы ақтаңдақтар мен қаратаңдақтарды танып-білуге, жекелеген тарихи тұлғалардың, ұлттың рухани ұстаздарының өмір жолын, шығармашылық мұраларын қайта зерделеуге жетеледі.

Әсіресе, “әдеби-мемориалдық музейлердің нарықты экономикаға қадам басқан мемлекет үшін қадір-қасиеті қаншалықты?” дейтін сауал күн тәртібіне арнайы қойылмаса да, бүйірден қадалған шаншудай, талай адамдардың ұйқысын қашырғаны анық. “Музейлер мемлекет қамқорлығында болуы керек” дейтін тұжырымдама,

меніңше, ең алдымен осы әдеби-мемориалдық музейлерді сақтап қалу үшін қажет. Әдеби-мемориалдық музейлердің (музей-үйлердің) бір ерекшелігі – көбісі қалалардағы көпқабатты тұрғын үйлерде орналасқан. Ағыл-тегіл келіп жатқан адамдар аз. Оқушылар, студенттер, туристер болмаса, бірен-саран келімді-кетімді кісілер аяғы сиреген. Күнкөрістің қиындығы, тұрмыстағы тапшылықтар жұрттың назарын бөрінен бұрын базарға қарай бұрып әкетті. Бірақ, бұған қарап, уайым шегудің жөні жоқ. Екі қолға бір жұмыс табылып, тұрмыс оңалып, қарын тоғайған соң жұрт рухани байлықтарды қайта іздей бастайды. Ал музейлер мен мектептердің мақсат, мұраттары ортақ. Ең алдымен жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал жасайды. Білім өрісін кеңейтеді. Бұған немқұрайды қарауға бола ма? Мәселен, Америка музейлер ассоциациясы (1906 жылы құрылған) бұдан біраз жылдар бұрын “Жаңа жүзжылдықтағы музейлер” комиссиясын құрып, музейлердің ортақ проблемаларын зерттеп, қорытынды баяндамада музейлердің тәрбиелік роліне айрықша мән берген. (“Мир музея”, № 1, 1993). Иә, музейлер – тәрбие мектебі.

Әдетте, музей экспозициясымен мұқият танысып, әрбір экспонатқа байыппен үңіле қараған адам бірте-бірте бүгінгі күннен алыстап, өткен күндерге сапар шегіп, белгілі бір уақыт кезеңінің уысына түскенін бағамдар еді. Бұл әдеби-мемориалдық музейлерге қатысты ой қозғағанда айрықша мән беретін мәселе. Музейдегі мұралардан мәңгілік мезеттің мәнін іздеу дегеніміз де осы. Музейде әлдебір сыртқары күштің ықпалына түсетініңізді сезінудің сыры – кеше мен келешекті жалғастырар көпірдің үстінде дәл бүгінгі тіршілік күйбеңінен алыстап, ағымдағы алқын-жұлқын таусылмайтын жұмыстарды ұмытып, өтіп кеткен заманның тірі куәлерімен тілдескендей күй кешуіңіз.

Музейлерден тоқтап тұрған сағаттарды талай көрдік. Қабырға сағаты ма, қол сағаты ма – мейлі, бөрібір, әйтеуір бір жылы, бір күні тоқтаған. Кейбірі сол музейдің иесінің жүрегінің тоқтаған сәтін көрсетіп тұруы да мүмкін. Тек сағат емес, сол музейдегі әрбір зат, әрбір экспонат осындай бір уақыт бөлшегінде қозғалыссыз, қимылсыз тұрып қалғандай әсер қалдырады. Ал осы қимыл-қозғалыссыз

қалған заттарға тіл бітіру, тарих мінбесінен сөйлету, шежіре шерткізу, бұл экспонаттарды бүлінуден, қолды болудан қорғау, сақтау, келер ұрпақ тәрбиесіне қызмет еткізу – оңай шаруа емес. Музей қызметкерлері әрбір экспонатқа жәй бір көненің көзі, ескінің ескерткіш-белгісі деп қана қарамай, оның өне-бойындағы құпияға қанығып, тылсымды түсініп, тереңнен сыр тарта алса ғана мақсат орындалмақ. Қазір есіме түсіп отыр, бір жерден оқығанмын, “мемориалдық музей” деген сөз – “аялда, қасқағым сәт!” деген сөз. Қысқа айтылса да нұсқа айтылған. Ал енді осы қас қағым сәтті аялдату және оны мәңгілік мезеттің мән-мағынасын білдіретін сәтке айналдырып ұстап тұру – сол музейдің ғылыми қызметкерлерінің, музейдің экспозициясын жасаушылардың, музей қорын қалыптастырушылардың, сақтаушылардың, келушілерді музеймен таныстырушылардың – баршамыздың міндетіміз.

Музейдің мәдени, ғылыми, ағарту мекемесі ретіндегі қызметі де әлгі “қас қағым сәтті” қаншалықты сәтімен аялдатып, ұстап тұра алғандығына байланысты. Кеше ғана ғасыр ауысты, мыңжылдықтар шекарасынан өттік, оны айтасыз, заман өзгерді, қоғам өзгерді. Ой-санамызда күрделі сілкіністер өтті, ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарына көзқарастар өзгерді. Жоғарыда айтқанымыздай, ұлттық тәрбие құралының бірі болып саналатын әдеби-мемориалдық музейлеріміздің де экспозициялары жаңартылып, экспонаттары бұрын ішке бүгіп келген тың мазмұндарын аша бастады.

Мәселен, 2000 жылы қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО шешіміне енгізіліп, Республика Үкіметінің қаулысымен жоғары деңгейде аталып өтті. Қызылжарда облыстық қазақ драма театры ашылып, Сәбит ауылында қазақ орта мектебі бой көтеріп, екеуіне де С.Мұқанов есімі берілді. Алматыдағы С.Мұқанов көшесінің Төле би көшесімен қиылысқан тұсындағы алаңқайда халқы сүйген жазушыға ескерткіш-бюст орнатылды. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы М.Төлебаев көшесіндегі С.Мұқановтың 1978 жылдан бері қызмет көрсетіп келе жатқан әдеби-мемориалдық музей-үйі күрделі жөндеуден өткізіліп,

экспозициясы жаңартылды. Біздің назар аудартқымыз келгені – осы музей-үйдің экспозициясы жаңартылуына байланысты ой-түйіндер.

С.Мұқанов – XX ғасырдың түйдей құрдасы, кеңестік дәуірдің де қызық-шыжығын бір кісідей-ақ бастан өткерген, большевиктік сенімімен ғұмыр кешкен жазушы. Музейдің бұрынғы экспозициясы “Советтік сөзге қаламы көрмеген өсте мұқалып, мұны жазған адамы – кәдімгі Сәбит Мұқанов” деп өзі айқындап берген бағытта әңгіме шертетін. Енді жаңарған музей экспозициясы “Жол таптым бар қазақтың жүрегіне, Осы да жетті деген тілегіне” деп тағы да Сәбегнің өзі айтқандай, халық өмірінің қалтқысыз шежіресін жазған, шын мәніндегі халық жазушысының өмірі мен шығармашылық жолынан мол мағлұмат береді.

Кеңестік дәуірді, тоталитарлық режимді бастан кешкені үшін қазақ халқы кінәлі емес. Ондай қоғамда 70 жылдан аса уақыт өмір сүрген жалғыз қазақ елі ғана емес. Ендеше халық ұлдарының, ұлт перзенттерінің кеңестік дәуірдегі өлшеусіз қызметтері мен өтеусіз еңбектеріне уақыт пен тарих әділ бағасын беруге тиіс еді. Халық Алаш ардақтылары деп Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Шәкәрімдерді ақтап алып, тарихи әділетке тізгін ұстаумен қатар, Сәкен, Илияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ғабит есімдеріне қылау түсірген жоқ. Міне, мерейтой тұсында Сәбит Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйі жаңа тыныс ашып, ғасырлар тоғысында лайықты бағасын алып, келешек ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі барын дәлелдеп шықты.

Келер жылы тағы бір ірі тұлғамыз, қазақ әдебиетінің классигі, Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойы аталып өтілмек. Ғ.Мүсіреповтің музей-үйі де жоғарыдағы принцип бойынша жаңартылып, экспозициясы қайта құрылмақ.

Яғни, музейдегі мәңгілік мезеттің мәні – қоғамның, уақыттың, тарихтың тезіне шыдайтын өміршең мазмұнында болса керек.

Әлемдегі ең ірі Британ музейін қазір жыл сайын 6 миллионға жуық адам аралап көреді екен. Мұнда үлкен кітапхана, оқу залы болған. К.Маркс өзінің атақты “Капиталын” осы музейдің оқу залында отырып жазған.

Сол Британ музейі де жаңарып, жасаруда. Бір кезде Берлин Рейхстагына реставрация жасаған сәулетші Норман Фостер Британ музейін қайта жөндеуден өткізудің жобасын жасапты. Енді бұрынғы оқу залы – компьютер орталығы болып өзгерген. (“Культура”, 1-7, 03, 2001). Мұны айтып отырған себебіміз: мәңгілік бір қалыпта тұратын ешнәрсе жоқ, бірақ музейдегі мәңгілік мезеттің мәні бар.

2000 жылы желтоқсанда Ресей Федерациясының Мәдениет министрлігі Санкт-Петербург қаласында музей қызметкерлерінің өкілдік мәжілісін өткізген. Оған Ресейдің барлық аймақтарынан 500-ден аса музей қызметкерлері қатысқан. Биылғы жазда Ресей музейлеродағының құрылтай съезі өткізілмекші. Қазақстан музей қызметкерлеріне де осындай ортақ мүдде тұрғысында басқосу жасап, мәдени шаралар өткізудің жолдарын іздестірген артық болмас еді.

Музейлерді тәрбие мектебіне айналдыруда көңіл бөлетін тұстар баршылық. Қазақстандағы музей ісінің дамуы кешегі кеңестік дәуірде де жақсы жолға қойылған болатын. Қазір де музейлеріміздің қоры ортайған жоқ. Қайта уақыт өткен сайын құнды мұралармен толыға түсуде. Ендеше, музейлердегі мәңгілік мезеттің мәнін терең ұғынайық. Жас ұрпақтың зерек зердесін, ұлттық таным-түйсігін оятуда музейдегі мұралар да елеусіз, ескерусіз қалмасын.

2001 ж.

КӨЗГЕ ЫСТЫҚ, КӨҢІЛГЕ ЖАҚЫН

2002 жылы 22 наурызда – қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы, академик, Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толмақ. Сөз зергерінің соңында қалған мұралары сақталған музей-үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, экспозициясы жаңартылуда. 1968-1985 жылдары Ғ.Мүсірепов тұрған мекенжай – қазіргі Қарасай батыр көшесі, 49 үй, 25 пәтер – әлі де көзге ыстық, көңілге жақын. Алдындағы ағаларына “Алыптар тобы” деп баға берген Ғабең өзі де сол қазақ сөз өнеріндегі алыптардың

санатынан табылған санаулы санаткер.

Ғабеңнің музей-үйі екі бөлімнен тұрады: екі бөлме – мемориалдық, бір бөлме – әдеби. 4 мыңнан аса экспонаттар бар. Қалың қазақ қауымы Ғ.Мүсіреповті қара сөздің ұстасы, хас шебері деп біледі. “Қазақ солдаты”, “Оянған өлке”, “Ұлпан”, “Жат қолында” романдары, “Кездеспей кеткен бір бейне” поэмасы, көптеген әңгімелері, т.б. – оқырман жадында жатталып қалған шығармалар.

Музей экспозициясында Ғабең шығармашылығы мен өмір жолындағы жұлдызды сәттер, шабытты шақтар қос өрім тауып, құнды жәдігерлер сыр шертеді. Мәселен, тұңғыш қазақ операсы “Қыз Жібектің” 1000 – қойылымы республика мәдени өмірінде үлкен жаңалық болған еді. Либреттосын Ғ.Мүсірепов жазған. Қазақтың тұңғыш көркем фильмі “Амангелдінің” киносценарий авторларының бірі – Ғабит Мүсірепов. Екі сериялы, атақты “Қыз Жібек” фильмінің сценарийін жазған – Ғ.Мүсірепов.

Ғабең өзі “Ақан Сері – Ақтоқты” классикалық трагедиясын бөлекше бағалаған. Міне, осылардың бәрін музей тілінде “сөйлету”, келуші көрермендер назарына ұсынып, талғам-таразысынан шығу оңай шаруа емес.

Сонымен қатар, Ғабеңнің қоғамдық қызметі, еліміздің қиын да қысталаң сәттерінде шырылдап жанын отқа салған тұстары (Бесеудің хаты, Бейімбетті қорғауы, Мирзоянға хаты, т.б.) да экспозиция желісіне алтын арқау болып тартылған.

Ғабеңнің серілік салттары, аңшылық-саятшылық құмары, миллиардқа бүйрегіннің бұрып тұратыны, т.б. бір бөлек әңгіме.

Қысқасы, мерейтой қарсаңында Ғ.Мүсіреповтің мұражай-үйі толық жаңарып, өткен ғасырдың иықтан басқан идеологиялық шаң-тозаңдарын сілкіп тастап, жарқырап, тың мазмұн ашады. Академик З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда: “...Мүсіреповпен мақтану керек!”.

2001 ж.

МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫН ӨЗГЕРТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елімізде мемориалдық музейлер (мұражайлар) саны жыл өткен сайын өсе түскені байқалады. Бұлардың ішінде әдеби-мемориалдық музейлер де бар. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі он жылдың мұғдарында едәуір қиындықтар мен кедергілерден өтуге тура келді. Алдымен мәдени ошақтардың бірталайы нарық қыспағына шыдамай жабылып қалды. Ауылдағы мектептер, кітапханалар, мәдениет үйлері, клубтар бірінен соң бірінің есіктеріне құлып салынып, бірте-бірте халыққа қызмет көрсетуін мүлде тоқтатып жатқанда музейлердегі көне мұралар талан-таражға түспей, сақталып қалуы, шынында да, таңғаларлықтай еді.

Музейлердегі мұралардың мұрты бұзылмай сақталып қалуында, музейлердің санының кемімей, қайта өсе түсуінде зарыға күткен тәуелсіздікпен бірге келген ұлттық сананың оянуымен сабақтас заңдылықтар бар. Ұлттық санамыз, тарихи санамыз бізді өткенімізге үңіліп, салт-дәстүрімізді жаңғыртып, түп-тегімізді түгендеуге, барымыз бен жоғымызды, асылымыз бен жасығымызды саралауға ықпал жасады.

Әдеби-мемориалдық музейлер де кешегі кеңестік дәуірде идеологиялық тәрбие құралдарының сенімді ошақтарының бірі болғаны даусыз. Республикамыздағы әдебиет пен өнерді сүйетін қауым жақсы білетін Семейдегі – Абай мен Достоевскийдің, Алматыдағы – Мұхтар, Сәбит, Ғабиттің, Талдықорғандағы – Ілиястың, Ақмоладағы – Сәкеннің, т.б. музейлері табалдырығынан аттағаннан-ақ қызыл жалауға бас игізіп, қызыл самал ескен терезесін айқара ашып, қызыл империяның мәртебесіне құлшылық жасауға қызмет етті. Бұл ретте музейлердің экспозициясына кеңестік-кедейлік идея сыналап кіргізіліп, жас ұрпақ санасына сыздықтап сәулесін түсіруі көзделетін.

Уақыт өзгерді. Заман алмасты. Қоғам жаңарды. Ғасырдан ғасырға, мыңжылдықтан мыңжылдыққа аттап өттік. Рухани, мәдени, әдеби мұраларымыз бен құндылықтарымызды да елеп-екшеуге, алтыннан – жезді, алмастан – ақ тасты ажыратып, әр нәрсені өз атымен атауға мүмкіндік туды.

Осы ретте, әдеби-мемориалдық музейлердің бұрынғы экспозициясын қайта құру, жаңарту, тың мазмұнмен экспонаттарды қайта “сөйлету” міндеті күн тәртібіне шұғыл қойылуға тиіс еді. Бұл орайда “көнениң бәрі – ескі, ескінің бәрі – керексіз” дейтін солақай белсенділіктің бел алып кетпеуіне де абай болған жөн-тұғын.

Былтыр, 2000 жылы, қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы ЮНЕСКО шешімімен жоғары деңгейде аталып өтті. Осы қарсаңда шын мәнінде елінің ыстық махаббатына ие болған халықтық жазушы Сәбеңнің – Сәбит Мұқановтың 22 жылдан бері келушілерге есігі ашық тұрған Алматыдағы музей-үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, экспозициясы жаңартылды. Бұрын біз музейге келушілерге XX ғасырдың түйдей құрдасы, “батырақтан – академиктікке, жалшыдан – жолы кең жазушыға” (М.Әуезов) дейін көтерілген кеңестік дәуірдегі әдебиеттің көшбасшыларының бірі Сәбит Мұқановты қызыл саясаттың қызыл нары деп қызықтыра түсіндіретінбіз. Лев Толстойдың өзін “орыс революциясының айнасы” деп құлағымызға құйғаны кеше ғана емес пе еді. Ұлылардың ұлылығы – ұлы теңіздей тұңғыық, тылсым, жұмбақ. Ұлы теңіз маржандарын тереңіне де жасырады, жағалауға да шығарып тастайды. Ең қымбаты – жағалаудан оңай табылған маржандар емес, теңіз түбінде қалғандары шығар, бөлкім. С.Мұқановтың өмір жолы мен шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар Алматыда, Астанада, Қызылжарда өткізілді. Жүздеген баяндамалар жасалды. Халқы сүйген қаламгердің шығармашылығы мен өмір жолына жан-жақты баға берілді. Музей экспозициясының арқауы, жүйесі, желісі – осындай ғылыми терең сараптаулардың жемісі болып түзілді. Жаңа экспозицияда бұрынғы экспонаттардың өзі жаңаша бағаланады. Жаңа мазмұн ашады. Тың түсінік қалыптастыруға қызмет

етеді. Қалай? Мәселен, С.Мұқановтың ақын ретінде атын шығарған алғашқы кесек туындысы “Сұлушаш” поэмасы (1928 ж.) екені белгілі. Ал жазушы деп С.Мұқановты халық алғашқы романы “Адасқандар” (1931 ж.) арқылы таныды. “Адасқандар” кейіннен “Мөлдір махаббат” аталып, бұрынғы нұсқасына идеологиялық бояулар жағылып, жасанды өңдеу, түзетулер енгізілген болатын. Көне көздер “Шіркін, “Адасқандар” жақсы еді” деп тамсанғанына талай күә болдық. Енді, міне, араға 65 жыл салып “Адасқандардың” 1935 жылғы нұсқасы сол қалпында “Елорда” баспасынан жарық көрді. Музей экспозициясында экспонаттардың осындай жаңа қырынан көрінуі, оның мазмұнын ғана байытып қоймайды, сонымен қатар жазушы шеберханасын аша түсуге көп көмегін тигізеді.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының ағартушылық бағытта атқарған жұмыстарының бір саласы – мектептерге, жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар жазу болған. Ол оқулықтардың көбісі ізашар, тұңғыш оқу құралдары ретінде әлі күнге өзінің құндылығын жойған жоқ. Музей экспозициясына шығарған С.Мұқановтың 1932 жылғы “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” атты зерттеу еңбегі туралы бұрын экскурсия жүргізуші тек қана атап өтетін. Еңбектің қазіргі, келер ұрпақ үшін құндылығы неде екендігі түсіндірілмейтін.

Музей экспозициясын өзгерту барысында ғасыр басында қазақ қауымына аса елеулі ықпалы болған, тіпті Мұхтар, Сәбит, Ғабиттердің жазушылық жолға түсуіне, халқына қалам қайратымен қызмет етуіне үлгі-өнеге көрсеткен аяулы Алаш ардақтыларын айналып өтуге болмайтын еді. Міне, осы орайда, Сәбеңнің өзі көмекке келді. “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” атты еңбегінде ол мынадай аса құнды пікірлер жазып қалдырған: Ахмет туралы: “...Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектептерінің іргесін қалаған, алғашқы адам – Ахмет Байтұрсынов. Ахметтің бұл еңбегі бағаланбай қалмақ емес”, – деп; Мағжан туралы: “Ақындық жағынан келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер

енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ”, – деп; Міржақып туралы: “Бақытсыз Жамал” – үлкен тарихи маңызы бар роман. Бұл роман арқылы Міржақып Дулатов қазақтың ескі феодалдық өмірге қарсылығын көрсетті, – деп; Жүсіпбек туралы: ...“Жүсіпбек Аймауытов – соңғы кезде шыққан күрделі еңбектері “Ақбілек” дейтін ұзақ романы мен “Күнікейдің жазығы” деген ұзақ әңгімесі. “Ақбілек” ерте кезде “Әйел теңдігі” журналында басылып жүрді. Бірақ түгел басылған жоқ. Өйткенмен, оның толығын мен Жүсіпбектің өзінен оқыған едім”, – деп, әрі жоғары баға береді, әрі шығармашылық ізденістеріне тілектестігін аңғартады. С.Мұқановтың кеңестік дәуірде елеусіз, ескерусіз қалған жоғарыда аталған еңбегінен алынған бұл үзінділер музей экспозициясында арнайы орын алып, Алаш ардақтыларының суреттерінің жанына алтын әріптермен ойып жазылды.

С.Мұқановтың музей-үйіндегі үш бөлме – әдеби бөлімге, үш бөлме – мемориалдық бөлімге арналған. Мемориалдық бөлімдегі экспонаттар, жазушының өзі жинаған, қолы тиген, күнделікті тұтынған мүкәмал-мүліктері сол қалпында сақталған. Ал әдеби бөлімнің жаңа экспозициясы бұрынғы “советтік сөздің сардары” ретінде насихатталған С.Мұқановты шын мәнінде “жол тапқан бар қазақтың жүрегіне” халық жазушысы деңгейінде танып-білуімізге көмектеседі.

Музей экспозициясын өзгерту бір күндік жұмыс емес. Қыруар еңбектерді ақтарып, қаламгердің бүкіл шығармашылық жолына, шеберханасына, ол туралы жазылған әдеби-ғылыми зерттеулерге қайта үңіліп, саралап, сараптауды қажет еткені сөзсіз. Сол деңгейден көріне алдық деп ойлаймыз.

Алдағы 2002 жылы қазақ әдебиетінің тағы бір классигі, халық жазушысы, Еңбек Ері, академик Ғабит Мүсіреповтің де 100 жылдығы ЮНЕСКО шешімімен аталып өтілетін болды. Мерейтойға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Біз бұл ретте де, Мәдениет комитетінің көмегімен, Ғабенің 1968-1985 жылдары тұрған үйі, қазіргі музей кешенінің бір бөлімі – музей-үйін күрделі жөндеуден өткізіп, экспозициясын

жаңартуды жоғарыдағыдай мақсатпен жүзеге асырдық. Қазақ операсының тұңғышы “Қыз Жібектің” (либреттосын жазған Ғ. Мүсірепов, 1934 ж.) 1000-шы қойылымы туралы сыр шертетін мүйістегі экспонаттар немесе қол боста биллиард ойнауды ұнататын Ғабеңнің кийі, яки мұнтаздай таза жазу столының үстіндегі ұшталған қарындаштар, т.б... – осының осының бәрі жаңа экспозицияда жаңаша “тіл қатады”. Ең бастысы, музей экспозициясын өзгертудің өзекті мәселелері жаңа ұрпақтың, жас ұрпақтың жан дүниесімен үйлесер, үндесер нүктелерді табумен, танытумен тікелей байланысты.

2001 ж.

СӘБИТ ПЕН ҒАБИТ: ҚОС АРНА, ТЕЛ АҒЫС, ЕГІЗ ӨРІМ

Қазақ өркениетінің даму тарихында 2000 және 2002 жылдар ерекше атаулы даталар болып есте қалмақ. Бұл жылдарда Тәуелсіз Қазақ елі және әдебиет пен өнерге жанашыр әлем жұртшылығы қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы, академик Сәбит Мұқанов пен қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы, академик, Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойларын атап өту арқылы ұлт мәртебесін биіктетіп, ұрпақ мерейін асырғаны даусыз. Екеуі де ЮНЕСКО-ның шешімімен – бір, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен – екі, жоғары деңгейде ұлықталған мерейтойлар.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің кең құлаш, тегеурінді қанат жаюына өлшеусіз үлес қосқан Алыптар тобының бел ортасынан С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов те лайықты орын алған. Екеуінің де өмір жолдарында, шығармашылық сапарларында егіз-қатар үйлесім тауып отыратын тұстар жеткілікті. Екеуі де Орынбордағы рабфакта оқып, білім-ғылым теңізіне қайық салады, екеуі де “Еңбекші қазақ” газетінде қалам ұштайды, екеуі де Қазақстан Жазушылар ұйымында ұзақ жылдар тізе қоса еңбек етеді, екеуі де осы ұйымда әр жылдарда кезек пе кезек басшылық қызметте

болады. Екеуі де Солтүстік Қазақстан облысында туып-өсіп, Есілден ескен ерке самалды сағынумен ғұмыр кешкен. Енді Қызылжар өңіріндегі Сәбит аулы, Ғабит аулы дейтін екі елді мекен туған жер картасынан ойып тұрып орын алған. Екеуі де мыңжылдық құда. Сәбеңнің үлкен ұлы Арыстан мен Ғабеңнің тұңғыш қызы Энгелина отау тігіп, шаңырақ көтеріп, ұрпақ өрбіткен. Екеуі де бір-бірінің шығармашылық жетістіктеріне қызыға қарап, жоғары бағалап, тілекші болған.

“Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия! Сәбиттің оң қолы ақ қағаздың бетінде миллиондаған километр сапар шекті. Қағаз бетіне Сәбит қаламынан түскен барлық әріптердің бүгіліс-түйілістерін жазып жіберіп өлшесек, бүгін қозғалыс-қимылсыз жатқан оң қолдың қағаз бетінде неше миллион километр із қалдырғанына таң қалар едің!

Бірақ, ол жай із бе? Жоқ, ол ойлар ізі, көркем сөз ізі, қадірлі халқымыз, сенің ойларың, сенің армандарың, сенің ерлігің!” деп тебіреніп-толғанған еді Ғабит Мүсірепов.

“Ғабиттің жазушылығының тұтас алғанда өзіне тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды; екінші – бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды, сондықтан шығармаларының шикісі аз болады; үшінші – жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші – шығармасына өте ұқыпты, сондықтан хал-қадірі жеткенше олпы-солпысыз шығарады; бесінші – тілге үнемшіл, сипаттап, суреттеп отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншы – жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; жетінші – адам портретін жасауға, қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі” деп толғанып-тебіренген еді Сәбит Мұқанов.

Сәбит Мұқановтың “Сұлушаш” поэмасы, “Адасқандар”, “Ботагөз”, “Сырдария”, “Теміртас”, “Есіл” романдары, “Өмір мектебі” роман-трилогиясы, “Балуан-Шолақ” повесі, аяқталмаған “Аққан жұлдыз” тетралогиясының екі кітабы, Абай, Шоқан туралы, XVIII-XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихына, қазақ халқының

этнографиясына қатысты зерттеулері, сондай-ақ, Ғабит Мүсіреповтің “Қазақ солдаты”, “Оянған өлке”, “Жат қолында”, “Ұлпан” романдары, “Кездеспей кеткен бір бейне” поэмасы, “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ақан Сері – Ақтоқты” пьесалары, “Амангелді”, “Махаббат туралы дастан”, “Қыз Жібек” киносценарийлері, “Қыз Жібек” операсы мен “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” балетінің либреттолары, көптеген әңгімелері – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің олжалы туындылары ғана емес, ХХІ ғасырдағы оқырмандардың да рухын оятуға қажет құнды мұраларымыз.

Алматыда С.Мұқановтың 1965–1973 жылдарда тұрған үйінде (М.Төлебаев көшесі, 125) әдеби-мемориалдық музейі 1978 жылы, ал Ғ.Мүсіреповтің 1968–1985 жылдары тұрған үйінде (Қарасай батыр, 49) әдеби-мемориалдық музейі 1991 жылы ашылған болатын. Қазақстан Республикасы өкіметінің Қаулысымен (№ 104, 1999 ж. 8 ақпан) бұл екеуі “әдеби музейлердің қаржылық және материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-ағарту жұмысы саласындағы қызметін жақсарту мақсатында” өкімшілік-басқару жағынан біріктірілді.

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені екі алыптың да мерейтойларына тыңғылықты дайындықпен келді. Екі музей де ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің қамқорлығымен күрделі жөндеуден өткізіліп, экспозициялары жаңартылып, тың мазмұн ашты.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясы Музей кешенінің өтінішін қанағаттандырып, Алматыда “С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізуге, академик-жазушылардың кітаптарын, фото-альбом, конференция материалдарының жинағын шығаруға қол ұшын беруде.

Мерейтойлармен орайлас жарық көріп отырған Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің “Өмірбаяндық өрнектері” де бірін-бірі толықтыратын қос арна, бірін-бірі байытатын тел ағыс, бірінен бірі ажырағысыз егіз өрім екені анық.

2002 ж.

ҒАЖАЙЫП ҒАБЕҢ

Қазақ елі қай заманда да киелі сөздің иелеріне ерекше ілтисипатпен қараған. Би-шешендерінің, ақын-жырауларының, ойшыл ғалымдары мен жазушыларының мәртебесін биік санаған.

Міне, заман өзгерді, қоғам алмасты, жаңа таным-түсінік қалыптасып, ой-санамызда да күрделі жаңғырулар жүріп жатыр. Бірақ біз өткеннің бәрін мансұқтауға, көненің керегі жоқ деуге, ескі атаулыны ескерусіз қалдыруға ұмтылатындарға тізгін ұстатпауымыз керек. Қазақтың ХХ ғасырдағы ой алыптарының – ақындар мен жазушылардың өмірбаяндық, шығармашылық жолдарына баға бергенде де бұл байлам әрдайым жадымызда тұрсын.

“Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы” деп жазыпты Ғабен – Ғабит Мүсірепов өзінің күнделігіне. Жазса жазғандай, қазақтың маңдайына біткен ойшылдарының ұлы ойлары ғасырдан ғасырға көшіп келеді. Сұлулық та сондай. Кеше ғана ұлы Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО шешімімен тойланғанда қуанбаған қазақ кем де кем. Одан соң Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, енді, міне, 2002 жылы – Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойлары, 2003 жылы – Махамбеттің 200 жылдығы тағы да сол ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтіп жатса, бұл қазақ ұлттық әдебиетінің, мәдениеті мен өнерінің асқақ мерейі екені даусыз.

Ұлыларын ардақтаған елде музей ашу дәстүрі бар. Республикамызда әдеби, мемориалдық музей-үйлердің саны да жыл санап көбейе түсуде. Жидебайда, Семейде – Абайдың, Семейде – Ф.М.Достоевскийдің, Астанада – Сәкеннің, Талдықорғанда – Ілиястың, Қарасазда – Мұқағалидың, Алматыда – Мұқтардың, Сәбиттің, Ғабиттің және Ахмет Байтұрсынұлының, т.б. дегендей...

Осылардың ішінен биыл 100 жылдық мерейтойын өткізу жөнінде ЮНЕСКО шешімі, Үкімет Қаулысы шыққан – қазақ әдебиетінің классигі, Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің Алматыдағы музей-үйі жөнінде

жұртшылыққа біраз мағлұмат беруді жөн санадық.

Ғ.Мүсіреповтың Алматыдағы 1968-1985 жылдарда тұрған үйінде (қазіргі Қарасай батыр көшесі, 49-үй, 25-пәтер) музей ашу ісі 1986-1987 жылдары қолға алынып, 1991 жылдан бастап көп қабатты тұрғын үйдегі музей-пәтер Қазақстан Орталық музейінің бөлімі ретінде халыққа қызмет көрсете бастаған. Музейдің алғашқы ұйымдастырушылары қатарында Нәзира Қожахметқызы Дәулетова мен Энгелина Ғабитқызы Мүсіреповалар болды.

Қазақтан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен (№104, 1999ж., 8ақпан) С.Мұқановтың музей-үйі (М.Төлебаев көшесі, 125) мен Ғ.Мүсіреповтың музей-үйі “әдеби мұражайлардың қаржылық және материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-ағарту жұмысы саласындағы қызметін жақсарту мақсатында” өкімшілік-басқару жағынан біріктіріліп, енді, “С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей-кешені” болып қайта құрылды.

С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтың 100 жылдық мерейтойлары қарсаңында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің көмегімен екі музей де күрделі жөндеуден өткізіліп, экспозициялары жаңартылып, тың мазмұн ашты. Яғни, кеңестік идеологияның жамылғысын сыпырып тастап, шын мәнінде халық жазушыларына айналған қос алыптың азаматтық және қаламгерлік келбеттері қайтадан жарқырап көрінді.

Ғ.Мүсіреповтың музей-үйінде үлкен бір әдеби зал және екі мемориалдық бөлме бар. Сол бөлмелердің бірі – жазушының жұмыс кабинеті, екіншісі – демалатын бөлмесі. Мұндағы экспонаттар – жиһаздар мен мүліктер, кітаптар мен қолжазбалар, сыйлықтар мен өртүрлі құжаттар – барлығы да Ғабеңнің қолы тиген, күнделікті өмірде тұтынған, пайдаланған заттары. Бәрі бұрынғы, Ғабең бардағы қалпында. Ғабең өзі көңіл құлаған бір ермегі – таяқ жону үшін яки шылым шегу үшін балконға шығып кеткендей...

Жазушының жұмыс кабинетінің екі қабырғасын кітап шкафтары алып тұр. Міне, Ғабеңнің жұмыс үстелі. Үстел үстіндегі заттарға кім де болса әуестікпен көз жүгіртеді.

Жазушының 17 жыл тұрған үйіндегі әрбір зат қымбат, қадірлі. Бірақ мына сарғылт түсті жазу үстелінің жөні бөлек. Шерағаң – Шерхан Мұртаза айтқандай, “қаңтарулы қазанат сияқты” дерсіз. Мылқау телефонның тұтқасын ешкім көтермейді. Ғабеңді іздеп ешкім де телефон қоңыраулатпайды. Торшер, бүркіт басты градусник, ылғал өлшегіш құрал, шыны сиясауыт, шылым иісі әлі кетпеген мүштік, хрусталь күлсалғыш, қаламсап, ағаш қобдиша, қораптағы үлкейткіш шыны (лупа), көзәйнек, өшіргіш және ұшталған – ұшталмаған қарындаштар... Ғабең бүкіл дерлік шығармаларын төте жазумен (А.Байтұрсыновтың араб әріптеріне негізделген әліп-биі) жазғанды қолай көрген қаламгер. Қолжазбаларындағы маржандай тізілген араб әріптеріне қарап тұрып, ұзақ ойға шомасыз. Қолжазбасы шимайланбаған. Қате әріпті, сөзді қолма-қол өшіргішпен өшіріп, қайтадан жазған. Нәтижесінде, жауапты емтихан тапсырған ұқыпты шәкірттің шығармасындай бір таза дүние “қатемді тапшы, қане!” деп алдыңызда жатады.

Жазу үстелінің үстінде “Оянған өлке ” мен “Жат қолында” романдарының бір-бір данасы қалыпты және бір парақ қолжазба...

“Ғабит Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамайды” деген Төкен Әлімқұлов. “Мүсірепов болса, қашанда таңдануға лайық тұлға” депті Әбдіжәмил Нұрпейісов. “Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек!” дейді Зейнолла Қабдолов. Пікірлер тоғысынан түйетін түйін: Мүсірепов ғажап ғұмыр кешкен! Ал мына қарапайым жұмыс кабинеті, демалатын бөлмесі қоңырқай ғана, алып-ұшып бара жатқан ештеңе жоқ, асқақ ғұмыр иесінің өмірбаянынан сыр суыртпақтауға тым сараң. Бәлкім, осылай болуға керек те шығар. Өнебір Лев Толстойдың, Максим Горькийдің, “Қара Мадоннаның” бейне-мүсіндерінен тарқатылар сыр, мына бір Мопасанның, Марк Твеннің, Чеховтің, т.б. том-том кітаптарынан өрбитін өңгіме, әрине, Ғабеңнің өзі жоқ болған соң, көп құпиясын ішіне бүккен қалпында әркімнің көңіл сарайында ғана күмбірлемек.

Ғабеңнің қоңыр домбырасына қол созу үшін жүрек керек. Қабырғадағы картиналар, Ғабеңнің дәм-тұзы таусылғанда тоқтаған жар-сағат, киім-кешектері мен көйлек-

көншектері, Ғабең өз қолымен өртүрлі ағаш бұтақтарынан жонып жасаған таяқтар мен қолшоқпарлар, билльярд ойнауға өзгеше бейіл танытқан жазушының құндақтап сақтаған кийі, т.б. тарам-тарам ойлар тарқатуға сұранып тұрған экспонаттар. Мәселен солардың бірі жөнінде: “Ғабеңнің бір гадеті: әр түрлі ағаштан, қабығын аршымай, таяқ жинағанды ұнататын. Бұтақтары түп-түзу, сұлу бітімді ағашты көргенде, бұған ұзақ тамашалап қарар еді. Таяқ жасау үшін оның бір бұтағына ішінен қатты қызығып тұрғаны аңғарылар еді. Ғабең шет елге сапарға шыққанда да, барған жерінің орманын аралап, өзгеше қасиетті ағаштың бұтағынан таяқ кесіп ала кететін. Жапонияға, Индияға барғанда, сол елдерден жазушының ала келген қадірлі бір заттары – осы ағаш таяқтар. Ғабең ағаш таяқтарды өзінің жұмыс кабинетіне тізілтіп іліп қоятын. Үйіне келген қонағына осы ағаштардың тегі мен қасиеті жөнінде қызықтыра өңгіме шертер еді” деп жазыпты ғалым, жазушы Нығмет Ғабдуллин. Сол таяқтар музей қабырғасында әлі күнге дейін тізіліп тұр. Ал мына бір арнайы шеберге жасатқан жиналмалы орындық-таяқты Ғабеңнің құрдасы Ғабиден Мұстафин сыйға тартқан. Құрдастар қалжыңсыз жүрген бе. Таяқтың дөңгелек темірінен: “Ғабитке. Тоқалы тепкен, іші кепкен, жетпістегі сылаң шалға тарттым. Таяқ – үшінші аяқ. 22.III.72. Ғабиден.” деген жазуды оқып, еріксіз езу тартасыз.

Әдеби бөлім жазушының өмірбаяндық және шығармашылық жолын қатар қамтиды. Ғабеңнің анасы Динаның (1877-1957), ағасы Хамиттің (1896-1970), інілері Баязит (1904-1976) пен Әшімнің (1914-1992), қарындасы Гүлсімнің (1910-1970) фотосуреттері біреуге таныс, біреуге беймәлім. Дина әже – Ғабеңнің шешесі, Сәбеңнің – кіндік шешесі. “... Мінезі биязы, пейілі кең, асы дәмді, абысын-ажынға қадірлі” кісі болғанын С.Мұқанов айтыпты.

Ғабеңнің әкесі Махмұт Кәжімбайұлының (1871-1941) фото-суреті сақталмаған. Ағасы Хамиттың ұлы Екпін Махмұтовтың жеткізуінше: “Атам шағын денелі, көп сөйлемейтін, арабша оқыған, Құраннан түсінігі бар, мәсі тігетін, қамшы өретін, аз уақыт ауыл старшині ретінде атқамінер болған кісі еді. Кескін жағынан оған ұқсайтыны менің әкем, ал Ғабит шешесіне көбірек ұқсайды, әсіресе, ашу

қысқанда, бірдеңеге ренжігенде кескіні ақ сұрланып кететін қасиеті” (“Солтүстік Қазақстан”, №12 (19691), 08.02.2002.).

Ғабеңнің алғашқы туындылары – “Тулаған толқында” мен “Американ бидайығы” – екеуі де 1928 жылы жеке-жеке кітап болып жарық көрген. Экспозициядан орын алған кітаптардың көнерген мұқабаларында уақыт ізі жатыр. Ғабеңнің алғашқы фотосуреттерінен сақталғандарының бірі – Бурабай орман шаруашылығы техникумында сабақ берген жылдардағы атқа мінген қалпы (1927 ж.). Орман шаруашылығынан ой орманына сапар шегер алдында түскен; шығармашылық өмірбаяны осы атқа мініп, тізгін ұстаған 1927-1928 жылдардан басталып кететініне мына фото-суретте астарлы мегзеу жатқандай...

Ғ.Мүсірепов – қазақ әйелінің алуан қырлы образдарын сомдауға ұзақ ғұмырын арнаған жазушы. Ана туралы өңгімелерінен басталып, ақыры “Ұлпан” романымен асқақтап сомдалған Әйел-Ана бейнесіне дейінгі аралықта қаншама образдар галереясы жатыр десеңізші. “Ұлпан – менің Монна Лизам” деген Ғабең өзінің мынадай ғажап ойларын жазып қалдырыпты: – Дүниеде әйелдің көзінен артық қызықтыра алатын, әйелдің көзінен артық сиқырлап тартып кете алатын күш жоқ қой деймін. Қандай да байлық, бақ, мансап, тіпті қоғамдық дәреже дегендердің бір де бірінде ондай күш жоқ. Бәрі бірге қосақталып келіп мойныма асыла кетсе, оқтай қадалған әйел көзіне қарай жүре берер едім (№337 қойын дәптерден).

Ғабеңнің өмір жолындағы ең бір қиын кезеңдер 1932 жылғы аштық және 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессияның тұсы болса керек. Музей экспозициясында бұған екпін түсіріле орын берілген. Бұлай болуы түсінікті де. Міне, бесеудің хатынан үзінді: “... 5. Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде өлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс...

*Мүсірепов, Ғатаулин, Дәулетқалиев,
Алтынбеков, Қуанышев”.*

(ВКП (б) Өлкелік комитетіне, Голощекинге жолданған хаттан, 4 шілде, 1932 ж. Алматы.)

Диктатура “шаш ал десе, бас алып” тұрған заманда мұндай сауал қою – екiнiң бiрiнiң қолынан келмейтiн едi. Бесеуi де басын бәйгеге тiккендер ғой нағыз! Турникетке “Бесеудiң хатынан” қазақша мәтiнi толық түсiрiлген. “Бесеудiң хаты” спектаклiнен (пьеса авторы – Шерхан Мұртаза, қоюшы режиссерi Райымбек Сейтметов, 1990 ж.) көрiнiстер бар.

“Отыз жетiншi жылдың алатопалаңында, мысалы, Мүсiрепов Қазақстан Компартиясы Орталық комитетiнiң Мәдениет секторын басқарған екен. Мұның өзi әжептәуiр әкiмдiк. Бiрақ бұл жолы да оның әкiмдiгiн ақындығы жеңiп, “халық жауы” атанып, ұсталып бара жатқан Майлиндi өзi отырған үлкен мекемедегi әпербақандарға қосыла қаралаудың орнына жан ұшыра ақтап; – Бейiмбет жау болса, мен де жаумын! – деп қасқып қарап тұрған. Бұл да мансап дегендi ешқашан мақсат тұтпаған марқасқа дарынға тән қайсарлық. Бiзге бұл да тағылым” – дейдi академик, жазушы Зейнолла Қабдолов.

Мүсiрепов 1938 жылы партия қатарынан шығарылады.

Осынау ел басына қара бұлт болып төнiп, қасiрет жаудырған, ер-азаматтардың тағдыры тәлкекке түскен жылдардағы Ғабеңнiң екi ерлiгi – тарихи ерлiк! Көзi тiрiсiнде бұл жөнiнде мүлде айтылмайды. Бiрақ “ақиқат – алмас кездiк”, қын түбiнде жатып қалған жоқ, ақыры жарқ етiп қалың қазақтың көзiне шалынды. Әдiл бағаны тарих, уақыт бередi деген осы болса керек.

Музей экспозициясынан Ғ.Мүсiреповтiң кесек туындылары “Қазақ солдатy” (1949) мен “Оянған өлке” (1953), “Кездеспей кеткен бiр бейне” (1967) мен “Жат қолында” (1984), т.б. көптеген әңгiмелерi топтастырылған жинақтары, көптомдықтары, қолжазбаларының түпнұсқалары мен көшiрмелерi орын алған. Мына бiр хат та музей көрерменi үшiн қызықты:

“Ағай, аман, денiңiз сау, жақсы боларсыз. Жеңгейдiң де және қарындастың да дендерi сау, аман ба? Ғабит ағай, мен де аман, денiм сау, аман-есен оқып жатырмын. Мен Алматыдан кеткенде майданға барам деп сұрап едiм, менi

жібермей, осы күні 6 айлық курста оқып жатырмын. Мен сізге хат жазайын деп ойласам сіздің адресіңізді білмеймін. Сондықтан сіздерге хат сала алмай жүргенім.

Осы хат барар-бармасын біле алмай жазып отырғаным. Ғабит аға сізден менің сұрайтыным: мен жайлы шығарманы жазып болдыңыз ба, жазып болсаңыз... болса маған жіберсеңіз, екі данасын. Орысшасын және қазақшасын да. Осыны сізден өте көп сұраймын. Ал басқа өзiрге бөтен ... жоқ. Тек сізге амандығымды білдіріп отырғаным және сіздің де амандығыңызды білгім келіп еді.

Менен көп-көп сәлем жеңгейге, қарындасқа.

Хат ... ініңіз Қайырғали.

Кеңестер Одағының батыры Қайырғали Смағұлов.

Ғабит ағай өкпелеме, менің сізге хат жазғанымға және шығарманы сұрағанымға.

18/III-45.”

Музей экспозициясында Ғ.Мүсірепов шығармашылығына берілген әділ де нақты баға-пікірлер екшеліп алынып, келушілер назарына ұсынылған. Мәселен, Мұхтар Әуезов “тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге” сыйдырып: “Мүсіреповтің тілі мөлдір, көркем, түсінікті, қонымды” деп түйіп айтса, Шәмшиябану Сәтбаева: “Ғабит Мүсіреповтің бірнеше тілде басылған “Қазақ солдаты” совет дәуірінде өскен жас қазақтың сүйкімді де саналы өмірін таныстыру арқылы әдебиетіміздің тағы бір мол сыры мен қырын, сарқылмас көркемдік мүмкіндігін әлемге паш етті. Бұл роман туралы француз жазушысы Анри Вюрмсердің “Леттер франсез” газетінде, Пьер Филибердің Парижде шығатын “Эуроп” журналында, Бельгияның “Драпо Руж” газетінде, т.б. шетелдік баспасөздерде жарияланған пікірлер аса қызғылықты. Шетелдік пікірлерді оқып отырсақ, “Қазақ солдатының” негізгі кейіпкері Қайрош Сарталиевтің балалық және жастық шағын суреттейтін бөлімдерінің оларға аса қатты ұнағандығын аңғарамыз” деп жазды.

Ал Ғабенің өзі: “Көркем әдебиет деген ең әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдіреті болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ. Көркем сөздің

сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын” деп өсиет қалдырған-тұғын.

Экспозициядағы арнайы бөлімдерде Ғ.Мүсіреповтің “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш — Баян сұлу”, “Ақан сері — Ақтоқты” пьесаларын, “Амангелді”, “Махаббат туралы дастан”, “Қыз Жібек” киносценарийлерін, “Қыз Жібек” операсы мен “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” балетінің либреттоларын жазғаны баяндалады. Бұлардың ішінде “Қыз Жібек” — тұңғыш қазақ операсы болса, “Амангелді” — тұңғыш қазақ киносы екендігін де еске сала кету ләзім. Ал “Қыз Жібектің” 1000-шы қойылымы 1968 жылы қазақ театр өнерінде үлкен жаңалық болып қабылданғаны кеше ғана сияқты. Қыз Жібек рөлінде әр жылдарда сахна саңлақтары — Күләш Байсейітова, Бибігүл Төлегенова, Шабал Бейсекова, Нұржамал Үсенбаевалар қалыптастырған дәстүрді биылғы театр маусымында Алматыдағы Абай атындағы Мемлекеттік академиялық Опера және балет театры сахнасында Майра Мұхамедқызының жалғастыруында да жарасымды өнер жалғастығы жатқандай қабылдадық.

“Қозы Көрпеш — Баян сұлу”, “Ақан сері — Ақтоқты” трагедиялары — ұлттық драматургияның інжу-маржаны. Әуелден сөзді шекеден шертіп қолданатын жазушы драматургияда дәлемдік үлгілерден терең сабақала отырып, өнеріне өнер, шабысына шабыс қосты. Қайталанбас образдар жасады, ана тіліміздің тамаша кестесін төкті, ақ өлеңнің өлмес нұсқаларын жасады” деп Рымғали Нұрғали ақиқатты айтқан. Жоғарыда аталған сахна туындыларындағы қилы-қилы образдарды сомдауға қатысқан өнер жұлдыздарының фото-суреттерін қарап отырып толғайтын сыр да көл-көсір.

Музей қорында Ғабеңнің көптеген хаттары, Ғабеңе жолданған хаттар, күнделіктері мен қойын дәптерлері, қолжазбалары сақталған. Күнделіктері мен қойын дәптерлері “Ой сезім сәттері” (Құрастырған С. Дәуітов. “Жалын”, 1996 ж.), “Күнделік” (Кітапты баспаға дайындап, соңғы сөзін жазған Ә. Нарымбетов. “Ана тілі”, 1997ж.), “Өмірбаяндық өрнектер — Автобиографические эскизы” (Құрастырушы Г.Жетпісқызы. “Арыс”, 2002ж.) атты кітаптарда жарық көрді.

Ғабеңнің С. Мұқановқа (1928), Л. Мирзоянға (1934),

Ж.Шаяхметовке (1945), І. Омаровқа (1963), М. Шолоховқа (1965), т.б. жазған хаттары, сондай-ақ М. Әуезовтің (1939), Б.Момышұлының (1955), Ә. Нұрпейісовтің (1955), С.Шаймерденовтің (1951), М.Ғабдуллиннің (1945), Ә. Тәжібаевтың (1977), Ә.Марғұланның (1982), т.б. Ғабеңе жолдаған хаттары арнайы зерттеулерге өзек болары анық.

Сондай хаттардың бірі С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Шаймерденовтердің өкшесін баса, Қызылжар өңірінен шыққан, талантты жазушы, ертерек өмірден өткен Ермек Қонарбаевтан келген екен. Оқып көрелік. “Сәлеметсіз бе, қадірлі Ғабе! Мүмкін есіңізде болар... Сонау 60-жылдардың басында “Қазақ әдебиеті” газетінде Ғабдол аға Слановтың маған арналған ашық хаты жарияланған еді. Менің үш-төрт шағын өңгімелеріме талдау жасай келе, талпынысыма сәт сапар тілеген ағалық хат еді ол. Сол хат “Ғабеңнің тапсыруымен” деп басталған-ды.

Содан бері араға жиырма шақты жыл түсіп кетсе де, әдебиетке назар аударарлықтай татымды ештеңе ұсына алмаған соң, сізді көрсем де қашқалақтап, маңызға жуй алмай жүрген ініңізбін. 1970 жылдың жазында сіз Сергеев плотинасында тұрғаныңызда қаумалаған топтың ішінде мен де бар едім. Бірақ 1969 жылы шыққан тұңғыш жинағым сыналып қалған кез еді. Сізге өзімді сол қолайлы сәтте де таныстыруға осы хал бөгесін бола берген. Осы күнге дейін саны өрең үшке жеткен жинақтарым ғана бар. Егер Сафуан ағай Шаймерденов қолжазбаларымды шаңның астынан сілкіп-сілкіп шығарғандай қимыл жасамағанда, баспалардан бұларым да көрінбес жағдай бар екен.

Менің мамандығым – мұғалімдік. Қазір орыс, қазақ, неміс, поляк, мордва ұлттарының өкілдері түйіскен шағын селоның сегізжылдық мектебінде директормын. Жасым 44-те. “Отызда орда бұзбасам да”, қырықта қыр асам ба деген дөмем бар.

Бір кезде бүлк-бүлк соққан бұлағымның басын ашқандай болған өзіңізге тым құрыса тірлігімді білдірмей бұға беруді ретсіз санап, мына жинағымды жолдап отырмын. Автограф қоймадым. Егер лақтырып тастамай, оқып шығуға шыдамыңыз жетсе, ондай күн де қашпас.

Сөз арасында әдебиетпен сиыспас кемшіліктер кездессе,

жүрегімнің алып-ұшқанының салдары деп есептерсіз. Інілік сәлеммен, Ермек Қонарбаев. 27. III. 1982.”

Бұл хат бізді көп ойларға жетелейді. Ғабең талантты жазушы інісін алғашқы аяқ алысынан-ақ таныған сияқты. Ғ. Слановтың хатын “Ғабеңнің тапсыруымен” деп бастауы бекер емес. Ал ұзақ жылдар бойы қашқақтап, көзге түспеген Ермектің өз кінәсі басқа әңгіме. Осы орайда Ғ.Мүсіреповтің “Кітап аты – “Бесін”, авторы – Асқар” (1970) және “Қос Мұхтар” (1984) атты (М. Мағауин мен Мұхтар Шаханов туралы. Ә. Қ.) мақалалары еріксіз еске түседі. Бұл екі мақаласы да музейдің әдеби бөлімінен орын алған. Талантты тану, бағалау және жұртқа таныту дейтін мәселеде Ғабеңнің ғибраты өзгеше.

Ғ.Мүсірепов әлемнің көптеген елдерінде болған жазушы. Шығармалары да шекара асып, аударылып шығып жатты. Шетелдік сапарлардан әкелген сыйлық заттары, кітаптарының аудармалары, қоғамдық қызметке қатысты құжаттары, ордендері мен медальдары, Еңбек Ерінің Алтын жұлдызы, т.б. заттар – экспонаттар көрермен қызығушылығын арттырары сөзсіз.

Ғабең отбасы, ошақ қасында қандай болды екен, ет жақын туыстары, балалары кімдер деген сауалға “Отбасылық турникеттен” жауап табасыз. Өмірдің қилы кезеңдерінде жанына серік болған Хұсни, Рая, Ғазиза апайларымыздың, тұңғышы – Энгелинаның, Роза мен Райханның, жасы жерортаға келгенде көрген сүйікті қыздары – Гауһар мен Гүлнәрдің де фото-суреттерін көре аласыздар.

“Өнерге мінез керек. Мінезсіз өнер – мінезсіз жылқы. Ондай жылқының түсі келуі мүмкін, оның аяңы да алшаң, шабысы жойқын болуы мүмкін. Бірақ аз малтаны ас етіп, түн қашар ұзақ жолдарда, таңды таңға ұратын ұзақ жортуылдарда ондай жылқы кісіге серік емес. Үркерге сылтау, туларға себеп іздейтін тұяқ – сеніп жүрген, сеніп мінген серігін жолсоқты боп қатты қажып, қалғып кеткен бір сәтте топтып жолда қалдырады. Ғабеңнің өнері – мінезді өнер” дейді Асқар Сүлейменов (1972 ж.).

Ғабеңнің сол мінезді өнерінің бүгінгі ұрпақтың рухани сұранысына айналуы қай дәрежеде дейтін сауалға да жауап іздеуіміз керек. Жұырда “Жас Алаш” газетінің

(№26 (14442) “Студент” қосымшасында Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті қазақ филологиясы факультетінің 150 студентіне “Ғ.Мүсіреповтің қандай шығармасын оқыдың?” деген сауалнама жүргізілген екен. 54 студент “Ұлпан” романын оқығандарын айтқан. Жарайды. “Қазақ солдаты”, “Оянған өлке”, “Жат қолында”, “Кездеспей кеткен бір бейне”, бірер әңгімелері аталған. Алайда, Ғ. Мүсірепов әңгімелерінің ең шұрайлысы да шырайлысы да саналатын “Автобиографиялық әңгіме”, “Өмір жорығы”, “Қыран жыры”, “Этнографиялық әңгіме”, “Жапон балладасы”, “Боранды түнде”, тағы да басқаларын 150 болашақ филологтардың тым болмаса екеу-үшеуі оқымағаны, атамағаны қайран қалдырады әрі қамықтырады. Бір қарағанда, Ғабең өзінің ғажап туындыларымен уақыттан озып бара жатқанын аңғарамыз, ал жас ұрпақ Ғ.Мүсіреповтің қайталанбас қолтаңбасын ұғынуда, танып-түсінуде кешеуілдеп келе жатқандай.

Ана тіліміздің абыройын қызғыштай қорып келген Ғабең 1985 жылы, яғни қайтыс боларынан аз уақыт бұрын ғана, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем тіл туралы болған конференцияда екі сағаттық баяндама жасап, туған тіліміздің тағдырына жаны ауыратынын, шын жанашыры екендігін тағы да дәлелдеген. Жасының ұлғайғанына, денсаулығының кемігеніне қарамастан, сол жылы Жазушылар Одағында өзінің шығармашылық есебін беріп, ой қорытқан еді.

Жазушының шығармашылық, өмірбаяндық жолын баяндайтын әдеби бөлімнің соңы Ғабеңнің 1985 жылғы 28 желтоқсандағы өсиет сөзімен түйінделген. Ғабеңнің ақтық тілегі мынау:

“Туған елге соңғы сөз. Кешегі өткен Ғабиден досқа: “Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!” дегенім бар еді. Сол мөлшерім мөлшер екен. Қойны суық қасиетті қара жер құшағына, міне, мен де кеткелі жатырмын.

Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа Қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық, бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік

жоқ жерде, саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата әдебиеті атынан, өздерің қадір тұтқан алыптар тобының атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы.

Қалам ұстауға халім болмағандықтан, хатты Әлжаппар мен Мұхтарға айтып жаздырдым.

Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, хош, хош болыңдар!

Ғабит МҮСІРЕПОВ.

28.12.1985.

Тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Құлағыңызға Ғабеннің баяу қоңыр даусы келетіндей. Кеудеңізді күрсін кернейді. Фәни жалған және мәңгілік Өнер Иесі туралы ойларға шомасыз...

Ал Ғабенді мәңгілік сапарға шығарып салып тұрғанда айтылған мына сөз де осы ойлармен сабақтас: “Қағанаттың қара сөзін ұстаған хас шебердің қазасы қыранның өліміндей әрі аяулы, әрі ауыр қаза болды. Ауыр болатыны – аума-төкпе уақыттың асылы мен жасығын ажыратып беріп отыратын әділ зергер хас шеберден айрылды. Аяулы болатыны – ол ердің құнын екі сөзбен шешетін ежелгі шешендердің салтын қайталап дұрыс қартая білді. Дұрыс қартая білу... О, бұл неткен ауыр іс еді... Озар елдің баласына озық үлгілерден үйреніп өсу аз, оларды зерттеп өскен лазым. Ұрпақ келер, ұлағат іздер, шаршай жүріп шаттанар, шаттана жүріп шалдығар... Сол кезде ғасырлар өткен сайын ғаламат бояуларымен жарқырай түскен Ғабеннің алтын отауын көрер. Ат айналып қазығын табатыны рас болса, алыс-жақынды түгел шарлаған аймаңдай ұрпақ Мүсірепов өнерінің өнегелілігі мен өміршеңдігін түгел мойындап, түп атасына алғыс-рахметін жаудыраны хақ. Бұл – болжам емес, сенім. Зергер қалдырған мұраға зер сала қарасақ осындай сенім туады. Үлкен сенім, баянды сенім. Олжас Сүлейменов”.

Музей экспозициясының өн бойына алтын арқау болып өрілген – Ғабеннің айқын көзқарасы, биік ұстанымы, кең дүниетанымы және өмірдің мәнін саралайтын өлмес туындыларындағы асқақ рух.

2002 ж.

ӘРБІР ЗАТ АЛУАН СЫР ШЕРТЕДІ

Мұражай туралы аз мағлұмат. Ғабит Мүсіреповтің 1968–1985 жылдары тұрған үйін (қазіргі Қарасай батыр көшесіндегі 49-үй, 25-пәтер) мұражайға айналдыру ісі 1986 жылдан бастап қолға алынып, 1991 жылдан Орталық мұражайдың бір бөлімі ретінде есігін ашқан болатын. 1999 жылдан Сәбең мен Ғабеннің мұражай-үйлері әкімшілік-басқару жағынан біріктіріліп, мұражай кешені деп аталды. Он жылдан аса уақытта мұражай-үйге ешқандай жөндеу жұмыстары жүргізілмеген екен. Осыдан бір жыл бұрын ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің көмегімен мұражай-үйді күрделі жөндеуге қойып, экспозициясын жаңартып, биыл Ғабеннің туған күнінде – 22 наурызда қара шаңырақ қайтадан халыққа қызмет көрсете бастады. Екі бөлім бар: әдеби және мемориалдық. Әдеби бөлімде жазушының өмірбаяндық, шығармашылық жолы қатар өрілген. Мемориалдық бөлімдегі қаламгердің жұмыс кабинеті мен демалыс бөлмесіндегі экспонаттар бұрынғы қалпында сақталған. Олар – Ғабеннің қолы тиген, тұтынған, пайдаланған мүкәмал-мүліктері.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ, Сәбит Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық мұражайының директоры. Мұражай жөнінде басшы, жалпы, кешенде жинақталған 12 мыңнан аса экспонаттың 4 мыңнан астамы Ғабеннің мұражай үйінде деген дерек айтады.

– Әдеке, мұражайда ерекше назар аударатын экспонаттар деп бөліп атауға болатындары бар ма?

– Неге болмасын?.. Мәселе әрбір затқа кімнің көзімен қалай қарауға да байланысты. Міне, Ғабеннің түрегеп тұрып шығармаларын жазған жазу үстелі. Сирақтары ұзын, биік.

Әне, бильярд ойнағанда жиі ұстайтын кийі, құндағымен. Ал мынау қаз-қатар тізіле ілінген таяқтарды Ғабең өз қолымен жонып жасаған. Әдемі ағаш бұтақтарын іздеп жүріп, таңдап жүріп таяққа жарайтынын жинаған. Жазу үстелінің үстіндегі қарындаш, өшіргіш, көзәйнек, мүштік, қол сағаты, үлкейткіш шыны (лупа), қолжазбалары, хаттары, тағы басқа әрбір зат әр алуан сыр шертеді. Төте жазумен толтырылған сарғайған парақтар бүккен сырлар қаншама... Жалпы, мұражай кешенінде 12 мыңнан аса экспонат жинақталса, соның 4 мыңнан астамы Ғабеңнің мұражай-үйінде.

– Мерейтой қарсаңында мұражай кешеніне ЮНЕСКО-ның көмегі болды ма?

– Иә. Мұражай кешенінде ЮНЕСКО-ның көмегімен үстіміздегі жылдың 28-ақпанында Ғалымдар үйінде «С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері» атты халықаралық ғылыми конференция өткіздік. Конференцияға Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясының Төрағасы И.Тасмағамбетов құттықтау сөзін жолдады. Ғ.Мүсірепов шығармашылығының Қытай, Франция, Монғолия, Қырғызстан, Ресей, тағы басқа елдер әдебиетімен сабақтастығы талданған баяндамалар мен сөйленген сөздер жинақталып, жеке кітап болып «Арыс» баспасынан жарық көрді.

– Кітап шығару – мұражай кешенінің ғылыми жұмыстарының нәтижесі деп саналады ғой?..

– Әрине. Бұл ретте біршама еңбектендік. «Өлке» баспасынан «Ғ.Мүсірепов – 100» дейтін буклет шығардық. Буклетте әр жылдардағы фотосуреттер мен Ғабең туралы әр буын өкілдерінің пікір-лебіздері қамтылған. ЮНЕСКО-ның көмегімен «Арыс» баспасынан «Өмірбаяндық өрнектер – Автобиографические эскизы» атты С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің екеуіне де қатысты кітапты оқырмандар қолына тигіздік. Қазақ, орыс тілдерінде – С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романынан үзінділер, Ғ.Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгімесі», Сәбеңнің 30-шақты хаттары, Ғабеңнің күнделігі, екеуінің де өмір кезеңдерінен 30-40-тан фотосуреттер берілген. Сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның қолдауымен «Алматыдағы С.Мұқановтың мұражай-үйі»

дейтін буклет, «С.Мұқанов. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты 60 жылдан кейін қайта басылып отырған құнды зерттеу еңбегі.

– Үкімет қаулысында С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің 10 томдық академиялық шығармалар жинақтарын шығару көзделген еді ғой...

– «Жазушы» баспасынан Ғ.Мүсіреповтің 10 томдығының 2 томы жақында жарық көрді. С.Мұқановтың 10 томдығының 2 томы да көп кешікпес деп үміттенеміз...

– Сөбеңнің мұрағатында хаттар көп деп естиміз. Ал Ғабеңде ше?

– Онша көп емес. Бірақ әр жылдардан әр қилы деректер жеткізетін тағдырлы хаттары сақталған. Мәселен, 1928 жылы С.Мұқановқа жазған хаты, 1932 жылы шілдеде жазылған әйгілі Ғабең бастаған бесеудің хаты, 1934 жылы М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы туралы Мирзоянға жазған хаты, 1963 жылы І.Омаровқа жазған хаты, тағы басқа. Ғабең осы санаулы хаттарының өзінде үлкен әлеуметтік, әдеби, мемлекеттік мәселелерді көтергенін байқаймыз.

– Жазушының отбасылық өмірі туралы мұражай экспозициясында деректер толығымен қамтылған ба?

– Ұзақ ғұмыр кешкен Ғабеңнің отбасылық өмірінен жұрт хабардар болуға тиіс. Қилы кезеңдерде тағдырдың жазуымен Хүсни, Раиса, Ғазизалармен отасқан. Мұражай экспозициясының отбасылық турникетінде қойылған көптеген фотосуреттер бұл жөнінде толық мағлұмат береді. Қазір ортамызда қыздары Әнгелина, Гауһар, Гүлнәр бар.

– Ғабеңнің Алматыдағы мұражайы мен Қызылжар өңірі арасында байланыс қалай?

– Жазушының туып-өскен жерімен, ондағы азаматтармен, облыс әкімшілігімен әрдайым тығыз қарым-қатынас жасаймыз. Мұражайдағы кейбір экспонаттардың, қолжазбалар мен хаттардың көшірмелерін ауылдағы, Қызылжардағы музейге, кітапханаға, мектептерге жіберіп, қолдан келгенше көмектесіп тұрамыз. Солтүстік Қазақстанда 12-17 маусым аралығында өтетін мерейтой шараларына қатысуға өзірленудеміз.

– Ғабеңнің қанатты сөздері көп қой. Соның біреуімен өңгімемізді түйіндесек...

– «Көркем сөз – жанның сәулесі» деп жазыпты Ғабең өзінің қойын дәптеріне. Жазушының жұмбақ әлемін жан сәулесі – көркем шығармалары әр қырынан жарқыратып көрсете алады.

Өңгімелескен
Еркін ЖАППАСҰЛЫ.
2002 ж.

СӘБЕҢ МЕН ҒАБЕҢНІҢ МҰРАЖАЙ-ҮЙІНДЕ

Алдымен Сәбит Мұқановтың, араға жыл салып, биыл Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО шешімімен, Үкімет қаулысымен арнайы аталып өткені белгілі. Осы орайда арнайы іздеп барып, Алматыдағы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің директоры, ақын Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВКЕ бірнеше сауал қойған едік.

– Музей экспозицияларын жаңарту қанша уақыттан кейін қолға алынып отыр?

– Он жылдан аса уақыттан соң. Ғабеңнің музей-үйі 1991 жылы Орталық музейдің бір бөлімі ретінде ашылған ғой. 1999 жылы бұл музей-үйлерді мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені етіп әкімшілік-басқару жағынан біріктіргендегі мақсат – осы музейлердің өзара үндесіп жұмыс істеуі, қаржылық-экономикалық тиімділігі еді. Мерейтой қарсаңында ғылыми жұмыстарға, мазмұндық-тақырыптық ізденістерге көп мүмкіндік туды.

– Жақында Мәскеу жұртшылығы С.Мұқановты еске алу кешіне жиналыпты деп естідік...

– Иә, 10 желтоқсанда Мәскеуде, Халықаралық жазушылар одақтары қауымдастығының үйінде С. Мұқановты еске алу кеші өткізілді. Бұл – 100 жылдығын ЮНЕСКО атап өткен жазушыға көрсетілген құрмет. Қазақ әдебиетіне көрсетілген ілтипат. С. Мұқанов отызыншы жылдары Мәскеудегі Қызыл Профессура институтында оқыған. Қызмет бабымен де жиі байланыста болған. Достары да көп еді. Еске алу кешін ұйымдастыруда

Қауымдастықтағы Қазақстан жазушылар одағының өкілі, ақын Тұрсынай Оразбаева, «Мұрагер» кәсіпкер жастар қоғамының төрағасы Жәнібек Елікбаев көп еңбектенді. Кеште Шафхат Ниязи, Олег Шестинский, Чингиз Гусейнов, Ахияр Хакимов, Геннадий Гоц, Евгений Колесников, Сүйінш Сырымов сияқты қаламгерлер сөз алды. Ресейдегі Қазақстан Елшілігінің, Мәскеудегі «Мұрагер», «Қазақ тілі» қоғамдарының өкілдері, «Мир», «Хабар» телеарнасының Мәскеудегі тілшілері қатысты.

Кеште ақын Олег Шестинский «Ескерткіш» деген өлеңін оқыды. Сөбеңе арналған. Алматыдағы Сөбеңнің ескерткішін көргендегі әсері. Өткен жылдарды, достық қауышуларды ұмыта алмайтынын білдірді. Ал жазушы Евгений Колесников 1936 жылы Сидоренконың аудармасымен шыққан «Сұлушаш» дастанын өз архивінен тауып алып келіп, үзінділер оқуы да тебіренерлік еді. «Бұл дастанның бас кейіпкерінің аты – Алтай. Ал мен – Алтайлықпын» деді ол күліп тұрып.

– Мерейтойлар қарсаңында көптеген ғылыми конференциялар өтті. Сөбиттануға, Ғабиттануға көп үлес қосылды дей аламыз ба?

– Әрине, мұндай конференциялар Алматыда, Астанада, Петропавлда өтті. Жүздеген баяндамалар жасалды. Жинақтар шықты. Тіпті, басқа-басқа біздің Музей кешені де ЮНЕСКО көмегімен биылғы жылы ақпанның 28-інде Ғалымдар үйінде «С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері» атты халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырып, өткіздік. «Шағын музейлердің шамасы келе ме?» дейтін күмәнді серпіп тастадық. Қаржы көзі табылса, көп жұмыстар тындыра аламыз.

– Музейге кімдер келеді?

– Оқушылар, студенттер, туристер. Бірен-саран зиялылар... Мәселен, жуырда академик Зейнолла Қабдолов Ғабеңнің музейіне келіп, бір сағатқа жуық уақыт асықпай аралап көрді. «Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» деген академик Зейнолла Қабдолов ағамыз Ғабең туралы мағлұматқа зәру емес шығар. Бірақ музей экспозициясы ерекше қызықтырды деп ойлаймыз.

– Музейге келушілер үшін, жалпы музей ісін насихаттау үшін қандай жұмыстар жүргізесіздер?

– Насихат жұмыстарының түрлері көп қой. Ал буклет шығару – музейдің ғылыми жұмыстарының бірі. Буклет – музейдің төлқұжаты. Ғабеңнің музейі ашылғалы, 11 жылда бір де бір буклет, кітапша шығарылмапты. «Ғабит Мүсірепов – 100», «Алматыдағы С. Мұқановтың музей-үйі», «Алматыдағы Ғ. Мүсіреповтің музей-үйі» дейтін буклеттер, кітапшалар шығардық.

– Бұрын жарық көрмеген шығармалары не күйде?

– Үкімет қаулысымен екі классик жазушының да көптомдық шығармаларын шығару қолға алынды. Биыл С. Мұқановтың 1 томы, Ғ. Мүсіреповтің 2 томы «Жазушыдан» жарық көрді. Бұл іс жалғасады. Ал біз С. Мұқановтың бұдан 60 жыл бұрын жарық көріп, қайтадан басылмай қалған «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» атты еңбегін, профессор Т. Кәкішовтің талдау мақаласын қосып, ЮНЕСКО көмегімен «Арыс» баспасынан жарыққа шығардық. Бұл еңбек арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де өзінің ғылыми құндылығын жоймауымен бағалы. Ал енді С. Мұқановтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» де қайта басылуын күтетін хрестоматиялық еңбек. «Теміртас» романы да 1935 жылғы басылымынан соң, қозғаусыз жатыр.

– Тек қана әдеби емес, әдеби-мемориалдық музейлер болғандықтан, Сәбең мен Ғабеңнің тұтынған заттарынан да көзге ыстық көрінетіндері нелер?

– Ондай экспонаттар көп. Мәселен, Сәбеңнің «Аққан жұлдыз» романының үшінші кітабын бастағанда қолына алған қаламы... Ғабеңнің өз қолымен жонып жасаған таяқтары немесе бильярд ойнағанда ұстаған киіі... т.б.

Әңгімелескен Ә.НҰРТАЙҰЛЫ.
2002 ж.

ҒАБЕҢНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуына үлкен олжа салған, көркемдік әлемінде өзіндік өрнек-қолтаңбасын қалдырған, шығармалары уақытпен үндесе әрі дәуір шеңберінен шыға ұлттық өнеріміздің қазынасына құйылған саңлақ суреткерлеріміздің бірі – Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов.

Ғабенің туған күні жыл сайын көктемдегі ерекше мереке, Шығыс халықтарына ортақ Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келеді. Ал 2002 жылғы наурыздың 22-сінің тіпті жөні бөлек. Бұл жылы Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шешімімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен жоғары деңгейде аталып өтуде.

Алматыдағы Ғабенің 1968-1985 жылдары тұрған үйі (Қарасай батыр көшесі, 49-үй, 25-пәтер) 1991 жылы әдеби-мемориалдық музейге айналып, жұртшылыққа есік ашқан болатын. Алғашында Қазақстанның Орталық музейінің бөлімі ретінде қызмет көрсеткен. 1999 жылдан бастап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің музей-үйлері «әдеби мұражайлардың қаржылық және материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-ағарту жұмысы саласындағы қызметін жақсарту мақсатында» Мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені аталып, әкімшілік басқару жағынан біріктірілді. Мерейтой қарсаңында Ғабенің музей-үйі күрделі жөндеуден өткізілді. Бұған ҚР Мәдениет комитеті жәрдем-көмегін берді. Сондай-ақ, кешегі кеңестік дәуірдегі музейлерде көзге бірден шалынатын идеологиялық қызыл бояудан арылту үшін экспозицияны қайта құру, жазушы шығармашылығының қайнарларына жаңа қырынан келу, қолжазбалары мен кітаптарындағы ұлттық мүддемізге қызмет көрсеткен тұстарды, елдік мәселелерді ту ғып көтерген кездерді айқындау арқылы жазушының халықтық қадір-қасиеттерін ашу сияқты мақсатты ғылыми жұмыстар жүргізілді.

Экспозициясы жаңартылған музей-үйдің табалдырығынан аттаған адам ең алдымен Ғабеннің мына бір байламына көз тоқтатып, көңіліне түйеді ғой деп ойлаймын: «Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы». Ғабит Мүсіреповтің бүкіл шығармашылық сапары, өнерге қызмет еткен өмірбаяны, жазушылық жанкешті еңбегінің мән-мақсаты осы – ой ұлылығы мен сұлулық ұлылығын іздеу, соған бас ию, соны табу және соны келер ұрпаққа аманаттау. Музей экспозициясы да тұтастай алғанда осы идеяға бағындырылған.

Жазушының жұмыс кабинеті мен демалыс бөлмесі – мемориалдық бөлім. Бәрі бұрынғы, Ғабен бардағы қалпында. Ғабен өзі көңіл құлаған бір ермегі – таяқ жону үшін яки шылым шегу үшін балконға шығып кеткендей.

2002 ж.

ТӘСБИХ, ЖАЙНАМАЗ ЖӘНЕ ДОМБЫРА

**Алматыдағы Сәбит Мұқановтың әдеби-мемориалдық
музей-үйінің ашылғанына 25 жыл**

«Жол таптым бар қазақтың жүрегіне» деп жалпақ жаһанға жар салып өткен, қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында 1976 жылы Қазақстан Үкіметі жазушының 1965-1973 жылдар аралығында тұрған үйін музейге айналдыру жөнінде шешім қабылдап, 1978 жылдың қараша айынан бастап Алматыдағы М.Төлебаев көшесі, 125-үйдің 2-қабатындағы 6 бөлмелі пәтер-музей халыққа қызмет көрсете бастаған.

Музейдің ашылуына С.Мұқановтың бай мұрасын шашау шығармай жинап-сақтап, сол кездегі өкімет басшысы Дінмұхамед Қонаевқа өтініш айтып, өрелі елдердегідей, өз ұлдарын халық ұмытпаса екен деп, үлкен істің басы-қасында жүрген Сәбеннің сүйікті жары Мәриям апайдың еңбегі ерекше еді. Сәбен дүниеден озғалы биыл 30 жыл

болды, музейі ашылғанына 25 жыл толды. Осы аралықта Мәриям апайдың бүкіл тыныс-тіршілігі музеймен тығыз байланыста. Абзал ананың, асыл жардың, қарапайым қазақ әйелінің, жазушының жан серігінің осы ісінде тағылым бөлек, өнеге зор.

Музейдің алғашқы директоры Хакім Бекішев – Сәбеңнің жерлес інісі, отставкадағы полковник, былайша айтқанда, әскери адам еді. Іскер болатын. Ал, жас мамандардың музейге қызметке келуіне профессор Тұрсынбек Кәкішевтің жанашырлық көмегі көп болды. ҚазМУ-дың түлектері – Баянғали Әлімжанов, Құлбек Ергөбеков, Жанат Ибраев және осы жолдардың авторы – тікелей Т.Кәкішевтің «жолдамасымен» келіп, музейде еңбек жолымызды бастадық. Қ.Ергөбек Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылық жолын әр қырынан зерттеп, кандидаттық, докторлық ғылыми дәрежеге қол жеткізді.

Музейді құру, жасақтау, экспозициясын түзу оңай шаруа емес. Бұл ретте, сол тұстағы Мәдениет министрінің орынбасары, этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің айрықша қамқорлығы болғанын атап өтуге тиіспіз. Осындайда ойға оралады: музейдің ашылуына санаулы күндер ғана қалды. «Қазреставрацияның» суретшілері күн-түн демей еңбектенуде. Әр жұмыс күнінің аяғында Өзекең музейге келіп, біздің жұмысымыздың қалай жүріп жатқанын бақылайды. Кеңес береді, ескертпелерін айтады, тіпті, кемшіліктерімізді көрсетіп, ұрсып та алады. Бір ғана мысал айтайын. Бір күні Өзағаңа әлдебір экспонаттарды қамтитын ортақ мәтін ұнамады. Маған қайта жазуға тапсырма берді. Таңертең сағат 9-00-да Министрліктегі кабинетіне апарып, оқытып алуым керек. Университет қабырғасынан жаңа ғана шыққан кезім. Тәжірибе аз. Он ойланып, жүз толғанып, ақыры, әлгі мәтіннің екі түрлі нұсқасын әзірледім. Бірі болмаса, екіншісі ұнар деген ойдамын. Министрдің орынбасары Ө.Жәнібеков менің қос парақты толтырып апарған жазбаларымды алып қалды. Жұмыс аяғын тағатсыздана күтіп жүрмін. Жазғандарымның екі нұсқасы да ұнамаса қайтем дейтін көңілде алаң бар. Келді-ау бір кезде. «Мынадай мазмұндағы мәтін беріледі» деп қолыма бір парақ қағазды ұстатты. Асығыс оқи бастадым. Ол менің жазған екі

түрлі нұсқалы мәтінімді біріктіріп, қорытып, үшінші, жаңа нұсқасын жасапты. Республиканың бірдей бір министрлігінің бірдей бір министр орынбасары басқа жұмыстарының бәрін ысырып қойып, музейдің экспонаттарына қатысты мәтінді өңдеп, түзеп, қайта жазумен айналысады деп кім ойлапты?! Осынау кішкентай ғана мысалда Өзағанның ұлттық мәдени мұраларымызға деген ерекше көзқарасы, айрықша ықыласы байқалып тұрған жоқ па?! Ө.Жәнібековтің қазақ мәдениетіне, өнеріне, тарихы мен этнографиясына қылаудай сызат түсірмей, шыр-пыр болып жүріп атқарған қызметі ұшан-теңіз. Соның бір дәлелін С. Мұқановтың музей-үйінің экспозициясын құрғанда айқын сезінген едік.

Сәбеңнің осы музей-үйі ашылғанда ең алғашқы экскурсоводы болдым. Әлі есімде Қазақстан Жазушылар одағынан бір топ жазушылар келді. Дүниеде ең қиыны атақты Сәбит Мұқанов туралы, «жолы кең жазушы» (М.Әуезовтің бағасы) туралы жазушыларға әңгімелеу шығар. Бәрі де кеше ғана Сәбеңнің көзін көрген, бірге қызмет істеген, шапағатын сезінген қаламгерлер. Музейдің қаршадай экскурсоводы емес, Сәбең туралы сол мүйізі қарағайдай ақын-жазушылар әлдеқайда көп білетініне, көп әңгіме айта алатынына күмән жоқ. Олар сол күні өздерінің жүрекжарды ойларын «Тілек кітабына» былай деп жазып, қол қойып, қалдырыпты:

«Сәбит Мұқанов тірлігінде бәріміздің сүйікті ағамыз еді, ұстазымыз еді. Біз оның өз қолынан ет асаған достары, інілері едік. Міні, сол Сәбеңнің ұясына келіп, оның ғажайып музейге айналғанын көріп отырмыз... Үкіметіміздің жасаған құрметі осында, тамаша музейдің тарихқа қосылуына, болашақ мұрасы болып қалуына бірден бір жәрдем етті.

Музей барлық жағынан бізге ұнады, бұл біздің Мәдени табыстарымыздың қатарына қосылады, ұрпақтарымыз да осылай қабылдайды. Сәбит Мұқановтың ұзақ жасайтын алтын ордасы қайта ашылды, құтты болсын ордамыз!

Осы музейдің іргесін қалап ұйымдастырушыларға, ең алдымен жеңгеміз Мәриямға сансыз рахмет!

Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Қалижан Бекхожин, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Михаил Есенәлиев, Өзбекәлі Жәнібеков, Әбіш Кекілбаев. 22.XI.1978 ж.». Бұл өзі, осыдан 25 жыл бұрын, музей

ашылғанда айтылған тұңғыш лебіз болуымен бірге, ақ батадай қабылданатынымен де қымбат.

Музейге келушілердің назарын аударатын сирек, құнды экспонаттардың шертер сыры мол. Кейде жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы құрғақ баяндауды оқығаннан не тыңдағаннан гөрі, тым болмаса бір рет жазушының музейіне келіп, әлгі экспонаттарды көзбен көріп, тарихына үңілген, хабардар болған, дерек алған әлдеқайда әсерлі де тағылымды емес пе!

С.Мұқановтың музей-үйінің экспозициясына қойылған, музей қорында сақтаулы ондай жәдігерліктер баршылық. Мәселен, атақты «Сұлушаш» поэмасының 1928 жылғы қолжазбасы бар. Әйгілі «Адасқандар» романының басты кейіпкерлері Бүркіт пен Бәтестің (Бәтима мен Сұлтанбектің) фотосуреттері жапсырылған «Екі жастың тарихы» (12.V.1928) деп аталатын күнделіктің бірінші беті де көзге оттай басылмақ. Шәкәрімнің С.Мұқановқа жазған хаты (1933), А.Затаевичтің, А.Толстойдың, М.Шолоховтың, Г.Серебрякованың, т.б. қолтаңбалары, Шоқан Уәлихановтың пышағы (Шота Уәлиханов сыйлаған), ЧОН жасақшысының револьвері (1922 ж.), болашақ академик-жазушының Орынбор рабфагінде оқып жүргенде түскен фото-суреті (1923 ж.), Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» (1923 ж.) атты өлеңдер жинағы, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1914 ж.) романы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Мансапқорлар» (1925 ж.) пьесасы, т.б. музей экспозициясының мазмұнын кеңейтіп, мағлұматын молайтумен қоса, әрқайсысы туралы жеке-жеке әңгіме қозғап, ой өрбітуге шақырып тұрады.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932 ж.), «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942 ж.), «Теміртас» (1935 ж.) романы, «Жарқын жұлдыздар» (1966 ж.) зерттеуі, «Алыптың адымдары» (1954 ж.) атты Қытайға барған сапарынан туған қолжазба кітабы, т.б. сирек мұраларға айналып, оқырманға таптырмайтын туындылары қаншама деңіз.

Музейдің әдеби, мемориалдық – екі бөлімінде және қорда жинақталған 8 мыңнан аса экспонаттардың барлығы да тізімделіп құжатталған, есепке алынған және компьютерлік терімге түсіп, сақтаулы.

Экспонаттар ескіре ме? Өрине ескіреді. Кейде, тіпті, келушілердің ешқандай қызығушылығын тудырмай, рухани сұраныстан шығып қалатындары да болады. Бұл қоғамдық жүйенің өзгеруімен, еліміз тәуелсіздік алуымен, көне мұралар мен құндылықтарға жаңаша көзқарас, өзгеше таным пайда болуымен деп түсіндіруге болар. Ал жазушының кейбір жәдігерліктері мен мұралары араға жылдар салып сырын ашып, мазмұнын толықтырып, құнын арттыра түспек. Міне, мына екі домбыраны алайық. Жазудан қолы босаған сәттерде Сәбең домбыраның қос ішегін тәру-тәрулетіп шабыт шақырған.

Домбыраның бірін белгілі домбыра жасаушы шебер Қамар Қасымов Сәбеңе 1960 жылы сыйлаған. Екіншісін Темірхан Дыбысов деген кісі сыйлаған екен. Дыбысов туралы дерегіміз аз болатын. Бірде Солтүстік Қазақстан облысынан келген Ақылбек деген азамат музейді аралап көріп жүріп «Мынау Темірхан Дыбысов деген шебердің жасаған домбырасы ма?» деп сұрады. «Иә» дедік. Дыбысов туралы не білетінін, домбыраны қалай танығанын білгіміз келген. Ақылбек шебермен туыстығы барын, домбыраны өрнегінен танығанын айтты. Елде немересі Зура Фазылқызы Темірханова атасы туралы мол мағлұмат жинағанын жеткізген. Мен Зураға сәлем айтып, мүмкіндігінше атасы мен Сәбит Мұқанов арасында қандай байланыс болғанын жазып жіберуді өтінгенмін. Жұырда Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданының тұрғыны З.Темірханованың 16 қазан 2003 жылы жолдаған хатын алдым. Онда мынадай деректер бар: «Менің атам Темірхан Дыбысұлы 1887 жылы дүниеге келіп, 1971 жылы 28 тамызда, 84 жасында қайтыс болды... Орташа ауқатты отбасында туған. Атам өте сауатты еді. Араб, парсы, орыс, қазақ тілдерінде еркін жазып, сөйлейтін. Кейбір кітаптарды тәржімалаумен айналысатын. Атам Темірханның ұстаздарының бірі – Мағжан Жұмабаев. Оған үйдегі аса қымбат заттар сақталатын көненің көзі – сандықтың түбінде жатқан фотосуреттер куә. Фотосуреттен 1918-1919 жылдары Омбы қаласында оқыған бір топ шәкірттерді мұғалімдерімен көреміз. Менің танығаным – Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов және менің атам.

... Атам Темірхан бір сырлы, сегіз қырлы, он саусағынан

өнер тамған адам еді. Ұлттық аспаптар – домбыра, қобыз жасап, әшекей заттар – қаптырма, жүзік, т.б. соғатын. Киім пішіп, аяқ киімдер тіккен. Кітаптарды, Құран кітаптарын жөндеп түптеген. Ең алғашқылардың бірі болып фотосуретке түсірумен айналысқан, ұсақ-түйек техникалық құралдардың да тілін табатын. Осы өнерінің ең жақсы туындысы, әрине, домбыра. Алғашқы домбырасы 1958-1959 жылдары Көкшетау қаласында өткен көрмеде бірінші орынды иемденеді. Ол домбыра Алматыдағы Орталық мұражайда. Екінші домбырасын 1960 жылы Көкшетау қаласында Сәбит Мұқановқа, 60 жасқа толғанда, сыйға тартқан. Сәбит Мұқанов атамыздың менің атама риза болып, інілік жолда жазған бірнеше хаттары менің қолымда сақтаулы. ...Өткен жылдарда теледидардан халқымыздың сүйікті әншілерінің бірі Қайрат Байбосынов атамның домбырасымен ән салғанын талай рет көріп, қуандым. Бірақ, расын айтсам, атамның домбырасы ол кісінің қолына қалай түскенін білмеймін. ...Атам Темірханның екі ұлы болды. Бірінші ұлы – менің әкем Фазыл (1911-1985). Екінші ұлы – Рахмет (1924-1963). Немерелері, шөберелері бар».

Бұл деректен нені аңғарамыз? Музей ашылғалы 25 жыл өтсе де, кейбір экспонаттардың бойында жасырынған сырлардың көп екендігі. Зура Фазылқызына үлкен рахмет. Енді әлгі, сандықтың түбіндегі сарғайған фотосуретті, Сәбеңнің хаттарын музейге жолдаса деген тілек оянады.

Темірхан Дыбысов туралы мағлұматымыз молайды. Бұл музейге келушілерге домбыра тарихынан әңгіме қозғағанда қызықты деректерді қосуымызға септігін тигізіп отыр.

Қызықты деректер дегеннен шығады, 1960 жылы Сәбең мен жазушы жары Мәриям апай Круиз саяхатымен Араб елдеріне де барған екен. Сол жолғы сапардан алып қайтқан сый-сияпат, сатып алған заттарының ішінде бір төсбих және жайнамаз болыпты. Бұл төсбих пен жайнамазды кеңес жазушысы Сәбеңнің неге алғаны, не үшін сақтағаны, не үшін ырымдағаны бізге белгісіз. Бұл жөнінде Мәриям апайдан сұрағанымызда, ол кісі былай деді: «Саяхатта жүрген адамдар барған жерлерінен ескерткішке өртүрлі сыйлықтар, заттар алып жатады ғой. Ол кезде біздің елде дүние тапшы, шетелден жақсы бұйым көрсең, ала келсем дейсің. Сәбит

болса, осы тәсбих пен жайнамазды арқалап қайтты. «Мұны қайтесің?» деп едім, «Керек» деді. Басқа ештеңе айтпады. Кейін тәсбих музейге қойылды, ал жайнамаз өзімізде сақтаулы. Оны да тапсырармын музейге...».

Өсіресе, сонау кеңестік дәуірде музейге келген мектеп оқушылары экспонат ретінде қойылған тәсбихты көргенде: «Мынау не? Моншақ па? Мойынға таға ма? С.Мұқановқа мұның не қатысы бар?» деп жиі сұрайтын. Тәсбихтың не зат екендігін пионерлер мен комсомолдарға түсіндіру де оңай емес еді. Ал бұл күнде Түркияға барып келген, Араб елдеріне барып келген, қажылық сапардан оралған қандастарымыз тәсбихтың түр-түрін сыйға тартатын болды. Көптеп ашылып жатқан мешіт, медреселерден де тәсбихтың, тұмардың, т.б. неше атасын табасыз. Ал біз үшін Сәбеңнің өз қолымен алып келген, қызыл саясаттың қаһарынан қорықпай, құнды мұра ретінде сақтаған мына тәсбихтың жөні бөлек. Өлгі домбыра сияқты, күндердің бір күнінде бұл тәсбих та тарихтың тереңінен сыр қозғап жатса, тіптен ғанибет болар еді деп ойлаймыз.

1999 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен (№104, 08.02.99) Алматыдағы С.Мұқановтың музей-үйі мен Ғ.Мүсіреповтің музей-үйі «әдеби музейлердің қаржылық және материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың ғылыми-зерттеу және ғылыми ағарту жұмысы саласындағы қызметін жақсарту мақсатында» өкімшілік-басқару жағынан біріктірілді.

2000 жылы С.Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шешімімен, ҚР Үкіметінің Қаулысымен жоғары деңгейде аталып өтілгені жұртшылыққа мәлім. С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылық жолын әдеби-ғылыми тұрғыда қайта байыптап, ой таразысына салған халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар Алматыда, Астанада, Ташкентте, Петропавлда өткізілді. Мәскеуде Халықаралық Жазушылар Қауымдастығы С.Мұқановты еске алу кешін ұйымдастырды. Оған арнайы шақыртумен барып, қатысып, баяндама жасадым.

Музей кешені ЮНЕСКО-ның көмегімен «С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері» атты халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырып, өткізді.

Конференция материалдары жеке кітап болып жарық көрді. Жазушының жары Мәриям Қожахметқызы Мұқан келінінің «Сағынышым-Сәбитім» атты естелік кітабын, «Алматыдағы С.Мұқановтың музей-үйі» атты буклет және ең бастысы С.Мұқановтың бұдан алпыс жыл бұрын жарық көріп, кейін оқырмандар қолына тимей кеткен құнды кітабы «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» жарыққа шықты. Бұл кітапқа профессор Т.Кәкішевтің зерттеу мақаласы қоса берілген. Сондай-ақ, мерейтой қарсаңында қабылданған Үкімет Қаулысы негізінде жазушының 10 томдық шығармалар жинағы «Жазушы» баспасынан шыға бастады. Биыл екінші томы жарық көрмек. Астанадағы «Елорда» баспасынан «С.Мұқанов туралы естеліктер» кітабы (Қ.Ергөбек пен Б.Ыбырайымұлы құрастыруымен) шықты.

Музейде он бес жыл бойы «Сәбит сабағы» атты танымдық-теориялық кеш өткізіліп тұрды. Онда жасалған баяндамалар «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» және «Сәбит Мұқанов тағылымы» атты жинақтарда топтастырылды. Қазір де әр түрлі тақырыптық кештер – «Руханият» сабағы өткізіліп тұрады. Жыл сайын жазушының туған күнінде Алматыдағы С.Мұқанов пен Төле би көшелерінің қиылысындағы аллеяда орнатылған ескерткішіне гүл қойып, Қазақстан Жазушылар одағымен, қаладағы мектеп-гимназиялармен бірігіп еске алу дәстүрге айналған.

Мерейтойға орайлас жазушының музей-үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, экспозициясы жаңартылды. Сөйтіп, бұрынғы бір таптың ғана жыршысы деп насихатталып келген С.Мұқанов нағыз халық жазушысы болып қазақтың құрметі мен ықыласына қайтадан бөленді, ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға сеніммен қадам басты.

2003 ж.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы, ақын, драматург, қоғам қайраткері, академик Сәбит Мұқановтың есімі ХХ ғасырдағы әдебиет өлемінің көрнекті тұлғалары қатарында құрметпен аталады.

Сәбит Мұқановтың балалық шағы Солтүстік Қазақстан облысының Есіл өңірінде өтті. Жастық шағында Омбыдағы мұғалімдер курсына, Орынбордағы жұмысшылар факультетінде, Мәскеудің қызыл профессура институтында білім алған.

Бірнеше жыл қатарынан Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы (1936-1937, 1943-1951), Дүниежүзілік Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі (1958-1969), Араб елдерімен Достық және мәдени байланыстар қоғамы Қазақ бөлімшесінің төрағасы (1965-1969) қызметтерін атқарды.

Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасы (1928), «Адасқандар» (1931), «Жұмбақ жалау» (1938), «Балуан-Шолақ» (1941), «Сырдария» (1948), «Өмір мектебі» (1953) роман-трилогиясы, «Аққан жұлдыз» (1967-1970) роман дилогиясы тек қазақ оқырмандарының ғана емес, шетелдік әдебиет сүйер қауымның да ыстық ықыласына бөленген шығармалар. Ал ғалым Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932), «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер» (1941), «Жарқын жұлдыздар» (1966), «Халық мұрасы» (1974) атты еңбектері уақыт өткен сайын өзінің ғылыми құндылығын арттыра түсуде.

1978 жылы Алматыда С. Мұқановтың 1965-1973 жылдары тұрған үйінде әдеби-мемориалдық музей ашылған болатын. Содан бері музей-үйі ширек ғасырға жуық уақыт халыққа қалтықсыз қызмет көрсетіп келеді. 1999 жылы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің музей-үйлері әкімшілік-басқару жағынан біріктіріліп, қазір «С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені» деп аталады.

2000 жылы – Сәбит Мұқановтың, 2002 жылы – Ғ. Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО-ның қолдауымен аталып йтілгені – қазақ әдебиетінің, мәдениеті мен өнерінің үлкен мерейі деп білеміз.

С. Мұқановтың 100 жылдығына орай Қазақстанда бірқатар мәдени жұмыстар атқарылды. Жазушының музей-үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, экспозициясы жаңартылды. Алматыдағы С. Мұқанов көшесінің бойындағы скверде жазушыға ескерткіш-мүсін орнатылды. Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалы драма театрына

жазушы есімі берілді. Туған аулындағы орталау мектеп те С. Мұқанов атын иеленді. Астанада, Петропавлда, Бішкекте жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған үлкен ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, оның материалдары жеке-жеке кітап болып жарық көрді.

Жазушының 16 томдық шығармалар жинағы жетпісінші жылдары жарық көрсе, енді мерейтойына байланысты қабылданған Үкімет Қаулысымен шығармаларының 10 томдығын шығару қолға алынууда. 2001 жылы С. Мұқанов туралы естеліктер кітабы толықтырылып, жаңарып, екінші рет жарық көрді.

«Адасқандар» атты романы 1931 жылғы, алғашқы нұсқасы бойынша Астанадағы «Елорда» баспасынан, «Балуан Шолақ» аңыз романы Қытайдағы «Шыңжаң» баспасынан, ал «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер» атты ғылыми-зерттеу еңбегі 60 жылдан соң Алматыдағы «Арыс» баспасынан қайта жарық көрді. Кеңес өкіметі кезінде жазушының бұл кітабы байшыл, ұлтшыл ақын-жазушыларды мадақтады деген сылтаумен назардан тыс қалдырылған болатын.

Музей кешені ЮНЕСКО-ның қолдауымен 2002 жылы 28 ақпанда Алматыдағы «Ғалымдар үйінде» «С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері» атты халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырды. Осы тұста «Өмірбаяндық өрнектер – Автобиографические эскизы» атты қызықты кітапты құрастырып, конференцияға қатысушыларға тарту етті. Конференция материалдары да кітап болып шықты.

С.Мұқанов туысқан елдер әдебиетінің шын жанашыры болып, белгілі қаламгерлермен қоян-қолтық тығыз творчестволық қарым-қатынас жасаған жазушы. Оның кітаптары өлем халықтарының 46 тіліне аударылған екен. Музей қорында сақталған хаттар мен телеграммалар, кітаптардағы қолтаңбалар шертер сырлар да әр алуан. Біз орыс жазушылары Алексей Толстойдың, Самуил Маршактың, Леонид Леоновтың, Александр Фадеевтің, Анатолий Ивановтың, Галина Серебрякованың, Федор Панферовтың, Алексей Брагиннің, Петр Проскуриннің, украин Максим Рыльскийдің, Дмитрий Гриньконың,

Вадим Собконың, қырғыз Шыңғыс Айтматовтың, Түгелбай Сыдықбековтің, литван Ионас Шимкустың, Эдуардас Межелайтистің, белорусь Петрусь Бровканың, азербайжан Сүлейман Рагимовтың, ұйғыр Зия Сәмәдидің, өзбек Мирмухсин мен Ғафур Ғұламның, башқұрт Сайфи Құдаштың, авар Расул Ғамзатовтың, татар Мұстай Кәрімнің,, т.б. Сәбит Мұқанов туралы жылы лебіздерін, достық көңілдерін, бауырмал ыстық ықыластарын әрдайым еске алып отырамыз.

Қазақстан Жазушылар одағы, ҚР ҰҒА-ның М.Әуезов атындағы Әдебиет институты, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені қазақ әдебиеті классиктерінің еңбектерін, әдеби мол мұрасын насихаттауда көп жұмыстар жүргізе бермек.

С.Мұқанов шығармалары қазірдің өзінде ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға батыл қадам басты деп сеніммен айта аламыз. Оның өмірі мен шығармашылығы мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енген. Жекелеген кітаптары Қазақстан және шетелдік баспалардан қайта басылып шығуда.

Осы ретте Мәскеуде, Сәбеңнің талай достарымен қауышқан осынау қара шаңырақта – қазіргі Халықаралық жазушылар одақтарының бірлестігі үйінде ұйымдастырылған Сәбит Мұқановты еске алу кешіне шақырғандарыңызға ілтипатты рахметімді айтамын.

2003 ж.

СҰЛУШАШ ҺӘМ МӘРИЯМ

Мәриям Қожахметқызы он алты жасында Сәбит Мұқановқа тұрмысқа шығады. Бұл кезде Сәбең жиырма алты жаста. 1926 жылы ол өзінің тамаша, күрделі, кесек поэмасы “Сұлушашты” жазуға кіріскен болатын. 1928 жылы “Сұлушаш” ең алдымен “Жаңа әдебиет” журналында, содан соң жеке кітап болып жарық көреді. Тіл көркемдігі мен ой сұлулығы егіз өрім таба жымдасқан бұл поэма оның авторының ғана емес, қазақ поэзиясының үлкен олжасы болып әдебиет тарихында қалды. Негізінен, “Сұлушаш” атты

халықтық аңыз дастанды негізге ала өзінің төл туындысын жасаған С.Мұқановтың Сұлушаш образын сомдағанда қарсы алдында, қасында, толған Айдай толықсып, ұзын қолаң шашы тілерсегіне түскен жары Мәриям отырды. Ақын жарының сұлулығын қиялындағы Сұлушаш бейнесіне көшіре суреттемеуі мүмкін емес тәрізді. Өйткені, Сұлушаш пен Мәриямның кескін-келбетіндегі ұқсастықтарды, ең алдымен, тал шыбықтай бұралған жас арудың сұлулығын, шұбатыла төгілген қалың шашын, садақтай керілген қиғаш қасын, т.б. жырдан айнытпай табасыз.

Мәселен:

Он алтыға келгенде қыздың жасы,
Төгіліп тізесіне түсті шашы.
Қаламмен жалғыз сызық тартқандайын,
Қиылды қап-қара боп қиғаш қасы.
.....Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,
Тістері меруерттің тізген тасы.
Қып-қызыл жұқа ерін, оймақ ауыз,
Қиылып құмырсқадай белі үзілді...
Басына бөт-құндыздан киді бөрік,
Тізеден қара шашты жіберді өріп.
.....Шеберге шашын ылғи маржандатты,
Бір рет өгеніне бір ат беріп...

*(С.Мұқанов. Сұлушаш.
Таңдамалы шығармалар.
16 томдық. 12 т. Алматы:
Жазушы, 1977. — 392 б.).*

Осынау қыз портретінен әлдебір таныстық, әлдебір ұқсастық тауып, сүйсіне де сүйіне қабылдайтыныңыз анық. Тіпті, ең соңғы тармақтағы шашын “Бір рет өгеніне бір ат беріп” деген әсірелеуіне де мән бермейсіз. Бұл “Қыз Жібек” дастанындағы “Орамалы тұрады бес жүз жорға” деп Қыз Жібектің бағасын аспандата әспеттеумен ұқсас.

“Сұлушаш” поэмасын жазып бітіргеннен кейін Сәбит оны

Сөкен бастаған бір топ ағаларын үйіне шақырып, бастан-аяқ оқып, талқыға салады. Жылы пікірлерін естіп, қанаттанады. Поэмасын сүйікті жары Мәриямның алтын шашына арнағанын да мақтаншып баян етеді. Сол күннен бастап Сәбиттің Сөкен бастаған ағалары, замандастары Мәриямды “Сұлушаш келін” деп атап кетеді.

“1928 жылы жазылып, күні бүгінге шейін өз оқушысын баурап алатын “Сұлушаш” Сәбеңнің поэзияда жасаған “Оқжетпесі...” (С.Мұқановтың әдеби-мәдени мұрасы және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. I-том. Петропавл. – 2000, - 182 б.) – деп профессор Тұрсынбек Көкішев жоғары бағалайды. “Менің түсінігімде “Сұлушаш” кең тынысты, мол қарымды эпикалық шығарма ғана емес, сонымен бірге тамыры терең, өзегі берік, айтар тағылымы астарлы, қалың қатпарлы, терең тәлімді философиялық туынды” (Сонда.) – дейді ақын Темірхан Медетбек. “... аз ба, көп пе Сұлушаш бейнесін жасауда жазушы өз жарының портретін пайдаланған, – дейді профессор Құлбек Ергөбек. – Романдағы кейбір кейіптеу-суреттеуге назар салсақ, бұл пікіріміз орныға түседі. Сұлушаштың толықсыған сәтін ақын былай суреттейді:

Он алтыға келгенде кемел жасы,
Салбырап тізесіне түсті шашы.

Өткен ғасыр өмір шындығын бейнелейтін эпостық жырларда қыздардың он алты жасқа келуі шарт емес. Көбі он алтыға жетпей “он үште отау иесі” деп ұядан ұшырылған, барар жеріне ұзатылған, құтты орнына қондырылған. Ел эпосына келер болсақ, кейіпкердің жасы он сегізде. “Сол кезде он сегізге келген жасы, Шолпысы бес мың сомдық қазынасы” – деген жолдар осыған куә. Осы екі жағдайға қарамастан, С.Мұқанов кейіпкері он алты жаста болып суреттеледі. Мұнда нақты өмірлік деректің билік алуы бар деп білеміз. Сәбең Мәриям апайға он алты жасында жолыққан. Және сол сәтті “Өмір мектебі” мемуарлық шығармасында келістіре суреттеген. Осы “Өмір мектебіндегі” Мәриям мен “Сұлушаштағы” Сұлушашты кейіптейтін суреттерден іштей үйлестік, үндестік табу оңай...”. (Қ.Ергөбек. Сәбит

Мұқанов. Оқу құралы. – Алматы, Санат, 2000. – 320 б.).

Ал енді мына фото-суреттің кездейсоқ түсірілмегендігін ойша бағамдаймыз. “Сұлушаш” поэмасы жарыққа шығып, халықтық рухани қазынаға қосылды. Ал жырдағы Сұлушаштан аумайтын Мәриямның да бейнесін мәңгілік есте қалдыру үшін Сәбең Мәскеудегі Қызыл профессура институтын бітірген соң, 1935 жылы бір күні Мәриям апайды ертіп фотоательеге барады. Тізеден төмен түсетін шашын көрсету үшін түрегеліп тұрған қалпында суретке түсіртеді. Бұл кезде екі ұлды – Арыстан мен Марат – дүниеге әкелген жас келіншек Мәриямның зипа бойындағы ерекше көз тартар ұзын шашын Сәбең мақтан тұта суретке түсірткені анық. Осы фото-сурет маған кейде сонау 1930 жылдардағы қазақ қызының бейнесі болып та елестейді. Бұл күнде бұрымды қыздарды өте сирек көреміз.

Мынадай бір қызық уақиғаны осы орайда еске ала кетуге болар. 2000 жылы көктемде, С.Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында, Алматыдағы №36 қазақ орта мектебінің мұғалімдері мен оқушылары жазушының жары Мәриям апайды кездесу кешіне шақырды. Өте тартымды ұйымдастырылған кешті жас мұғалима Жанна Қалығұлова жүргізді. Бір кезде жанымда отырған Мәриям апай: -- Мына қыздың шашына қарашы! – деді. Тоқпақтай етіп өрілген сыңар бұрым сымбатты да сұлу қыздың тілерсегіне түседі екен.

– Апай, Сұлушаш қой! – дедім сыбырлап.

– Жас кезімде менің де бұрымым осындай болған,-- деді апай өңінен шуақ, көзінен нұр байқалып. Бүкіл кеш бойы апай жанарын Жаннаның бұрымынан аудармай, қарады да отырды. Кеш соңында, шәй үстінде Мәриям апай өзінің қатты толқығанын жасыра алмады. Жаннаға “Бақытты бол! Бұрымыңды кеспе!” – деп батасын берді.

Ал енді мына фото-сурет Сәбеңнің жеке отбасылық альбомында сақталған екен. 1976 жылы жазушының 1965-1973 жылдарда тұрған үйінде мұражай ашылатын болып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы шығады. Сол тұстағы мұражай директоры Хакім Бекішев Мәриям апайдан бұл фото-суретті сұрап алады да, екі дана үлкейтіп, багетке салдырып, біреуін Мәриям Қожахметқызының өзіне

сыйлайды, екіншісін мұражайдың мемориалдық бөліміне, Сәбеңнің қонақ қабылдайтын бөлмесінің қабырғасына іледі. Содан бері бұл сурет келген-кеткен көрушілердің назарын дәйім өзіне бұрады да тұрады.

1942-1943 жылдары соғыс өрті лапылдап тұрған кезде Алматыға Мәскеуден, Ленинградтан көптеген өнер қайраткерлері, артистер, ақындар, жазушылар отбасыларымен қоныс аударып келген болатын. Солардың бірі – орыстың атақты жазушысы, граф, академик, аяқталмаған “Петр I” тарихи романының авторы Алексей Толстой еді. Ол қазақ жазушылары Мұхтар Әуезовпен, Сәбит Мұқановпен жақсы қарым-қатынаста болған. Өзінің “Хождение по мукам” трилогиясының Мәскеуден 1943 жылы шыққан нұсқасын ол Сәбең: “Дорогому другу Казаху Сабиту от горячо его любящего Алексея Толстого. 17 февр. 1944 г.” деген қолтаңбамен сыйлаған екен. Бірде Алексей Толстой өзінің жарымен бірге Сәбеңнің үйінде қонақта отырғанда Мәриям апайдың ұзын бұрымына қатты қызығып қарай беріпті. Содан, рұқсат сұрап, Мәриям апайдың бұрымын өзінің мойнына орап суретке түсіпті. “Сол фото-сурет біздің отбасылық альбомымызда бертінге дейін сақталып еді. Күліп еске алатын едік Алексейді. Кейін сол суретті жоғалтып алғаныма өкінемін” -- дейді Мәриям апай. Фото-суретке кім түсіргені белгісіз. Сірә, газет тілшілерінің біреуі болуы да кәдік. Кім біледі, Алексей Толстойдың мұражай қорында сақталып жатуы да мүмкін ғой...

Сәбең жас жұбайын Қызылжардан Қызылордаға алып барғанда ең бір үлкен проблема тоқпақтай бұрымды күтіп-баптау болған сияқты. Келіншегін Қызылорданың базарына ертіп барып, сонда қымыз сатып отырған бір әйелмен таныстырады да, апта сайын шашын қымызбен жудырады. Былайғы өмірде ұсақ-түйекпен шаруасы жоқ жазушының бір уайымы жарының ұзын шашын күтіп-баптауға жағдай жасауға қатысты. Сондай-ақ ол келіншегінің қандай көйлек киетініне де көңіл аударған. Бұл жөнінде Мәриям апай былай дейді: “Сәбит менің әдемі киініп, жайнап жүргенімді қатты ұнататын. Тек көйлегімнің жаға-жеңінің тым ашық болғанын қаламайтын. Мен бір жаңа көйлек тіктіреп кезде: “Мәке, молдау қылып тіктірі. Етегі тізеден төмен болсын” –

деп отыратын. Жаңа көйлекті киіп, әрлі-берлі жүрсем: “Түу, жайнап кеттің ғой!” – деп балаша мәз болатын. Бірақ, менің қызыл түстіден көйлек кигенімді ұнатпайтын. Бір жолы оған ұнамайтынын білсем де, адуын мінезіме басып, қызыл крепдешиннен көйлек тіктірдім. Қып-қызыл дейтіндей де емес, күреңқызыл. “Кәртеііп тұрған жоқсың. Біз қатарлының бәрі киеді” деп қыздырушылардың да әсері болды. Сонымен, көйлек дайын. Барып алып келдім де, шифоньерге іліп қойдым, арғы жағым біртүрлі, қипақтап жүрмін. Бір күні қонаққа баратын болдық. Не де болса киейін деп, кидім. Жарасып-ақ тұр. Қымбат мата. Жұрт қызығатындай. Аяқта біз өкше қара туфли. Қап-қара қалың шашты тоқпақтай ғып түйдім. Қырықтың ішіндегі кезім ғой. Қайран, дәурен-ай! Сол кезде ғой өзімізді көрі санаймыз. Қайдағы! Қазір ойласам, ең бір әдемі кезіміз екен. Содан қызыл көйлекпен Сәбиттің көзіне көрнейін. Алғашында жарқ етіп көрінгеніме таңданғандай болып, іле-шала: “Қылымсыған қатыны – қызылдан көйлек киеді” деп Шал ақынның айтқаны бар еді...” – деп ақырын күбірлеп, әрі бұрылып кетті. Қонақта отырған ғұрлы болмадым, маза жоқ. Көп ұзамай ауылдан көп қонақтың бірі боп, бір жеңгеміз келе қалды. Қуанғаным-ай! Құрметтеп қызыл көйлегімді сыйладым. Разы болып ол кетті. Содан былай қызыл көйлек кимедім... (М.Мұқанова. Сағынышым – Сәбитім. Естелік. Алматы: Өлке, 2000.-104 б.).

Міне, бір суреттен өрбіген ойлар тарам-тарам болып сан түрлі соқпақтарға жетелейді. Қалай болғанда да, өлеңдегі Сұлушаш пен өмірдегі Мәриям бейнесінде портреттік ұқсастықтардың болғандығына күмән жоқ.

2005 ж.

БҰЛ БАЛА – СӘБЕҢ МЕН ҒАБЕҢНІҢ ТҰҢҒЫШ НЕМЕРЕСІ!

“Ана тілі” газетінде (№5, ақпанның 3-і, 2005 мешін жылы) “Шежіре-сурет” айдарымен жарық көрген фото-суреттің астына “Мына бала қай бала?” деген тақырыпшамен мынадай мәтін берілген: “Суреттегі қазақтың біртуар

жазушысы Ғ.Мүсірепов пен халық өртісі Қалибек Қуанышбаев ағамызды көзі қарақты қазақ жақсы таниды. Ескінің көзіндей осы суретті редакцияға бір жанашыр оқырманымыз әкеп берді. Біздің білгіміз келгені – қазақтың екі арысымен иық теңестіріп отырған мына баланың кім екендігі. Кім де болса, тегін бала емес. Аты-жөні кім? Қазір қайда? Сурет қашан, қайда түсірілген? Осынау сұрақтардың жауабы бізді ғана емес, барша оқырмандарымызды қызықтыратынына күмәніміз жоқ. Осы шежіре-суреттен хабары бар жандардан хат күтеміз”.

Бұл фото-сурет қазақ әдебиетінің классигі, академик -жазушы Ғабит Мүсіреповтің 60 жылдық мерейтойына орай 1962 жылғы 3 сәуірде Қазақтың Мемлекеттік академиялық Абай атындағы опера және балет театрында өткізілген салтанатты кеште түсірілген.

Суретте Ғ.Мүсіреповтің оң жағында отырған 10 жастағы ұл – Бақытжан Арыстанұлы Мұқанов. Бақытжанның әкесі – Арыстан Сәбитұлы Мұқанов (1927-2000 ж.ж.). Шешесі – Энгелина Ғабитқызы Мүсірепова (1927 ж.т.). Яғни, Сәбеңнің тұңғыш ұлы Арыстан мен Ғабенің тұңғыш қызы Энгелинадан туған, қазақтың екі алыбына да ортақ тұңғыш немере осы Бақытжан. Ол 1952 жылы 14 маусымда Алматыда дүниеге келген. Қаладағы М.Мәметова атындағы №28 орта мектепте оқыған. 1979 жылы Алматы Халық шаруашылығы институтын бітіріп, Қазақ КСР Ғылым академиясының Экономика институтына қызметке орналасады. Аз уақыттан соң Республика Ішкі істер министрлігінің саласында қызметке ауысады. 1975 жылы үйленеді. Әсел атты жалғыз қызы бар. 1993 жылы – 41 жасында – дүниеден озған.

“Бақытжанды екі атасы да ерекше жақсы көрді, -- деп еске алады Энгелина Ғабитқызы. – Ол ақылды, алғыр болып өсті. Ең алғашқы көрген немерелері болғандықтан да шығар, кейде екі атасы Бақытжанды бір-бірінен қызғанғандай да болатын. Жіі-жіі шақырып, жандарынан тастамай, ертiп жүруге тырысатын”.

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің мұрағат қорындағы фото-суреттердің арасында бұл сурет сақталмапты. Бірақ, бір қызығы, осыған ұқсас тағы бір фото-сурет табылды. Онда

да дәл осындай салтанатты жағдай. 1960 жыл. Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік академиялық Абай атындағы опера және балет театрының сахна төрінде академик-жазушы Сәбит Мұқановтың 60 жылдық мерейтойының құрметті қонақтары. Бір ақсақал Сәбең шапан жауып, сый-сияпат ұсынып жатыр. Сәбең сол жағындағы немересі Бақытжанға бұрылып, әнтек жымыып қалған. Бақытжан да ұмтылып, қос қолын атасының жаңа шапанының өңіріне қарай созып, әлденені айтуда. Оған салтанатты кештің төрінде отырған екінші атасы Ғабит Мүсірепов те көз қиығын салып, басқа жұрт та елеңдесе назар аударған сыңайлы. Бақытжанның сөзі бәрін де күлкіге бөктіргені көрініп тұр.

“Бақытжанды өкеміз өте жақсы көруші еді, – дейді Жанна Сәбитқызы Мұқанова. – Мына фотосуреттегі көріністер әлі күнге дейін көз алдымызда. Мерейтойда жанына немересін отырғызып қоюды сол замандағы зиялылар үлкен мәртебе тұтса керек”.

“Сәбит атамыз 60 жылдығындағы салтанатты жиын төрінде отырғанда оның жанында немерелері Бақытжан мен Нейла болған, ал Ғабит атамыздың 60 жылдығындағы тойда оның қасында немерелері Дина мен Бақытжан отырған” – деп еске алады Кәмила Арыстанқызы Мұқанова.

Бақытжан Арыстанұлы қос алып аталарының ортасында бұлғақтап жүріп өскен ерке немере болғандығын куәгер туыстарының сөздері дәлелдей түскендей.

“Тұңғыш немеремді Сәбит қайтқаннан кейін екі жылдан соң өзім үйлендіріп, осы күнгі музей-үйді өкіметке тапсырған кезде жеке үй алып беріп, бөлек шығарған едім. Бақытжан атасының қасында жатыр. Кеңсайда. Қазақ айтады ғой: “Немерең балаңнан да ыстық болады” деп. Сол рас. Әсіресе бізге тұңғыш немере болған соң ба, Бақытжанның орны бөлек еді” – дейді Мәриям апай Мұқан келіні.

Міне, суреттегі сәбидің кім екендігінен өрбіген өңгіменің қысқаша түйіні осындай.

2005 ж.

ҒАБЕҢ МҰРАЖАЙЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ САҒАТ

“Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Ғәмиша өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек” –

деген ұлы Абай. Қаншама әдемі үн қатқанымен де сағаттың сыртылы жалғыздықта адам жанына қуаныш-шаттықтан гөрі, үрей мен қауіп ұялатып тұратынын талай аңғардық. Қалай десек те, сағат – уақыт өлшеуіші. Біз оған күн сайын, сәт сайын тәуелдіміз. Тіпті, сағатқа көз салмай, уақыт мөлшері қанша болғандығына мән бермей өмір сүретін адамзат баласы жоқ та шығар. “Бақыттылар байқамайды уақытты, сағатыңа әлсін-әлсін қарама!” дейтін өн мәтіндегі әдемі наз алғаш рет ғашықтар арасында айтылса керек.

Сағаттың түрлері көп. Атам заманда оның күн сағат, су сағат, құм сағат, дөңгелек сағат, т.б. атаулары болған. Күн сағат (гномон) көлеңкенің ұзаруы мен қысқаруын өлшеуден пайда болыпты. Ежелгі ұрымдықтардың, мысырлықтардың, қытайлықтардың сағат туралы қалдырған деректері оның үнемі даму, жетілу үстінде болғандығын айғақтайды. Біз білетін механикалық, электрондық сағаттардың да мүмкіндіктері мол.

Ал сағаттар туралы сөз сабақтағандағы біздің мақсат оның тарихын қозғау емес. 1992 жылы Алматыдағы Ғабит Мүсіреповтің жаңадан ашылған музей-үйінің экспозициясымен танысып, “Халық Кеңесі” газетінде (08.08.1992) “Мүсіреповтің музейдегі мұрасы” атты шағын мақала жазғанмын. Сондағы әсерімнің бәрі ақ қағаз бетіне айна қатесіз түсті деп айта алмаймын. Әсіресе, маған жазушының демалатын бөлмесіндегі еденде тұрған кісі бойынан биік, үлкен ағаш қорапты сағат қатты әсер еткен еді. Сағаттың тоқтап тұрғаны, иесінің де жүрегі тоқтап қалғанына біраз уақыт өткені қатар ойға оралады да,

адамды бір мұңлы сезім баурап ала жөнеледі. Сол жолы менің көзімді сағаттан айырмай, қайта-қайта қарағыштай бергенімді аңғарып қалған мұражай қызметкері: “Бұл сағат – Ғабеннің қымбат мүліктерінің бірі. Сыйға тартылған сағат” деп қысқаша ғана мәлімет берумен шектелген.

Араға оншақты жыл салып мен Ғабеннің музей-үйіне қайтадан оралдым. Осы тұста әлгі сағат тағы да көзіме оттай басылды. Мен енді қордағы құжаттармен танысып, сағат туралы тек өзім ғана біліп қоймай, жұртқа да кеңірек таныстыруды жөн санадым.

Ең алдымен бұл сағаттың төлқұжаты сақталған. Ондағы деректер мынадай: Ресейдің Орлов сағат зауытынан 29 желтоқсан 1961 жылы шығарылған. “ЗМП” бөлме еденіне қойылатын сағат. ТУ №14-175-57. Түрі – стационарлық жоғары дәлдікті сағат. Дөңгелектер жүйесін қосу гир арқылы. Бұрауы – аптасына бір рет. Жүрісі – шектеулі, анкерлі. 20+5 С температурада дәл уақыт өлшемінен ауытқу мөлшері – 7 сәткеде + 30 секөнт. Алты тасты. 25 минут сайын және бір сағат уақыт өткенде қоңыраулатып соғады. Бұдан соң сағатты зауыттағы тексеріс нәтижесі көрсетілген: дәл уақыттан ауытқуы 7 сәткеде + 29 секөнт. Гирді толық көтеруден кейінгі сағаттың жұмыс мерзімінің ұзақтығы 8 сәтке 4 сағатты көрсеткен. ОТК өкілінің қолы бар.

1962 жылы 22 наурызда қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 60 жасқа толған. 3 сәуірде Қазақтың мемлекеттік академиялық Абай атындағы Опера және балет театрында, 4 сәуірде Қазақстан Жазушылар одағының конференц-залында Ғабеннің мерейтойы мемлекет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері және қалың оқырмандары қатысуымен салтанатты түрде аталып өтіледі. Академик-жазушы Сәбит Мұқанов – мерейтой иесінің өмірі мен шығармашылық жолы туралы баяндама жасайды. Ғ.Мүсірепов сол кездегі өкіметтің жоғары наградасымен – орденмен марапатталды.

Ал мына сағатты Ғабеннің бір топ қаламдас достары осы мерейтойы қарсаңында сыйға тартыпты. Оны куәландыратын екі нәрсе сақталған. Біріншісі – сырты қызыл масатымен тысталған құттықтау хат. Мәтіні мынадай:

“Достар шашуы.
Сүйікті Ғабе, досымыз!
Шыққанда жасың алпысқа,
Орамал біздің осымыз –
Ораулы жылы алғысқа.

Отырып кейде бөлменде
Естісең сағат дыбысын,
Соққандай бірге кеуденде
Сезерсің жүрек тынысын.

Қаламдас достарың: Сапарғали, Әбу, Ғали, Дихан, Хамза, Зейін, Мұхметжан, Хамит, Жұбан, Амантай, Серік, Сафуан, Қуандық. Март. 1962 ж.”. Екіншісі – бір жапырақ қағаздағы мына жазулар: “Бегалин, Есенжанов, Сәрсенбаев, Әбілев, Ерғалиев, Қирабаев, Орманов, Қаратаев, Байтанаев, Шашкин, мен – Молдағалиев, Шаңғытбаев. Анау, Шаймерденов. Бәріміз шалға келіп, – Шай бер! – дедік. 31.III.62”.

Мұны жазған жазушы Жайсаңбек Молдағалиев екендігіне күмән жоқ. 29 наурыз күні “Лениншіл жас” газетінде Жайсаңбек Молдағалиевтің “Стиль сұлулығы (Жазушы Ғ.Мүсіреповтің 60 жылдығына орай)” деген мақаласы шыққан. Ж. Молдағалиев кейін, 1975 жылы, “Ғабит Мүсірепов новеллаларындағы лирикалық дәстүр” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағанын да айта кетсек болар.

Міне, әлгі, қаламдас іні-достары сыйлаған сағат содан Ғабеңнің бөлмесінде 23 жыл бойы жазушыға үнін тыңдатқан, уақытты безбендеп тұрған. Ғабит Мүсіреповтің мерейтойларында, іс-сапарларда, шетелдердегі кездесулерде алған сый-сияпат заттары өте көп болған. Бірақ соның бәрін шып-шырғасын шығармай мұқият сақтауға, жинауға Ғабеңнің онша құлқы соқпаған сияқты. Қымбат сағаттарын, өз қолымен өртүрлі ағаш бұтақтарынан жонып жасаған таяқтарын, түрлі ойын карталарын, бильярд ойнағанда таңдап жүріп қолына ұстаған кийлерін, қымбат

аңшы мылтықтарын, тіпті, астындағы көлігі – машинасына дейін көңілі түскен інілеріне, қаламдас достарына оп-оңай сыйға бере салған.

Бұл пікірімізді Ғабеңнің жазушы інілерінің мына сөздері тиянақтай түсетіндей:

Медеу Сәрсеке: “Ғұлама кісілердің де балалық дерлік оғаш қылықтары болады. Кейіннен білдім: Ғабит ағай таяқ, бөкі тәрізді қолдан жасалған заттарға құмар екен, бірақ олардан тым тез айнитын; ұнатқан бұйымын бірер жыл жұмыс бөлмесінде ұстайтын еді де, көңілі одан суыған күні әлдекімге сыйлай салатын-ды... Мысалы, бір жолы Парижден әкелген, сыртында Моно Лизаның (“Джоконда”) жымыған портреті бар әдемі ойын картасын “Медеу ініме, 12 май, 1975” деп жазды да, қолын қойып маған ұсынды. Нақ сол күні қаламгерді риза еткендей қызметім болған жоқ-ты. Сірә, тартпасын ұсақ-түйектен тазартқысы келіп отырған кезіне дөп келсем керек. Сондай-ақ өзім Өскеменде сыйлаған алмас жүзді әдемі кездік те ол кісінің үйіндегі жазу столының үстінде біраз жыл жатты да, соңынан көрінбей кетті. Қолды болғаны сөзсіз. Соны бірақ кімге бердіңіз деп сұраған емеспін... (“Мен білетін Ер Ғабең” - Алматы, Атамұра, 2002.- 160 б.).

Сәкен Жүнісов: “Кезінде Ғабең таяқ жинайтын, содан бір әсемдік, ләззат алатын. Неше түрлі сағаттар жинайтынын да көрдім. Кейін әр елдің зауыттары шығарған неше түрлі сағаттар көбейіп, оларға деген құмарлық әуестігі тарқап, олардың таңсықтығы азайған соң әркімге таратып бергенін де білемін. Мен де біреуін алып, көп ұзамай жоғалтып алғамын.” (“Қазақ әдебиеті” газетіне берген сұхбатынан. 14.05.2004).

Ал мына сағатты Ғабең ұзақ жылдар бойы сақтапты. Сондықтан да болар жазушы мұражайындағы оның ұзақ тұтынған, қадірлеп ұстаған, қаламдас достарының көзіндегі көріп қастерлеген осы сағаты – бағалы экспонаттың бірі ретінде келушілердің назарын өзіне әрдайым аударып тұрады

2006 ж.

ШӘКӘРІМ ҚАЖЫНЫҢ СӘБЕҢЕ ХАТЫ

Қазақ әдебиетінің тарихында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ғұмыр кешкен, Абайдың ізбасар шәкірт інілерінің бірегейі, абыз ақын, озық ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының орны бөлек.

Алматыдағы С. Мұқанов мұражай-үйінің қорында Шәкәрімнің 1931 жылы 3 ақпанда “Елсіздегі Саят қорада жазылды” деген анықтамасы бар, “Ардақты Сәбит бауырым!” деп басталатын хаты (1), фотосуреті және бір кітабы сақталған. Бұл хат, кітап және фотосурет көп ойларға жетелейді. Шәкәрім мен Сәбит арасындағы қарым-қатынастан әр алуан сыр суыртпақтауға сұранып тұр.

Ең алдымен фотосурет жөнінде мағлұмат берейік. Біріншіден, бұл фотосурет – көшірме емес. Түпнұсқа! Екіншіден, фотосуреттің ерекше құндылығы – сыртындағы Шәкәрімнің кирилл жазуымен орысша, араб жазуымен қазақша қалдырған қолтаңбасында!

Енді ретімен баяндайық. Суреттегі Шәкәрім қажының басында тақиясы бар, шапанының қаусырмасы, сол жақ өңіріндегі екі түймесі анық көрініп тұр. Сақалы қауғадай һәм қалың, қырау шалғаны да байқалады. Суреттің төменгі жағында “К.Могилевцевъ. Семипалатинск” деген жазу өрнектеле қоршалған. Негізі, Шәкәрімнің дәл осы бейнесі қазіргі қауымға жақсы таныс. Соған қарағанда, мұндай фотосурет бірнеше дана болғанға ұқсайды. Бірақ, мұның артықшылығы: ешқандай ретуш жасалмаған, суретші-өңдеушінің қыл қаламы тимеген, тіпті, маңдайындағы өжіміне дейін айқын көрінеді.

Фотосуреттің сыртында – қағаз, қалам, фотоаппарат, картиналардың коллаж суреті және орта тұсында тағы да “Фотография К.Н.Могилевцева” деген жазу оқылады. Төменгі қапталында “Семипалатинскъ” деген сөз ірі әріптермен, оның астында кіші әріптермен “Уголъ Областной и Казначейской улицъ. Против Волжско-Камского банка” деп жазылған. Шәкәрімнің кирилл және араб әріптерімен

қалдырған қолтаңбасы осылардың үстіне түссе де, одан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де айқын сақталған. Мәтіні мынадай: “Любезному брату Тугрулу Ибрагимовичу на добрую память от Шах-карима Худайбердина. 15 февраля 1912 г.”. “Сүйүкті баурым Тұғрұл Ибраһим марқұм ұғлына ұмытпас белгі үшін. Шах-карим Хұдайберді ұғлынан. 15 февралде 1912 жылы”.

Бұл фотосуретті Шәкәрім Абайдың ұлы Тұрағұлға, өзінің бауырына сыйлағанына ешқандай күмән болмаса керек. С.Мұқановтың қолына қалай тигені белгісіз. Бәлкім, өткен ғасырдың отызыншы жылдары Алматыда қызмет істеген Бағдәулет Құдайбердіұлынан алған шығар... Қалай болғанда да құнды қолтаңбасы бар фотосуреттің сақталғанын айтсаңызшы!

Енді хат мәтініне үңілейік. “11 /XII-да жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Бүгін Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым” деуіне қарағанда, бұл – Шәкәрімнің жауап хаты. Яғни, мұның алдында Сәбит Мұқанов Шәкәрімге арнайы хат жазған. С.Мұқанов 1930 жылы Мәскеудегі Марр атындағы Тіл білімі институтының аспиранты, 1931 жылы БКП (б) жанындағы Қызыл профессура институтына түсіп, оны 1935 жылы бітіреді. Яғни, 1930 жылы 11 желтоқсанда Шәкәрімге хат жазған тұсы Мәскеуден келіп, қайтадан кетуге дайындалып жүрген кезі болса керек. Шәкәрімнің хатынан аңғаратынымыз – Сәбит оның қолжазбалары мен кітаптарын сұратқанға ұқсайды. “Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім, - дейді Шәкәрім. – Олар: Бәйшешек бақшасы, Нартайлақ әңгімесі, Қазақтың түп атасы, (жыйырма бес жасымда жазған) – Бозбала мен көрілік, (отыз екі жасымда жазған) баламен айтысып жеңілгенім. Қолымда қаражаттық ақша жоқтығынан бұларды өзіңіз почта қаражатын төлеп алар деп доплатной қылдым. Бұрын басылған; Қазақ айнасы, Еңлік – Кебек, Қалқаман – Мамыр деген өлеңдерімді әрбірінен өз қаражатыммен 1000 (егземпляр) дана бастырып, елге таратып едім, Қазақ, қырғыз, қалмақ, түрік шежіресін де бір мың бастырып таратып едім. Соларды балаларға іздетіп, шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып; бұрынғы басылғанында қате бар, әм қосылмаған сөздер бар

болғандықтан көшіріп жатырмын түзетіп. “Әділ, Мәрия” деген романимның көшірмесі Алматыдағы осыннан барып қызметке тұрған Бағдәулет Құдайбердіұлында бар шығар. Оның тұрағы Алматыда Лепсинская көшеде №63. Сол балада: Американың Бичер Стоу деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайынан, “Том ағай балағаны” деген қазақшаға аударғаным бар шығар. Бірақ, оларды бастырам деп рұқсат алып еді. Ол екеуін бір баламыз өлең де қылып еді, табылса менің сөзше жазғанымды бастырғаныңыз мақұл, өлеңшесін өзіңіз білесіз. Қолымда “Шыныбақ әңгімесі” деген пьесеге аударуға лайықты бір романим бар болса да басқа кісі оқи алмастық шорнабай болғандықтан, көшірмей жіберуге болмайды. Және Пушкиннің “Дубровский” деген романын қазақша өлеңге аударып, ана бір жылы Семейде бастырылып еді. Ол үйде бар еді, мынау адамнан жіберуге болмады”...(1).

С.Мұқанов Шәкәрімнің хатын 1952 жылы мәшинкеге кирилл жазуымен көшіртіп бастырады да, соңына мынадай түсініктеме жазады: “Копиясы дұрыс. P.S. Бұл хаттың Шәкәрім Құдайбердіұлының екенін, біріншіден, - аталған кітаптардан білдім, екіншіден, - хатта аталған Бағдәулет деген баласы келіп айтты. Кітап беріп жібердім деген адамы әкеп берген жоқ. Пochтамен салдым деген кітаптары келген жоқ, баласы қолындағы кітаптарын берген жоқ. Хатқа “Мұтылған” деп қана қол қойылған. С.Мұқанов., Қолы. 5/У - 1952 ж.” (1).

Мұражай-үйінің қорында Шәкәрімнің 1912 жылы Семейдегі “Жәрдем” баспасынан шыққан “Жолсыз жаза яки кез болған іс” (Самосуд или случайность) – “Еңлік-Кебек” деп аталған кітабы да бар. Жоғарыдағы хат мәтінінде бұл жөнінде “өз қаражатыммен 1000 (егземпляр) дана бастырып, елге таратып едім” деп қана мағлұмат береді. Шәкәрім хатында бұл кітапты Сәбитке беріп жібергендігі жөнінде дерек жоқ. Соған қарағанда, С.Мұқановтың қолына бұл кітап басқа біреулер арқылы тиген және оны Сәбең ұзақ жылдар бойы жасырып сақтаған. Музей қорындағы Мағжан Жұмабаевтың “Шолпан” өлеңдер жинағы (1913 ж.), Жүсіпбек Аймауытовтың “Мансапқорлар” пьесасы (1925 ж.), Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” (1914 ж.)

романы сияқты Шәкәрімнің “Жолсыз жазасы” да аса құнды мұралардың бірі.

“Шәкәрім Құдайбердіұлының телегей-теңіз мол мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеп, танып-білуге ақын өмірі мен шығармаларына қатысты архив деректері мен архивтік документтердің маңызы аса зор һәм бағалы, – деп жазды 1988 жылғы 27 желтоқсанда шыққан “Лениншіл жас” газетінде Қазақстан Орталық мемлекеттік архивінің аға ғылыми қызметкері, белгілі әдебиетші, тарихшы ғалым Бейсембай Байғалиев, – Солай бола тұрса да ақыннан қалған бір парақ асыл түпнұсқа қағаз назардан тыс қалғандай. Бұл – Шәкәрім Құдайбердіұлының 1931 жылы 3 февраль күні елсіздегі Саятқорадан Сәбеңе (Сәбит Мұқановқа) жазған әйгілі хаты. Хат тексі осы жылғы (1988 жыл. Ә.Қ.) “Қазақ әдебиеті” газетінің 17 июльдегі санында жарияланды. Өкінішке орай, ақынның өзiрге қолда бар бiрден-бiр қолтаңбасының фотокөшiрмесi газетке жарияланбады. Алайда, оқырман көпшiлiктi ақын қолтаңбасымен таныстырып кетуi керек-ақ едi” (2).

“Асыл түпнұсқа” хаттың Орталық мұрағатта сақталуының сыры – С.Мұқанов өз қолындағы хаттар мен қолжазбаларды көзі тірісінде шашау шығармай Орталық мемлекеттік мұрағатқа өз қолымен тапсырған. “... қолда бар хаттарын түгел буып-түйіп архивке өткізсе, тура 141 том болыпты. Қазақ жазушысынан бұрын-соңғы мұндай көп хатты көрмеген архив қызметкерлері қатты таңқалыпты және Сәбеңнің осы бір қастерлі іске ұқыптылығына өте-мөте ризалық білдіріпті” (3,379).

Рас, Сәбит Мұқанов кешегі кеңестік дәуірде қазақ жазушылары арасында таптық көзқарастың ең алдыңғы қатардағы насихатшысы болған адам. Өзі жетімдіктің тақсiретiн тартып, байдың жалшысы, бақташысы, тұлдыр кедей, батырақ болып жүргенде қол ұшын созған кеңестік жүйені жан-тәнімен жақсы көріп, жанашырым деп қабылдаған жан. Сол кеңестік жүйеге барынша адал қызмет етуге тырысқан. Сол жолда бұра тартқан, асыра сілтеген тұстары да аз емес. Кейбір кемшіліктері мен қателіктерін уақыт өте келе түзетіп те отырған. Әсіресе, Сәбит Мұқановтың Алаш партиясының қайраткерлерімен,

Алашордашылармен арадағы көзқарас қайшылығы өте күрделі, біржақты шешім жасап, біржақты кінәлауға да болмайды...

С. Мұқановтың 1931 жылы баспадан шыққан “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуір – буржуазно-националистический период)” атты атышулы еңбегінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қарашев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Бернияз Күлеев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовтардың өмір жолдары мен шығармашылықтары талданады. Бұл кітап туралы өзінің арнайы жазған мақаласында белгілі сәбиттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Кәкішев мынадай бір тұжырымды ой айтады: “Сонсын, айрықша ескеретін бір жай, Сәбит Мұқанов бұл ақын-жазушылардың творчестволық портретін бірінші жасап отырғанын еш уақытта естен шығармайық және олардың кімнен кейін кімнің тарихтан орын алатынын айқындау да Сәбеңнің үлесіне тиіпті” (4,129). Бірақ, неге екені белгісіз, осы кітапқа С.Мұқанов Шәкәрімді қоспаған. С.Мұқановтың 1930 жылы желтоқсанда Шәкәрімге хат жазып, кітаптарын, қолжазбаларын сұратқан шағы жоғарыдағы еңбегін жазып жүрген кезімен тұспа-тұс.

Шәкәрімнің 1931 жылы ақпанда жазған аталған хаты Сәбеңнің қолына тисе де, кітаптары, қолжазбалары жетпегендігін хат соңына жазған ескертпесі аңғартады. Бәлкім, кітаптың екінші бөлімін жазғанда пайдаланбақ болды ма екен? Белгісіз. Өкінішке орай, “XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің” жалғасы жазылмақ түгіл, оны қайта шығаруға, оқытуға тиым салынады, алғашқы нұсқасы қазір аса сирек, құнды кітаптар санатында. Мұражай қорында бір данасы ғана сақталған.

С.Мұқанов 1951 жылы “Әдебиет және искусство” журналында (№7) “Абайдың шәкірттері туралы” дейтін мақаласын жариялайды.

Бұл – сол жылы 13 маусымда Жазушылар одағында жасаған баяндамасы. Бұдан бұрын М.Әуезов “Абай ақындығының айналасы” атты мақала (1934) жазған болатын. Абайдың ізбасарлары ретінде Ақылбайдың,

Мағауияның және Көкбай мен Шәкәрімнің аттарын ерекше атайтыны белгілі. Ал С.Мұқанов бұдан кейін де Абайдың шәкірттері атала бастаған 25-30 шақты ақындардың бәрін Шыңғыстаудағы ақындық мектебінің өкілдері деуге қимайды. Көкітай, Ақылбай, Көкбайдан басқа Шәкәрім, Тұрағұл, Нарманбет, Әріп, Әсет, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаевтарға қатысты өзінің таптық көзқарасын ашық білдіреді. Сыңаржақтық сол таптық қалыпқа салудан байқалады.

Біздің тақырыбымызға қатысты алғанда, белгілі шәкәрімтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әбдіғазиев бұл жөнінде: “С.Мұқанов бұл мақаласында М.Әуезовтің Шәкәрімді, Нарманбетті Абай шәкірттерінің қатарына қосқанын құптамайды. Бұл да, сөз жоқ, сол кездегі солақай сын мен даурықпа идеологияның салқыны еді” (5, 19) – дейді.

Шәкәрімнің Сәбитке жолдаған хатында: “... жергілікті үкімет басындағы кейбіреулердің қараңғылығынан қолда қаражат, баста бостандық қалмай тұр” деген сөйлем бар. Шәкәрім де қызыл саясаттың құрбаны болды. Әйтсе де С.Мұқанов Шәкәрім шығармаларымен, оның ішінде “Қалқаман-Мамыр”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Еңлік-Кебек”, дастандарымен таныстығын М.Әуезовке 1941 жылы Мәскеуден жазған хатында да білдіреді. Ендеше, белгілі мұхтартанушы, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбайдың: “Халық тарихы туралы әр кездегі қарама-қайшы пікірлеріне, тіпті, кейде оқиғаның тым асқынып кетуіне тосқауыл қоюдың орнына, сол ағымға өзі де қоса араласып кетуіне қарамастан, Сәбит Мұқанов өзінің туған халқын сүйген. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев туралы мәліметтерді оларды ауызға алуға болмайтын күннің лезінде мақалаға кіргізуінде, әрине, сынап отырып, үлкен мән бар. Ол да күрестің бір түрі, ең болмаса, атын елдің есінде қалдырудың амалы еді” (6,354) – деуі ақыл таразысына жүгінгенін аңдатады. Белгілі сәбиттанушы ғалымдар Т.Көкішевтің, Қ.Ергөбектің, т.б. өз пікірлерінде мәселеге дәл осы қырынан келіп, екпін түсіре назар аудартуларында айқын көзқарас қалыптастыру ниеті құптарлық.

С.Мұқановтың Шәкәрім поэзиясымен таныстығына, тіпті, образды ой топшылауларындағы ұқсастыққа дәлел ретінде зерттеушілер мынадай салыстырулар да жасайды: “Ақындық туралы өлеңдерінің бірінде Шәкәрім “Ғаскерім – өлеңім мен сөздерім” деген ойды да айтады, осы образды оралымға кейін жазылған С.Мұқановтың “Сөз – Советтік Армия” деген өлеңі үндесіп, жалғасып жатыр. Лирикалық поэзия мектебін Абайдан және Абайдың үлгі тұтқан ақындары Пушкин, Лермонтовтардан бастаған Шәкәрім шығармаларында ұстаз ықпалы әдемі де айқын сезіледі” (7,13).

1969 жылы 3 желтоқсанда “Қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын зерттейтін” ғылыми-үйлестіру кеңесі мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесі бірігіп, Шәкәрім Құдайбердиевтің мұрасын бағалауға байланысты мәжіліс өткізгенекен. Онда С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, М.Базарбаев, Ы.Дүйсенбаев, С.Қирабаев, Ә.Нұрпейісов, т.б. сөз сөйлеп, Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің жолдарын талқылайды. Осы мәжілісте С.Мұқанов былай депті: “Шәкәрім бір қазаққа хат жазған жоқ, маған ғана бір хат жазған еді, сол хаты менде бар, сонда барлық пікірін жазған. Қандай принцип ұстаған, не істеп жатыр, шығармасы қашан жазылған, осылары бар. Осы хатта біраз мән бар. Хаты жазушылық жолының есебі сияқты” (7,23).

Әрине, бұл сөзінде Сәбең Шәкәрімге алдымен өзі хат жазғанын, содан соң одан жауап хат келгенін тәптіштеп жатпаған. “Маған ғана бір хат жазған” деп сенімді түрде айтуына қарағанда, бұрын замандас тұстастарынан сұрастырып байқаған да сияқты. Қалай болғанда да Шәкәрімнің осы өзіне жазған жалғыз хатын Сәбең сұрапыл, қысталаң кезеңдерде жыртып тастамай, жойып жібермей, аман алып шықты!

1988 жылы Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіровтің мұражай қорынан Шәкәрімнің бірнеше өлеңдерінің қолжазбасы табылғанда оның нақты Шәкәрімдікі екендігін анықтау үшін ҚР Орталық мұрағат қызметкерлері Шәкәрімнің Сәбитке жазған хатындағы қолтаңбасына жүгінген. Өйткені, бұл хат мәтіні соған дейін Шәкәрімнен

қалған жалғыз түпнұсқа қолтаңба саналып келді.

Сөйтіп, “Елуінші жылдары Абай шәкірттеріне қарсы болған Сәбит Мұқанов алпысыншы жылдары “Туманян дашнактарға қатысқан. Оны бір халық көсем тұтады. Ал, Шәкәрімде жаңа өмірге қарсы ештеңе жоқ”, - деп, Шәкәрімді ақтау, арылтуға барын салды” (8,276), -- дейді ғалым-сыншы Құлбек Ергөбек.

С.Мұқановтың “Шәкәрімде жаңа өмірге қарсы ештеңе жоқ” деуінің астарында көп әңгіменің қозғауы жатыр. Шәкәрім 1917 жылы “Бостандық туы жарқырап” дейтін өлеңін жазады. Одан кейін жылы белгісіз “Бостандық таңы атты” деген өлеңі тағы бар. Бірақ, нағыз тапшыл, кедейшіл Сәбит Шәкәрімнің бұл өлеңдерін ауызға алмайды. Оның себебі, 1917 жылы ақпан төңкерісін Алаштың қайраткерлері қуана қарсы алғаны белгілі. Қуанышты бірте-бірте күдік жеңді. 1917 жылғы қазан төңкерісі қоғамдық дамудың арнасын мүлде басқа жаққа бұрып жіберді.

Шәкәрім:

Енді өмір не болар,
Күн туа ма оңалар –
Түзелер не жоғалар,
Бал ашайын шамалы.
Еркін тиіп қонысы,
Кеңір ме екен өрісі,
Не болады орысы,
Соны ойлайық бағалап.
Патсалық енді тірілмес,
Бұлайша билеп жүрілмес,
Николай ісі білінбес,
Айтқаным емес табалап.
Орыс әзір тына алмас,
Орнығып жұмыс қыла алмас,
Болмас па екен тайталас,
Бірін-бірі сабалап (7,183) –

дейді.

Араға ғасырға жуық уақыт салып, осынау өлең жолдарының тереңіне үңіліп көрсеніз, Шәкәрімнің со заманда-ақ болашақты болжап, қуанса да қауіп ойлап, көрегендік танытқанына таңырқай қарайсыз. Қауіптің қай жақтан келерін де тап басқан. “Орыс әзір тына алмас” деп қазаққа келген бостандықтың бағасы қымбатқа түсетінін де бағамдаған. Жаңаға қарсы болмаса да, көзсіз құптап, ессіз ере жөнелуден тартынғаны сезіледі.

“Өмірінің соңғы жылдары мен күндерін тауда жалғыз өткізіп жүрген жетпіс үштегі Шәкәрім 1931 жылдың 2-октябрінде дүниеден кетті. Зұлымның, сұмның қолынан асыл адам қаза тапты. Қаныпезерлер оның сүйегін құдыққа тастайды, туыстары кейін мүрдесін тауып, жерлеген... Оған ұзақ жылдар бойы буржуазиялық ұлтшыл “Алаш” партиясының қызметіне, Совет өкіметін орнатуға қарсылар тобына – бай-қулақ элементтерге қатысы бар делінген кінә тағылды, аты аталмайтын болды” (7, 12).

Абай елінің тарихын зерттеп жазған Бекмұхамед Исабаев көзкөргендердің куәлігімен: “... Бердеш (Кейбір деректерде көтеріліс басшыларының бірі, Шәкәрімнің жақын туыстарының бірі Берлеш Әзімбаев. Ә.Қ.) Шаһкәрім атын жамылып, Шыңғыстау халқын көтеріліске шақырды, халық қырғын тапты. Шаһкәрімдей адамды адастырды...” деп және Шәкәрімді екі ұлынды совет өкіметі өлтірді, үшіншісі түрмеде жатыр, несіне қарайлайсың, Қытайға өтіп кетейік, қажы атың бар, ондағылар атыңа қанық, бізге жол көрсет деп үгіттегендерін, сол күні қажының қасында болған Қасымбектің айтуымен былайша жалғастырады: “...Қажы зарлап-зарлап, ақыры ерді бізге. Қажы ерген соң, жаңа күш бітті. Жүріс-тұрыста, жер-жол табуда қысылысымыз жоқ. Бәрін қажы нұсқайды. Қуғын күшейді. Кеткеннен басқа жол қалмады. Аялдауға болмайтын болды. Шыңғыстау баурына – Аршалыға құлап, одан жайлауға шығып, Қытайға бет алған жолда Қажы атылды ғой...” дейтін жаңа деректерді алға тартады (9,204). Ендеше С. Мұқанов Шәкәрімнің Шыңғыстау ауданындағы Совет өкіметіне қарсы құралды көтеріліске қатыстылығы, өзінің оққа ұшқандығы туралы деректерді ойдан шығармаған. Бірақ, Қажының атын басқалар өз мақсаттарына пайдаланып кеткендігін білмеуі

де мүмкін.

Шөкәрім өзінің “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты кітабын 1911 жылы Орынборда өз қаражатымен шығарған. Бұл жөнінде С.Мұқановқа жазған хатында да айтқан. Ал осы шежіремен Сәбит Мұқанов жақсы таныс болған. Белгілі әдебиетші, абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов өзінің “Шаһкәрім” атты мақаласында: “Сәбит Мұқанов “Жарқын жұлдыздар” (1964) атты монографиясында Абайға арналған бөлімінде Шаһкәрім шежіресіндегі тарихи мағлұматтарды мол пайдаланған. Бірақ ешбір жерде Шаһкәрім шежіресі аталмайды, шежіреге сілтеме жасалмайды” (10, 34) – деген. Содан соң “Жарқын жұлдыздардың” 159, 166-167-беттеріндегі және Шөкәрім шежіресінің 61-62, 44- беттеріндегі сәйкестіктерді нақты мысалмен көрсеткен. Тек Сәбиттің ғана емес, Әлкей Марғұланның да осы шежіреге сілтеме жасамай кітабында дайын деректерді пайдаланғанын айтады. Мұның басты себебін – “кінә тағылды, аты аталмайтын болды” деген пікір анықтап, дәлелдеп тұр. Шежіреге сілтеме жасамаса да, С.Мұқанов “Жарқын жұлдыздарда” әлгіндей деректерді пайдаланар алдында, мысалы: “Арғын” деген аттың қайдан шыққаны туралы ғылымда мынадай жорамал бар...” (159 б.) деп бастайды. “Ғылымда” деген сөз әлдебір түпнұсқаға мезеп тұрғаны анық. Ал оны нақты көрсете алмауының себебін айттық.

Шөкәрім орыстың ұлы жазушысы Лев Толстоймен хат жазысып, пікір алмасқанын Сәбетқазы Ақатай, Ғарифолла Есім, Ғалым Боқаш, т.б. ғалым-зерттеушілер талдап-таразылап жүр. Мынаған назар аударайықшы: “Үшінші сұрағыма Толстой: - Жазушының артық қасиеті – өз қатесін көріп, оны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. “Біреудің қатесін біреу көреді” деген бар. Бәрінен де адам өз қасиетін өзі түзегені артық. Өз қатесін өзі түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол – адамға біткен ақ жүрек. Егер адам өзі істеген ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сыната білсе, ақ жүректің нәзік сезімін ашып бере алады. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ықпалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, біреудің мінін де көре алады. Сондықтан, әділ сыншың –

ақ жүрегің, - деп жауап берді. Осындай ақыл, кеңес берген Толстойды мен ұстазым деп бағалап, ардақтаймын, - дейді Шаһкәрім” (7, 42).

Осы өзінің қатесін өзі көріп, өзі түзететін қасиет – қазақ жазушыларының ішінде Сәбит Мұқановқа ерекше тән. Бұған сәбиттанушы ғалымдардың көптеген пікірлерінен дәлел келтіруге болады. Ең берісі, Шәкәрімді ақтауға белсене атсалысуынан да ақ жүректігі байқалып тұр ғой.

Шәкәрім 1912 жылы “Айқапта” (№5) білімділерге өтініш-хат жариялайды. Бес сауалдың жауабын сұрайды. “Бес сауал мынау: 1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұды не? 2. Адамға тіршілік ең керегі не үшін? 3. Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат-бейнет (сауап-азап) бар ма? 4. Ең жақсы адам не қылған кісі? 5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? Қай түрлі жауап берсеңіз де дәлеліңіз не? Шаһкарим Хұдайбердіоғлы”(11,3). Бұл сауалдардың әрқайсысына жеке-жеке еңбек арнауға болады. Қазіргі кезде қазақ ғалымдары арасында ондай ізденістер бар. Академик Ғарифолла Есім өзінің “Шәкәрім” атты еңбегінде осы бес сауалдың да жауабын іздейді. Толыққанды толғамдар жасайды. Ой тарқатады. Пікір жарыстырады. Жауап демейді, “сауалға ізденіс” дейді. Мәселен: “Байқап отырсақ, адам баласының жауапқа қанағаттанған кезі болмаған. Бәрі уақытша. Сұрақтың жауабы дәл сәтінде дәлелді болғанмен, заман оза, күндер өте сол дәлел дәлелсіздене бастап, адамның күдік сезімін оятып, жаңа жауап іздеу басталады”(12, 238) – дейді философ-ғалым.

Шәкәрімнің бес сауалын тілге тиек етудегі мақсатымыз – Сәбит Мұқановқа 1931 жылғы жазған хатында ол өзінің кітаптары мен қолжазбаларын таныстырумен қоса, өзін мазалап жүрген өзекті сауалдарды да, көзқарастарын да білдіреді.

Шәкәрімнің хаты былай жалғасады: “Бұлардан басқа да аудармаларым, өлең, сөздерім бар, бірінші уақыт тығыз болып, екінші қырық бес жасымнан бергі өлең, сөздерім философия жағына салынып: об отвлеченного вопроса объективное рассуждение болғандықтан, үкімет басуға рұқсат қылмас және бұл кезде халыққа тарату да лайықсыз

ба деп жібермей қалдым. Себебі: жан сыры, жаралыс сыры, дүниедегі төмам шатақ діндер туралы жазылған. Қырықтан аса бергенімде: Жан не? Дін не? Барша әлем қалай жаралған, адамға жаратушы жағынан не өзінің ар, нысабы жағынан салынған міндет бар ма? Болса ол не? Адамда толық ерік бар ма? Жан өлген соң жоғалатын зат па? Адам бұл өмірде не ғылған жөн? деген сияқты ылғый дене сезімімен сезілмей іш жаққа: әдетіне, дініне, нанғанына, құмарына бұрылмай ойлайтын ноқтасыз – таза ақылмен ғана білетін істер туралы: дін ғалымы, ғылым ғалымы, ойшыл философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзімше сынға алып, дұрысын алып, терісін тастап шығарған қорытындыларым еді. Мен: пәлен пайғамбар, түгілен профессор айтты дегенге тоқтап қалмаймын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дәлел айтса ол кім болса да бас ұрам. Мақтанып кеттім. – Мақтан емес іздегенім, тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан хақыйқатты айтпай тұра алмаймын. Еріксізбін” (1).

Міне, С.Мұқановқа жазып отырған хатында Шәкәрім өзінің білімділерге сонау 1912 жылы қойған сауалдарын басқа бір қырынан алға тартады. Осы сауалдарға өзінің “философия жағына салынып” жауаптар іздегенін де жасырмайды. Жан сыры, жаралыс сыры, жаратушы міндеті, дін сыры, адамның ары, әдеті, нанымы, құмары, нысабы, т.б. жөнінде “қырықтан аса бергенінде” ой кешіп, Абай секілді дүние сырына үңілуге бет бұрғанын ашық айтады. Шәкәрімнің ойшылдығы әлгі сұрақ-сауалдарды қоюынан-ақ аңғарылады. Қ.Мұхаметхановтың: “Шәкәрім сыншыл еркін ойдың, өз сөзімен айтқанда, “ноқтасыз ойдың”, “сау ақылдың” адамы” (10,17) деуіне толық қосыламыз.

Шәкәрім арнайы оқу орындарында оқымаса да, зерттеушілерінің пікір тоғыстыруынан аңғарылатындай, оның ең үлкен мектебі – Абайдың мектебі екендігіне дау жоқ. Ол, тіпті, қажылық сапармен екі рет Меккеге сапар шеккенде, мұсылмандық парызын өтеумен қоса, ілім-білім жинап қайтқандығын, Меккеден, Мәдинеден, Стамбұлдан, Парижден қаншама кітаптар арқалап әкелгендігін шәкәрімтанушылар салыстыра пайымдайды. Шәкәрімнің діни ұстанымдары, философиялық көзқарастары енді

зерттеле бастады. Сондықтан, оның қазақ білімділеріне қойған сауалдары, Лев Толстойға қойған сауалдары, С.Мұқановқа жазған хатындағы сұрақтар өзара сабақтасып жатқандығын байқаймыз. Дала ойшылы оңашада, елсізде, қалың жұрттан шеттеп, кеңестік өмір салттарын жандүниесімен қабылдай алмай, саяқ ғұмыр кешіп жүрген кездерінде қоғамның, адамның, жаратылыстың құпияларын өз бетінше ашуға әрекет жасайды.

“Шөкәрімнің тағдыры нағыз кәсіби ойшылдың тағдыры. “Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда” деп Абай ұстазы айтқандай, ойшылдық еш адамға тыныштық, бейбіт-рахат өмір әкелмеген, ойшылдық – рух мазасыздығынан туатын шексіз талап. Біреулер айтады: ойшылдықтың негізі – білмекке құмарлық деп, тегі, бұл толығымен қабылданатын шындық болмаса керек. Білмекке құмарлық ғылым жолы, ойшылдық ғылымнан тыс, бөлкім жоғары немесе сапалық ерекшелігі өзгеше. Ойшыл адам тек біліп қана қойып, онымен қанағаттанбайды, ол білгенін түсінікке айналдырумен hareketтенеді” (12.305-306) – деп Ф.Есім Шөкәрім ойшылдығының терең сипатын аша түскен.

Шөкәрімнің хаты былай аяқталады: “Міне, осыны айтып отырғанымда адамшылық арым: барша адам баласына пайдалы деп 30 жыл инемен құдық қазып тапқан хақыйқатты неге жіберіп, алдымен осыны басуын неге тіленбейсің деп еркімді билеп, “Жан сыры, Жаралыс сыры” деген қысқаша қорытындымды тағы жібердім. Өттең, дүние, осыны құры қазақша ғана басып қоймай, орысшаға да жақсы переводпен (смыслен.) переводтап, ғылымды азаматтың бірі еңбек етіп, переводын өзіме көрсетер ме еді? Қазақшасы тез басылып шығар ма еді? Тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білімді ойшылдардың қабыл алғанын біліп өлсем армансыз болар едім. Бұл “Жан сыры”, “Жаралыс сыры” басылмайтын болса, тез қайтарғаныңызды өтінемін. Лажы болса, қолжазбаларымның бәрін қайтырып отырарсыз. Тағы бір тілегім: менің қай жазбам басылса да, басылысымен баспахана харажатымен маған әрқайсысынан елу данасын жіберсеңіз екен. Балаларыма, достарыма мирас деп беру үшін. Қайсысы басылса да Мұтылған деген атыммен басылғаны жөн болар еді. Бір сөзім: менің кейбір өлеңдерім

қазақтың бұрынғы өлең, жырларының өнімен айтылмайды, әрқайсысының өзім шығарған өні (матифы) бар. Өнді хатпен ұғындыруға болмайды. Өзім барып ұғындыруға, жергілікті үкімет басындағы кейбіреулердің қараңғылығынан қолда қаражат, баста бостандық қалмай тұр. Хош! Бақытты болыңыз! Мұтылған”(1).

Лев Толстой елуден асқан шағында “Жан сыры” және “Менің дінім қайсы?” дейтін ой-толғауларын жазған екен. Шәкәрім де өзінің ғұмырының соңғы отыз жылын тұтастай дерлік дүние сырын ұғуға арнағанын екпін түсіре ескертуінде үлкен гәп жатыр. Енді сол еңбегінің тасқа басылып, жарық көргенін армандайды. Өзінің 8 айлық қана көрер жарығы барын сезгендей, “тірі күнімде”, “біліп өлсем” деген сөз тіркестерін қолданыпты. “Баста бостандық қалмай тұр” деуінен қауіп ойлап, алаң көңіл бола бастағаны да байқалады. Шәкәрім “Мұтылған” – яғни “Ұмытылған” деген әдеби бүркеншік атты таңдауында да терең астар бар. Бірақ, ол ұмытылған жоқ, ұмытылмайды да.

“Шәкәрімнің мейір мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екі ғасыр шегіндегі қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, бүкіл Түркістан өңіріндегі алдыңғы қатарлы, биік өресін айғақтаса керек” (13,14) – дейді көрнекті жазушы, ғалым Мұхтар Мағауин.

Елсіздегі Саятқорадан жолданған хаттан суыртпақталған сыр сорабы тармақталып барып, Шәкәрім мен Сәбит қарым-қатынастарын жаңаша байыптауға ұласатынын байқаймыз.

С. Мұқановтың мұражай қорындағы аталған хат, фотосурет және кітап Шәкәрімнен қалған жәдігерлер ретінде аса бағалы, құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шәкәрімнің хаты. МСМ. Мұрағат.2-том, 458-460 б.
2. Байғалиев Б. Табылған қолжазба. “Лениншіл жас”, 27.12.1988.
3. Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Естеліктер кітабы. Құраст. С.Шәймерденов, Қ.Ергөбеков. – Алматы: Жазушы, 1984. – 392 б.

4. Көкішев Т. Ахмет К. С. Сәбит Мұқанов. Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Алматы: Арда, 2005. – 304 б.

5. Әбдіғазиев Б. Асыл арна (Абай дәстүрі және Шәкәрім). – Алматы: “Қазақ университеті”, 1992. – 128 б.

6. Жұртбаев Т. Сенің келуің шын келу. Кітапта: Сәбит Мұқанов тағлымы. – Алматы: Жазушы. – 1990.-384 б.

7. Шәкәрім. Шығармалары. Құраст. М. Жармұхамедов, С.Дәуітов, [А.Құдайбердиев]. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

8. Ергөбек Қ. Сәбит Мұқанов. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 2000. – 320 б.

9. Исабаев Б. Ұлылар туған өлке. Жұлдыз, 10, 2005.

10. Мұхамедханов Қ. Абай..... мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.

11. Шәкәрім. Иманым. Құраст. [Б.Байғалиев], Е.Қасейінұлы. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.

12. Есім Ғ. Адам – Зат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2002. – 312 б.

13. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

2006 ж.

ТАРЛАН ТАЛАНТ ТАҒДЫРЫ

НЕМЕСЕ Т. КӘКІШҰЛЫ МЕН К. АХМЕТТІҢ «СӘБИТ МҰҚАНОВ» АТТЫ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ КІТАБЫ ТУРАЛЫ

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыптары туралы өңгіме болғанда “Кәдімгі Сәбит Мұқановтың” (өз сөзі) орны бөлек. 2000 жылы 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шешімімен жоғары деңгейде ұлықталған қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың шығармашылық ғұмыры жаңа ХХІ ғасырда да жалғасын табуда. Шығармалары қайта басылып шығып жатқаны өз алдына, социалистік дәуірден капиталистік қоғамға қадам басқан Қазақ елінің әдебиеттану ғылымында С.Мұқановтың кітаптарына, өткен ғасырдағы атқарған қызметі мен жазушылық жолына жаңаша

көзқарас қалыптастыратын зерттеу еңбектері де жазыла бастады. Мұның рухани сұраныстан туғанын, қоғамдық қажеттілікпен байланысты екендігін дәлелдеп жату артық шығар.

Міне, “Арда” баспасынан “Тарихи тұлға тағлымы” айдарымен 2005 жылы жарық көрген Тұрсынбек Кәкішұлы мен Күләш Ахметтің “Сәбит Мұқанов” әдеби-ғылыми ғұмырнамасы жоғарыдағы пікіріміздің дәлеліндей. Кітап аңдатпасындағы: “Ұлттық мәдени өмірімізде ірі қайраткерлігімен белгілі Сәбит Мұқанов туралы бұл еңбек бүгінгі өскелең ұрпаққа алып тұлғаның қилы заманы мен қиян тағдырын танытады. Көрнекті ғалым, білікті әдебиет зерттеушісі, алымды сыншы Т.Кәкішұлы тарихи тұлғамен рухани сырлас болған. Ол Сәбеңнің күллі өмір жолын, шығармашылық ерен еңбегін тарихи процесс барысында терең талдап, жан-жақты зерттеп, әділ бағасын береді” – деген түйінді ойлар кітаптың құлақ күйін келтіріп тұр.

Ғасырлар тоғысында қоғам алмасты, заман өгерді, ұлттық құндылықтарымызға жаңаша көзқарас қалыптаса бастады. Кеңестік дәуірдегі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жөдігерлеріне сын көзбен қарап, қайта бағалауда біржақты пайымдаулар, бұрмалаушылықтар, асығыс үкім айтудың көріністері де байқалды. Кеңестік идеологияның қолшоқпарларының кесірінен қуғын-сүргінге ұшыраған, атылып-айдалып кеткен, шығармалары құртылған, қапаста қалған арыстарымыздың ақталуы, Алаш қайраткерлерінің есімі мен атқарған істерінің қайта жаңғыруы дүр сілкініс, зор серпіліс әкеліп, қазақ рухының асқақтауына септігі тиіп, жаңа ұрпақтың ой-санасына айрықша ықпал жасаумен қоса, кешегі дәуірдің төл перзенттерін, солардың төлім-тәрбиесінде өскендерді үрей мен күдіктің торына шырмады. Қазақ әлеуметі рухани-психологиялық дағдарысты да бастан өткерді.

Осындай алмағайып кезеңде бұрынғы зор тұлғасы аласарғандай, айқын келбеті көмескі тартқандай болған алыптарымыздың бірі – Сәбит Мұқанов еді. Кеше ғана Мұхтар Әуезовтің “Қазақ әдебиетінің аға жазушысы Сәбиттің аты – қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі” деп, Ғабит Мүсіреповтің

“Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия” деп, Мұхаметжан Қаратаевтың “С.Мұқанов толық мағынасында халық жазушысы еді” деп, Расул Ғамзатовтың “біздің әдебиетіміздің Эльбрустарының бірі” деп, Сәйфи Құдаштың “шын мағынасында үлгі-өнеге тұтатын кең құлашты жазушы” деп, т.б. атын аңызға айналдыра бастаған Сәбит Мұқановты ХХІ ғасырдағы қазақ оқырмандарына қалай таныстыру керек дейтін сауал бүйірден қойылды. Осы сауалға алғашқылардың бірі болып жауап іздеген, С.Мұқановтың мұраларын қызғыштай қорып, ғайбат сөздер мен жазықсыз жала жабулардан арашалап келе жатқан көрнекті Сәкентанушы әрі Сәбиттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев екендігі әдеби-ғылыми ортада әмбеге аян болса керек.

Рас, Сәбиттанудың жаңа да жарқын парақтарының жазылуына академик-жазушының 100 жылдық мерейтойының жоғары деңгейде аталып өтуі де зор әсер-ықпалын тигізді. Жаңа ғасыр табалдырығында тұрған кезде Алматыда, Астанада, Бішкекте, Петропавлда, т.б. қалаларда өткен ғылыми-теориялық конференцияларда әлденеше ондаған баяндамашылар Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылық жолын әр қырынан келіп сараптан өткізді, талдау жасады, ғылыми бағалады. Кінәратсыз қоғам жоқ, кемшіліксіз адам да болмайды. “Қазақтың ұлан-байтақ даласының, Мен де бір көпке ортақ өзенімін” деп нар сеніммен ғұмыр кешкен Сәбең неден қателесті, неден жазықты болды, кінәлі болса, не себепті халық жүрегіне жол тапты, неліктен Мұқановтың шығармалары ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға батыл бет түзеді – дейтін көптеген сауалдардың жауабын іздеген кісі “Сәбит Мұқанов” әдеби-ғылыми ғұмырнама кітабын бастан-аяқ шолып, оқып шыққаны жөн.

Кітаптың ең ауыр жүгін “Даңқ тұғырының шайқалуы” атты I-тарауы арқалап тұрғанын аңғарамыз. Ең өзекті мәселені алдымен талдап-таразылап алайық, қалған өңгіме содан кейін жалғаса бермек деген авторлық айқын шешімді дұрыс қабылдадық.

Кітаптың 44 бетін алып жатқан бұл I-тарауды бей-жай отырып оқу мүмкін емес. Әсіресе, С.Мұқановтың 20-30

жылдардағы жетістіктері мен шалыс басқан қадамдары, әдебиет майданындағы даусыз табыстары мен солақай сілтеген тұстары, таптық көзқарасты қалыптасырудағы жанкешті еңбектері және алашордашылдармен ат құйрығын кесісуінің себеп-салдарлары, қазақ әдебиетіне үлкен олжа салған прозалық, поэзиялық және ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуы және өзі сенген, көзсіз табынған большевиктер партиясының мұны кеудесінен итеріп, қатарынан шығаруы, ұлттық мұраларымызға, тарихи тек-тамырларымызға ерекше қамқорлықпен қарауы және кеңестік өмірдің жаршысы әрі жыршысы болуы, кейбір кезеңдік мәселелерде, әдебиеттің жеке тұлғаларына қатысты айтыс-тартыста қате де қиғаш тұжырымдар жасауы және өзінің сол мүлт кеткен, қателескен тұстарын кейін өз қолымен қайтадан түзетуі, т.б. толып жатқан ірілі-ұсақты уақиғаларға уақыт, заман, қоғам биігінен қайта баға берілуі, жан-жақты таным сүзгісінен өткізілуі бұл еңбектің құнын арттыра түседі.

Кітап авторлары С.Мұқановтың әдебиетке қатысты мәселелерде өткір сынды айта білумен қоса, өз тарапына айтылған сындарды, зор төзімділікпен көтеретінін, тіпті, дұрыс деп тапса сыннан қорытынды шығаратынын дөп басып айтқан. Сөйте тұра, Сәбитке қатысты замандастары, інілері айтқан сын пікірлерді тым шамшылдықпен қабылдайтын тұстары да байқалады. Әсіресе, бұл Мұхтар мен Сәбит қарым-қатынастарына байланысты. Негізінен, ұлы адамдардың арасындағы қарым-қатынас қарапайым басталып, күрделі аяқталуы өмірдің заңдылығы емес пе. Өзара шығармашылық тілектес көңіл-ниеттері болғандығына, бірін бірі азаматтық тұрғыда қадір-құрмет тұтқандарына жақсы мысалдар келтірілген. Ал кейінгі толқын жазушылардың баррикаданың екі жағында тұрып алып айтысып-тартысуына ешқандай негіз жоқ деп ойлаймыз. Сондай-ақ, бұлардың мұражай-үйлерін, ескерткіштерін (саны нешеу екенін), көшелерін салыстыру да басы артық әңгіме сияқты.

“Өктем ой өрімдері” деп аталатын тарауда Сәбит пен Міржақып, Ахмет – Сәкен – Әбдірахман – Сәбит, Смағұл мен Сәбит, Қошке мен Сәбит, Ілияс пен Сәбит желілері

арқылы көп шындықтың шымылдығы ашылды. Осы қалай дейтін күбірткелі сауалдарға жауап берілген, Сондай-ақ, бұл тараудағы арнайы тоқталған бір мәселе: “Сәбеңнің әдебиет өлеміне, идеологиялық майданға келгендігін аңғартқан, аңғартып қана қоймай, осы жігіттен бірдеме шығады деп үміттендірген және шошындыра үміттендірген атышулы мақаласы” – 1922 жылы “Еңбекші қазақта” басылған “Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!” дейтін мақаласы жөнінде. “Осы эссесінде Сәбең талайларды тарихтан сызып тастаймын деп үлкен қателіктерге ұрынды, ұлылардың аруағын қозғап Сәбит Мұқановқа өмірі кешірілмейтін күнә болды. Оны даттағысы келетіндер осыны дәлелге келтіріп, өздерінің жымысқы ойларын өткізіп жүрді, өткізіп келеді. Бірақ, тарих – әділетті, бәрін де өзі орнына қояды” – дейді кітап авторлары.

Осы тарауда С.Мұқановтың 20-жылдардағы даудамайларға кедей таптың жалауын көтеріп, аса белсенділікпен араласқаны, әдебиет туралы айтыстар тартыстарда ерекше көзге түскені, “Сәбең араласқан істің түзелгені көп болумен қатар, бұрмалана бұзылғандары да аз емес” екендігі, осының бәрін ол көзсіз сенім, алғаусыз көңілмен атқарғандығы жан-жақты тәптіштеле қарастырылған. Бұл жазушының өмір жолына, атқарған істеріне, шығармашылық мұратына толайым тың, көміл жаңа көзқарасты аңғартады.

Әдеби-ғылыми ғұмырнаманың “Алғашқы асу” және “Шыңға шығу” дейтін тараулары С.Мұқановқа шулы даңқ өкелген, қазақ әдебиетінің тарихында елеулі орын алған, өлеңмен жазылған “Сұлушаш” романы мен “Адасқандар” романы жөнінде. “Сұлушаш” романын сынаған, сараптап талдаған, шын сипатын ашқан зерттеулердің арғы-бергісіне мол қамти тоқталған кітап авторлары: “Романның тіл шеберлігі – ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет үлгілерінің творчестволық жолмен қисынын тауып қиыстырылуының, бөлінбес бірлігінің нәтижесі”, С.Мұқанов “Қазақ әдебиеті тарихында көркемдік дәуір жасады, этаптық шығарма берді” деп түйінді пікірмен қорытады. Ал “Адасқандар” романының Сәбең мұражайындағы 1935 жылғы нұсқасы 1999 жылы “Елорда” баспасынан қайта басылып шықты.

Профессор Т.Кәкішевтің “Өтпелі дәуірдің кесек туындысы” деген мақаласы қоса берілген болатын. Авторлар “Сұлушаш” пен “Адасқандарға” қатысты зерттеушілер еңбектерінен филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәбиттанушы Құлбек Ергөбековтің еңбегін айрықша атап көрсеткенін айтқан жөн. Сондай-ақ, осы әдеби-ғылыми ғұмырнаманың өн бойында Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты ой-пікір айтқан, елеулі үлес қосқан көптеген ғалымдардың есімдері мен еңбектері аталған.

Кітаптағы аса қызғылықты оқылатын көлемді тарау (43 бет) – “Жаңа өріс” деп аталған екен. Бұл С.Мұқановтың 1932 жылы жарық көрген, екінші қайтара басылмаған, жарық көруіне рұқсат етілмеген “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуір – буржуазно-националистический период)” деп аталатын еңбегі туралы. Поэзияда “Сұлушашты”, прозада “Адасқандарды” беріп атағын жайған Сәбит Мұқановтың күтпеген тұста ғылымға ойысып, әдебиет тарихынан 458 беттік көлемді еңбек жазуының объективті және субъективті себеп-салдарлары бұл кітапта әділ таразыланған. “С.Мұқановты күні бүгінге дейін сөзге қалдырып, абыройына дақ салып, ел-жұрт көңіліндегі күдікті сейілтпей келе жатқан бір мәселе – алаш қозғалысы және оның қайраткерлері жөніндегі түсінігі, айтқан-жазғаны. Тапшылдықтан оянған санасы, төңкерісшілдікпен қалыптасқан көзқарасы алаш қозғалысын зиянды деп табудан өзгермей кетті, ал оған қатысқан азаматтарды совет өкіметін, партияны мойындамағандар деп білді, жазды” дей келе мына еңбекті атап “Бұған айрықша мән беру керек, себебі әлі күнге дейін оның қадыр-қасиетін анықтау, маңызын түсіну, жазылу тарихын, сырын білу жағы жетіспейді” дейді кітап авторлары. “Сәбит Мұқанов осы кітапты әдейі жазғанға ұқсайды...”, “Уақыт өте келе бұл кітаптың бағасы өсе түспесе, кемімейді”, “Сәбең саяси-идеялық мәселелерді кейде, тіпті, бірінші орынға қойып, социологиялық талдауға түсіп кететін сәті аз емес” дейтін ой ұшқындарын шығарып, оны кеңінен талдау-таразылауға ұластырған.

“XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” еңбегінің екінші бөлімі

түгелдей “ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары” деп аталады да Ахмет, Міржақып, Ғұмар Қарашев, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев, Бернияз Күлеев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығына талдау жасалып, баға беріледі. Бұларды ғылым тілінде монографиялық портрет деп атайды”, “Сәбит Мұқанов бұл ақын-жазушылардың творчестволық портретін бірінші жасап отырғанын еш уақытта естен шығармайық” деп ғұмырнамалық кітаптың авторлары сол монографиялық портреттердің әрқайсысы қалай шыққан, Сәбең бояуды қалай қолданған, ақын-жазушылардың дәл бейнесін бере алған ба дейтін сауалға қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының талаптары тұрғысында кең тынысты, салыстырмалы шолу жасайды, тұжырымды баға береді. С.Мұқанов алаш арыстарын тек қаралау үшін, жамандау үшін бұл еңбекті жазбағандығын, түпкі мақсат-ниет әдебиет тарихында бұлардың алатын орындарын айқындау, есімдері мен еңбектерін атап-атап бағалау, ұрпақ жадында қалдыру болғандығын профессор Тұрсынбек Кәкішұлы өте дәлелді аңғартады. Мәселен, Сәбит Мұқановтың Ахмет Байтұрсынұлы туралы: “Қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес” деуі, Мағжан Жұмабаев туралы: “Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ” деуі, Мұхтар Әуезов туралы: “Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тіл сұлулығының үстіне Мұхтар кейіпкер жасауға шебер”, деуі – осының бәрі кездейсоқ, тіл ұшымен жасалған емеурін емес, қорытылған ойдың сықпасы, айқын сыни сипат екендігі күмән туғызбайды.

Сәбит Мұқановтың дәл осындай тағдырлы еңбектерінің бірі – 1942 жылы жарық көрген “Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер” атты зерттеу кітабы. Араға 60 жыл салып Мұражай кешені ЮНЕСКО-ның қолдауымен бұл еңбекті 2002 жылы “Арыс” баспасынан шығарды. Бұл кітапқа да профессор Тұрсынбек Кәкішевтің арнайы жазған “Азаттықты армандаған еңбек” атты мақаласы қоса берілген болатын. Мына ғұмырнамалық кітапта бұл “Очерк” жөнінде “Тарихпен сырласу” атты

тарауда баяндалады. “Очеркте” Сәбит Мұқанов Бұхар, Махамбет Өтемісұлы, Байтоқ пен Жанұзақ сияқты ақын-жыраулардың, Сырым, Кетібар, Кенесары, Наурызбай, Жанғожа, Бекет сынды ұлт-азаттық күрескерлерінің тарихи тұлғаларын айқындап, Шортанбай, Шернияз, Мұрат сынды зар заманның үнін жеткізген ірі ақындардың еңбектеріне баға беріп, сонымен бірге қазақтың айтыс өнерін ғылыми тұрғыда саралағаны белгілі. Ғұмырнамалық баянда С.Мұқановтың бұл тарихи еңбегі жөнінде дегеніңізге тәжірибелі айрықша ден қоямыз. Мәселен, авторлардың “1927 жылы М.Әуезовтің “Әдебиет тарихы” деген еңбегінде “Зар заман” ақындары аталып, әсіресе оның жарқын да айбынды өкілі Шортанбайды Сәбит Мұқановтың 1942 жылы қалай зерттеп, қандай деңгейге көтергенін көрсете кетсек, көзқарас эволюциясының сыр-құпиясын ұққандай боламыз да, “кедейшіл, тапшыл” Сәбиттің сол кездегі ғылыми түсінігіне енді ғана көтеріліп келе жатқанымызды аңғарамыз” деген батыл пайымдауларына толық қосылмасқа шара жоқ. Шынында да, тек Шортанбай ғана емес, азаттықтың ұлы жырышысы Махамбетті тануда да С.Мұқановтың еңбегі зор екендігіне зерттеушілер айрықша ден қойған.

Кітаптың “Даңқ тұғырында” аталатын тарауында С.Мұқановтың “Жұмбақ жалау” – “Ботагөз” романдарының шығармашылық тағдыры жазушының кемеліне келген қаламгерлік қуатымен қосөрім бірлікте қарастырылған.

Сондай-ақ Мағжан – Сәкен – Сәбит қарым-қатынастарының қиын түйіндерін тарқатуға арналған “Матасқан тағдырлар” атты тарауды Тұрсынбек Кәкішұлының сарыла зерттеп, санаға салмақ сала шешкен жұмбағы деу керек шығар. Әу баста ап-айқын қарым-қатынастар заманның ұйтқи соққан қара боранынан кейін өртүрлі өсек-жалалардың арқауына айналып кете барғанын, оған аса сабырмен, зор ыждағатпен үңілу керектігін ғалым тамыршыдай тап басқан.

Ал “Атымтай Жомарт”, “Сайран”, “Шежіреші”, “Классик” тарауларының әрқайсысы шертетін баян да ауқымды. Әр тарау С.Мұқановтың әр қырын ашады. Таныс-бейтаныс деректер оқырманын еліктіріп, Сәбегінің

өзінің шығармасын оқып отырғандағыдай шым-шытырық уақиғалардың алуан түрлі соқпақтарына салып, жетелеп өкетеді.

“Сәбит Мұқановтың “Өсу жолдарымыз”, “Жарқын жұлдыздар” және ғылыми ізденісінің соңғы иіндісі болған “Қазақ қауымы” елдігіміздің, халықтығымыздың жарқын беттері екенін еріксіз мойындаймыз” деген ғұмырнама авторларының пікірі бүгінгі ұрпақтың атынан, ХХІ ғасыр мінберінен айтылып тұр деп ұғамыз. С.Мұқановтың Абай туралы, Шоқан жөнінде, Ыбырай хақында албырт кезінде айтылған асығыс, жаңсақ топшылауларын жылдар өте келе түп-тамырымен қопара өзгерткенін, Абай мен Шоқанға көлемді монографиялық еңбектер арнағанын, Шоқан өмірінен “Аққан жұлдыз” атты тетрология жазуды жоспарлап, оның екі кітабын ғана жазып үлгергенін, жалпы Сәбеңнің өмірінің соңғы жылдарындағы Қазақ қауымының салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, ұлттық шежіресіне, т.б. ерекше ден қоюында үлкен сыр жатқанына зерттеушілер айрықша назар аудартады.

Т.Кәкішұлы мен К.Ахметтің “Сәбит” атты әдеби-ғылыми ғұмырнамасы Сәбиттану ғылымына қосылған сүбелі үлес, әсіресе ұлттық құндылықтарымызға, рухани қазыналарымызға жаңа көзқарасты орнықтырады, кеңестік дәуірде жазылған шығармалардың халықтық мәнін ашып, қазақ елінің жаңа ұрпағын тарихи тұлғалардың тағылымды іс-өнегесімен тәрбиелеуде әсер-ықпалы өлшеусіз зор.

2006 ж.

ЕРЕКШЕ ӨРНЕКТЕЛГЕН ЕКІ ДОМБЫРА

Алматыдағы Сәбит Мұқановтың мұражай-үйіндегі мемориалдық бөлімде академик-жазушының өзі тұтынған, пайдаланған, сыйға алған көп заттары экспозицияда тұр. Келушілердің назарын аударатын ерекше экспонаттардың қатарында – бірі жұмыс бөлмесіндегі жазу столынан қол созым жерде тұрған, екіншісі қонақ қабылдайтын

бөлмесіндегі диванның бас жағына қойылған – екі домбыраны бөліп атауға болады. Екеуі де Сөбеңе сыйға тартылған музыкалық аспаптар. Ерекше өрнектелген, оюланған, сүйекпен қапталған тұстары бар. Нағыз шеберлердің қолынан шыққандықтарына аңғарымпаз келушілердің бірден-ақ көңіл аударатынын талай рет байқадық.

Сөбең хат танып, сауат ашқаннан кейін батырлық, ғашықтық дастандарды жатқа оқып, ауылында “жыршы бала” атанып жүрген шағында-ақ домбыраға әуес болған. Ұзақ ғұмырында қолына талай домбыра ұстаған шығар, бірақ солардың ішінде мына екеуінің орны бөлек болған сияқты. Шанағына шаң тигізбей, күтіп ұстағаны көрініп тұр.

Сәбит Мұқановқа домбыралардың бірін 1960 жылы қолөнер шебері Темірхан Дыбысов сыйға тартса, екіншісін 1965 жылы қазақтың дәстүрлі көне музыка аспаптарын жетілдіруші шебер Қамар Қасымов сыйлаған. Екі домбыраның да сирек кездесетін өнер туындылары екендігіне музыка мамандары назар аудартады. Қазақтың Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясының профессоры Біләл Ысқақ былай дейді: - Қ. Қасымовтың да, Т.Дыбысовтың да академик-жазушы Сәбит Мұқановқа сыйлаған бұл домбыралары – хас шеберліктің, музыкалық аспап жасаудағы сәтті ізденістердің тамаша үлгісі. Т.Дыбысовтың домбырасының ерекшелігі шанағының үшбұрышты болып келуінде, өрнектері де өте бай. Жалпы, үшбұрышты шанағы бар домбыраны Абай да ұстаған. Бұл орыстың балалайка аспабымен ұқсас. Қобыз бен домбыра – қазақтың көне музыкалық аспаптары. Бәлкім, шанағы үшбұрышты домбыра балалайкадан да бұрын дүниеге келуі мүмкін ғой. Қ.Қасымовтың домбырасы классикалық үлгіде жасалған. Негізінен екеуі де оркестрге емес, жеке орындаушыларға, әсіресе, күйден гөрі өнге бейімделген нұсқалар. Ал енді мұндай сирек те құнды қолөнер туындыларын мұражайда ғана сақтап қоймай, үлгісін, көшірмесін алып, арнайы шеберханаларда көптеп жасап шығарса да артық болмайды.

“Менің атам Темірхан Дыбысұлы 1887 жылы дүниеге келіп, 1971 жылы 28 тамызда 84 жасында қайтыс болды. ... Орташа ауқатты отбасында туған. Атам өте сауатты еді.

Араб, парсы, орыс, қазақ тілдерінде еркін жазып, сөйлейтін. Кейбір кітаптарды тәржімалаумен айналысатын, - деп жазады немересі Зура Фазылқызы Темірханова Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданынан. - ... Атам Темірхан бір сырлы, сегіз қырлы, он саусағынан өнер тамған адам еді. Ұлттық аспаптар – домбыра, қобыз жасап, әшекей заттар – қаптырма, жүзік, т.б. соғатын. Киім пішіп, аяқ киімдер тіккен. Кітаптарды, Құран кітаптарын жөндеп түптеген. Ең алғашқылардың бірі болып фото-суретке түсірумен айналысқан, ұсақ-түйек техникалық құралдардың да тілін табатын. Осы өнерінің ең жақсы туындысы, әрине, домбыра. Алғашқы домбырасы 1958-1959 жылдары Көкшетау қаласында өткен көрмеде бірінші орынды иемденеді. Ол домбыра Алматыдағы Орталық мұражайда. Екінші домбырасын 1960 жылы Көкшетау қаласында Сәбит Мұқановқа, 60 жасқа толғанда, сыйға тартқан. Сәбит Мұқанов атамыздың менің атама риза болып, інілік жолда жазған бірнеше хаттары менің қолымда сақтаулы...”.

Сөбең өзіне жолданған хаттарды мұқият сақтаумен қоса, өзі жазған хаттарының да көшірме данасын мұрағатына қалдырып отырған. Міне, соның дәлелі, Темірхан Дыбысовқа жазған мына бір хатының көшірмесі мұражай қорынан табылды: “Құрметті Темірхан ағай, жиырма сегізінші февральда жазған хатыңыз, ол кезде демалыста жүргендігімнен, қолыма кешірек тиіп, жауабын кешеуілдетіп қайтарып отырмын. Оған ренжімеуіңізді өтінем.

Сіздің, менің алпыс жасқа толуыма арнап, аса шеберлікпен өте өрнектеп жасаған домбыраңыз, менің үйімдегі ең ардақты төрімде ілулі тұрады. Жұрт оның өдемілігіне де және үніне де хайран қалады.

Осы домбыраның кейбір шегелері босағандықтан және аздап кірлегендіктен, биылғы жылдың басында Алматыдағы домбыра шеберлерінің мастерскойіне апарып өндеткен едім. Өңдеуші өзіңіз атаған Романенко. Сол кісі өндеп жатқан кезде мастерскойға “Мәденет және тұрмыс” журналының фотографы барады да, өдемі домбыраға қызығып, суретін түсіртіп алады. Соны Романенконың ісіне жорып, журналдың өзіңіз атаған екінші санына жариялап жібереді.

Сіздің хатыңызды алғаннан кейін тексеріп, бұл хаталықты

анықтадым. Журналдың редакторы Мұса Дінишев жолдас кезектегі номерлердің бірінде тұзету беруге уәде етті. Орындауын бақылап отырамын.

Соңғы бірер жылда біздің байланысымыз үзіліп кетті. Өр уақытта еске алып жүргеніммен, адресіңізді білмегендіктен, хат жаза алмадым. Өткен жаз “Ясная поляна” курортында (“Бурабай”) дем алып, сізді сұрастырдым да, бірақ, жолығудың орнын таба алмадым. Амандық болса алдағы жазда да (июль, август) сол мекенде болатын ойым бар. Егер олай етсем, сізді тауып алам...

Хат жазып тұрыңыз.

Інілік сәлеммен: Сәбит Мұқанов.

31.III.69 жыл. С.М.”.

Сірө, Сәбең домбыраны Романенкоға өңдеткеннен кейін мұқият ұстағаны байқалады. Жұрт оның “әдемілігіне және үніне” әлі де қайран қалады.

Зура Фазылқызының келтірген деректеріне қарағанда, С.Мұқанов пен Т.Дыбысов 1918-1919 жылдары Омбы қаласындағы оқытушылар курсына жолығысқан. Бірге түскен фото-суреттері сақталған. Яғни, сыйластықтың тамыры тым тереңде жатқанын аңғарамыз.

Екінші домбыраны жасаушы шебер Қамар Қасымов 1893 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген, 1966 жылы Алматыда дүниеден озған. “Қазақстан: Ұлттық Энциклопедиясының” 5-томында ол туралы: “... музыка аспабын жасаушы шебер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1958). Қасымов қазақтың дәстүрлі көне музыкалық аспаптарын жетілдіру ісімен айналысқан тұңғыш органиолог. Ол ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы мәдени бетбұрыстардың белортасында болып, көне қылқобызды, сал-серілердің тоғыз пернелі қара домбырасын, аңшылық пен саяткерлік аясында ғана қолданылып келген дауылпаз бен шыңдауылды, бақташылардың сыбызғысын классикалық аспап дәрежесіне дейін жетілдіріп, оркестрлік шығармаларды орындауға лайықтап жасады. Қасымов жасаған ұлттық аспаптар өртүрлі деңгейде өткен халықаралық көрмелерге қойылды. Республикамызда алғаш ашылған музыкалық аспап жасау

шеберханаларының ісін жолға қойып, Құрманғазы атындағы мемлекеттік халық аспаптар оркестрі мен Жамбыл атындағы Қазақ филармониясының және Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының музыканттарын оркестрлік үлгіде жасалған музыкалық аспаптармен қамтамасыз етті. Қасымов Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен және Монғолия Үкіметінің ең жоғары “Алтын Жұлдыз” орденімен марапатталған, Баян Өлгий аймағының құрметті азаматы. Қасымов жасаған музыкалық аспаптар Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы, Семей қалаларындағы мұражайларда сақтаулы” (665-б.) – деп мағлұмат берілген.

С.Мұқановтің «Өмірмектебі» романының үшінші кітабы «Есею жылдарында» қолөнер шебері Қамар Қасымовтың еңбегін жоғары бағалап, мынадай дерек қалдырған: «Қазақ музыкасын биік белеске шығаруда ерекше еңбек еткен мәдениет орнының біреуі – Қазақстанның Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясы. Филармонияның ең үлкен еңбегінің бірі – қазақтың музыкалық аспаптарынан оркестр құру. Оны ұйымдастыруда еңбегі ерекше адам – кәзіргі белгілі композиторларымыздың бірі, академик Ахмет Жұбанов. Оркестр жасаудан бұрын қазақтың ұлттық музыка құралы: домбыра, қобыз, сыбызғы ғана болғанын білеміз. Осы құралдардың дауыстарын күшейтіп, жаңарған аспап түрінде шығаруда қазақтың атақты қолөнершісі – Қамар Қасымов қарттың да еңбегі зор. Қамардың қолынан жасалған даусы күшті жаңа домбыра мен қобызға Ахмет Жұбанов еуропаның симфониялық оркестрінен бірталай құралдарды араластырып, айта қалғандай ұлт оркестрі жасалып шыққан. Кейін бұл оркестр дүние жүзіне өйгілі оркестрдің біреуі болды» (С.Мұқанов. Таңд. шығ. 11-том, Алматы. Жазушы. 1977, 466-467 б.б.).

Қ.Қасымовтың С.Мұқановқа сыйлаған осы домбыраны ортаға алып отырып түскен фотосуреті мұражай қорында сақталыпты. Сыйлас көңілдің дөнекері іспетті домбыра екеуінің де аялы алақандарының жылуын бойына сіңірген.

Мұражайдағы әрбір көне заттарға үңілгенде, ең алдымен, бұл жөнінде Сәбеңнің 47 жыл бірге ғұмыр кешкен жұбайы, қазір жасы 97-ге қараған Мәриям Қожахметқызы Мұқановадан қосымша ақпарат сұраймыз: – Дыбысов

өзінің домбырасын Көкшетауда сыйлағаны, Сәбиттің оған балаша мез болып қуанғаны есімде қалыпты. Ал, Темірхан Дыбысовтың өзін Сәбит жақсы білген шығар, бет-бейнесі менің жадымда сақталмапты. Соған қарағанда, біздің үйімізде болып, жиі араласпаған сияқты. Ал Қамарды білем. Қолымнан дәм татқан кісі. Әңгімешіл болатын. Сәбит те әңгіме тыңдағанды, әңгіме айтқанды қалап тұратын еді ғой. Екеуі елдің, жердің тарихынан, арғы-бергі атақты адамдардың өмірінен қозғап, талай сырдың басын қайыратын. Қамардың да, Темірханның да домбыраларын Сәбит күтіп ұстады. Сәл даусы бұзыла бастаса, басқа шеберлерге көрсетіп, жөндетіп алатын. Кейбір ағайындардың домбыраларға көздері түсіп, сұрағылары келіп тұратынын байқайтынмын. Бірақ, Сәбеңнің бұл домбыраларға ықыласы ерекше екенін аңғарғандықтан, ешкім де батып, қолқалай қоймайтын. Мұражайға келген музыка мамандары талай рет тамсанып қарағандарына куәмін. Сәбит те бұл домбыраларды кем бағаламаса керек, – дейді Мәриям апай.

Мұражай кешенінде өтіп тұратын әртүрлі әдеби, мәдени, өнер кештеріне қатысушы өнерпаз домбырашылар да “бұл екі домбыраны кім жасаған, қайта жасатуға бола ма?” деп жиі сұрайды, қызығушылық танытады.

2006 ж.

АЙНАНЫҢ СЫРТЫНДА САҚТАЛҒАН СУРЕТ

Шығармашылық мүдделері үндестік тауып, өмірдегі үзеңгілестіктері өзгелерге үлгі боларлықтай қалып танытқан ақындар мен жазушылар қазақ әдебиетінің тарихында баршылық, әрине. Дегенмен, өткенге үңілсек, сонау ХХ ғасырдың бас кезінде табысқан қос қаламгер Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың ағалы-інілі бауырластықтары, достықтары өзгеше тағылымды әрі өнегелі.

Екеуінің қатар отырып түскен мына бір фотосуреті қалың жұртшылыққа, қазақ қауымына жақсы көзтанис.

Әсілі, әрбір қағазы сарғая бастаған, бояуы көше бастаған фотосуреттің бүккен сыры, бүркеген құпиясы болады. Күәгерлер мен көзкөргендердің бұл туралы ойлары мен пікірлері дер кезінде хатқа түсіп, тарихтан сыр тарқатып жатса, ғанибет қой.

Бұл фотосурет баспасөзде талай рет жарияланды. Талай кітаптарға, газеттер мен журналдарға шықты. Мұражай экспозицияларынан орын алды. Бірақ, Сәкен мен Сәбит бұл фотосуретке қашан, қай қдні, қай жерде, қандай жағдайда түскен еді дейтін сауалға оқырмандар мен көрермендер толыққанды жауап алды деп айту қиын. Себебі, суреттің өзі сөйлеп, суреттің өзі тіл қатып тұр ғой, одан артық не керек, көрдік, түсіндік дейтін атүсті байлам танымның аясын тарылтпаса, кеңейтпейтінін кеш ұғынамыз. Ең алдымен, әрине, бұл фотосуреттің тарихы Сәкентанушы, Сәбиттанушы ғалымдарды қызықтыратыны сөзсіз. Ал ғылым үшін әрбір дерек, әрбір сөз құнды. Біздің қолымызда осы фотосуреттің ерекше құнды бір нұсқасы бар. Оны музей қорына Сәбит Мұқановтың сүйікті жары Мәриям апай тапсырды. Бұған дейін бұл фотосуреттің тек көшірмелері ғана пайдаланылып келген болатын.

“Бұл фотосуретке Сәкен мен Сәбит Қызылорда қаласында түскен” дейтін анықтамалықты растайтын жазу суреттің төменгі тұсынан көзге шалынады. Онда латын харпімен “10 – VI – 1928 гыл. Gyzl-orda” деп тайға таңба басқандай белгі қалдырылыпты. Негізі, Қазақстанда 1928 жылға дейін төте жазу (араб әліпбиі) пайдаланылғаны белгілі. Латын жазуына 1929 жылдан бастап көшіп, 10 жылдан соң кирилл жазуы енгізілгенін білеміз. Мына жазу сол жаңаға құмарлықтың бастапқы белгісі шығар немесе жазу бір-ер жыл кейін түскен де болуы мүмкін. Қалай болғанда да Қызылордада, көктемнің жайсаң жазға ұласар әдемі шағында, 1928 жылғы 10 маусымда, сол тұста “Еңбекші қазақ” газетінің редакторы Сәкен Сейфуллин мен газет қызметкері Сәбит Мұқанов осы суретке түскен. Сәкеннің үстінде қара түсті костюм-шалбар, ақ көйлек, қара галстук, қара қалпақ, аяғында қара бөтікке. Қалың қара мұрты, қою қара қастары өңіне ерекше сүс беріп тұр. Көңіл күйінің тым көтеріңкі еместігі, әлденеге алаңдаулы әлде шаршаулы ма, қалай, салқын

рай танытатыны байқалады. Сәбеңнің үстінде ақшыл-сұр костюм-шалбар, жолақты ақ көйлек, жолақты галстук, ақ-сұр қалпақ, аяғында қара бөтікке. Сәкен ағаш креслода сәл қырындай қарап, ал Сәбең ағаш орындықты креслоға тақай орналастырып, арқалығына сол қолын сүйеп, Сәкенге қарай әнтек еңкейе, тура қарап отыр. Бұл Сәкеннің республикалық баспасөздегі басшылық қызметпен қатар өзінің де жеке шығармашылық жұмыстарымен тығыз айналысып, өндірте жазып жүрген кезі. Ал Орынбор жұмысшы факультетін тәмамдап келген Сәбит Мұқанов осы жылдарда Сәкеннің тікелей басшылығымен баспасөз орындарында белсенді қызмет атқарды. Осы жылы атақты “Сұлушаш” дастаны жазылған-тұғын.

Фотосуреттің сыртында қарындашпен жазылған “Фото Е.Биевич” деген сөздер оқылады. Тым көмескі емес, соған қарағанда, тым бертінде тұскен жазу секілді.

2004 жылы “Хабар” телеарнасында “Бір сәт және бүкіл ғұмыр” дейтін телебағдарлама аясында осы фотосуреттен өрбіген әңгіме Сәкен мен Сәбит арасындағы достық қарым-қатынастың бастауларынан сыр шерткен. Хабардың редакторы – белгілі тележурналист Бейбіт Құсанбек. Осы телехабарға қатысқан көрнекті Сәкентанушы ғалым, академик Серік Қирабаев өзінің мынадай ойларын ортаға салған еді:

– Бұл сурет – Сәкен мен Сәбиттің достығынан қалған үлкен бір ескерткіш-белгі. Екеуінің достығы – қалың көпшілікке, әсіресе, шығармашылықпен айналысатын адамдарға үлгі боларлық, ғибрат боларлық тарихы бар достық. 1922 жылы ауылдың батырағы – білім іздеп, жаңа жол іздеп жүрген Сәбит Мұқанов Орынборға Кеңестердің ІІІ-құрылтайына келіп, сол жолы Сәкенмен танысқан екен де содан Сәкен ұсталып кеткенше екеуінің арасындағы қарым-қатынас үзілмеген. Сәкеннің көмегімен Сәбит ҚазЦИК-ке (бұрынғы тілмен айтқанда КирЦИК-ке), Орталық Атқару Комитетіне мүше болып сайланған. Бүгінгі депутат сияқты. Содан кейін Сәкен оны алып қалып, рабфакқа оқуға түсірген. Өзінің үйіне пәтерге тұрғызған. Сәкеннің Орынборда 8 бөлмелі үйі болған екен. Соның 2 бөлмесінде өзі тұрған да қалғандарына ауылдан оқу іздеп келген балаларды жатқызады екен.

Келесі жылы Сәбит елге барып, Ғабитты алып келіп, екеуі Сәкеннің үйінде бірге тұрған. Бұл туралы Сәбит те, Ғабит те жазған. Көзқарақты оқырмандары хабардар. Екеуінің қым-қуыт күрес күндерінде баптанып суретке түсуге мұршалары да бола бермеген шығар. Оның үстіне Сәбит жалшылықтан шыққан адам. Алғаш іздеп барғанда құндыз бөрік, құндыз жағалы пальто киіп алдынан шыққан Сәкенді көргенде “Апырау, менің кедейдің қамқоршысы деп іздеп келген адамым буржуй ғой деп, кедейлік намысым қозып, кетіп қалдым” дейді Сәбит өзі. Кейін екеуін Абдолла табыстырған.

Аумалы-төкпелі кезең. Заманның құбылмалылығы қалың қазақ үшін де, қайраткер азаматтары үшін де оңайға соқпаған. Әйгілі Голоцкиннің елді басқарған тұсының қаралы беттері көп. Голоцкеин мен Сейфуллиннің қарым-қатынасы қандай болғаны тарихтан белгілі. Оны Крайкомның мүшесі болған Сәбит Мұқановтың жазғаны бар: “Сәкен Сейфуллин Голоцкеин тұсында оппозицияда болды. Өзінің Голоцкеин саясатымен келіспейтіндігін ауызша да, жазбаша да талай айтқан” деп. Сәкенді төкаппар, өркөкірек деп, жуасытамын деп, Голоцкеин көп қудалаған. “Сәкен және Сәкеншілдік”, “Сейфуллин және Сейфуллинщина” деген мақалалар жаздырып, оны партиялық тазалаудан өткізіп, жазалауға тырысқан. 1929 жылы “Советская степь” деген газеттің бетінде сол кезде Голоцкеиннің оң қолы болып қызмет істеген Ғаббас Тоғжановтың “О национализме, комшванстве и обывательнице” деген үлкен мақаласы шыққан. Сәкен мен Сәбитті әшкерелеп жазған. Сәкен өзінің басынан сөз асырмай, дұшпандарының айтқандарына ылғи қарсы мақала жазып отырған адам. Әлгіге жауап ретінде Сәкен “Национализм под красной шапкой”, “Национализм и его наступление на идеологическом фронте” деген мақалалар жазып, жариялаған. Осы мақалалардың барлығы Крайкомның бюросында талқыланып, Сәкенді Ғаббасқа жығып беріп, Сәкеннің ұлтшылдық қателері бар, ол сол қателерін мойындап мақала жазсын деп қаулы алған. Сол кезде Сәкен “О моих ошибках” деген орысша, “Менің қателерім туралы” деген қазақша мақалалар жазған. Бұлар баспасөзде бар.

Мына суретке қарап отырғанда осылардың бәрі ойға

оралады екен.

Сәбит, енді, алғашқы кезде түртпектеуге түсіп, Петропаволға қуылып кетіп, сонда біраз газет қызметкері болып істеп, кейін Қызылордаға қайтып оралған. Голощекин бұл батырақ, кедейден шыққан деп Сәбитті аздап қолдап, өзімен Қарсақпайға ертіп апарған, т.б. Бұл сапарлар жөнінде Сәбиттің естелік жазбаларында бар.

1937 жылы 25 қыркүйекте Сәкен ұсталады. 3 - 4 қазанда С. Мұқановты Қазақстан Жазушылар одағы төрағасы қызметінен босатады, партия қатарынан шығарады. Осы тұста, Сәкенмен қатар, Сәбиттің де басына қара бұлт төніп, зобалаңға ұшырауға шақ тұрған...

Кейін, Сәкен ақталған соң, Сәбит Мұқанов осы кісінің маған қолғабыс еңбегі көп еді, қарызым бар еді деп, Сәкенді қайтадан насихаттау жұмысына, Сәкен шығармаларын қайта бастырып шығару жұмыстарына белсенді араласты. Сәкен жөнінде пьеса жазды, Сәкен жөнінде мақалалар, естеліктер жазды. “Есею жылдарының” да негізгі кейіпкері Сәкен болды.

Қысқасы, Сәкен мен Сәбит – бір көңіл күйдің адамдары, бір салада еңбек еткен, бір бағытта қызмет атқарған жандар...

Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы тойланатын қарсаңда жазушының 47 жыл бірге ғұмыр кешкен сүйікті жары Мәриям Мұқанованың “Сағынышым Сәбитім” атты естелік кітабы Алматыдағы “Өлке” баспасынан шықты. Естелікті хатқа түсірген Гүлнәр Құдабаева. Өткен жылдардың суретін көз алдына келтіре отырып Мәриям апай былай деп сыр шертеді: - ... Сәбиттің оқуы 1935 жылдың күзінде аяқталып, Мәскеуден Алматыға оралдық. Келісімен Сәбитті Жазушылар Одағының төрағасы етіп сайлап, жұмысқа қызу кірісіп кетті. Күнде жиналыс, күнде жиын, өйтеуір, жұмыс көп... Осы бір жылдары Сәкен, Илияс, Бейімбет ағалармен қатты араластық. Талай рет қолымнан дәм татты. Әсіресе, Сәкен ағамен жақын болдық. Сыйлас болдық. Сол кезде қырыққа енді толған кездері. Әйтсе де жүріс-тұрыстары, сөйлеген сөздері, өзін-өзі ұстаулары үлкен, ақсақалды адамдарша әсер ететін. Адам баласында мұндай сұлу кісіні өз басым көрмедім. Сәкен ағаны айтып отырмын. Жаспыз ғой, сонда сол кісіге дұрыстап қарауға да ұяламын. Ұрланып

қана қараймын. Қайнағам ғой, әрі өз ортасында патшадай болып отырады. Жиын тойда жиі кездесіп жүреміз. Құрдастар өзара қалжыңдасып, бір-бірімен қатты ойнайды. Сәкен аға ондайда маған қарап: “Мәриям, қалқам, сен шыға тұршы. Мен бір айызым қанып қалжың айтайын. Әйтпесе, мыналардан жеңіліп қалатын түрім бар” – дейтін. Мені періштедей көруші еді, тұрпайы сөз естіртуге де қимайтын. Қайран, асыл ағалар!

Сөйтіп жүргенде, 1937 жылдың лаңы басталды. Сәкен, Бейімбет ағалар ұсталып кетті. Қара түнек күндер жалғаса берді. Жұрттың бәрі ішінен тынып, келесі кезек кімдікі деп, күтумен жүргендей. Сәкен ағаны өкеткен соң жағалай тінту басталды. Кімде не бар, қандай құжат бар дей ме-ау, әйтеуір, маңайыңның бәрі шпион сияқты. Жан баласына сенуден қалдық. Біздің үйде Сәкен аға мен Сәбиттің бастарына шляпа киіп түскен әдемі суреті бар еді. 1928 жылы Қызылордада бір жиналыстан кейін түсіпті. Екеуі де жап-жас, көрсе көз тоятындай. Сол суретті ешкімге байқатпай алдым да, ауызғы үйде ілулі тұратын айнаның артына қыстыра салдым. Ойым – біреу-міреу келіп тінте қалса, көзден таса болсын, айнаны ешкім сындыра қоймас. Өзімше сақтық жасағаным ғой. Әйтеуір, тінту болған жоқ. Уақыт өте берді. Сәбиттің басына да зобалаң туды. Сәкенмен жақын болдың, қандай жұмыстар жүргіздіңдер деп түртпектей бастады. Ақыры жиырма жасынан ыстығына күйіп, суығына тоңған партиясы жала жауып, Сәбитті қатарынан шығарып тынды... Біраз қиындық көрдік. Сәбит бір жылға жуық жұмыссыз сенделді. Жиі-жиі шақыртып, жауап алатын. Әйтеуір, түрмеге жабылған жоқ...

... Жылдар өтті. Сәкен аға ақталды. Ескі айна баяғыда саяжайға кетіп қалған. Бір күні әлгі сурет есіме түсті. Сол үшін әдейі саяжайға бардым да, айнаның сыртқы тақтайын босатып ем, әлгі сурет шыға келді. Көзіме оттай басылды. Көңілім босап кетті. Енді тезірек Сәбитті қуантқым келіп, үйге қарай құстай ұштым. Келсем, Сәбит кабинетінде жұмыс істеп отыр екен. Сырт жағынан үндемей жақындап келдім де, жаңағы суретті алдына еппен қойдым. Сәбит абдырап қап, артына қарады да: “Мәриям, бұл қайдан шықты?” деді. Мен бар жағдайды айтып бердім. Сәбит көңілі толқып: “Әй,

айналайын-ай, мынау бір керемет болды ғой!” - деп қатты қуанды.

Міне, бұл суреттің осындай қызық тарихы бар екен.

Сәкеннің жары Гүлбаһрам көзі тірісінде Сәбең мен Мәриям апайды ағайын-туыстай тірек көріп, қатты сыйласып өтті. Тіпті, ақтық демі таусыларда: “Мәриямды шақыртыңдаршы. Мен көп ұзамай аттанатын шығармын. Сәкеннің қасына барып жатайын десем, қабірінің қайда екенін, сүйегінің қайда қалғанын да білмеймін... Мәриямға айтыңдаршы... мені Сәбиттің зиратына таяу жерге қойдырсын. Осы өтінішімді ескерусіз қалдырмасын...” депті.

Мәриям Мұқанова Гүлбаһрам Сейфуллинаның бұл соңғы өтінішін, ақырғы аманатын да орындаған.

2007 ж.

ҒАБЕҢНІҢ ТАҒДЫРЛЫ ТӨРТ ХАТЫ

Мұражай қорында сақталған Ғабеңнің хаттары онша көп емес. Аса талғампаз суреткер отбасы, ошақ қасының сыбыркүбірін, ағайын-туыс арасындағы базына, өкпе-реніштерін, тіршіліктегі болмашы, татымсыз ұсақ-түйек мәселелерді арқау еткен хаттарының бәрін мұқият жинап, келешекке апаруды қажет деп санамаған да болуы мүмкін. Бірақ кейбір тағдырлы хаттар сақталған. Бұлар бірен-саран болса да, бірегей.

Солардың алғашқысы – 1928 жылы 18 сәуірде Сәбит Мұқановқа жазған хаты. Ғабең хатын: “Сәбит! Бүгін сенің хатыңды алдым. Әңгіме менің “Теңіз тепкісі” жайында болғасын, мен де сол туралы жазбақпын...” деп басталады. Хаттан аңғаратынымыз: Ғ.Мүсіреповтің “Теңіз тепкісі” атты әңгімесіне С.Мұқанов аздаған түзетулер жасаған және кітапша болып жарық көруіне көмектескен. “Тулаған толқында” – ұзақ әңгіме деген анықтамасымен 1928 жылы Қызылордада шыққан Ғ.Мүсіреповтің алғашқы кітабы. Ал мына хат өзінің алғашқы әңгімелеріне айтылған сын-пікірлерді жас жазушының қалай қабылдағандығын аңғартуымен құнды болса керек. Жас жазушының

шығармашылық көзқарасын білдіруімен бағалы. Ғабең былай деп жазады: “... Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей, көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқытынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазір беталыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім...”.

Хатта бұдан басқа әдеби айтыс-тартыстан шет қалуының себебін түсіндірген тұстары бар. “Оқшау сөз” бөйгесіне жіберген мақалалары басылмағанына реніш білдірген. Хатында “Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып ат ерттеуге жарармын” деген сөйлем бар. “Ендігі жылы бірге Литхудқа (Көркем әдебиет институтына Ә.Қ.) барайық” деген ұсынысы бар. Хатын жұбайы Хұсни аяқтап, екі-үш сөйлем жазған. Сәбит пен Ғабит арасындағы қарым-қатынасты зерттеушілер бұл хатты айналып өтпейтіні сөзсіз...

Тағдырлы хаттардың тағы бірі – өйгілі “Бесеудің хаты”. 1932 жылы шілдеде ВКП(б) Өлкелік комитетіне, Голощекинге жолданған. Ғабит Мүсірепов, Мансұр Ғатаулин, Мұташ Дәулетқалиев, Емберген Алтынбеков, Қадыр Қуанышев қол қойған хат. Шерлі хат. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру науқанының кесапатты көріністері дәл, нақты деректермен дәлелденген.

“Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін 40 миллион малы бар өлке” деп мақтанған Голощекинге: “Бірақ қазір Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде, Қазақстан мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені өмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен қулақтардың ғана емес, тек жеке меншіктегі орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге негізінен алғанда қолхоздар мен қолхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, қисапсыз қырғынға ұшырады” деп ашық ақиқатты көлденең

тартқан бұл хат ұлт жанашырларының жанайқайы еді. Дәл осындай мазмұндағы хаттарды Ораз Исаевтің (тамыз 1932 ж.), Тұрар Рысқұловтың да (1932-1933 ж.ж.) жазғандары тарихтан белгілі.

Ғабең орда бұзар отыз жасында от пен оққа кеуде тосып, халқының басына түскен зұлымдық нәубетіне қарсы қаймықпай, тайсалмай күрескеніне куәміз. Асыра сілтеудің арты неге соқтырғанын хат авторлары талдап түсіндірген: а) баймен қоса орта шаруа да соққы алды; ә) сондықтан кедей-орташалардың бір бөлігі көп ретте байлардың соңынан ілесті; б) байлар малдың қисапсыз қырылуына қол жеткізді; в) жалған колхоздар ұйымдастыру осы уақытқа дейін жүргізіліп келді; г) сөйтіп, осылардың бәрі бірқатар аудандарда ашаршылыққа душар етті”.

Хаттың толық мәтіні баспасөзде жарияланды, жеке жинақтарға енді, жалпы көпшілікке таныс деп ойлаймыз. Ал Ғабеңнің хаттары туралы әңгіме қозғала қалғанда бұған міндетті түрде назар аударылуы керек деп ойлаймыз.

1934 жылы 7 мамырда Ғабит Мүсірепов тағы да ВКП(б) Өлкелік комитетіне, Мирзоянға хат жолдапты. Бұл жолы Қазақ драма театрында Мұхтар Әуезовтің “Хан Кене” пьесасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасынан кейін өз пікірін білдірген. Бұл хатта, көзіргі күннің өлшемімен қарағанда, қазақ зиялыларының қайшылықты көзқарастары аңғарылып қалады. “Хан Кене” алғашқы қойылымынан кейін тоқтатылады. Оның себебін Наркомпресс (Т.Жүргенов) пьеса “Қазақ халқының патшалық Ресеймен күрес тарихын” дұрыс көрсете алмаған, сондықтан оған бірқатар түзетулер енгізу керек деп тапса, Ғ.Мүсірепов: “ ...это неверное в корне требование. Пьеса построена (и ... правильно) на других рельсах, именно - она претендует на показ падение ханства и его последние отчаянные попытки восстановить уже развалившиеся к тому времени ханства. Исправление пьес нужно требовать исходя именно из этого положения” – дейді. Әрине, Кенесары ханның күресіне тарихи әділ баға беру кеңестік жүйе кезінде өте қиын-тұғын. Көркем шығармалардың өзіне коммунистік идеялардың шеңберін құрсап кигізгендіктен, Хан Кене тақырыбында ортақ мәмілеге келу о заманда жазушыларға да, тарихшыларға да

оңайға соққан жоқ...

Ғ.Мүсірепов бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланғаны белгілі. Ол кезде де депутаттар халық аманатын арқалайтын. Аманатын кім қалай ақтап жүргенін де халық қалт жібермей қадағалайтын. Міне, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Ғ.Мүсіреповтің 1963 жылғы 3 маусымдағы Илияс Омаровқа (Госплан төрағасының орынбасары) жазған хатын оқып отырып, Атамекеніне ат басын бұрған, шетелден оралып жатқан қандастарымыздың мұңы мен мұқтажына Ғабәң бұдан қырық-елу жыл бұрын назар аударған екен-ау деп тағы да таңырқайсыз.

Хатта Семей облысының бұрынғы аудан орталығы Мақаншыда 1959 жылы ашылған 270 адамдық 8 жылдық мектеп-интернатта, негізінен, Шыңжаннан оралған қазақ бауырларымыздың балалары оқитыны, олардың оқу бағдарламасын игеруде көптеген қиындықтарға кездесетіні, мектеп-интернаттың оқу-өндірістік базасы өте әлсіз екендігі, сын көтермейтіндігі, сондықтан осы өңірдегі сайлаушыларының аманатымен 8 жылдық мектеп-интернатты 11 жылдыққа айналдыру жөнінде үлкен өтініш жасайтынын мәлімдеген.

Бұл да Ғабәңнің тағдырлы хаттарының бірі екеніне дау болмас. Кейін сол Мақаншыда үлкен мектеп-интернат үйі салынып, одан қашама шәкірттер түлеп ұшып, Ғабәңнің ғажап шығармаларын оқып ержетіп, ат жалын тартып азамат болған шығар. Сол жолда Ғабит Мүсіреповтің шапағаты тигенін, біреуі біліп, біреуі білмеген де болуы мүмкін...

Ғабәңнің музей-үйінің қорында сақталған кейбір хаттар осындай ойларға жетелейді.

2007 ж.

С. ҚИРАБАЕВ ЖӘНЕ СӘБИТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы сөз болғанда, өрине, әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихы, теориясы

мен сынының да өсу деңгейі, жеткен жетістіктері мен алған асулары ой таразысына түспек. Өйткені, қазақ әдебиетінің тұтас кеңестік дәуірі жөнінде қайта пайымдауға, жаңаша бағалауға, тың тұжырымдар жасауға уақыт, заман, қоғам өміріндегі өзгерістер негіз болуда.

Осы орайда көрнекті ғалым-сыншы, ұстынды ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Серік Қирабаевтың атқарған қыруар ісі ұрпақ үшін ұлағатты. Біз оның ғылымдағы өнегелі жолының бәрін қамтуды алдымызға мақсат етіп қойғалы отырған жоқпыз, академиктің бір ғана Сәбиттану мәселелеріне қатысты көзқарастарынан ой қорытуды жөн көрдік. Ең алдымен, академик Серік Қирабаевтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан қомақты үлестері қатарында Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Ғабиден Мұстафин, Жүсіпбек Аймауытов туралы кесек монографиялары, қазақ әдебиетінің әр жылдардағы даму кезеңдеріне арналған зерттеу еңбектері, әдебиет тарихы мен қазіргі әдебиетке қатысты оқулықтары аталуы әбден орынды. Кеңес дәуіріндегі әдебиет туралы еңбектерінің қайсысында да ол қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановқа, оның өмірі мен шығармашылық жолына лайықты баға беріп отырған.

С.Қирабаев халық жүрегіне жол тапқан жазушы Сәбит Мұқановтың шығармашылық жолы туралы мақалаларды үзбей жариялап отырған. 1960 жылы – “Дәуіріміздің дарынды жыршысы” (“Жұлдыз”), 1970 жылы – “Сәбит туралы сөз” (“Жұлдыз”), “Әдебиет сыншысы және зерттеушісі” (“Социалистік Қазақстан”), 1980 жылы – “Ұстаз әрі ғалым” (“Қазақстан мұғалімі”), “Халық жазушысы” (“Мәдениет және тұрмыс”, “Қазақстан мектебі”), 1987 жылы “Сәбит Мұқанов – Октябрь жыршысы” (“Қазақ әдебиеті”), 2000 жылы – “Кәдімгі Сәбит Мұқанов” (“Абай”), 2002 жылы – “Кәдімгі Сәбит Мұқанов” (“Егемен Қазақстан”). Бұл мақалалардың дені мерейтойлық шаралармен тұстас жазылса да, Сәбит Мұқановтың жазушылық жолына әр қырынан келіп баға беруімен де құнды. Әрине, кеңестік дәуірдің идеологиялық талаптары тұрғысынан

келіп талдау-таразылау сол тұстағы әдеби сынның да, ғылыми зерттеулердің де басты нысанасы болғаны белгілі. С.Қирабаев 1962 жылы жарық көрген “Сәкен Сейфуллин” атты көлемді монографиялық еңбегіндегі “Жаңа әдебиеттің тууы” атты тарауында Сәкеннің ізбасар, идеялас інілерінің қатарында Сәбит Мұқановты алдымен атайды. Бұлай болуы заңды да. Жалпы, Сәкен мен Сәбит қарым-қатынасынан Сәкентанушылар да, Сәбиттанушылар да айналып өте алмайды. Әсіресе, кеңестік дәуір әдебиетінің басталу кезеңі туралы сөз қозғағанда, екеуінің тізе қоса атқарған істері мен идеялық жұптаса тіл табысқан шығармашылықтары жөнінде қатар баяндауға тура келеді. С.Қирабаевтың мақалаларындағы негізгі ұстаным да осы арнада.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда өткен дәуірдегі және қазіргі қазақ әдебиетін жаңаша бағалау талабы күн тәртібінде тұрды. Осы тұста академик Серік Қирабаев ескінің бәрін жоққа шығаруға болмайтынын, қазақ әдебиетінің алыптарына жаңа көзқарас қалыптастыру керектігін, ғылыми жаңа талғам таразысынан өткізудің жолдарын өзінің көптеген өткір мақалаларымен дәлелдеді. Алаш қайраткерлерінің ортамызға оралуымен бірге, Сәкен, Сәбит, т.б. кеңестік дәуірдің жыршыларының әдебиет тарихындағы лайықты орындарына күмән-күдік келтірушілерге терең салыстырмалы-сараптамалық ғылыми пікір-тұжырымдамаларымен жауап беріп отырды. Соның бір дәлелі – “Кәдімгі Сәбит Мұқанов” дейтін мақаласы. “...Сәбит туралы, оның жазушылық жолы туралы әңгімелеу – ХХ ғасырдың жиырмамыншы-жетпісінші жылдары аралығындағы қазақ әдебиетін, қазақ халқының тарихын сөз етумен бірдей” дейді академик. Бұл – дәйекті де дәлелді, өте жоғары баға. Бұл тезисті мақала авторы егжей-тегжейлі тарқатып, талдап жеткізген.

“ХХІ ғасырға Сәбит Мұқанов қай шығармаларымен келмек?” деген сауалға кейбір әдебиетші, ғалым, оқытушы, мұғалімдердің өзі мүдіріп қалып жататынын талай рет байқадық. 1999 жылы “Адасқандар” (“Елорда” баспасынан), 1999 жылы “Балуан Шолақ” (“Шыңжаң халық баспасынан” ҚХР), 2002 жылы “Сұлушаш” (“Атамұра” баспасынан), “Халық мұрасы” (“Жазушы” баспасынан), 2002, 2003

жылдары “Өмір мектебі” (“Жазушы” баспасынан), 2003 жылы “Балуан Шолақ” (“Жазушы” баспасынан), 2006 жылы “Адасқандар” (“Раритет” баспасынан), 2006 жылы “Мөлдір махаббат” (“Атамұра” баспасынан), т.б. қайта басылып шығып жатуы, ал “Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиет тарихынан очерктер” атты ғылыми-зерттеу еңбегі 60 жылдан соң “Арыс” баспасынан 2002 жылы екінші рет жарық көруі жаңағы қитұрқы сауалға жауап қой!

Осы орайда Серік Қирабаевтың мына бір пікіріне назар аударайықшы: “Дегенмен, “Адасқандар” ел есінен шыққан жоқ. Қазіргі өткенді жаңаша оқып тани бастаған тұсымызда “Адасқандарға” қайта оралып, оның соңғы (1931) нұсқасының сол күйінде жариялануы (1999. “Елорда”) да оқырман көңілінен шығары даусыз. Ал, “Мөлдір махаббат” характерлер шыңдай түскен табыстарымен, дәуір шындығын әлеуметтік тұрғыда кең танытқан реализмімен өзіндік туынды болып қала бермек. Бір тақырыпқа бір жазушының екі мезгілде жазған екі романы қатар өмір сүруге құқылы сияқты көрінеді маған”.

Араға азғантай ғана уақыт салып “Адасқандар” мен “Мөлдір махаббаттың” Қазақстан баспаларынан бірінен кейін екіншісі жарық көріп жатуы – шынында да, бұл пікірдің келер күнді дәл болжап айтылғанына ден қойғызатындай. Ал С.Қирабаевтың жазған оқулықтары 10-11 сыныптарда, міне, жарты ғасырдан асса да үзбей пайдаланылып келе жатқанын ескерсек, аталған екі шығарманың мектеп бағдарламаларында жеке-жеке көрсетілуі, оқытылуы керектігі ойға тиек.

“Ал “Жұмбақ жалау” (1938) Сәбиттің роман жанрындағы ізденісін де, отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетіндегі бұл жанрдың ірі табысын да әйгілеген туынды болды. Өртүрлі сын-ескертпелерді ескере отырып, жазушы оны жөндеп, кейін “Ботакөз” (1948) деген атпен жариялады. ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының отаршылдық қанау астындағы өмірінің шындығы мен оның азаттық, теңдік жолындағы күресін кең бейнелеген, қазақ әдебиетіндегі күрделі эпикалық шығарма есебінде ол тарихта зор бағаланды” – дейді С.Қирабаев.

Жазушы белгілі бір қоғамда өмір сүретінін, белгілі бір

уақыттың аясында шығармашылықпен айналысатынын, белгілі бір заманның перзенті болып ғұмыр кешетінін кейбір оқырмандарға ежіктеп түсіндіріп отыруға тура келетін кездер болады. Бұл, әсіресе, қоғамдық жүйе өзгеріп, ғасыр алмасып, санада өзгерістер туғанда тіпті қажет секілді. Сондықтан да болар С.Қирабаев С.Мұқановтың әрбір кесек туындысын келер ұрпаққа тұтас қалпында жеткізуді, барлық бояуымен, жетістік-кемшіліктерімен қоса ұсынуды құптаушылардың алдыңғы сапында.

“Өмір мектебі” – әлем әдебиетіндегі мемуарлық романдардың дәстүрін жалғастырып, оны қазақтың ұлттық сөз өнерінде орнықтыруда айрықша рөл атқарған шығарма” – деп С.Қирабаев кешегі күннің ғана емес, бүгінгі күннің мінберіне шығып, ертеңгі күнге бағыт-бағдар сілтей ой қорытады. Сондай-ақ С.Мұқановтың “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” (1932), “Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер” (1942) атты ғылыми-зерттеу еңбектеріне С. Қирабаев ғылыми көзқарас тұрғысынан лайықты баға береді. “XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларының өміріне қатысты да ол көп деректер жинады. Күні кеше алаш-ордашыл деп жүрген жазушыларымыз ақталғанда, олардың өміріне байланысты мәліметтерді осы кітаптан алғанымыз да жасырын емес. Қалғанын кейін зерттеп толықтырдық. Жалпы идеялық бағытын сынап отырып, Сәбит жекелеген авторлар мен олардың шығармаларына объективті баға берген. Оның үстіне Сәбит еңбегі – осы дәуір әдебиеті бойынша жазылған тұтас, жүйелі алғашқы зерттеу” – деген әділетті пікірін айтады.

Еліміздегі “Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өзірлеп, баспадан шығарған “Қазақ әдебиеті тарихының” 10 томдық зерттеу еңбегінде академик Серік Қирабаев халық жазушысы Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына арнайы мақала арнаған. Мұны академик С.Қирабаевтың Сәбиттануға қосқан тағы да бір зор үлесі деп қабылдаймыз.

2007 ж.

М.БАЗАРБАЕВ ЖӘНЕ ФАБИТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы туралы әңгіме болғанда, әрине, ең алдымен жазушының замандастары мен тұтастары, пікірлестері мен сырластары айтқан лебіздер қымбат. Олай болатын себебі, үлкен суреткердің ғұмыр жолындағы әрбір елеусіз дейтін уақиғалардың өзі уақыт өте келе маңыз ашады, сыр суыртпақтауға жетелейді.

Ұзақ жылдар бойы Ғабеңнің дос-жар інілерінің бірі болған белгілі ғалым, әдебиетші, қоғам қайраткері Мүсілім Базарбаевтың Ғабит Махмұтұлы туралы естелігі мен зерттеу мақаласы да көп ойлар өрбітіп әкетуге сұранып тұр. “Қызмет бабына байланысты, Жазушылар одағы, Академияның Әдебиет және өнер институты тарапынан үнемі кездесіп, жолығысып жүретін себепті, жастары көп үлкен болғанымен, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов сияқты алыптармен, онан кейінгі лек Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Мәлік Ғабдуллин сынды белгілі ғалым-әдебиетшілермен ақылдасу, кеңесу жайларым көп болды” – деп Мүсілім Базарбаев өз естелігінде олармен жақын қарым-қатынаста болғандығын ашық аңғартқан. Ғабит Мүсіреповтің ой-пікірлерін өз аузынан ұнтаспаға жазып алуы (1967 жылы 20 қарашада Ғали Ормановтың үйінде және 1985 жылы 30 маусымда өз үйінде) арқылы да танымдық толғаныстарға тамызық тастайды.

Ғабең әдебиеттегі дәстүр және жалғастық мәселесіне орай өзінің ойын былайша білдірген: “...Сәбит болсын, Ғабиден, Әбділда, Ғали яки Дихан болсын – бәріміз айналып келгенде, Мұхтар Әуезовтің, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтің шәкіртіміз, әрі кеткенде солардың ісін жалғастырушымыз. Әр қайсымыз өртүрлі, жеке дарамыз десек те, бәріміздің басымызды қосатын, біріктіретін бір жәй бар: ол – қайткен күнде де біз өзімізден бұрын болған, бұрыннан бар дүниені әрі жалғастырушымыз,

ілгері алып барушылармыз”. Бұл Ғ.Мүсіреповтің Сәкен, Бейімбет, Ілияс ақталғаннан кейін, ал Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Шәкәрімдер ақталмай тұрғанда айтқан пікірі. Жалғастық туралы айтқанда жоғарыдағы екі-үш жазушының аттарын атаумен тоқталып қалғысы келмегені де аңғарылады. “...өзімізден бұрын болған, бұрыннан бар дүние...” дегенде нені меззегенін оқырманы мен тыңдарманының зерде таразысына қалдырады.

Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық стиліндегі терең астар, тосын емеурін, жұмбақ байламдар оның ауызекі сөйлеу мәнерінен де байқалатынын осы ұнтаспаға жазылған ойларынан жиі аңғарамыз. Мәселен, “Қазақтың ескі бір мақалы кеше Шоқанның үш томдығын алып, соны аударып отырғанда еске түсті. Жақсы мақал. “Дос болмайтын адаммен дос күнінде құтыл” дейді. Ия, ал енді әрбір дос болмайтын адамнан дос күнінде құтыла беру кісінің қолынан келмейді. Бірақ, әрқашанда ақырындап, түбінде сол дос бола алмайтын адамдардан алшақтай берген дұрыс...”. Осылай деген Ғабіт ұзақ ғұмырында дос болғысы келмеген кімдерден алшақтағанын ашып айтпайды, алайда достары жөнінде толғанғанда: “...мына менің әдебиет майданында болсын, қоғамдық істе болсын, жеке адамдар арасында болсын, ең жақын досым Ғабиден болып өтті” деп ерекше екпін түсіре сыр ашқан. Бұл сөзді Ғабіт 85 жасында айтып отыр. Досы Ғабиден Мұстафин содан бір жыл бұрын дүниеден озған. Екінші кезекте Әлжаппар Әбішевтің есімін атайды. Содан соң “...Мына Мүсілімге берген кітабыма дос-жарлық белгісі болсын деп жаздым. Жасы кіші болса да, ең жақын замандастарымыз осы Мүсілім. Жасы көп кіші бізден. Ана Еркеғали (Рахмадиевті айтады. Ә.Қ.) бөрімізден кіші ғой” – дейді Ғабіт “дос-жар” деген сөзге қайта-қайта оралып, бұған дейін ешкімге “дос-жарлық белгісі” болсын деп жазып кітап сыйламағанын, Мүсілім Базарбаевқа бұлай деуінде көп мән бар екенін байыппен аңғартады. Оның себебін ары қарай талдап, таразылап жатпайды. Бұл сөзді Ғабіт өзіне қатысты ерекше ықыласпен неліктен қолданғанына М.Базарбаев та тоқталмаған. Дегенмен, өзара сыйластықтың, дос көңілдің ыстық табы сезіліп тұр.

Ғабіттің жұмбақ тұлғасы, өзгеше жаратылысы жөнінде

Мүсілім Базарбаев былай дейді: “Әрбір ойшыл, сыршыл жанның айтқанынан айтпағаны көп, бергенінен бермегені көп болып келетіні сияқты, ендігі бір сәтте оның сырт ажары қай жақтан белгі, қай тұстан хабар әкеледі дегендей болып тұратынсың. Көңілі жай кездерде, жүзінде бір мысқыл күлкінің ізі өне бойы байқалады. Ықыласы түссе, оның сырын айтады да, түспесе, сол жабық күйінде қала береді. Ұзақ өмірі ішінде көрген-түйгені мол, берілген де, безінген де жайлары көп адам, бәлкім, осылай, сырт қарағанда тым анық емес сияқты күйде қалыптасатын шығар, сөйте тұра өмірде нағыз эстет, сері екені де даусыз ғой...”

Бұлай деп жанындағы кісінің тұлғасын да, тұрпатын да, ішкі жан-дүниесін де әжептәуір зерттеген адам ғана айта алса керек. Әсіресе, Ғабеңнің өзін сөйлету арқылы кірпияз жазушы өшейінде айта бермейтін, жаза бермейтін кейбір ой ұшқындарын ұстап қалады. Ғабеңді “нағыз эстет, сері” деп танытын М.Базарбаев сол қартайғысы келмейтін сері көңілді Ғабеңнің өз сөзімен дәлелдей түскендей. “Мен енді құдай ұрып Мұқтар мен Сәбиттен кейінгі бас ұстайтын кісі болып қалдым. Сапекең де жоқ қой, білесіңдер. Сол басты мен осы күнге дейін меңгере алмай қойдым. Бар білетінім екі құлағын екі кісіге кесіп берем де қоямын. Ал енді бірде олай, бір істе бұлай көрінетініміз болар, бірақ еш уақытта үлкендік сезінген емеспін осы күнге дейін” - дейді Ғабең. Немесе “Маған Махмұдович дегенде тіпті инедей шаншылады, мен әлі баяғы Ғабит емеспін бе деп ойлаймын. Мына Зейнел мен Мариям (Ғ.Мұстафин мен С.Мұқановтың бөйбішелері. Ә.Қ.) “Ей, Ғабит” деп сөйлегенде мен өзімнің стихияма кіргендей сезінемін” деуі көрілікті мойындамау ғана емес, мәңгі жас көңілді аялауы деп түсінеміз.

1983 жылы Академияда болатын кезекті сайлау қарсаңында Ғ.Мүсірепов Әдебиет және өнер институтының директоры Мүсілім Базарбаевқа телефон шалып, академик атағын алуға Зәки Ахметовпен қатар Әбділда Тәжібаевты да ұсынуға ұйғарым жасағандықтарын хабарлайды. Кейін дәл сайлау болар қарсаңында бұл пікірінен аяқасты айнып, Зәки Ахметовты қолдау жөнінде жұмыс жасайды. З.Ахметов өтеді. Осы бір жайтқа байланысты мән-мәністі М.Базарбаев өз естелігінде егжей-тегжейлі баяндаса да, Ғабеңнің дәл 180

градусқа бұрылып, пікірін өзгертуінің себебін аша алмаған. Оны өзі де мойындайды. Яғни, Ғабеннің жұмбақ та күрделі, қайшылықты тұлғасы осы бір деталь арқылы да толығы түскен. Кейбір ішкі сырларын Ғабен ең дос-жар деген адамдарына да жайып салып отырмаған екен-ау деген ойға қаласыз.

Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке” романының екінші кітабы “Жат қолында” 1984 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көреді. М.Базарбаев “Жат қолында” романының қолжазбасына пікір жазады, баспадағы қолжазбаны талқылауға қатысады және сол роман туралы рецензиясы “Социалистік Қазақстан” газетінде (25.01.1985 ж.) жарық көреді. Яғни, “Жат қолында” романы туралы алғашқы сөз Мүсілім Базарбаевтың еншісінде болса керек. “Егер стиль адамның өзі дейтін болсақ, Ғабен әдебиетімізде өзіне лайық стиль жасаған адам” деген тұжырымға М.Базарбаев, әсіресе, осы романдан кейін біржола бекіген сияқты. “Жазушы” баспасында кітаптың қолжазбасын талқылау кезінде “Жат қолында” деген роман атауынан саяси астар іздеп, күдіктенгендер де болыпты. Автор роман атауын өзгертуге келіспеген. Бұл ретте де Ғабит Мүсіреповтің өз мінезі, өз қалыбы, өзгеге ұқсамайтын өз қолтаңбасы айқындалады.

“Ғабит Мүсірепов қалдырған дәстүр, мұра бай, – деп жазады М.Базарбаев. – Ең алдымен, мұра дегеннің бәрі бірдей қолмен ұстап, көзбен көретін дүние бола бере ме? Мұра, дәстүр жайын айтқанда осындай өне бойы қолға түсе бермейтін, бірақ алдыңызда үнемі тұратын тез, талап, талғам деген ұғымдар ойға келеді. Қазақ әдебиетіне осындай түсініктерді сіндіріп, көркем сөздің, өнердің өнерлік қасиетін бірінші парыз етіп қойған салт қалдырды”.

Бұл – Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығына берілген жоғары баға. Бұл жерде ғажайып суреткердің ана романы, мына әңгімесі деген тұрғыда сілтеме жасалып тұрған жоқ, бірақ жинақтай айтқан, терең қамти айтқан және дөп басып таныған сыни көзқарас екені даусыз.

“Жат қолында” романында “Оянған өлкеден” белгілі Игілік бидің баласы Кенжеғара тарих сахнасына шығады. “Кенжеғарамен кейіпкерлер де, характерлер де, оқиға, суреттер де бітпейді. Бұл өзі аралық адам, аралық бейнедей

көрінеді. Аралық дегенде екі жаққа бірдей деген мағынада емес, екі жаққа да өтімді, екі жақ та бірдей тыңдайтын: шонжарлар жағы күйзеліп тыңдайтын, әділдік ұстанған жан. Кенжегара романының негізгі кейіпкері” – деген Мүсілім Базарбаевтың романды талдап-таразылауында зерттеушіге тән зерделі ой-пікірлері мол.

“Романның композициясы анық. Бірінші бөлім – Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді кендерінің жат қолына өту алдындағы жайы – пролог болса (Игілік, Ушаков, Рязанов күндері біткен), екінші бөлім бұл өлкенің жат қолына – ағылшын, француз концессионерлерінің қолына өтіп, “жаңа тәртіп” орнағанын баяндайды, үшінші бөлімде ескі өмірдің іргесі сөгіліп, патшаның құлауы, жат жерліктердің қара машинамен қара ешкіні баса-маса қашуы суреттеледі – бұл сол заман эпилогы сыйпатты” – дейді М.Базарбаев.

“Жат қолында” романы жайында” атты осы мақаламен оқып танысқан соң автор сыншыға “бәрі дұрыс екен, бірақ көркемдік, шеберлік жайында айтылмаған екен” деп уәж айтады. Ғ.Мүсірепов әрбір шығармасындағы тіл кестесіне, көркемдік желілерге, суретті сөзге айрықша жауапкершілікпен қараған жазушығой. Өзі де бұл тақырыпқа талай рет мақалалар арнаған, баяндамалар жасаған. Әрине, бір мақаламен Ғ.Мүсірепов шығармасындағы көркемдік шеберлікті ашып тастау да оңай емес. Кейіннен “Жат қолында” романы туралы ғылыми еңбектер де жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ғ. Мүсірепов туралы естеліктер. Құраст. С.Оразалы. Алматы: Білім, 2004. – 480 б.
2. М.Базарбаев. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек Жолы, 2005. – 512 б.
3. Ғабит Махмұдұлы жайында есте қалғандар. Жалын, №9-10, 1998. – 172-189 б.б.

2007 ж.

АЛАБҰРТҚАН КӨҢІЛДІҢ СӨЗ ДАУАСЫ

Қазақ әдебиетінің классигі, Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің мұражай-үйі қорында оның бұдан 80 жыл бұрын Бурабайда түскен фотосуреті сақталған және бұдан түп-тура 80 жыл бұрын оның тұңғыш көркем туындысы “Тулаған толқында” жазылған еді. 1927 жылы...

Оқырман әрдайым өзінің сүйікті жазушысының өмірдегі, өнердегі ең алғашқы қадамы туралы, ең алғашқы көркем туындысы жайында, ең алғашқы баспа бетінде көрінген шығармасы жөнінде, тіпті, тұңғыш түскен фотосуреті хақында тың дерек, жаңа пікір оқып-білгісі келетіні анық.

“Ғабит Мүсірепов әдебиет әлеміне қалай қадам жасады?” деген сауалға ол өзінің “Автобиографиялық әңгімесінде” мынадай жауап әзірлепті : “...Рабфакты бітіріп шыққаннан кейін де әдебиетке ауысуға табаным тұрақтай алмай, Омбыдағы ауылшаруашылық институтына барып түстім. Ол кезде оны академия деп атайтын. Әдебиетке алабұрту сонда басталды... Өзгелер ауылшаруашылық үйірмелеріне кеткенде мен әдебиет үйірмесіне жазылдым.” Сол әдебиет үйірмесінің үйіріп әкетердей бір сиқыры болғаны ғой, көркем әлемге көзін де, көңілін де суарып, қаршадайынан батырлық, ғашықтық жыр-дастандармен сусындап өскен жеткіншек Омбыдан Көкшетауға келгенде қолына қалам ұстауға біржолата бел буған сыңайлы.

Ғабит Мүсіреповтің тұңғыш әңгімесі “Тулаған толқында” 1927 жылы қыркүйек айында Бурабайда жазылған. Бұл кезде ол Бурабай орман шаруашылығы техникумында оқытушылық қызметте.

Мына фотосуретті көргенде, екіұдай ойға беріледі екенсіз. Бір қарағанда, күрең аттың тізгінін сол қолымен тарта ұстап, ердің үстінде еркін отырған жас жігіттің үстінде ақ көйлек, балағы қайырмалы шалбарының түсі қоңырға келіңкірейді. Үзеңгідегі оң аяғындағы бөтеңкесі де су жаңа болса керек, жылтырап тұр. Оң қолын ердің артқы қапталына қарай бос тастап, мойнын оңға қарай өнтек бұрған, шашы қалың емес,

кең, жазық маңдайы жарқырап, езуінде әлгінде ғана ұялаған күлкінің ыстық табы бар секілді. Тұтаса өскен үйеңкі, қайың, қарағайы аралас Бурабайдың орман алқабының бір әдемі пұшпағы табиғат-суретшінің төл туындысындай көз тартады. Осы жігіт Орман техникумының оқытушысы десе, дегендей-ақ. Ал екінші бір қырынан қарағанда, алғашқы әңгімесін жазған болашақ классик жазушы “Ал, міне, атқа қондым! Әдебиет әлеміне сапарым басталды!” деп тұрғандай!

Ғ.Мүсіреповтің “Тулаған толқында” атты тұңғыш көркем туындысын бұлақтың бастауы, тұманың көзі деп қабылдауымыз керек. Профессор Тұрсынбек Кәкішев Ғабенмен әңгімелесіп отырғанда сұрайды: “Т.К.: Сәкен сіздің “Тулаған толқында” деген әңгімеңізді оқыған шығар? – Ғ.М.: Оқыды” (Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер. Құраст. С.Оразалы. – Алматы : Білім, 2004-160 б). Ал 1985 жылы 30 маусымда Мүсілім Базарбаев өз үйінде Ғабеннің сөзін магнитофон таспасына жазып алған екен. Сонда мынадай бір дерек айтылады: “...Ілияс алғаш әлгі кішкентай повестім шыққанда: Әй, сен, қайда тығылып жатқан қара домалақсың, деп жазды; Бурабайдың бір сұлуын бауырыңа басып, көрінбей жүрсің ғой сен тегі, тастау керек, мында келу керек, деп жазды” (М.Базарбаев. Замана тудырған әдебиет.- Алматы, Жібек жолы, 2005 – 512 б).

Ғабеннің алғашқы әңгімесі (Бұл өзі “әңгіме”, “ұзақ әңгіме”, “кішкене повесть”, “повесть” деп жанрына қатысты әрқилы аталған. Ә.Қ.) сол тұстағы қазақ зиялыларының назарын аудартқаны анық. XX ғасырдың басындағы қазақ жазушыларының шығармаларында кеңестік идеологияның ықпалы бірден байқалған жоқ. Кейін бір шығарма екінші рет өңделіп, қайта басылғанда мұндай өзгерістерге көп ұшыраған. Ғ.Мүсіреповтің алғашқы туындысы төңкеріс пен азамат соғысына қатысты көркемдік шындыққа ұштасуымен ерекшеленген. Бірақ осы көркемдік шешімге жазушының көңілі онша толмағандығы 1965 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген “Белдерде” атты әңгімелер мен повестер кітабындағы мынадай қосымша ақпараттан аңғарылады: “Тулаған толқында” - менің ең бірінші жазған әңгімем еді (1927ж). Бұдан қырық жылдай бұрын жазылған нәрсені

қопара өңдеуді лайықсыз көрдім. Тек бір оқушыдан ұялар жерін кестім: босандығы да, балаңдығы да жеткілікті екен. Аяғы бұрын жеңістен кейінгі Біржан мен Шәйзаның бақытқа жеткенімен бітетін. Соның өзін тым олақ жасаған екем, бұл жолы оған жеткізбей, бостандық күресіне аттануларымен аяқтауды дұрыс көрдім. F.M.” (61 б.)

Әрине, кемеліне келген, толысқан көркемдік шеберліктің құпиясын әбден меңгерген қаламгердің тырнақалды туындысына қатал сын көзімен қарауы түсінікті. Дегенмен, тұңғыштың аты тұңғыш. Жазушы бұл туындысын көзі тірісінде-ақ өзінің бес томдық, үш томдық таңдамалы шығармалар жинақтарына енгізіп отырған. 1980 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан үш томдығының повестер мен әңгімелер топтастырылған бірінші томына филология ғылымдарының докторы Әбділхамит Нарымбетов мынадай ғылыми түсінік беріпті: “Тулаған толқында”. Бұл повесть жазушының творчестволық сапарындағы тұңғыш көлемді шығармасы. Повесть бірінші рет “Толқынды өмір” деген атпен “Жаңа әдебиет” журналының 1928 жылғы 3-4 сандарында жарияланды. Сол жылы повесть “Тулаған толқында” деген атпен Қызылорда қаласындағы Қазақстан халық шаруашылығының орталық кеңесінің мемлекеттік баспаханасынан басылып шықты. 1933 жылы повесть қазақ мектептерінің 6-классына арналған көркем әдебиет жинағына енді (құрастырғандар F.Мүсірепов, I.Жансүгіров). 1935 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан екінші рет кітап болып басылып шықты. Бұдан кейін повесть жазушының 1965 жылғы “Белдерде” атты кітабына, бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына (1972) енді. Үш томдық шығармалар жинағына “Тулаған толқында” повесі бес томдық шығармалар жинағындағы текст бойынша еніп отыр” (531 б.).

Міне, осы орайда, Ғабеннің алғашқы әңгімесі алғашқы әдеби кітабы болып жарық көргенін, ал дәл сол 1928 жылы “Американ бидайығы” атты тағы бір кітапшасы қатар шыққанын айта кеткен жөн.

“Мүсірепов творчестволық жолын “Тулаған толқында” (1927) атты повестпен бастады. Б.Майлиннің “Шұғасы”, С.Сейфуллиннің “Айшасы”, М.Әуезовтің “Қорғансыздың

күні” сияқты жас жазушының тырнақалды туындысы еңіреген қарындасы – қазақ қызының бостандық үшін талпынысына арналған” – деп ой түйеді Хасен Әдібаев (Х. Әдібаев. Талант. Талғам. Тағдыр. Жазушы, Алматы.-256 б.).

Жалпы, қазақ қызының – қазақ әйелінің тағдырына алаңдаушылықпен қараған жазушы оны өзінің бүкіл шығармаларына алтын арқау етіп алады. Ана туралы толғаулардың ақыры “Ұлпанға” келіп ұласқаны, сол арқылы әйел-ана портреттерінің тұтас галереясы жасалғаны оқырмандарға мәлім.

Академик М.Қаратаевтың естелігінде де осы шығармаға қатысты мынадай сурет бар: “Бір күні, 1928 жылдың күз айында кабинетке көңілді кіріп, “Балалар, мына кітап жаңа ғана дүкенге түсіпті, алып қалыңыздар” – деді Жұмабай аға. Кітапты жағалай қарап шығуға жалтақтап отырған 15 балаға ұсынса бола ма? Жапырлай қарап шықтық. Араб әрпімен басылған “Тулаған толқында” повесі екен. Авторы – Ғабит Мүсірепов. Барлық бала сыныптан шыға сала жабыла дүкенге жүгірдік. Баруын бардық. Бірақ сатып алуға ақша қайда? Жалтақтап бір-бірімізге қарадық та, ақыры қалған-құтқан тиын-тебенімізді қосып екі кітап алып, екі жерге бөлініп, жабыла оқыдық. Бұдан бұрын қолға түскен басқа кітаптарды солай оқитынбыз, қызығатынбыз, кейде тіпті төңті боп тамашалайтынбыз. С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, М.Әуезовтің сол кездегі шығармаларымен осылай танысатынбыз.” (“Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер”, 69 б.). Міне, Ғабенің тұңғыш туындысына қатысты естеліктердің өзі талай сырды ақтаратынын байқаймыз.

1980 жылы шыққан үш томдығындағы “Тулаған толқынданы” жазушы қолына қарындаш алып отырып мұқият оқып шығыпты. Корректордың кінәсінен кеткен өріп қателерін түзеткен. Қалып кеткен сөздерді көрсеткен. “Шекпендерін” деген сөзді – “пальтоларын” (26 б.), “көзін салып” дегенді – “көз салып” (27 б.), “автономия” дегенді – “аптономия” (31 б.), “фоетонмен” дегенді – “поетонмен” (31 б.), т.б. деп өзгерткен екен. Ең соңына “Қарап шықтым. 5.07.82. Ғ.М.” деп белгі қалдырған (57 б.). (Ғ.Мүсірепов. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы. 1980. Т.1. Повестер мен өңгімелер. 544 б.).

Мұражай кешенінің қорында Ғабит Мүсіреповтің “Тулаған толқында” кітап болып шыққаннан кейін Бурабайдан Қызылордадағы Сәбит Мұқановқа арнайы жазған хаты сақталған (18.04.1928 ж.).

“Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа, ешқайда бұрылмайтын әдет. Мен мұны жек көрем, – деп жазады хатында Ғабен, – Әсіресе, болмысы, тұрмысы... тағы тағылардың ізі түсіп отырса екен. Осы күні (меніңше) жазушылар “саяси жақ” деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсы. Сондықтан қай күнде болса да, менің жазғандарым көлденең материалды көбірек қосып отырады. Бұл әдетті (өзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде, жазып кете алған күнде де тастамаспын деймін. “Теңіз тепкісіне” де бірталай көлденең материал кірген себебі сол еді”.

Бұдан басқа да жас жазушының әдебиетке, сөз өнеріне қатысты албырт ойлары, асқақ мұраттары осы хаттан біршама аңғарылады. Оған жазушының ұзақ та жемісті шығармашылық жолына үңіле қарағанда көп жауап табуға болады.

Бір сурет пен бір әңгімеден өрбіткен ойларды осымен тиянақтай тұрайық.

2007 ж.

ЗАР-МҰҢЫМДЫ ҰҚҚАН ЗАТАЕВИЧ

НЕМЕСЕ ОНЫҢ С. МҰҚАНОВҚА СЫЙЛАҒАН ҚОЛТАҢБАСЫ БАР ФОТОСУРЕТІНЕН ӨРБИГЕН ОЙЛАР

Мұражайдағы Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылық жолы баяндалатын әдеби бөлімді көріп-тамашалап жүрген екі студент қыз өзара былайша тіл қатысқандарын құлағым шалды:

– Мынаны қара. Затаевичтің фотосуреті. Сәбит Мұқановқа қолтаңбасымен сыйлапты.

– Қай жылы?

– 1932.

– Сонда. Екеуі дос болған ғой...

– Қалай дос болады, Затаевич Мұқановтан жасы жағынан көп үлкен емес пе?

– Ендеше, таныс болған, сыйлас болған.

– Әрине, әйтпесе, фотосуретін бере ме?

– Қазір, мұражай қызметкерінен сұрайықшы...

Әлбетте, мұражайдағы әрбір жәдігерлік, жеке алып қарағанда, талай сырды ішіне бүгіп, жасырып тұрары хақ. Қарапайым, елеусіз көрінген экспонаттың өзі қаншама тарихты қозғап, қаншама шежірені тарқатуға себеп. Тек соған апаратын жолды әркім әрқалай іздейді. Екі студенттің әлгі әңгімелесуін естіген соң, осы бір қолтаңбасы бар фотосурет жөнінде жұртшылыққа кеңірек мағлұмат беру керектігін ұғындым.

Ең алдымен, Александр Затаевич туралы біз не білеміз, қазақ өнеріне, мәдениетіне сіңірген еңбегі қаншалық еді, қай кезеңде, кімдермен тұстас өмір сүрді, т.б. сауалдарға жауап бере кетелік.

Александр Викторович Затаевич 1869 жылы Ресейдің Орлов облысында дүниеге келіп, 1936 жылы Мәскеуде өмірден озған. Белгілі музыка сыншысы, этнограф, композитор ретінде танылған. Орлов қаласындағы әскери гимназияны бітіріп, Польшадағы «Варшавский дневник» атты үкіметтік газеттің музыка және театр бөлімін басқарған, Варшава консерваториясының бақылаушылар кеңесінің мүшесі болған. 1904-1915 жылдары мақалалары жарық көріп, ол музыка сыншысы ретінде өзін мойындатқан. П.В. Аравин «А.В. Затаевич – музыка сыншысы» атты зерттеу мақаласында бұған егжей-тегжейлі тоқталған, мол мағлұмат берген. Жалпы А.В. Затаевичтің халық музыкасына және фольклорға құштарлығының оянуына орыстың халық өндерін шебер орындаушы Надежда Плевицкая қатты әсер еткендігін П.В. Аравин екпін түсіре айтады және 1915 жылы Ресейге оралып, 1920 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборға қоныстануы оның өміріне елеулі өзгерістер әкелгендігіне назар аудартады.

Қазақтың халық өндеріне Затаевичтің құштарлығы осы Орынбордағы Педагогикалық курста оқып жүрген Қуандық Жездібаев деген әншіден «Харидай-ау» деген халық әнін

тыңдағанда ояныпты. Тұңғыық өн өуенін тыңдап отырып ол, біріншіден, керемет әсерге бөленеді. Екіншіден, қазақтың өн фольклорының телегей теңіз қазынасы қызықтырады. Үшіншіден, соны жинауға, зерттеуге, нотаға түсіруге қалған ғұмырын арнауға бел буып, бекем шешім қабылдайды.

Енді «Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясының» 4-томына үңіліп көрелік: «Осы кезеңнен бастап (1920 жылдан. Ә.Қ.) ол ғасырлар бойы ауызша таралып келген қазақ халқының музыкалық мұрасын нотаға түсіріп, ұлттық өн-күйлердің қаймағы бұзылмаған қалпын сақтап қалуға зор мүмкіндік жасады. Халықтың кәсіби өнші-күйшілерінің шығармашылық қызметін, олардың орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады.

Ақан Сері, Біржан Сал, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Төттімбет, т.б. шығармаларын алғаш рет Затаевич жарыққа шығарды. Сөйтіп, ұлттық дәстүрлерді сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. Этнографтың «Қазақ халқының 1000 өні» (1-басылымы 1925 ж., 2-басылымы 1963 ж.), «Қазақтың 500 өн-күйі» (1931), «Песни разных народов» (1971ж.), жарияланбаған «Қазақ музыкасының 3-томы» деп аталатын жинақтарында қазақ халқының классикалық өн, күйлерінің үлгілері мол орын алған».

Сәбит Мұқанов өзінің 1956 жылғы 13 қыркүйекте жазылған «Александр Затаевич туралы» атты естелігінде («Өсу жолдарымыз», Алматы, 1960, 550б.) екеуінің қалай танысқаны, қандай қарым-қатынаста болғандығы жөнінде бажайлап баяндаған.

Екеуі 1923 жылдың басында және аяғында Орынборда екі рет кездескен. 1925 жылы бірге сапарлас болып поездда, 1927 жылы жазда Қызылордада, содан соң 1930 жылы Мәскеуде ұшырасқан. Ол кезде С.Мұқанов Марр атындағы тіл білімі институтында оқып жүрген.

Алғашқы кездесудің өзі өнмен байланысты. Орынборда жолығысқаннан кейін, жатқан үйіне іздеп барып, қояр да қоймай Сәбитке бірнеше өн айтқызған Александр Викторевич Ақан Серінің «Мақпалын» нотаға түсіреді.

«Міне, саған керемет! – деді, нотадан хабары жоқ Шөпбай, Затаевич «Мақпалды» әдемі дауыспен ыңырсиді дәл түсіріп айтып бергенде, – қалай қағып алды, бұл әнді аузыңнан» – деп Сөбен қасындағы серігінің бұған таң-тамаша қалғанын да жасырмайды.

А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні мен күйі» атты кітабына енген, Сәбит Мұқановтың айтуымен нотаға әуені түскен өндер мыналар: 140. «Қос алма», 141. «Иә-иә», 142. «Жылау» (Ү), 143. «Тайжан әні», 144. «Зар», 145. «Құдалық өлеңі», 146. «Мақпал (1) [Ақан Серінің әні] (ІҮ), 147. «Ғаләлім», 148. «Қараторғай» (ІІІ), 149. «Тәні-ай». Әнді жаздырушы Сәбит Мұқановтың Петропавл уезі Таузар болысының № 3 ауылының қазағы екендігін де көрсеткен.

Ал З.Кереева «А.В.Затаевичтің қолжазба жинағы туралы» атты мақаласында (кітапта: «А.В.Затаевич», А., 1958, 172 б.) атап көрсеткеніндей, атақты этнограф қайтыс болғаннан кейін оның жеке мұрағатынан «Қазақ музыкасының ІІІ-томына арналған материалдар табылған. Оны марқұмның қызы Ольга Затаевич Қазақ КСР Ғылым Академиясына тапсырыпты. Қолжазба кітап қазір Орталық Ғылыми кітапхана қорында сақтаулы екен.

З.Керееваның деректеріне қарағанда, бұл қолжазбада С.Мұқановтан жазылып алынған төмендегі өндердің ноталары сақталған: «Қыз Бике» (авторының аты), «Жетім қыз Күнайым», Ыбырайдың «Қалдырғаны», «Қарақат көзі», «Желдірме» және «Шалқыма» деген өн. З.Керееваның дәйектеуіне қарасақ, Сәбит Мұқановтың айтуымен нотаға түскен «Жетім қыз Күнайым» пьесасының оқиғасы да тартымды. «Бұл пьесаның оқиғасы – қазақ-қалмақ қақтығыстары дәуірінен. Қалмақтар қазақ ауылын шауып, 14 жастағы Күнайым аруды тұтқынға түсіреді. Қалмақ ханы оны өзі алғысы келетінін аңғартады. Бірақ бұған тұтқын қыз үзілді-кесілді қарсылығын білдіреді. Содан кейін оған қамқоршы болып жүретін ағасының басын кесіп, әкеліп қыздың алдына тастайды (қыз жетім еді), бірақ бұл да оны шешімінен айнытпайды. Сонымен, түнді өткізіп, таң алакеуімде, ағасының кесілген басын қолына ұстаған қыз өзеннің жарқабақты жағалауына жүгіре жетіп, «бұдан кейін өмір сүрудің мәні жоқ» деген шешімге

бекіп, тулаған толқынға секіріп кетеді. Пьесаның музыкасы қыздың өжеттегін әспеттеген». (Қолжазбаның 108 беті). Қолжазбада А.В.Затаевичтің өз қолымен 507 қазақ әні бар деп көрсетілген, ал шын мәнінде – 402. Сонда 105 ән нотасы жоғалған яки қолды болған.

«1000 әннің» екінші басылымында А.В.Затаевичтің ескертпелеріне редакциялық алқаның толықтырулары қосымша ретінде берілген. Онда С.Мұқановтан жазып алынған «Қалия» (440 б.) және «Уа, шіркін» (443 б.) деген тағы екі ән нотасы бар. «Қалияның» қасында «Ғалия» деген ән нотасы (Өли Болданов жаздырған.) қатар беріліпті. Бұған Затаевич мынадай түсіндірме жазған: «Қалия» мен «Ғалия» - бұл екі есімнің түбі бір, айтылуы ғана әрқалай. Балуан Шолақтың әнінің екі түрлі вариантын – ақмолалық нұсқасымен қоса мендегі сақталған семейлік нұсқасын - әдейі қатар беріп отырмын.

Алғашқы нұсқасының есептік нөмірі – 650. Бұлай істеудегі мақсат, тек қана есту арқылы таралатын қазақ өндерінің аясында байқалатын көп нұсқалылыққа тағы бір дәлел осы. А.З.»

Өнерзерттеуші В.Дернова «1000 ән» жинағында ән ноталары 280-нен астам ән айтушылардың (корреспонденттердің) аузынан жазып алынғандығына назар аудартқан. Бұлардың арасында – А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Б.Майлин, Б. Күлеев, С. Сейфуллин, Ә. Қашаубаев, Ә. Жанкелдин, И. Байзақов, О. Жандосов, Т. Жүргенов, Н. Құлжанова, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтбаев, Ғ. Мұратбаев, С.Есова, А. Оразбаева, С.Мұқанов сынды қазақтың небір марқасқалары бар.

Негізінен, А.Затаевич ән әуендерін нотаға түсірумен айналысқан. Ән мәтіндері толық сақталмаған сияқты. «1000 өнде» бірнеше ән мәтіндері кітаптың соңында берілген. С.Мұқанов «Өмір мектебінде» тағы да мынадай дерек келтірген: «Мен барған жылы бүкіл Алуаның (Қызылжар өңіріндегі көл атауы. Ә.Қ.) басында «Әліпби» аталатын ән жаңа шығып, жұртқа таңсық екен. Композитор Александр Затаевичтің «Қазақ халқының мың өндері» аталатын кітабына менің аузымнан жазылып кірген бұл әннің сөздері:

Базардан алып келген шай тостаған,
Тар жерде қиын екен өн бастаған.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Бөйгеден келген кердей ойқастаған.

Базардан алып келген жезді құман,
Пәлеге ұшырайды сөзді қуған.
Бал шайнап, шекер жұтқан, беу, қарағым,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.

Базардан алып келген темір астау,
Сұрасаң біздің қалқа қиғаш қастау.
Алыстан ат терлетіп келгенімде
Өзілге жарамайды қалқам жасау, -

деген сияқты, ылғи «базардан алып келген» деген сөздермен басталады екен. Екпіндей айтылатын бұл өннің қайырмасы:

О-оу, өліп-би,
Ләпсің тый.
Ләмәсіли ти-тір тө-ө-оу,
Түрлендіріп салдым күй, -

деп аяқталады екен. (С.Мұқанов. Таңдамалы шығ. 16 томдық. 10-том. Алматы, - 1976, 178 б.).

Жас Сәбит Затаевичпен алғаш кездескенде «өнші емеспін...» деп азар да безер болғанмен, балалық шағында ауылдағы «жыршы бала» атанғаны, өзінің «Өмір мектебіндегі» «Өнге әуестік» тарауында баяндалатын уақиғалар жұртшылыққа мағлұм. Мұражайындағы атақты домбыра жасаушы шеберлер Қамар Қасымов пен Темірхан Дыбысұлы сыйлаған домбыралар Сәбеңнің оңашадағы сырласы, мұңдасы қазақтың осы бір көне аспабы болғанына айғақ.

С.Мұқанов «Өмір мектебі» романының «Көңілді сапар» деген тараушасында 1925 жылы пойызбен Орынбордан

Ақмешітке сапар шеккенде бірге болған серіктері Қажымұқан Мұңайтпасов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев және Александр Затаевич туралы мол деректер қалдырған.

«Толық, биік денелі, ақбурыл сақал, мұртты, жасы со кезде елуді орталаған Александр Затаевич менің көптен бергі жақын танысым. Интеллигент поляктың семьясында туған... ..Орынборға келген ол қазақ музыкасына қатты қызығады да, жинаушысы, зерттеушісі және жариялаушысы болады. Жиырманшы жылдардың басында Орынбордағы мекемелердің, қазақ мектептерінің бәрін тынымсыз аралап, ұлылы-кішілі қызметкер демей, мұғалім демей, оқушы демей, өнге әуесі барлардың бәрімен кеңесіп, айтқан әндерін нотаға түсіріп жүргенін көзіміз көрді. Партиялық па, советтік пе, басқа жүйедегі ме, - Орынбордағы қазақтардың басы құралатын жиналыс не мәслихат болса, Затаевич соны төңіректен шықпай, ән білетіндердің, күй білетіндердің барын алып болғанша тынбайтын. Мазасы кеткен кейбіреулер ұрысса да кек көрмей, кетіп қалудың орнына, талақша жабыса түсетін. Орынборда тапқандарының бәрін алып болған Затаевич, жаз айларында қазақтың кең даласын түгелге жақын шарлап, өз маңайында болмаса, былайғы жұрт білмейтін талай әнші, домбырашыларды табатын, олардың да барын түгел нотаға түсірген» (118б).- деп жазады Сәбит Мұқанов.

А.Затаевичтың қазақ фольклорлық ән мұрасын жинап-зерттеуіне жиырманшы-отызыншы жылдардағы зиялылар барынша жәрдем берген, көмектескен, қолдау жасаған. Дегенмен, тұтас экспедицияның жұмысын ол жалғыз өзі атқарғаны, аз уақыттың ішінде ұланғайыр материал жинап алғаны таңғаларлық жанкешті құштарлық, ерен еңбек.

«Жиырманшы жылдардың басында А.Затаевич бірнеше жыл бойы музыкалық этнографиямен шұғылданды. Ол сол жылдар ішінде қазақтың екі мыңнан астам ән-күйін нотаға түсіріп, оның мың жарымын екі том етіп 1925 және 1931 жылдары бастырып шығарды. Ол ән-күйдің ноталарын жазумен қатар, олардың кейбіреулерін фортепиано сүйемеліне икемдеп, оркестрге түсіріп, орындау арқылы уағыздады. Орындаушының бірі өзі болды. А.Затаевичтің

бұл еңбегі жержүзіне жайылды. Ол сол жинақтарының соңында қазақ музыкасы туралы, өнші-күйшілер жайлы аса құнды пікірлер айтып жазды. Қазақтың көптеген өншілерінің аттары тарихта бірінші рет сол А.Затаевичтің аузымен халыққа тарады» - дейді академик А.Жұбанов. (А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары. Алматы, 1963. 432 б.).

Сөбеңнің сүйікті жары, қазір жасы 99-ға қараған Мәриям апайдан «Затаевичті білетін бе едіңіз?» деп сұрадым.

- Е, неге білмейін, білемін. Тіпті, қолымнан дәм татқан. 1930 жылы Сәбит Мәскеуде оқуда. Бізді қасына алған. Пушечная, 7 деген үйдің подвалында тұрамыз. Екі баламыз – Арыстан мен Марат орыстың балабақшасына барады. Қалада қымбатшылық кез. Сәбиттің стипендиясы балашағасын асырауға жетіңкіремейді. Содан мен тігін ательесіне жұмысқа тұрып, айына 90 сом тауып, септесіп, төп-тәуір күн көріп жүрген кезімізде, жазғы бір кеште, Сәбит Затаевичті үйге ертіп келді. Александр Викторович Сәбитке әлденеше өн айтқызып тыңдады. Өңі жүдеулеу, шаршаңқылау көрінді. Кітаптарын шығаруға дайындап жүргенін айтып, Қазақстанның қол ұшын беруге асықпайтынын, уәделерін кешеуілдетіп жатқанын айтып, шағымданған сияқты болды. Сақал, шашы ағарып кетіпті. Сәбит екеуі ұзақ әңгімелескен. Сол, бір-ақ рет көрсем де, ұмытқан жоқпын. Айтпақшы, кейін Затаевич қайтыс болғаннан соң Мәскеуге тағы бір барғанымызда Сәбит қояр да қоймай мені «Новодевичье» зиратына алып барғаны есімде. Сонда Затаевичтің қабірін де көрдік. Мрамордан ескерткіш қойыпты. Ескерткішінде домбыра ұстаған қазақтың да бейнесі болған. Иә, есіме түсті...».

Мәриям апайдың есте сақтау қабілеті ғажап, таңқаларлық. Өзі айтады ғой: «Баяғыда Жәкең – Жамбыл атамыз: «Әттең, тізем, әйтпесе, анау тұрған атқа қарғып мінер едім!» дегеніне «Шалдың дәмесінің зорын!» деп көп күлуші едік, енді өзім сондаймын! – деп. Ал жүз жыл бұрынғыны жадында жаңғыртатыны қайран қалдырады.

Ал жаңағы «домбыра ұстаған қазақ» жөнінде Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде»: «Өміре 1934 жылы өлді. Затаевич 1936 жылы. Затаевичтің қабірі – Москвадағы «Новодевичье кладбище» аталатын орында. Қабірдің үстіне

ақ мрамордан ескерткіш жасалып, төбесіне Затаевичтің мүсіні қойылған. Постаментте домбыра ұстап отырған тымақты қазақтың бейнесі. Бұл, – жалпы қазақ емес, дәл Өміре. Сондықтан, бұл Өміреге де ескерткіш!» (118 б.) – дейді. Ескерткіштің авторы – мүсінші Янсон - Манизер екен. Өміренің дауысын тапқан, Өміре туралы кітап жазған өнертанушы Жарқын Шәкәрімнен сұрағанымда, «ол, шынында да, Сәбең айтқандай, Өміреге де қойылған ескерткіш-белгі» деді. Өміренің Алматыдағы қабірінің басы 1990 жылдарға дейін қарайтылмай жатып, кейін ғана қамқорлыққа алыныпты, құлпытас қойылыпты.

«... Затаевич Сәбит Мұқановтың орындауында «Татьянаның хаты» өнін жазып алғаны да белгілі болып отыр... Сәбең Затаевичке әр жылдарда 30-дан астам әндер айтып, шырқаған. Солардың нотаға түскені 17. Екеуінің ерекше сыйластығы соншалықты, бірлесіп «Балқаш» деген өн де шығарған» - дейді Ж.Шәкәрім. Сәбең туралы Затаевич «Ол туған елінің әндерін ерекше сүйеді» деп бекерден бекер айтпаса керек.

Мұражай қорында А.В.Затаевичтің үш кітабы сақталған. Бірақ бұлардың біреуі ғана – 1931 жылғы – авторының көзі тірісінде шыққаны. Онда қолтаңба жоқ. Ал Сәбең естелік-мақаласында: - «Біраз жылғы ісімнің алғашқы жемісі, - деп Александр Викторович маған, 1925 жылы, Москвада, «Қазақ халқының мың өні» деген атпен басылған қалың кітабын сыйлады. Бағасына пұл жетпейтін бұл аса қымбат кітапты мен бұған дейін де көріп ем, оның ішіне Затаевичтің менен жазып алған біраз әндері де кіргеніне мақтанған ем, артынан, бұл кітап туралы баспасөздерде жарияланған, кітапты зор бағалайтын мақалаларды оқып қуанған ем. Енді, міне, сол кітапты, авторы менің өзіме де сыйлады. Қазақ халқына осынша зор және ешуақытта бағасын жоймайтын, өлмейтін еңбек сіңірген ардақты композитордың рақыметін айтып, қолын алғанда, қолынан да, қолтығыма қысқан кітабынан да, денеме қосымша қуат құйылғандай болды» - дейді. («Өсу жолдарымыз», 556 б.). Бір өкініштісі, Сәбеңнің жеке мұрағатында дәл осы кітап сақталмапты. Ал мұражай экспозициясында тұрған фотосуреттегі қолтаңбаны қазақшаласақ, мынадай: «Шын жүректен жақсы көрген

жолдас Сәбит Мұқановқа. Талантты өншіге және ақынға, біздің достық қарым-қатынасымыздың белгісі болсын. А.Затаевичтен Қазақстанның халық артисі Москва қаласы 14 желтоқсан 1932 ж.».

Осы сурет пен қолтаңбаға қарап отырып, тағы да Затаевичтің қазақ халқы үшін, оның өн, күй мұрасының сақталып қалуы үшін сіңірген еңбегін сөзбен айтып жеткізу қиын. Сәбең де бұны ете түсініп, ғұмырының соңына дейін өнеге тұтып өткені байқалады.

2008 ж.



С. Мұқановтың отбасы



Ғабең ат үстінде. Бурабай. 1927 ж.

Сәбең жары
Мәрияммен
Ялтада. 1953 ж.



Ә. Нұршайықов, Ғ. Мүсірепов, Е. Рахмадиев



Б. Момышұлы, М. Бегалин, Қ. Кенжетаев,
Ф. Мүсірепов



Т. Дыбысов Сәбеңе домбыра сыйлап тұр. 1960 ж.



Кенен Өзірбаев пен Сәбит Мұқанов

Жазушының
ермегі – таяқ
жону



С. Мұқанов пен М. Ғабдуллин. 1943 ж.



Жазушының жеке кітапханасы



Сәбеңді еске алу кеші. 2010 ж.



Қарақалпақтар сыйлаған арғымақ үстінде.
1960 ж.

СӘБЕҢНІҢ ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫ

XX ғасырдағы ең қымбат қазына – кітап еді. Жеке кітапханасы бай жазушыларға басқалар қызыға қарайтын. Алматыда тұратын қаламгерлердің арасында Мұхтар Әуезовтің, Әубәкір Нілібаевтың, Қадыр Мырзалиевтің, Сағат Әшімбаевтың, Әбіш Кекілбаевтың жеке кітапханалары жөнінде көргендер тамсана әңгіме өрбітетін. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың жеке кітапханасы жайында да арнайы сөз қозғаудың реті келген сияқты.

Өмірде киім киісі, жүріс-тұрысы ширақ деуге келмейтін, мол пішілген көстөм-шалбарларының қыры сынып, ауыр денесін ақырын қозғайтын Сәбеңнің кітап жинаудағы, қолжазба сақтаудағы ұқыптылығы кімді де болса қайран қалдырады.

Міне, түнгі сағат төрт. Үйдің іші
Шырт ұйқыда. Көшеде жүрген кісі
Естілмейді. Тымық түн. Жаз. Сайрайды
Тереземнің алдында бұлбұл құсы.
«Құлаққа ұрған танадай» осы шақта,
Көбін оқып, біразын алған жатқа
Кітаптарым столда, шкафтарда
Тізіліп тұр әскердей қойған сапқа.
Әр қарулы әскерлер, әр киімді,
Арғы Гомер, Щипачев тұр биылғы.
Философ, экономист, артист, ақын
Бар ғасырдан тіресіп тұр иығы...

Бұл – Мұқановтың 1949 жылы жазылған «Кітапхана» атты өлеңінен үзінді.

С.Мұқановтың музей-үйінің қорындағы тек кітаптар мен

қолжазбалардың саны 4 мыңнан асады. Ал өзі көзі тірісінде Қазақстанның Орталық мұрағатына тапсырған хаттарының басын құрап, түптегенде 141 том болғандығы жөнінде зеттеушілер талай рет жазды.

Жазушының жеке кітапханасы қалай жасақталған, онда рухани құндылықтардан нелер бар дейтін сауал кімді де болса толғандырады хақ. Осы орайда, ең алдымен, Сәбеңнің сүйікті жары Мәрия апайдың пікірін білу жөн сияқты: «Сәбит өмір бойы кітап жазумен қоса, өмір бойы кітап жинаумен өтті ғой, - дейді апай. - Өлі есімде, Мәскеуде, Ленинградта оқыған жылдарында, жазғы демалыс таянғанда, ауылға әлденеше жәшік кітап жіберетін. Ондағылар оны алғанда таңырқайтын көрінеді. «Осынша көп кітапты қайтеді, не істейді?» деп. Сәбитке еріп, көп елдерді, көп қалаларды бірге араладым ғой. Сонда, Сәбит ең бірінші кітап дүкендерін іздейтін. Сәбитпен бірге жүріп, алған кітаптарын мен де бірге арқаладым. Кітапханасындағы әрбір кітап маған да сондай ыстық. Сәбиттің қолының табы қалғандықтан, аялап ұстап, шаң тигізбей сақтадым. Кейін мұражайға өткізгенге дейін бір де бір кітабын шашау шығармадым. Сұраған жұртқа бермедім. Тіпті, балаларыма да оңайлықпен ұстатпадым. Оқуға алса, қайтадан орнына қойғанша қадағалайтынмын. Кітапханасындағы кітап шкафтарын Сәбит арнайы тапсырыспен қызыл ағаштан жасатқан. Картотекаларға лайықталған қорапшаларына дейін өзі қолымен сызып беріп, орналастырған еді. Өз кітаптарын жұртқа жомарттықпен сыйлайтын Сәбит, өзгелердің кітаптарын, әсіресе, қолтаңбасы бар жинақтарды, көне қолжазбаларды, ертегі, қисса, батырлар жыры, т.б. тірнектеп жинағандарын көзінің қарашығындай сақтайтын. Жазу үстелінің жанында шағын этажерка тұр. Жаңа кітабын жазуға отырарда ең алдымен сол этажерканы қажет кітаптарға толтырып алады. Содан соң, жазып отырғанда, көп алаңдамай-ақ, керек кітаптарын қол созым жерден ала қоятын. Сәбит қалтасындағы соңғы тиынына кітап сатып алатын кітапқұмар еді. Әйтпесе, жазушы бола ма?!»

Шынында, Сәбеңнің жеке кітапханасы аса талғампаздықпен жиналған кітаптарымен назар аудартады. Кітаптарды жүйелеп жинағанын байқайсың. Мәселен,

қонақ бөлмесінің тұтас бір қабырғасын алып тұрған кітап сөрелерінде кеңес одағы елдерінде орыс тілінде шыққан кітаптар бір жүйе болса, жұмыс бөлмесіндегі кітаптар қазақ әдебиеті, шетел әдебиеті, өзінің шығармалары болып реттелген. Міне, Брокгауз бен Эфронның Санкт-Петербургтен шыққан 86 томдық энциклопедиялық сөздігі. «Орыстың әмбебап энциклопедиясы» деп те аталады. 1890-1907 жылдар аралығында негізгі 82 және қосымша 4 томын Ф.А.Брокгауз-И.А.Эфронның акционерлік баспа қоғамы шығарған. «Брокгауз» атты неміс баспа фирмасының негізін салушы баспагер Ф.А.Брокгауз (1772-1823) өзінің қызметін 1805 жылы Амстердамда, кейін Альтенбург пен Лейпцигте, Висбаденде жалғастырған. Бұл тек сол замандағы ғана емес, өлі күнге дейін маңызын жоймаған, өте сирек қолға түсетін, аса құнды энциклопедиялық басылым. Әуел бастан-ақ Сөбең осындай әртүрлі энциклопедиялық жинақтар мен сөздіктерге көп көңіл аударған сияқты. «Қазіргі орыс әдеби тілі сөздігінің» 17 томдығы (1950-65), В.И.Дальдің 4 томдық «Түсіндірме сөздігі» (1955), Л.З.Будаговтың 2 томдық «Түрік-татар халықтарының салыстырмалы сөздігі» (1869-71), И.Ф.Масановтың 2 том «Псевдонимдер сөздігі» (1958-60), «Орысша-украинша сөздік» (1948), «Орысша-ұйғырша сөздік» (1955), «Орысша-қырғызша сөздік» (1944), «Шетел сөздерінің сөздігі» (1954), «Өзбекше-орысша сөздік» (1941), «Моңғолша-орысша сөздік» (1957), «Ұйғырша-орысша сөздік» (1959), М.Ботвинник, Коганның «Мифологиялық сөздігі» (1961), А.Тимофеев, Венгеровтың «Әдеби терминдердің қысқаша сөздігі» (1955), С.Арзымбетовтың «Орысша-қазақша ауылшаруашылық сөздігі» (1952) т.б.

С. Мұқановтың орыс әдебиетіне, орыстың классик жазушыларының шығармаларына айрықша ден қойғандығы аңғарылады. А.П.Чеховтың 12 томдық (1954-57), Ф.М.Достоевскийдің 10 томдық (1956-58), Н.В.Гогольдің 7 томдық (1966-67), И.С.Тургеневтің 11 томдық (1954-56), А.Н.Островскийдің 10 томдық (1959-60), Д.Н.Мамин-Сибиряқтың 8 томдық (1953-55), М.Горкийдің 30 томдық (1949-55), В. Маяковскийдің 12 томдық (1955-61), Г.Успенскийдің 9 томдық (1956-57), А.Блоктың 8 томдық (1963), А.Куприннің 9 томдық(1964), И.Гончаровтың 8

томдық (1952-55), С.Н.Сергеев-Ценскийдің 10 томдық, М. Пришвиннің 6 томдық (1956-57), А. Блоктың 8 томдық (1963), М.Шолоховтың 4 томдық (1953), И.Буниннің 5 томдық (1956), сондай-ақ, М.Ломоносовтың, А.Радищевтің, Державиннің, А.Сумароковтың, А.Пушкиннің, М.Лермонтовтың, Л.Толстойдың, А.Феттің, В. Брюсовтың, Н.Тихоновтың, т.б. жекелеген шығармалары бар. Әрине, С.Мұқанов орыс жазушыларымен жиі араласты. Мәскеу мен Алматының арасында талай іссапарлардың, шығармашылық кездесулердің ізі сайрап жатыр. Соның бір айғағындай, кейбір кітаптардағы қолтаңбалар да талай сырды суыртпақтауға жетелері сөзсіз.

Мәселен, С.Мұқанов орыстың атақты жазушысы Алексей Толстоймен 1941 жылы Алматыда танысып, үйіне қонаққа шақырып, кейін де тығыз қарым-қатынаста болады. 1944 жылы ақпанның 17-сі күні «Правда» газетінің тапсырмасымен Балтық бойы майдан шебіне баруға жиналып, Мәскеуде аз күн аялдағанда, А.Толстойдың үйінде американдықтармен бірге болып, тіпті, дастархан басында арнайы асабалық қызмет атқарғанын Сәбең өзінің «Алексей Толстой туралы» атты естелік мақаласында майын тамыза әңгімелейді. «... номеріме қайтарда Толстой маған өз шығармаларының біреуін сыйламақ болып іздесе, авторлық бір-бір данасынан басқалар тарап кеткен екен, тарاماған жалғыз ғана кітап қалған екен, ол «Азаптарға саяхат» («Хождение по мукам»), оны да біреуге бермек болып, алғашқы жақ ақ қағазының бұрышына сиямен жазып қойған екен. Сия резинкамен сүртілгеннен кейін, Алексей Николаевич өз қолынан пышақпен қырды да, беттің таза бұрышына «Қымбатты қазақ досым Сәбитке. Оны ыстық сүйші Алексей Толстойдан!» деп жазып берді. Ол кітап күні бүгінге дейін шкафымның берік жерінде сақтаулы» (С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. 15-том. 339 б.) – деп Сәбең бір қолтаңбаның сырын өзі ашып, жазып кеткен екен. Сондай-ақ, Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» романының Мәскеуден 1953 жылы шыққан бірінші кітабына берген қолтаңбасы: «Дорогому Сабиту Муканову на дружескую память. М.Шолохов. 5.9.54. Алма-Ата.» Осы ретте, Михаил Шолоховтың Қазақстан жазушыларының

III құрылтайына қатысқанда сөйлеген сөзінде : «Сіздер арқылы өз атымнан ұлы қазақ халқына соғыстың қиын жылдарында, өзім армия қатарында жүрген кезде, менің отбасыма көрсеткен қамқорлықтары үшін және соғыстан кейін он жыл бойы жыл сайын бір, немесе бір жарым айлап сіздердің ұлан-байтақ жерлеріңізге келгенімде маған көрсеткен сондай меймандостығы, құрметі, қошаметі үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді» - дегені ойға оралады екен (М.Шолохов. Байтақ елдің әдебиеті. «Қазақ әдебиеті», 11.04.1986).

Галина Серебрякова Мәскеуден 1961 жылы шыққан «Похищение огня» романының екінші кітабына: «Сабиту Муканову в знак дружеской благодарности за образцовое проведение декады Казахской литературы в Туркмении (Подпись). 20.XII.61. Москва», - деп жазыпты.

Сергей Михалков екі томдық шығармалар жинағына: «Дорогому Сабиту Муканову. Пусть никогда, ни за что у Сабита // не возникает на меня обида!

Пусть дружба наша // Никогда не расстроится. // Она как высотное здание

// Строится! Сергей Михалков, 29.XII.54.» – деген тілегін өлеңмен өріп ұсыныпты.

Жазушының жеке кітапханасындағы қазақ жазушыларының кітаптарының дені қолтаңбамен сыйланған. Мәселен, міне, Мұхтар Әуезовтің 1942 жылы жарық көрген тарихи романы «Абай». Мұхаң латын харпімен «Үлкен өнер, үлкен адамшылық иесі қадірлі Сәбитке. 8.VII – 42» деп жазып, қолын қойған. Сәбең романды мұқият оқып шыққаны байқалады. Әр бетте қарындашпен белгілер қалдырған. Кітаптың соңғы бетіне «2-VIII-1942 ж. Оқып шықтым. Сәбит» деген жазу түсірген. Мұхтар Әуезовке шулы даңқ әкелген, қазақтың дана перзенті, дара ақыны Абайдың есімін өлемге мәшһүр жасаған бұл романның тұңғыш басылымы, қаншама ескіріп, қағазы сарғайып кетсе де, көзге оттай ыстық көрінеді.

Тұрсынбек Кәкішевтің «Қызыл сұңқар» атты Сөкен Сейфуллин туралы тарихи-әдеби очеркі (1968 ж.) де кітап сөресінде тұр. Автор тілегін былай жеткізіпті: «Құрметті Сәбе! Сіз жазған алғысөз осы кітапты шығарғысы

келмегендерді талай жерде шоңқитты. Дархан көңіліңізге, ұлы қамқорлығыңызға дән риза Тұрсынбек. 3/ІҮ - 1969». С.Мұқанов бұл кітапқа жазған «Тұлпардың тұрмысы» атты алғысөзінде: «Тұрсынбектің кітабы оқырмандарды қызықтырып отыратын тартымды түрде жазылған. Көп жерлерде көркем очерктің әдісі де қолданылып, әдемі бояулар мен көрікті картиналар жасалған. Көп беттердің тілі де төтті» дейді.

Ал мынау көк мұқабалы кітап – «Жас қанат» (Қазақстан жас ақындарының өлеңдері мен поэмалары) 1959 жылы баспадан шыққан. Кәдімгі көк сиямен: «Алпысқа келген атамызға, еліміздің мақтанышы, біздің сүйікті – Сәбемізге, осы кітаптағы барлық ақын достарымның атынан ұсынам бұл кітапты. Тұманбай Молдағалиев. 22.III - 60 ж.» – деп мөлдіретіп түсірген жазу да көп ойларға жетелейді. 20 баспа табақ кітапқа 17 жас ақынның өлеңдері енген. Ғ.Қайырбеков алғысөз жазған. Редакторы – Т.Молдағалиев. Бұл кітапты оқып, студенттермен кездесуде Мұхтар Әуезовтің «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» деп сөт сапар, ақ жол тілеген әйгілі сөзі де әдебиет тарихында қалды. Мұхтар Мағауин «Қобыз сарыны» монографиясы кітап болып шыққанда: «Қадірменді Сәбит аға! Осы еңбек бойынша диссертация қорғау кезінде көрсеткен ағалық қамқорлық, ақсақалдық мінезіңіздің ескерткіші және өзіңізге деген риясыз көңілімнің белгісі болсын! Автор 23.V.1968.» – деп ұсыныпты. Сәбең «Қобыз сарынына» қалам ұшын тигізбеген. Соған қарағанда, монографиямен кітап болып шықпай тұрып-ақ, қолжазба күйінде танысқан болуы мүмкін.

XX ғасырда орыс тіліне аударылған алыс шетел жазушыларының шығармалары қазақ оқырмандары үшін де ортақ қазына болды. Сондықтан Сәбеңнің жеке кітапханасындағы шетел қаламгерлерінің туындыларына да қызыға үңілеміз. Бәрін санамалап шығудың қажеті жоқ та шығар. Дегенмен, бірқатарына тоқталайық. У.Шекспирдің 8 томы (1957-60), Ф.Шиллердің 7 томы (1955-57), Ч.Диккенстің 30 томы (1957-60), Э.Золяның 18 томы (1957), Дж.Голсуорсидің 16 томы (1962), И.Гегенің 2 томы (1936), Т.Маннның 10 томы (1959-60), Л.Арагонның 10 томы (1957-61), О.Бальзақтың 15 томы (1951-55), В.Гюгоның 15 томы (1953-56), П.Мерименің 7

томы (1963), Г.Флобердің 5 томы (1956), Л.Фейхтвангердің 13 томы (1963-70), Р.Ролланның 14 томы (1954-58), Р.Тагордың 8 томы (1957), Г.Гейнениң 10 томы (1956-59), Дж.Лондонның 8 томы (1955-56), Лопе де Веганың 6 томы (1962-65), Өлішер Науаидің 15 томы (1963-68), Дантениң, Мольердің, Байронның, А.Дюманың, Т.Драйзердің, Сервантестің, Бомаршенің, Низамидің, Мақтымқұлының т.б. жекелеген кітаптары бар. Әрине, көптомдықтарды Кеңес дәуірі кезінде жаздырып алу дәстүрі орныққан болатын. Бірақ, кімді жаздырып алып оқығанына қарап-ақ жазушының талап-талғамының деңгейін таразалауға болар, бәлкім.

Башқұрт жазушысы Сәйфи Құдаш 1961 жылы Қостанайды ұзақ аралап, жолжазба жазады. Кейін ол естелік кітабы Уфадан 1964 жылы жарық көреді. «Сөбиттің жазба әдебиеттен ең алғаш оқыған кітабы татардың халық ақыны Ғабдулла Тоқайдың өзі құрастырған және ол қайтыс болғаннан кейін, 1914 жылы басылып шыққан бір томды таңдамалы шығармалары екен. Бұл кітапты Сөбитке «Ғалия» медресесінің шәкірті башқұрт Сахыпкерейден мұсылманша оқып, хат таныған Баймағамбет Ізтөлин жіберіпті» (С.Құдаш. Жастық шақтың ізімен. Уфа, 1964) – деп С.Мұқановтың «Өмір мектебін» оқығанда алған әсерлерін де осы естеліктің беттеріне түсіріп отырған. Ал осы кітабына Сәйфи Құдаш 1964 жылы 12 желтоқсанда, Уфада, бірінші рет, 1976 жылы 20 қазанда Алматыда екінші рет қолтаңба қалдырыпты. Бұл кітабы 1966 жылы Алматыда «Жазушы» баспасынан қазақ тілінде де шыққан. Аударған Сейітжан Омаров. Оған да қолтаңба қалдырған. Екі достың арасындағы қимас құрмет, бауыр сыйластықтың бұл да бір белгісі болса керек. Ал өзбек жазушысы Ғафур Ғұлам «Мәшһүр» кітабын «Улуғ оғам, суюкли устозым Собит Муқоновге. Хурмет билан узбек иниси» – деп 1962 жылы 16 мамырда, Алматыда, сыйға тартыпты. Осы Ғафурға 1966 жылы 15 маусымда жазған хатында Сәбең былай дейді: «Мен биыл Өзбекстанға баруды күзгі айларға, яғни – сентябрь мен октябрьдің біріне жоспарлап едім. Тегі сөйтемін ғой деймін. Оған дейін босана алмайтын себебім: шалың, жасы алпыс алтыда бола тұра, ауыр жұмысқа кірісіп қалды, ол-Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз» деген есіммен трилогия жазу.

Соның бір кітабын биыл бітіріп, 67-жылдың жоспарымен бастырмақпын.

Жалпы көлемі жүз баспа табақтай болар деп шамалаған бұл шығармаға кірісерде, «күшім жетер ме екен?» деп қорқасоғып едім, жаза келе ол қауіптен арылдым. Жас кездегідей тым сарылмай, саулықты сақтай отыра жазсам, әлі де аздап шабатын күйім бар сияқты. Көлденең кесір кездеспей, осы бетпен бара берсем, 70 жылдық мерекеме дейін, трилогияны түгел аяқтармын деген үміттемін. Қажет көрсең, 67-жылдың басынан, бірінші кітаптан «Шарық жұлдызыңа» үзінді беруге болар. Бірақ бұл – міндетті түрдегі емес, өтініш түріндегі сөздер ғана...».

Бұл да жазушының кітапты дүниеге әкелуге қатысты жан сыры болғандықтан, әдейі мысалға келтірдік. «Аққан жұлдызды» Сәбит Мұқанов кейін тетралогияға айналдыруды жоспарлайды. Екі кітабы көзі тірісінде жарық көріп, үшінші кітабы басталған қалпы, аяқталмай, үстелінің үстінде қалды. Жазушы кітапханасында Шоқан Уәлихановтың Алматыдан шыққан 5 томдығы (1961-68, 1972) да сақтаулы.

Көне кітаптар мен қолжазбалар әрбір жеке кітапхананың мол қазынасы, бай мазмұны іспетті. Бұл ретте Сәбит Мұқановтың сонау ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы талай сирек кітаптарды сақтаудай-ақ сақтағанына тәнті боласыз. Қазан қаласындағы баспаханадан шыққан қисса-дастандардың өзі де бір жүйе: «Қаһарман»(1892), «Қозы Көрпеш» (1890), «Шортанбай байдың балалары» (1890), «Балғум-Бакур»(1915), Ж. Шайхисламовтың «Қасым-Жомарты» (1906), «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Сал-сал», «Мөдеқұл-Мөдрүс» (1903), «Ихсан-Мәрсия» (1903), «Гүл-Шахира» (1901), «Әдепті бала» (1897), «Маймыл һәм қасқыр» (1894), т.б.

Құран кітабы «Көләм-Шариф» 1914 жылы Қазанда шыққан. «Ақмолла ақынның кітабы» (1904. Қазан), Фирдаусидің «Шаһнамасы» (Ташкент, 1908), Байрон (С-Петербург. 1904), «Үлгі». Қазақ аңыздарының жинағы (1914), О.Қарашев «Ақ тұлпар» (1928), Н.Наушабаев «Алаш» (1910), «Манзумат Қазақия» (1903), Ғ.Ғалымжанов «Есіл жұртым» (1911), Б.Майлин «Маржан» (1927), М.Әуезов «Қилы заман» (1928), Ғ. Қабдешов «Жиренше» (1909),

Шөкәрім «Еңлік-Кебек» (1912), Ғ.Тоқай «Ашари» (1914), Х. Досмұхамедов «Қырғыз-қазақ тілінің сингармонизмі» (1924), т.б.

Көне кітаптар араб, латын, кирилл жазуларымен алмасып, әрқайсысы оны танып-оқи алатын оқырманын іздейтіні де түсінікті болар. Ал, С.Мұқанов өзінің қолжазбаларын түгелге жуық араб харпімен (төте жазумен) жазып қалдырған. Майра Жансаева атты машинисткасы ұзақ жылдар бойы Сәбеңнің араб харпіндегі қолжазбаларын кирилл жазуына бірден көшіріп басып отырған.

Түрік жазушысы, 2006 жылғы Нобель сыйлығының иегері Орхан Памук өзінің жеке кітапханасында он екі мыңнан аса мұқабалы қазына бар екендігіне көңіл аударта отыра: «Бірақ мен кітап сатып алуды әлі де жалғастырудамын – лақтырғанымнан жаңадан сатып алғаным көп. Егер еуропалық үлкен кітапханалардың бірінің қасында тұрсам, үйімдегі кітаптар анағұрлым аз болар еді. Менің басты міндетім – жақсы кітаптарға иелік ету емес, сондай кітаптарды жазу болып табылады ғой» («Жас Қазақ», 25.04.2008) – деуінде көп сыр жатыр емес пе?!

2000 жылы С.Мұқановтың 100 жылдығы қарсаңында мұражай экспозициясы жаңартылды. Осы орайда, заманның, қоғамның, уақыттың жаңа талабына сай С. Мұқанов пен Алашорда қайраткерлері арасындағы қарым-қатынасты қамтудың мүмкіндігі туды. С. Мұқановтың жеке мұрағатында сақталып келген Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» өлеңдер жинағы (Қазан, 1914), Жүсіпбек Аймауытовтың «Сылаң қыз» пьесасы (Орынбор, 1922), Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы (Қазан, 1914), Ж. Аймауытовтың «Шернияз» драмасы (Семей, 1926), «Мансапқорлар» драмасы (Мәскеу, 1925), Қошке Кемеңгеровтің «Парашылдар», «Ескі оқу» пьесалары (Қызылорда, 1927), Қаныш Сәтбаев жинап, бастырған «Ер Едіге» дастаны (Мәскеу, 1927), Ахмет Байтұрсыновтың «Әліппе айтысы» (Қызылорда, 1927) мұражай экспозициясынан орын алды. Қиын-қыстау кезеңдерде бұл кітаптарды сақтап қалудың өзі де С.Мұқановқа оңайға түспегені анық. Кеңестік идеологияның жыршысы бола жүріп те С. Мұқанов ұлттық, халықтық мәселелерге үнемі

сергек қараған, қазақтың салт-дәстүрлеріне, тарихы мен этнографиясына айрықша ден қойып отырған және оны өзінің бүкіл шығармаларының алтын арқауына айналдырған жазушы.

2008 ж.

БОТАГӨЗ – ГҮЛФАЙРУС

«Мынау – Қазақстанның халық суретшісі Гүлфайрус Исмаилованың кинорежиссер Ефим Арон түсірген «Ботагөз» фильміндегі Ботагөз рөлінде ойнаған сәтінен көрініс!..».

Музейге келушілердің назарын экспозициядағы бір фотосуретке аудартқан ғылыми қызметкер осылай деп түсіндіруде. Көрермен студенттердің бірі сабырсыздана сұрақ қояды: «Сонда қалай? Ботагөздің рөлінде кәсіби киноактер емес, суретші ойнаған ба?..». «Иә, дәл солай болған!» – деп музейдің ғылыми қызметкері әңгімені одан өрі сабақтап, басқа да жәдігерліктердің мән-жайын байыптауға көшеді. Байқаймын, студенттің көкейінде жауабын таппаған көп сауал қалған секілді...

Қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романы 1938 жылы (кейіннен «Ботагөз» аталған), яғни, бұдан түп-тура 70 жыл бұрын жазылып, жарық көрген еді. Ал «Ботагөз» фильмі киноэкранға 1958 жылы шығады, яғни одан бері де түп-тура жарты ғасыр өте шығыпты-ау!...

Сейітжан Омаров өзінің бір естелігінде 1936 жылдың жазында Сәбит Мұқановпен алғаш жүздескеніне, сонда оның: «Шілде-тамыз дүниенің жігіт шағы. Менің дәл қазіргі өмір-жасым да осы бір уылжыған жайма шуақ кезіне сәйкес келетін дер кезі. Мен Алматыда басталған «Жұмбақ жалау» романын осы екі айда өндіріп жазып тастайын деп, өзімнің Қызылжарыма өдейі келдім» – дегеніне қуәлік берген екен (Кітапта: Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Естеліктер. Құраст.: С. Шаймерденов, Қ. Ергөбеков. – Алматы: Жазушы, 1984. – 392 б.).

«Бесінші-алтыншы сыныптарда жүріп, сабақ үстінде мұғалімге сездірмей, ұрланып «Жұмбақ жалауды» оқитынбыз» – деп еске алады белгілі жазушы, аудармашы

Герольд Бельгер («Қазақ әдебиеті», 09.06.2000 ж.).

Журналист-жазушы Жекен Жұмаханов өзінің «Жорықтағы жолдас» атты естелігінде 1943 жылғы қаһарлы соғыста қарапайым қазақ жауынгері Бимырза Ерназаровтың ерлікпен қаза тапқанын баяндай келе, оның заттары арасынан табылған кітап туралы: «...Солдат шылымынан түскен шоқтан болды ма, жау жақтан жамырап келіп жатқан оқтан болды ма, «Жұмбақ жалаудың» бірнеше бетін қабатынан тесіп өткен күйік бар. Иесі қырғын атыс үстінде әлгінде ғана көз жұмған, өзі әбден тозып, жем-жем болған осынау кітапқа мен дәл бір аса қасиетті, музейлік сирек бұйымға қарағандай, телміре қарап қалыппын» – дейді. Кітабы жорықтағы жауынгермен бірге қан майданды кешіп, оған рухани демеу болғанын сезіну автор үшін де тебіреністі болса керек, әрине.

«Жұмбақ жалау» – «Ботагөз» романы Сәбит Мұқановқа шулы даңқ әкелген шығарма. Қазақ әдебиетіндегі қоғам мен өмір шындықтарын реалистік түрде баяндаған көркем туынды ретінде, қазақ романының жаңа, биік белестен көрінуі ретінде жоғары бағаланған.

«Ботагөз – автордың қиялы емес, шынайы типтік образ: оның бойына сол замандағы қазақ әйелдеріне тән тамаша қасиеттердің бәрі жинақталған. Сонымен, Мұқанов сонау отызыншы жылдары-ақ Ботагөз бейнесі арқылы бүкіл ортаазиялық әдебиет үшін аса маңызды тақырыпты және олардың жаңашыл дәстүрлерін айқындауда принципті роль атқаратын тақырыпты –Шығыс әйелдерінің тағдыры тақырыбын көрсетті. Оқиға ортасынан алынған бұл образ қазақ әдебиетін дәстүр жағынан байыта түсті» – деп жазды Евгения Лизунова (Кітапта: Сәбит Мұқанов тағлымы. Әдеби-сын мақалалар. Құраст.: Н.Мұқанова. Қ. Раев. Алматы: – Жазушы, 1990. –200 б.).

Романдағы Ботагөз образына қатысты ғалым-сыншылардың пікірлері әдеби басылымдарда үнемі бой көрсетіп отырған және негізінен оң бағаланған. Түйінді пікірлердің бірі ретінде, осы романның жазылу тарихын арнайы зерттеген ғалым Серік Мақыпоровтың берген бағасына назар аударта кеткеніміз жөн сияқты: «Ботагөз өз прототиптерінен (негізгісі мен қосымша түп тұлғаларын

қоса алғанда) әлдеқайда биік, әлдеқайда оқшау тұлға, күрделі бейне. Өйткені, оның қимыл-әрекетінің диапазоны өте кең, ол басынан кешкен дәуір оқиғалары да сан алуан, ол – кесек тұлға, өнер жемісі. Шынында Ботагөздің саналы өмірі, күрескер болып қалыптасу тарихынан біз әлдеқандай бір жекелеген адамның емес (негізгі түп тұлғасы бола тұра) бірнеше ондаған алдыңғы қатарлы жаңа қазақ әйелдерінің ұнамды сипаттарын көреміз, солардың саналы тіршілігінің лебін сезінеміз. Жазушы өз кейіпкерінің түп тамырын нақтылы прототип деректеріне мықтап негіздеп алды да, өмірде болуға тиісті күрескер қазақ қызының тұлғасын жасады. Ботагөз бейнесінің ерекшелігі осы болуға тиісті». (С. Мақпаров. «Ботагөз» романының жазылу тарихы. Алматы. 1994 ж. – 90 б.).

«Ботагөз» есімі қазақта бұрын да болған, дегенмен, өмірге келген нәрестеге «Ботагөз» романының әсер-ықпалымен осы атты қою рәсімі күні бүгінге дейін жаңғырығып, жалғасып жеткені де көзіміз көрген ақиқат.

Ал енді кинодағы Ботагөздің ролін ойнауға Гүлфайрус Исмаилова қалай келді? Ол бұдан бұрын киноға түскен бе? Актерлік шеберлікті қалай меңгерген? Әлде, талант көп қырлы болуы керек пе? Осы және тағы да басқа сауалдарға жауап табу үшін Қазақстанның халық суретшісінің өзінен сыр тарттық:

– Мен өзімнің сурет салуға бейімділігімді ерте аңғардым, – деп бастады әңгімесін Гүлфайрус апай. – Училищеде оқып жүргенімде ұстазым Абрам Маркович Черкасский өнерімнің ұшталуына көп көмегін тигізді, үнемі қанаттандырып отыратын. Өзі соғыс жылдарында Ленинградтан Алматыға келіпті, көп жастарды сурет өнеріне баулыды. Бірде ұстазым үстіне ақ китель киген, толықша денелі кісінің портретін салып отырып, мені де өзімен бірге жұмыс істеуге шақырды. Бұл кісі жазушы Сәбит Мұқанов екен. «Сенің де суретші болғың келе ме?» деп сұрады ол. Содан бір әңгіме арасында «Ботагөз» романы бойынша кино түсірткісі келетінін айтты. «Сен Ботагөз рөлінде ойнар ма едің?» – деп сұрады. Дәл не деп жауап қайтарғаным есімде жоқ. 1949 жылы, Алматы көркемөнер училищесін бітірген соң, суретке деген құштарлығым жеңіп, Консерваторияның вокал бөлімінің

2-курсында жүрсем де, алғашқы этюдтерімді арқалап, Мәскеудегі Суриков атындағы көркемөнер институтына оқуға түсуге кеттім. Бірден ойлағанымдай болмады. Бірақ кинодағы алғашқы дебютім – Марк Донскойдың «Аласталған Алитет» кинофильміндегі Тыгрин ролі ойналды. Келесі жылы Ленинградтың Сұңғат, мүсін және сәулет институтына оқуға түсіп, оны бітірген соң Алматыға қайтып оралып, училищеде сабақ бере бастадым. Бұл – 1956-57 жылдар. Өзім 24-25-темін. Шәкірттерім – 30-35-тердегі ағайлар мен апайлар. Мені тыңдағылары келмейді, әр сөзімді қылжаққа бұрады. Сөйтіп жүргенде «Ботагөздің» режиссері мені киноға түсуге шақырды. «Барсам, барайын. Бәлкім, мына өзімнен үлкен оқушыларымнан құтылармын», – деп ойлады. Ботагөз болғысы келетін қыздар көп екен. 16-17-дегі жас қыздар да жүр. Режиссер олардан актерге қажет қимыл-өрекет таба алмай әлек. Менің өң-келбетім мен қимыл-қозғалысымнан кинооператор Ескендір Тынышбаев бір нәрсе байқады ғой деймін, режиссерге «Осы қызды түсірейік. Басқасын іздеп қайтеміз» дегені есімде. Сәбең де келіп, мені көріп: «Ботагөзге осы қыз лайық, түсе берсін!» – деді. Ақкөңіл кісі ғой. «Алдымен Ботагөзді ойнап көр, кейін өзің бір романыма кейіпкер боласың!» деп қалжыңдайды. Өжет кезім. «Одан бұрын сіздің портретіңізді жасаймын!» – дедім. Шынында да мен кейін Сәбеңнің портретін сәтті шығардым. «Ботагөзді» Көкшетауда, Бурабайда түсірдік. Ботагөздің үстіндегі киімдердің үлгісін де өзім жасап, тіктірдім. Мен өзім де Ботагөз сияқты қыздардың бірімін. Тіпті оның тағдырының заңды жалғасымын десем де болады. Өмірбаяным да Ботагөз сияқты болып кетті...»

– Иә, «Ботагөзді» алғаш Алматыдағы «Алатау» кинотеатрында көрсетіпті. Көрермендер жылы қабылдаған. 1958 жылы Мәскеуде Қазақстан мәдениеті мен өнерінің онкүндігі өткенде мәскеуліктер «Ударник» кинотеатрында «Ботагөз» фильмімен қауышқан. 1959 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік кинофестивальде де көрсетіліп, әлемнің 27 еліне тарайды. Францияда өткен КСРО мәдени күндерінде де (1957 ж.) «Ботагөз» фильмі шекара асып барған. «Ботагөз» фильмінде Ыдырыс Ноғайбаев, Қанабек Байсейітовтер де рөлдер сомдаған. Асқар бейнесін Еркен Дауылбаев деген

химия пәнінің мұғалімі ойнап, кейін Мәскеу университетінде қызмет істеп, өмірін сонда аяқтапты.

«Бір жылды ерекше атаған жөн. Бұл – 1958 жыл. Жер-жерлерде, шалғай аудандардың өзінде бөріміз көптен аңсай күткен, сүйікті жазушымыз Сәбит Мұқановтың романы бойынша экранға шыққан «Ботагөз» фильмі жүріп жатыр. Романдағы Ботагөз – «жер шоқтығы» атанған Көкше өңіріндегі сексен көлден су ішіп, ажарлы бетін таудан соққан таң самалына тосып, ерке өскен, инабатты да әжет ауыл қызы... Жас актриса Гүлфайрус Мансұрқызы экранда үлкен шеберлікпен бейнелеген көкше қызы – Ботагөз образы дәл осындай асқақ ой туғызады, жақсы әсер қалдырады» – деп жазған екен өнертанушы Бахтажар Мекішев («Жетісу», 12.01.1990 ж).

Қазақ өнерінің қара нарларының бірі Ыдырыс Ноғайбаевтың естелігіндегі мына бір үзік сырға көңіл аударайықшы: «... Елуінші жылдардың аяғында жазушының романы бойынша «Ботагөз» фильмі түсірілді. Қоюшы-режиссер – атақты Эйзенштейн, Пудовкиндердің қызметтес замандасы, талабы қатты, өзі білімді Ефим Ефимович Арон. Арманым Асқар рөлін ойнау еді, бірақ еншіме Амантай тиді. Әр рөлге үш-төрт актерді қатар салып, қалағанын алатын қатаң талапты режиссер іріктеуінде бұған да риза болмасқа шара жоқ. Фильмге түсерде бұдан он-он бес жыл бұрын оқыған «Жұмбақ жалау» ойға оралды. Балалық әсер қайта бас көтерді. Әйтсе де, көмекке тағы да жазушының өзі келді. Үйіне шақырып алып, Амантай образын тәптіштеп түсіндірді. Сол жолы жазушы үйінен көп материалдармен бірге, Итбай болыстың прототипінің суретін көргенбіз. Сүйікті Сәбең сол жолы өзінің романы бойынша түсірілетін «Ботагөз» фильміне талай уақытын алдырып, көп-көп қамқорлық жасап еді-ау» (Кітапта: Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Естеліктер. Құраст. С. Шаймерденов, Қ. Ергөбеков. – Алматы: Жазушы, 1984. – 392 б.).

Осы арада сөл авторлық шегініс жасайық. Гүлфайрус Исмаилова – туа бітті дарынды суретші-бездіруші. Ол Қазақ Мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театрында бас суретші-қоюшы болып он алты жыл еңбек етеді. «Біржан мен Сара», «Ертарғын», «Жұмбақ

қыз», «Алпамыс», «Иоланта», «Ақан Сері-Ақтоқты», «Аида» операларын безендіруі, 1972 жылы «Қыз Жібек» фильмі түсірілгенде қоюшы әрі безендіруші-суретші ретінде 100-ден астам эскиздер жасауы соның дәлелі. Фабит Мүсірепов: «Бұл өзі дәуірдің де және сол дәуірде өмір сүрген адамдардың да мінез-құлқын дәлме-дәл беретін тамаша эскиздер. Киім үлгілерінде ол тамаша жинақталған шығыстық колоритті бере білумен қоса, нағыз қазақы, терең ұлттық бояуларды да таба білді» – деп жоғары бағалаған. Осы фильмде Гүлфайрус Қыз Жібектің шешесі Айкөздің рөлінде ойнағанын да біреу біліп, біреу білмес. Фильмнің қоюшы-режиссері Сұлтан Қожықовпен шығармашылық үндестікте еңбектенгенін, әсіресе сол тұстағы мәдениет министрі Глияс Омаровтың қолдауы мен қамқорлығын ерекше сезінгенін Гүлфайрус апай айтып жеткізе алмайды.

«Глияс ағаның «Қыз Жібек» – біздің қызымыз ғой!» деген сөзі әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді. Осындай жанашырлық қазақ өнеріне қазір де қажет» – дейді ол.

Г. Исмаилова кескіндеген Шара Жиенқұлованың («Қазақ вальсі», 1958), Шолпан Жандарбекованың («Ақтоқты», 1960), Күләш Байсейітованың («Қыз Жібек», 1962), Дина Нүрпейісованың (1965), Әбілхан Қастеевтің (1966), Мұхтар Әуезовтің (1969), Сәбит Мұқановтың (1969), Бибігүл Төлегенованың (1970) т.б. портреттері жөнінде Люция Марченконың: «Бұл портреттер – зор, кесек туындылар. Олардың кесектігі адамды ірі планда алуымен ғана өлшенбейді, сондай-ақ образдың ішкі мазмұнының да аса байлығында. Адамдар өздерінің ойларымен, толғаныстарымен оңашаланған» (Кітапта: «Гүлфайрус Исмаилова», М., 1975) – деп сараптауынан қыл-қалам иесіне деген үлкен құрмет аңғарылады. Кейіннен А.Черкасскийдің, Р.Баповтың, Г. Шалабаеваның т.б. сондай «оймен оңашаланған» портреттері дүниеге келіпті.

«Шара Жиенқұлова мен Күләш Байсейітова портреттерін Исмаилова қазақ халқының таланты мен сұлулығының символы ретінде орындаған. Бұл суреттердің көпшілігі мемлекеттің игілігі болып табылады. Жалпы, мен әйелдер бейнесі оның шығармашылығының басты тақырыбы деп санаймын. Әйелдерді бейнелеу олардың мінез-құлқының

дәлдігімен таңғалдырады, асқан шебер ойнақылығымен көрінеді. Г. Исмаилова кең ашылған парадтық портрет нысанын жақсы көреді, адам толық бой-бітімімен бейнелегенде оның сипатын толықтыра, аша түсетін өзін қоршаған айнала заттарымен көрінеді. Сол бір немесе өзге сезімдік-әсерлілік белгілер көбіне символдық мәнге ие болатындай» – деп жазды өнер зерттеуші, философия ғылымдарының докторы Гүлмира Шалабаева өзінің 1999 жылы «Атамұра» – Галерея «Ою» баспаларынан шыққан «Гүлфайрус Исмаилова» атты кітабында.

Осы мақаланы жазу барысында бір жолы телефон арқылы сөйлесіп отырғанда: «Гүлфайрус Мансұрқызы!..» – деп ойымдағы бір сауалды қоюға ыңғайланғанымда, апай: – Жалпы, көп адамдар білмейді, менің өз әкем – Таңсық Қонарбаев деген қазақ. Ал Мансұр – менің өгей әкем. Ұлты – дүңған. Әбілхан Қастеевтің досы. Мені әу баста Черкасскийге жіберген Қастеев болатын, – деп қалды. Өз әкесі шешесін «ұл таппадың» деп кінәлағанын, содан соң шешесі дүңғанға күйеуге шығып кеткенін, өзін соның фамилиясына көшіргенін айтты. Өзі де Ленинградтың Сұңғат, мүсін және сәулет институтында М.П. Бобышевтің театр суретшісі және графика класында оқып жүргенде болашақ Қазақстанның халық суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Евгений Матвеевич Сидоркинге тұрмысқа шығады. Әке-шешенің ықпалымен ұлдары Вадим де суретшілік жолға түседі... «Адам тағдырды таңдамайды» деп жатады кейде. Заманның да ықпал-әсері болатын шығар. Қазақ өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірген осы бір отбасы туралы да келелі өңгіме қозғауға болар еді...

Иә, айтпақшы, соғыс жылдарында Мәскеуді қорғаған, Қазақстанда жасақталған дивизияның құрамында өгей әкесі Мансұр Бауыржан Момышұлымен жауынгер жолдас, сырлас дос болыпты. Бірде қызы Гүлфайрустан хат алғанын, хатында суретші болғысы келетінін жазғанын, оған медициналық училищеге бар деп кеңес бергісі келетінін ақылдасса керек. Сонда Баукең: «Мына соғыс біткеннен кейін бізге суретшілер де керек болады. Балаңның талабын қайтарма!» депті. Тіпті, кейін Гүлфайрус Ленинградта оқып жүргенде Баукең досына көмектесіп, Мансұрдың отбасында

бес бала болыпты, оның қызына ақша салып тұрыпты. Осының бәрін жасы сексеннің сеңгіріне тақап қалған халық суретшісі тебірене еске алады...

Өнер тақырыбына өзгеше ықыласты менің бір қаламгер әріптесім Гүлфайрус апайдың шақыруымен жеке шеберханасына кіріп барғанда, маңдай тұсқа қойылған, суретшінің автопортретіне қарап ұзақ тұрып қалса керек. Оның себебін: «Көз алдымда көздері боталап Ботагөз тұр!» – деп түсіндіргені бар. Мына кинокадрден алынған фотосуретке қарап отырып та өмірдегі, өнердегі, романдағы, кинодағы Ботагөздің образы нақ Гүлфайрус бейнесімен астасып, тұтасып, ажырамастай бірлік пен үйлесім тауып кеткен екен-ау деген ойға қаласыз.

2008 ж.

КЕНЕКЕҢ МЕН СӘБЕҢ

НЕМЕСЕ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ ДОСТЫҚ БАЯНЫ

Қолына домбыра ұстап, ауыл-үй арасында жыр-киссаларды жатқа соғып, халық әндерін де қоңырлата орындап кәдімгі Сәбең бозбала шағында «жыршы бала» атанғанын «Өмір мектебі» романынан оқығанбыз. Жазушының мемуарлық романында Арқаның өн мектебі, қазақ әнінің бағын аспандатқан дүлділ әншілер Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, т.б. туралы жарқын беттер бар.

Ал, Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» атты аңыз романы қазақ қауымына жақсы таныс, тіпті, көп тілге аударылған, көп елге таралған шығарма. Кітабының бір данасын 1963 жылы сонау Кубаға, Фидель Кастроға сәлемхатпен қоса жолдап, Сәбең одан қолтаңбасы бар фотосуретін, кітабыңызды алдым деген жауап хатын да алған. Бұл роман соңғы рет Қытайдағы «Шыңжаң» баспасынан 2000 жылы төте жазумен қайта жарық көрді. Осы орайда, Сәбит Мұқановтың Үкілі Ыбырайды алғаш зерттеп, көлемді мақала жазып, ел арасында ұмытылып бара жатқан есімін жаңғыртуға, жұрт жадында сақталған әндерін жинастыруға мұрындық болғанын да айта кеткен

жөн. Қазақ өнін аспанға көтерген Күләштің Мәскеудегі мәртебелі, жұлдызды сөттері туралы да тебірене жазды. Роза Бағлановаға арнаған өлеңі бар. Яғни, өн мен өнші тақырыбы жағушының шығармашылық жолында үнемі жалғасын тауып, сабақтасып, жаңа қырларын ашып отырған. Ол бұл тақырыпқа ойысқанда халықтың қалың ортасында өзі ұшырастырған, жолықтырған, таныған таланттар туралы әңгіме қозғайды. Солардың бірі – Алатаудан өн асырған, күміс көмей, жез таңдай өнші, ақын Кенекең – Кенен Әзірбаев еді.

Сәбит Мұқанов өзінің «Алатау төңірегінде» атты көлемді, көркем очеркінде былай деп жазады: «Алматыдан шыға, Алатауды жиектей батысқа қарай тартатын тас жолмен жүрген машина, Шуға бару үшін, темір жолды Отар станциясынан кесіп өту керек. Отар мені өзіне асықтыра тартады да, өйткені, онда менің ең жақын досымның бірі, атақты халық ақыны Кенен Әзірбаев тұрады. 1884 жылы туған Кенен ағай, қоңыр үлкен көзді, сопақтау ұзын бетті, қоңқақ зор мұрынды, қалың ақ мұртты, дөңгелек ақ сақалды, жауырыны бөлкім қушықтау биік денелі өте көркем және сымбатты адам. Бірақ, оның кескіні ғана сымбатты емес, мінезі де өте сұлу. Жасынан халықты көп аралап, сыпайылық сәндерін бойына түгел сіңірген ол, әр кезде дос-жаранын жарқын жүзбен қарсы алады... Жылы қас-қабақпен қарсы алған адамына, оның ерекше тартатын сыйы – өндері. Көркем қоңыр дауысты ол, есін білгелі ондап емес, жүздеп жинаған халық өндерін айтумен ғана қанағаттанбай, өз жанынан да жетпіс-сексен өн шығарып, халыққа ол өндері сүйкімді түрде тарап кеткен адам. Оның репертуарындағы бұл өндер, бір емес, бірнеше күн тыңдауға жетеді және орындалуы көркем болғандықтан, қанша тыңдасаң да жалықпайсың, бір тыңдаған өнімді қайта тыңдауға құмартасың, өйткені, Кенен әрбір өнді шыққан тарихымен айтады, ол тарихтардың әрқайсысы да бір қызық пьеса» (С.Мұқанов, Саяхаттар. Алматы, 1954-1953 б.).

Мөлшері, бес-алты жас шамасындамын. 1960 жылдардың бас кезі. Ақсуаттан Семейге апаратын күре жолдың бойындағы Сұлутал кеңшарына жақын қыстауға көшіп келдік. Аз үйлі шағын ауыл. Кешкілік астық-жем

сақтайтын қойма-баздың кіреберісінде Семейден келген бір өнші концерт қойды. «Базарым-ай, Назарым-ай...» деп боздатқанда жыламаған жан жоқ шығар. Ғажап дауыс. Ерен өнші. Жас жігіт. Ержеткен соң білдік қой... Өн Кенен Өзірбаевтікі екен. Орындаған өнші – кейін Қазақстанның халық артисі Мәдениет Ешекеев. Кенен десе, менің көз алдыма сол бір сурет келе қалады. Оның әрбір әндері тауларды, көлдерді асып, алыстағы ауылдарға, бүйірдегі бөлімшелерге солай тараған. Радио өз алдына. Өзін көрмесе де шалғайдағы өн сүйер қауым Кенен әндерімен еркін сусындады...

Елуінші жылдардың орта тұсында Отарда тұратын Кенен қатты сырқаттанып, отбасының күйі қашып, жағдайлары төмендеп кетеді. Бұл хабар сол тұста Қазақстан Жазушылар одағын басқарып отырған Сәбит Мұқановтың да құлағына шалынады. Сәбең қашанғы қамқор құшағын Кененге кеңінен жайып, көмек қолын созады. Бұл, тіпті, Кенекеңмен Сәбең арасындағы ерекше сыйластықтың, бауыр көңілдің белгісіндей еді. Бұл бауыр көңілдің түкпірінде қазақ өнерін құрметтеу, қазақ өншісінің тағдырына алаңдау, оған үкіметтің жәрдем жасауына дәнекер болу, шын жанашырлық, шын ықыласты қамқорлық көрініп тұр.

Сол бір сыйлас күндерді Сәбеңнің сүйікті жары Мәриям апай былай деп еске алады: «Жамбыл атамыздан бастап, Кенен, Шашубай, Нұрмолда, Иса, т.б. ақындарды көзіміз көрді, жырларын тамсана тыңдадық. Кенекеңмен жақын араластық. Жарықтық, қыздай сызылған сыпайы адам еді. Өте мәдениетті кісі. Аузы таза болатын. Құлаққа жағымды қоңыр даусымен таң атқанша өн айтудан жалықпайтын. Кенекеңнің сазды, майда әндерін ұнатушы ем. Тойларда қолына домбыра ұстап өншілер шыға қалса, Кенен атамыздың әндерін айтпас па екен деп, дәмеленіп отыратынмын.

Елуінші жылдардың іші. Сәбит – Одақта бастық, «Кенекең ауру, төсек тартып жатып қалыпты» деген хабар алған соң, олар Отарда тұратын, Сәбит мені мәшинеге отырғызып алып, сәлем-сауқатымызды қоржынға салып, жөнелдік. Халдері шынында да нашар екен. Өзі де, әйелі де ауру. Іздеп келгенімізге риза болып, қуанып қалды. «Ата

мекенім – Қордай. Сол жерден қоныс тебуіме көмек ет», – деді Сәбитке. «Алдымен емдету керек. Қордайға үй салу жұмысымен өзім жүгіремін», – деді Сәбит».

Сол жолы Сәбең Кенекеңді әйелімен Алматыға алып келіп, Министрлер Кеңесінің ауруханасына орналастырады. Дәрігерлермен де өзі сөйлесіп, қатты қадағалап, тапсырып кетеді. Біраз уақыт жатып емделіп, сауығып шыққан соң да хал-жағдайларын біліп тұрған. Ем-дом алып болғаннан кейін, Кенекең мен әйелі Насиханы, таудағы санаторийге екі жолдама тауып, өзі апарып орналастырады. Мұражай кешенінің қорында сақталған мына бір хат сол жанашырлықтың жайынан сыр тарқатады: «Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д.А.Қонаев жолдасқа

Біздің замандасымыз Кенен Әзірбаев қазақ халық творчествосының аса көрнекті өкілдерінің бірі екенін Сіз бен біз жақсы білеміз, қазір ол Жамбыл облысы Красногор ауданындағы Отар станциясында тұрады.

Жақында мен оның үйінде болдым және оның өте ауыр тұрмыс-жағдайын өз көзіммен көрдім: біріншіден, ол қартайған әрі ауру, еңбекке жарамсыз, екіншіден, оның отбасында жұмыс істейтін жан жоқ: шешесі – кәрі, әйелі – ауру, балалары – кішкентай (олар төртеу), үшіншіден, 300 сом зейнетақыдан басқа ешқандай табыс көзі жоқ, мал жоқ.

Осылайша, еңбекке жарамсыз бұл үлкен отбасы жартылай аш жағдайда өмір сүруде.

Әзірбаев ақыл-есі ауысқан ауруға ұшырапты деген сөз шыққан. Бұл – бос далбаса. Оның ақыл-есі сау, бірақ қатты ауырады: жүрегі әлсіз, аяқтары ревматизмнен зардап шегеді. Халқымыздың осынау ғажап ақынына әрі композиторына көмек қажет. Менің ұсыныстарым мынадай:

1) Қазмемәдеббаспасынан 1955 жылдың жоспарымен оның таңдамалы әндер мен поэмаларының бір томдығын шығару.

2) К.Әзірбаевтың композитор Ерзакович баспаға дайындаған нотасы мәтінімен басылған әндерінің бір томдығын 1955 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасынан жүйелі түрде шығару.

3) Халық өнерінің аса көрнекті өкілі екендігін ескеріп, айлық зейнетақысын 600 сомға дейін көбейту.

4) Алматы қаласынан тұрақты тұруға баспана бөлу.

5) Мемлекет есебінен шипажайға, емделуге жіберу.

6) Биыл, яғни 1955 жылы, оның туғанына 70 жыл, шығармашылық қызметіне 50 жыл толады. Бұл мерейтойын атап өту және жоғарыда аталған іс-шараларды мерейтоймен орайластыру.

7) Бүкіл Совет Одағына тараған, халық сүйіп қабылдаған ондаған өндердің авторы ретінде оған Халық композиторы атағын беру.

Барлық осы мәселелер бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің арнайы қаулысы қабылдануы қажет.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты С.МҰҚАНОВ.

18 сәуір 1955 жыл. Алматы қаласы».

Кенекенің өтініші бойынша Қордайдан үй салдыруға Сәбең көп көмек көрсеткен. Үй біткен соң, ұлан-асыр той жасалып, ақын атамыз бала-шағасымен жаңа үйге кіріпті.

«Сәбиттің 60 жылдық тойына келген барлық қонақтарды атамыз өз үйіне шақырып, үлкен мереке ұйымдастырды» – деп еске алады Мәриям апай.

Жазушының жары айтқан осы әңгімені Бақытжан Кененұлы да әр қырынан келіп толықтырады: «1956 жылдың күзі болатын. Біздің үйге Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын-жазушылар келді. Бұл Сәбеңнің бірінші келуі емес. Әкем науқас болғалы қасына Мәриям апайды, кейде балаларын ертіп бірнеше рет келіп кеткен. Сәбит аға келген сайын біздің үйде кішігірім той болады. Әшейінде көп бас сұға бермейтін көрші-қолаңдар, ауылдың ақсақалдары, темір жолдың басшылары да келеді. ...Сол жолы әкемнің жаңадан басып шығарылған шағын ғана өлең кітабын ала келіпті. Мұқабасы теңіздің түсіндей көгілдір кітапты Сәбит аға қолына алып, жұрттың бәріне көрсетіп сүйінші сұрады. – Кенекем, ауырған жоқ, аунап түскені ғой. Алда көретін талай қызығы бар. Кенекемнің өн-жырын ел-жұрты шөлікпей күтіп отыр, – деді. Әрі жұбатып, әрі қайрат бере айтқан жазушының сөзіне әкем кәдімгідей босап қалды. Еті қашып, сүйріктей болған салалы саусақтарымен аяулы Сәбитін құшақтап: «Разымын, Сәбит!» дегені әлі есімде.

...Бір жолы үйге екі-үш адам келді. Құрылыс мамандары екен. Құлаштай-құлаштай қағаздарын жайып әлденені

түсіндіріп жатыр. «Бұл болашақта Кенекеңе салынатын үйдің жобасы. Үкімет арнайы ақша бөліпті. Бір жылда салып береміз» дейді әлгілер. Бұдан артық қуаныш бола ма?! Шешем қуанғаннан көзіне жас алып: «... Айналайын, Сәбиттің тірлігі ғой бұл!» дейді...

...1958 жылдың көктемінде біз осы ауылға көшіп бардық (Қордайға. Қазір «Кенен ауылы» деп аталады. Ә.Қ.). Ол кездің өлшемінде алты-жеті бөлмесі бар ақшаңқан үйдің хан сарайындай көрінері Haқ. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Осында көшіп келген соң әкемің де көңілі көтеріліп, басқа бір күйге енгендей болады...» (Б.Кененұлы. Әке рухымен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 197-201 б.б.)

Иә, сөйтіп, Кенекең дүр сілкініп, сырқатынан айығып, домбырасын қайтадан қолына алады: «Үкімет еңбегімді бағалады, // Үй салдырды Қордайдан шағалалы. // Көшіп келіп Отардан кіргеннен соң, // Денсаулықтың нышаны жағалады» дейтіні сол тұс. Сол жылы Кенекеңді алып Сәбеңдер Қызылжарды бір айдан аса уақыт аралайды. Бұл жөнінде «Сарыарқаға саяхат» атты өлеңінде (К.Әзірбаев. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. 1974, – 114 б.) ақын мол мағлұмат береді.

Алпысыншы жылдардың бас кезі болса керек, қалада ұн тапшы, нан жоқ. Әсіресе көпбалалы отбасылары, келімді-кетімді қонақтары бар үй иелері қатты қиналады. Сол бір тұста, әдеттегідей, Сәбең қасына жұбайы Мәриямды алып, Қордайға, Кенекеңнің үйіне барып қалады. Қоңыр күзде егінді жинап алған колхозшылар еңбекақыға алған бидайды диірменге тарттырып, ұн қаптап алып жатқан кез. Бір қап ұнды Кенекең Сәбеңнің мәшинесіне қояр да қоймай, қарсылығына қарамай, салып береді. Алмаса, ренжитінін айтады. Бірақ, жолда тексерушілер көп. Қалаға кіре берісте милиция тоқтатады. Мәшиненің ішін қараса, бітті, бір қап ұн көзге түседі. «Кім берді? Қайдан алдың?» десе, әңгіме көбеймек. Содан, сасқалақтаған Сәбең милицияға өзі жетіп барып: «Айналайын, әйелім екіқабат еді, қатты толғақ қысып, босанайын деп келе жатыр, бізді ұстама, аялдатпа!» деп шыр-пыр болыпты. «Сөйтіп, бір қап ұн үшін Сәбитке өтірік айтқызып, қара терге түсірген едім-ау!» деп күледі Мәриям апай бұл күнде.

1969 жылы Кенен Әзірбаевтың 75 жасқа толуы Қордай өңірінде ұлан-асыр той болып өтеді. Оған республикадан тыс жерлерден де қонақтар шақырылады. Тойды Сәбит Мұқанов басқарып, халық ақынының, әншісінің мерейін көтеруге көп үлес қосады. Осы тойдан алған әсерлерін Бақытжан Кененұлы өзінің жоғарыда аталған кітабында қызықтыра баяндайды: « Менің есімде қалғаны, халқымыздың біртуар ұлы, атақты композитор, академик Ахмет Жұбанов сыйлаған қызыл қоңыр түсті домбыра. Беткі жақтаулары түгелдей мүйізбен көмкерілген, мойыны қынадай қызғылт домбыраның үні де ерекше екен. Әкем өзінің осы мерекеге арнап шығарған «Жетпіс бес» деген әнін тұңғыш рет осы домбырамен орындаған еді. «Сайра тілім, шырқа үнім, сайрамасқа қоймайды ардақты елім!» деп құйқылжыта шырқады..

Көптен күткен мерейтойы аяқталар сәтте бүкіл ауылдың, жиналған ағайын-жұрттың алдында көңілі толқыған ақын Сәбитке қаратып біреу шумақ өлеңін айтты. Иығына шапан жауып, басына құндыз бөрік кигізді.

– «Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі кара тастай» деген. Сенің ақ пейіліңе менің отбасым ғана емес, бүкіл ел-жұртым риза. Бүгінгі той мен өткерген жетпіс бес жыл ғұмырымның ең шуақты сәті, түйіні болды. Басыңа бақ қонсын, балаларыңның қызығын көр, Сәбит! – деді. Қарапайым ғана айтылған осы сөздерден ақынның Сәбитке деген риясыз көңілі, жүрек тебіренісі айқын сезіліп тұрды. Артынша, Қарақалпақтан өзіне сыйға әкелінген ер-тұрманы түгелдей күміспен апталған сүліктей сәйгүлікті жетектеп өкеп Сәбиттің алдына көлденең тартты».

Қос арғымаққа мінген Кенекең мен Сәбеңнің осы тойда түскен бір әдемі фото-суреті сақталған. Бәлкім, дәл жаңағы, Бақытжан Кененұлы суреттеген сәт болуы да мүмкін. Сәбеңнің астындағы арғымақтың күмістелген ер-тұрманы, өмілдірігі, жүгені көзге айқын шалынады. Ағалы-інілі екеуінің көңіл жарастығы, сыйластығы, бауырмалдығы үзеңгі қағыстыра қатар тұра қалған салт атты жолаушылар кейпінде де көзге ыстық көрінеді.

Кенен Әзірбаевтың Сәбеңе үш рет өлең арнауының өзі көп жайтты аңғартады емес пе. Алғаш рет Сәбеңнің 60 жылдық

тойында «Ініме», одан соң «Сәбитке» және 1973 жылы «Қош, Сәбит!» деген өлеңдері бар. «Сәбитке» деген өлеңін тұтас келтіруді жөн көрдік. Кенекең өзінің Сәбеңе деген көл-көсір ықылас-пейілін осы өлеңге сыйдырған тәрізді:

СӘБИТКЕ

Келдің бе, Сәбит, Мария, есен-аман?
Тілектес болып жаттық біз де саған.
Аралап жердің жүзін саяхаттап,
Көрдіндер талай қала, талай адам.
Аман ба, бала-шаға, аймақтарың,
Кілегей сүт бетінде қаймақтарың.
Асылып мойыныңа, ата-аналап,
Қуанып бота көзің – тайлақтарың.
Ұшады аққу, қаздар көлін аңсап,
Желеді тұлпар туған жерін аңсап.
Өз үйің ұшқан ұя, қандай қызық,
Келгенде алыс жолдан арып-шаршап.
Хат-хабар ала алмадық ала жаздай,
Қалайша болды екен деп, сәлем жазбай?
Еріксіз еске түсед еңбектерің,
Еңкейіп отырғанда қабақ жазбай.
Ден саулық – үлкен байлық, болсақ аман.
Халыққа бейбітшілік болсын заман.
Сыйласып өткізелік бұл өмірді,
Атанбай аттанғанда «жаман адам».
Адамға өркім құмар аты шыққан,
Өзіңді көруге өуес жұрт сондықтан.
Тең басып үзеңгіні, ақсақал бол,
Ұқсамай жез бен мысқа таты шыққан.
Сағынып біз де жүрміз келеді деп,
Келіп сәлем шалына береді деп.
Сондағы айтқан өлең өлі есімде,
Қыдырып біздің үйді көреді деп:

Арнайы шақырғаным, кеп кетiңдер!
Сыбаға бұйырғанын жеп кетiңдер.
Көркемжан армияға кетiп қалды,
Бiр ақыл Насиқаға деп кетiңдер.
Насиқа екеумiз де қашықтадық,
Көжедей күбiдегi ашып қалдық.
Көңiлдi құры өрге айдағанмен,
Кездiктей жанымаған жасып қалдық...

Сәбең мен Мәриям апай 60 жылдық мерейтойдан кейiн Владивостоктан шығып, Жапонияны жағалап, Үндiстанды, Түркияны аралап, 47 күн кеме үстiнде «Крузи» сапарымен Одессаға келiп бiр-ақ тоқтаған ғой. Кенекен сол сапардан аман-есен оралған iнiсi мен келiнiне хатпен сәлем жолдап, қонаққа шақырады. Бұл да бiр жарасымды туыстық бейiлдiң, iзет-iлтiпаттың айғағындай.

Алпысыншы жылдардың аяғы болса керек. Екiншi рет «... Сәбит екеумiз қасымызға Кенен атамyzды қосып алып, бiр айдай елдi, Қызылжар өңiрiн араладық. Ел бiрiнен соң бiрi құлақтанып, Кенекендi қолдан қолға тигiзбедi. Солтүстiктiң қазақтары Кенен атамyzдың өнерiне армансыз сусындады. Жас жiгiтше қунап, ерекше шабытпен таңды таңға ұрып, өнер көрсеттi. Әне, ақынға деген шынайы құрмет, елдiң шексiз махаббаты сондай едi» – дейдi Мәриям апай (М. Мұқанова. Сағынышым – Сәбитiм. Естелiк. Алматы: Өлке, 2000 ж.- 104 б.)

Сәбеңнiң шапағатымен Алматыдағы №12 қазақ орта мектебiне қалай түсiп, оқығанын Төрткен Кененқызы бiр сұхбатында былайша баяндапты:

«– Ол кез қиын едi ғой. Әкем менi қалада оқытып, сауатын ашсын деп осында алып келдi. Сөйтсек, «мұнда тек қаланың балалары оқиды» деп менi қабылдамай қойсын. Оларға ашуланған әкем менi Сәбит Мұқановтың үйiне алып барған едi. Сол жолы Сәбеңнiң жоғарыдағыларға «Базарым-ай, Назарым-ай» деп зарлап жүргенде көрген жалғыз баласын қалада оқытпағанда, қайда оқытады?! Ауылындағы мектебi жетi жылдық болса, осында келмегенде қайда барады?!» деп қатты-қатты ұрысқаны әлi есiмде. Өлгiнде бiзбен

сөйлескілері келмегендер сол жолы мені мектеп түгілі интернатқа бір-ақ қабылдаған еді. Осылайша Алматыдағы жалғыз қазақ мектебінің оқушысы атанып шыға келгенім бар.» («Алматы ақшамы», 01.03.2008).

Сәбең 1973 жылы дүниеден озған болатын. «Жасасып келіп еді бұл ғасырмен, // О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең. // Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын, // Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен» деп, Кенекең егіле жыр төгілдірген еді. Кенен атаның 90 жылдық тойы 1974 жылы жоғары деңгейде аталып өтті. Бірақ, бұл тойда Сәбең болмады..

Ақын-әншінің өмір жолын, өнер жолын жан-жақты зерттеген ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков: «...Кенекең болмыс-бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын-таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді, ділмөр тілді, мінезге бай, көпшіл, қонақжай, ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен аққудың қанатындай әдемі, әппақ жібектей сақалымен, бөйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін» – деп толғанады (М. Жолдасбеков. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990 ж. - 262 б.).

Бақытжан Кененұлы өзінің «Әке рухымен сырласу» атты естелік-эссе кітабын мұражайға мынадай қолтаңбамен тапсырды: «Сәбит Мұқановтың мұражайына! Үлкен жүректі адамдардың достығы да ұлағатты болатыны рас. Сәбит аға мен әкем Кененнің шынайы сыйластыққа, құрметке толы достығын бала кезден көріп өстік. Мұндай достық ұрпаққа өнеге. Ағаның жарқын бейнесі, ақкөңіл, жайдары мінезі біздің де жүрегімізде мәңгі сақталып қалды. Әкелер рухы өлмесін! 24.08.2005ж.»

Міне, аяулы да ардақты халық перзенттерінің ғұмыр жолдарынан алынған осы бір достық баяны бүгінгі және келер ұрпақ үшін де ұлағатты, өнегелі, тағылымды болар деп ой тиянақтадық.

2008 ж.

ТАШКЕНТ: ТАМЫЗДЫҢ ЫСТЫҚ КҮНДЕРІ

Екі мың сегізінші жыл. Жиырма екінші тамыз. Алматыдан Ташкентке Боинг самолетімен ұшып шықтым. Бұрын Өзбекстанда болмағанмын. Самолет салонында біреулер ұшыраса ма деп жан-жағымға көз жүгірткенімде, бәрі бөтен. Кешегі кеңестік дәуірдегі көрші елдермен барыс-келіс, алыс-беріс саябырсып қалған кез. Одақтың тарауымен бірге оңашалануды ойлағандардың бірі осы ел..

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байырғы туыстық тамырларын кеңейтуді көздеген, 1998 жылдың 30 қазанында қол қойылған, «Мәңгілік достық туралы шарт» – тәуелсіз мемлекеттердің ең басты ресми құжаттарының бірі болса керек. Экономикалық, сауда-саттық, техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы қарым-қатынастар кейінгі жылдарда біршама дамып, жандана бастағандай... Қазақстандықтар жаңа Астана тұрғызып, елді үлкен құрылыс алаңына айналдырып жатқанда, өзбекстандықтар жұмыс іздеп, шекара асып, басқа елдерді шарлап кеткендерін де көрдік. Ел иығына түскен ауыртпашылықтарды игеру жолында қазақ пен өзбек өздерінше жол іздеген болатын. Әрине, бүлекі бауырлас елдердің президенттері Н.Назарбаев пен И.Каримовтың арасындағы қарым-қатынасқа да көп байланысты. Кейбір саясатшылар «Орта Азияда көшбасшы кім болады?» деген сауалға бас қатырып, сәуегейліктің салқыны да бетке ұрып тұрды.

Өзбекстан дегенде, көз алдымызға, тау-тау ақ мақталар елестейтін бұрын, жүзімдік алқаптары, үілжіген сары өрік, шабдалы, т.б. жеміс-жидектер тұнып тұрған көк базарлар, кетпен-күрегін арқалаған диқандар, еңбекқор шаруалар, сауда-саттықтың қайнаған ортасы болып та жадымызда жатталған. Көне қалалар Бұхара, Хиуа, Самарқанд, Ташкент те ортақ тарихымыздан шет емес.

Биыл, сәуір айында, екі ел президенттері Астанада – Ақордада ресми түрде кездескен болатын. Сауда-экономикалық ынтымақтастық өз алдына, содан өрбитін

көптеген мемлекетаралық байланыстарды нығайтудың жолдары іздестірілуде. Қазақ баспасөзінде былай деп жазды: «Қазақстан – Өзбекстан ынтымақтастығында мәдени-гуманитарлық байланыстардың мәні зор. Өйткені, Қазақстанда өзбек диаспорасы, Өзбекстанда қазақ диаспорасы көп қоныстанған. Өзбекстандық ресми органдардың мәліметтері бойынша, бүгінде Өзбекстан аумағында 1 миллионға жуық қазақ тұрады. Негізінен олар Қарақалпақстанда, Ташкент, Науаи, Жызақ, Сырдария, Бұхара және Хорезм облыстарында қоныстанған. Ислам Каримов баспасөз мәслихатында атап өткендей, бүгінде Өзбекстанда 520 орта мектепте қазақ тілінде сабақ өткізіледі. Оның 234-і тек қазақ тіліндегі мектептер. Сондай-ақ, Өзбекстан аумағында 30-дан астам республикалық, облыстық және аудандық қазақ мәдени орталықтары жұмыс істейді» («Егемен Қазақстан», №117-118, 23.04.2008).

Ташкент десе, тарқатылар ой сорабы көп екендігін ішім сезеді. Сапарымның негізгі мақсаты – Ташкенттегі Ғафур Ғұламның әдеби-мемориалдық музей-үйімен бұрынғы байланыстарды қайта жаңғырту, Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламның арасындағы ғажайып достықтың өнегесін жұртқа жеткізу болса да, Ташкентке қатысты басқа да талай тақырыптар қозғалатынына күмәнім жоқ.

Ташкент әуежайында төлқұжат тексеруінен өту үшін кезекте тұрғанымызда, табанымыздың астынан дүңк еткен соққы сезіліп, тұрған-тұрған орнымызда қалшыып қатып қалыппыз. Кейбіреулердің өңі бозарып, көз шарасы үлкейіп, тілін тістеп қалғандай. Зөре-құтымыз қашты десем, артықтау шығар. Бірақ, іштартып, секемденіп қалғанымыз анық еді. Ташкент бізді осылай қарсы алды..

«Кешекүндізгі 13 сағат 26 минутта Өзбекстананасынан 17 шақырым жерде Рихтер бағаны бойынша 5,5-6 балдық жер сілкінісі де ала тақиялы ағайындарды үркітіп тастады. Алдын-ала алынған мәліметтерге қарағанда, адам өлімі жоқ. Тек ұялы байланыс операторларының жұмысында үзіліс болған. Қазір табиғат апатынан келген шығын мөлшері анықталуда.

Тосын оқиғалардың ұшқыны Шымкентті де шарпыған. Жергілікті сейсмолог мамандар кеше 14 сағат 27

минутта жеңіл тербеліс байқалғанын растады. Мұны олар Ташкенттегі төтенше оқиғаның әсерінен деп отыр» («Айқын», 23.08.2008ж.).

Әуежайда мені Өзбекстандағы Республикалық Қазақ мәдени орталығының орынбасар бастығы Жамалиддин Якубов қарсы алды. Орталықтағы «Пойтахт» («Астана») мейманханасына келіп орналастым. Ташкентте ауа-райы 35 градус ыстық екен.

Жиырма үшінші тамыз. Таңертең ерте тұрып, тыныш көшелерді бойлап, едәуір жаяу жүріп қайттым. Мейманханаға жақын жерде шағын саябақ бар екен. Оның дәл орта тұсында үлкен ескерткіш қарауытады. Жақындап келіп, ат үстіндегі айбынды Әмір Темірдің биік тас тұғырдағы ескерткішін, тамаша өнер туындысын көріп, таңырқадым. «Күш – әділеттілікте!» деген қанатты сөзін тасқа қашап жазыпты, өзбек, орыс, ағылшын тілдерінде.

Ташкенттің көшелері таза, кең, жасыл желекке бөленіп тұр. Алматыдағыдай ығы-жығы мәшине, қаптаған шетелдік көліктер мұнда жоққа тән. «Волгалар» мен «Жигулилер»-ден басқа, Оңтүстік Кореядан автобөлшектерін алып келіп, Өзбекстанда құрастырып шығаратын «Нексия», «Матиз» жеңіл автомобильдері, «Дамас» микроавтобустары көзге көбірек шалынады. Мәскеудегідей Ташкентте де метроға асыққан жұрт. Қаладағы көрнекі орындардың, көздеулі нысандардың бәріне де метро арқылы жылдам жетіп барасың. Бүгін «Әмір Темір өулеттері» музейінде болдым. Хан шатырына ұқсатып, аппақ күмбезі күнге шағылысқан музей ғимараты өте сәнді де салтанатты. Әмір Темір өулеттерінің, оның айналасында ғұмыр кешкен атақты адамдардың портреттерінің галереясы іспетті музей экспозициясы өте мазмұнды. Әрбір картинаның алдында еріксіз ұзақ тұрып қаласың. Қылқаламның құдіретіне тәнті боласың.

Жиырма төртінші тамыз. Бүгін уәде бойынша, келісімін алып, Ғафур Ғұламның қызы – музейдің директоры Алмаз ханымға жолығуға бардық. Қасымда Жамалиддин бар. Ол өзін Ғафурдың ұлы Қандамирдің шәкіртімін, Мұқарам апаның қолынан талай дәм татқанмын, сондықтан бұл үй маған бөтен емес деген болатын.

Алмаз Ғафурқызы бізді жылы шыраймен қарсы алды. Жасы жетпісте екен. Сарабал, сабырлы, салмақты көрінеді. Өзбекстанда 82 мемлекеттік, 200-ден аса жекеменшік, 600-ден аса мектептегі музейлер бар екен. Ғафур Ғұламның өзі тұрған үйді музейге айналдыру жөнінде Өзбекстан Үкіметі 1966 жылы қаулы қабылдаған. Қазіргі кезде ол үй мемориалдық бөлім болып, бұрынғы үйдің жанынан 6 сотық жер алып, екі қабатты қосымша құрылыс жүргізілген. Бірінші қабатта кітапхана, музей қызметкерлері отыратын бөлмелер, шағын зал бар. Ал екінші қабат – тұтас әдеби бөлім. Қаланың дәл ортасында орналасқан музейде 12 мың экспонат жинақталған. Музейде директор, атқарушы директор және бас қор сақтаушыны қоса алғанда 22 адам қызмет істейді. Әдеби бөлімді аралап жүргенде төрдегі өйнектелген витринада тұрған қазақтың ұлттық шапаны көзіме оттай басылды. Бұл досы Ғафурға Сәбит Мұқановтың сыйлаған шапаны екен. Екеуі 35-40 жыл бойы сыйлас дос, сырлас әріптес болып ғұмыр кешкен. Ғафур Қазақстанға талай келіп, талай шапан киген шығар. Бірақ досы сыйлаған шапанды ерекше қастерлеп сақтаған ғой, сірә.

– Бұл үйде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин бастаған қазақ жазушылары да, И.Абашидзе, Мырза Тұрсын Зада, Д.Кугультинов, Қ.Құлиев, П.Бұлбүлоғлы, т.б. есімдері Одаққа танымал қаламгерлер, мәдениет, өнер қайраткерлері де болған. Әкеміздің достары көп еді, – дейді Алмаз Ғафурқызы. – Әсіресе, Сәбит Мұқановты аузынан тастамайтын. Түннің бір уағында Алматыға, Сәбеңе телефон шалып, екеуі ұзақ сөйлесетін. Әкеміздің 60 жылдығына осы үйді бергенде де Сәбит Мұқанов келген болатын. Мәриям апай мен шешеміз Мұқарама да тез тіл табысып кететін...

«Сәбит ағаның көңілі қазақ жеріндегі кең еді, – деп жазыпты өзінің естелігінде өзбек жазушысы Мирмухсин, – Ол Өзбекстанға жиі келіп жүрді. Әсіресе, жан досы Ғафур Ғұламның үйіне келгенде, үлкен той болушы еді. Осындай әдебиет тойларына қатысқаным бар... Қазақ халқына төн меймандостық, жомарттық, ақ жарқындық, кең пейілділік, пәк жандылық, бейнетқорлық Сәбит ағаның өз басынан табылатын қасиеттер еді... Ташкенттегі, бұл күнде «Баһор» деп аталатын үлкен залда Сәбит ағаның тебіреніп

сөйлегені, Ғафур Ғұламды бауырына қысып, шын жүректен құттықтағаны, екі халық ақсақалдарының өлеңдерін оқып, жүрекжарды сезімдерін шынайы да асыл сөздермен айтып бергені бүгінгідей көз алдымызда. Оны бүкіл өзбек халқы ұмытпайды» («Кәдімгі Сәбит Мұқанов». Естеліктер. Алматы. 1984 ж. 219б.).

Өзбекстан Ғылым академиясы Ғафур Ғұламның 12 томдық шығармалар жинағын шығарыпты. Ғафур Ғұлам атында Ташкентте метро, институт, алаң, саябақ бар екен. Әр жыл сайын 10 мамырда «Ғұлам оқулары» өтіп тұрады. Өзбек әдебиетіндегі Ғафур Ғұламның орны жөнінде музей экспозициясында жан-жақты баяндалған.

– Әкеміз 1966 жылы Ғабдолла Тоқайдың 70 жылдығында татарша сөйлеп, әріптестерін таң қалдырған болатын. Ол араб, парсы тілдерін жақсы білді. Шекспирді аударған («Отелло», «Король Лир»). Ол ұзын бойлы, жаны жомарт, мейірімді адам еді. Үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген Мұкарама шешеміз екеуі бақытты ғұмыр кешті. Шешеміз өз қолынан Шараф Рашидовтың самса жегенін мақтанып айтып отыратын. Қонақтар көп келетін. Әкеміздің достары көп еді. Немерелеріне Мұхтар, Сәбит деп ат қоюының сыры сол достықта. Жазушының отбасынан екі академик, үш профессор шыққан. Бұл да болса, әке-шешеміздің өнегелі тәрбиесі, ұрпақтарының болашағын ойлағандығы деп білеміз. Балаларының да әке сенімін, өсиетін ақтағандығы шығар, – дейді Алмаз Ғафурқызы.

Музейаралық байланыстың бір қыры – екі жаққа да қатысты құнды жәдігерліктер алмасу, құнды қолжазбалардың, хаттардың көшірмелерін алу. Кейде бір парақ қағаздың өзі ат мінгізгендей қуантады. Бұл жолы мен біздің Музей кешені қорындағы Өзбек жазушыларына қатысты Сәбеңнің бірнеше хаттарының көшірмелерін ала барғанмын. Ғафур Ғұламға, Миртемірге, Насыр Фазыловқа, башқұрт жазушысы Сәйфи Құдашқа жазған хаттарының көшірмелері бар. Солардың бәрін Алмаз Ғафурқызына тапсырдым да, олардағы Сәбит Мұқановтың бірнеше хаттарының көшірмелерін ала қайттым. Солардың бірі мынау хат: «С.Құдашқа. Құрметті Сәйфи ағай! Хаттарыңызды да, Ғафур Ғұлам туралы жазған мақалаңыз басылған газетті

де алдым. Ең алдымен Ғафур туралы. Бұл хасіретке мен де сізден кем шомған жоқпын. 35-40 жыл бойына дос болудан басқа, өнеукүні Қазанда, Тоқайдың юбилейінде бірге өткізген күндер естен шығар емес. Хоштасарда ол маған, – «Сәбит бауырым, жүрегімнің нашарлығын көріп жүрсің, мүмкін бұдан кейін тірі көрмеспіз, өлсем жаназама келерсің» деген еді. Жаназасына бардым. Бүкіл өзбек халқымен бірге, мен де қатты жыладым. Біраз шаршап та қалдым. Мыржақыптың «Айырылу» атты өлеңінде,

Дарига тірі айрылмай, өлі айрылсам,
Топырақ дұға қылып қолдан салсам,
Жамылып салқын қабыр жатқан достың,
Үстіне көздің жасы мөлт-мөлт тамсаң.

Жүректі сол уақытта қайғы буып,
Келмесін енді қайтып біліп жуық,
Рахат рухына тілеп хақтан,
Хош айтып кетпес пе едім көңіл суып, –

деген еді.

Сол айтқандай Ғафурдың қабырына көз жасымды төктім де, көңілім суып қайттым. Өлмейік, Сәйфи бауырым!

Сіздерден кеткен соң Қостанайда бір жұма болып Алматыға келдім. Қостанайдың егіні ғажап. Сізді іздеді. Мағфура жеңгейге сәлем айтыңыз. Қазақ «татқан да бір, тойған да бір» дейді. Жеңгейдің «құтты-хана мешітінде» қолынан дәм татуымыз жетеді. Ренжімесін. Достарға, әсіресе: Ақнафқа, Гилымдарға, Қадирға көп сәлем. Мәриям да оларға сәлем айтады. Газеттерді алдым. Рахмет. Туысқандық көңілден – (Сәбит Мұқанов).

1-VIII-1966 жыл. Алматы».

Шағын хатқа қаншама дерек сыйып кеткен десеңізші! Міржақыптың екі шумақ өлеңін алаш ардақтыларының есімдері аталмай тұрған кезде, қалай қиюластырып

келтірген!..

Жиырма бесінші тамыз. Бүгін Өзбекстан Ғылым академиясының Ө.Науаи атындағы Әдебиет музейінде болдым. Ташкенттегі бұл музей 1962 жылы ашылған. Кеңестік дәуірдегі ақын, жазушыларға көрсетілген құрметтің бұл да бір соңғы ескерткіші іспетті. Біздің ақсақал жазушылардың аузынан: «Ана, Ташкенттегі Әдебиет музейі бізде неге жоқ?», «Неге Алматыда Әдебиет музейін жеке ашпасқа?!» деген сауал-пікірді талай рет құлағымыз шалған. Алматыда Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-мемориалдық музейлері бар. Ал Ертіс өзенінің жағасындағы облыс орталығында Бұқар жырау атындағы Әдебиет және өнер мұражайы бар. Сол өңірдің ақын-жазушыларының, әнші-өнерпаздарының арғы-бергі тарихын баяндап тұрған ерекше мұражай...

Ал, енді, мына Ташкенттегі Әдебиет музейін көруге, салыстыра қарауға деген ынтызарлық ерте оянса да сәті бүгін түсір отыр. Үш қабатты, еңселі ғимараттың алдындағы алаңда Әлішер Науаидің ескерткіші тұр. Бірінші қабаттағы музей қызметкерлері отыратын бөлмелерден басқасы тұтастай тек Ө.Науаиға арналған екен. Әр жылдардағы кітаптарының басылымдары, көптеген портреттер, кітапқа жасалған көркем безендірулер, қолжазбалар, т.б. экспозициядан орын алған. Қарап, көріп шығып, «сонда, бұл қалай, тек Ө.Науаиға арналған әдебиет музейі ме?» деген ойға қалдым. Музей қызметкерлерінің біріне көкейдегі сауалымды қойдым. Тұрсын деген егде музей қызметкері менің сөзіме езу тарта күлді де: «музейдің екінші, үшінші қабаттарына көтеріліңіз, сонда түсінесіз» – деді. Сөйтсек, музейдің екінші қабатын бүкіл өзбек әдебиетінің классиктері алып тұр. Үшінші қабатында фольклорлық туындылар мен ауыз әдебиетінің құнды жәдігерліктері және кейінгі заман қаламгерлері туралы мол мағлұмат жинақталған. Әу баста музей экспозициясын жасақтағанда көрнекті қаламгерлердің көркем портреттерін жасатып, жанына оның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер өзбек, орыс, ағылшын тілдерінде беріліп отырған. Негізінен, мәтіндер өзбекше. Көрнекті қаламгерлердің кейбір тұтылған заттары: қалам, қарындаш, қойын кінәжкелер, қол сағаттары,

хаттары, қолжазбалары, кітаптары, т.б. қойылған. Өрине, үш қабатты алып жатқан дағарадай Өдебиет музейіне кеңестік дәуірде келушілердің көп болғанына күмән жоқ. Ол кезде қаламмен тәрбиелеуге, қалам құдіретіне бас июге жағдай осылай да жасалған. Дегенмен, музей экспозициясы көнерген, жаңа дәуір рухына сәйкеспей тұр. Ғимарат ескірген. Көптен бері күрделі жөндеуді қажетсінуде екен. Бір кезде музей штатында 25-30 адам жұмыс істесе, қазір олар да қысқартылған. Яғни, бұл Өдебиет музейі бүгінгі заман, уақыт талабына сай қызмет көрсете алмай тұр. Бәлкім, экономикалық өрлеу туса өзбек ағайындар бұл музейге басқаша мәртебе берер деген ойда қалдық.

Менің Алматыдан, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің музей кешенінен келгенімді естіген соң музей қызметкері Тұрсын маған Мұзаффар Ахмадтің «Екі дос дастаны» атты естелік-эссе кітабының бірнеше данасын сыйға берді. 1994 жылы жазылып, Ташкенттен 1997 жылы 2 мың дана таралыммен шығыпты. Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқановтың достығы баяндалады деді.

1990 жылы Ташкент уәлаяты Орта Шыршықауданындағы Сәбит Мұқанов атындағы мектепке жазушының туғанына 90 жыл толуына байланысты үлкен әдеби кеш өтеді. Оған Өзім Сүйін, Төре Мырза, Мұзаффар Ахмад сияқты шайыр інілерімен бірге Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Президенттің Бейбітшілік пен келісім сыйлығының иегері, бір кезде Сәбең «Сары бала» деп еркелететін Насыр Фазылов та қатысады. Қазақстаннан да қонақтар шақырылған. Осы кезде Н.Фазылов Сәбит пен Ғафур арасындағы айнымас достықты тамаша мысалдармен майын тамыза әңгімелеп береді. Ақын інісі Мұзаффар сол әңгіменің негізінде «Екі дос дастанын» жазады. Насыр Фазыловтың атынан баяндалатын бұл толғау достықты ту етіп көтеруімен құнды.

«Үзілмеген алқа аяулы, бұзылмаған достық ардақты. Мұхтар мен Айбек, Сәбит пен Ғафур арасындағы айнымас достық туралы, өкінішке қарай, біз аз айтамыз, тіпті, күні кешегі осынау қасиетті қандастық қарым-қатынастың ауылы көз алдымыздан бұл-бұл ұшып, өлдеқайда алыстап бара жатқандай... Қимайсың... Өзіңді өзің қинайсың... Дерегін

сұрап, себебін іздеуге ұяласың. Өз ар-ожданыңның алдында. Біз келешек ұрпаққа бос қоржын қалпымызбен қалай, не деп бара жатырмыз? Осыны бір сөт ойладық па? Жоқ, ондай мұрша қазір бізде болмай тұр... Өкінішті-ақ!» – деп Насыр аканың атынан тұтас бір буын сөз алып тұр. Одан соң ол: «Несін айтасың, Сәбит аға Өзбекстанды өте-мөте жақсы көруші еді! Бұл жерде оның қадірлі достарынан өзге де таныс-біліс адамдары көп болушы еді. Ағамыз, әсіресе, өзбек қаламдастарына аса қайырымды болатын. Айбек пен Ғафурды айтпағанда, ол кісі Ұйғын, Шайхы дамулла, Зұлфия, Яшин, Міртемір, Нәзірлермен де жақсы араласты» – дейді ағынан жарыла.

Насыр Фазылов Ғафур қайтыс болғанда Сәбиттің қандай күй кешкенін, ести сала Ташкентке ұшып келіп, қазаның ауыр жүгін иығымен көтеріскенін, досын қабірге түсіп өз қолымен қойғанын, ал Сәбит дүниеден озғанда Өзбекстаннан Нәзір Сафаров, Міртемір, Насыр Фазылов – үшеуінің Ғафур қабірі басынан бір уыс топырақ алып, Алматыға асыға жеткендерін, ол топырақты Сәбит қабіріндегі жас топыраққа қосу жөнінде ақсақалдармен ақылдасқандарын, т.б. егжей-тегжейлі баяндай келіп, соңында: «Ертесіне, Ташкенге қайтар алдында қош айтысып, қайырласу үшін Сәбит ағаның отбасына бас сұқтық. Кірер есіктің оңы мен солында тұрған Мәриям анамыз бен Арыстан ініміз көңіл айтып кіріп-шыққандарға бас-көз болып тұр екен. Жұрт аяғы сейіле бере Арыстаннан:

– Кешегі... әлгі қалташадағы топырақты қайттыңдер, қабір ішіне септіңдер ме? – деп сұрадым.

– Жоқ, – деді Арыстан.

– Неге?

Үшеуіміз бір-бірімізге аңтарылып қарап қалыппыз. Аса бір ыждағатты

ырым-ниетпен келгенде... бұлардың мұнысы...

– Не істедіңдер? Әлде ұмыт қалды ма? – бірінші болып мен тілге келдім.

– Қабыр ішіне... шашпадық, ақсақалдармен кеңескен соң...

– Ол қандай кеңес?

– Ғафур көкеміз өкеміздің қияметтік досы болған соң... жан досының топырағын басына жастанып жатсын деп...

қалташаны басына жастық қылып қойдық...

Қайран қалған біздер тұрған орнымызда қаттық та қалдық! Міне, тапқырлық! Міне, даналық! Далалыққа тек даналық жарасады! Бәрекезде, қазағым!..».

Осы бір тебіреністі жайтты Арыстан Сөбитұлының аузынан да естіген едім. Соны Насыр Фазылов тіпті толықтыра жеткізген екен. Досының бір уыс топырағын басына жастанып жатқан досы туралы мұндай хикаяны бұрын-соңды еш жерден естіген, оқыған емеспіз.

Автордың хатимасындағы (сөз соңы) мына бір шумақ өлең де қымбат: «Таспен қоршап қайтеміз шекараны? // «Елдестіркем елшіден екі араны» //. Ұлы достық, ынтымақ барда ғана // Ұжмаққа ұлы көш жете алады!»

PS. Кейін бұл «Достық дастаны» ақын Исраил Сапарбайдың аударуымен «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көргенін айта кеткім келеді.

Жиырма алтыншы тамыз. КСРО-ның және Өзбекстанның халық суретшісі, КСРО Көркемсурет академиясының толық мүшесі Орал Таңсықбаевтың мұражайына бардым. Мұражай директоры Сұлтан Ибрагимов деген кісі екен. Оралдың ағасының қызына үйленген – күйеу баласы. «Оралдың жанында отыз жыл жүрдім» дейді. Әскери адам.

22 тамыз күнгі жер сілкінісінде мұражайдың көрме залындағы бірнеше картиналар, портреттер қабырғадан құлап кетіп, бүлінген. Оларды қалпына келтіру үшін жөндеушілер бөлмедегі жәдігерліктерді түгел басқа бөлмелерге шығарған. Шаң. Оралдың бұрын өзі тұрған үйінің қабырғаларына да сызат түскен. Енді күрделі жөндеуді қажет етеді. Ал жаңадан (1990ж.) салынған екі қабатты көрме залы (1-қабат) және суретшінің өз туындылары қойылған зал аман, (2-қабат) бүлінбеген екен.

– Бұл мұражайға бұрын Қазақстаннан келушілер көп болатын, – дейді Сұлтан Ибрагимов. – Негізінен, жазушылар, суретшілер, өнер адамдары. Олардың бөрі де Оралдың қазақ екендігін, ұзақ ғұмырын Өзбекстанда өткізгенін, 1904 жылы Ташкентте дүниеге келіп, 1974 жылы Қарақалпақстанның Нүкіс қаласында өмірден озғанын, кескіндемелік туындылары Мәскеудегі Мемлекеттік Шығыс халықтары Өнер мұражайында, Өзбекстан Республикалық

Мемлекеттік Өнер мұражайында, Мәскеудегі бұрынғы КСРО Суретшілер одағы қорында, Қазақстандағы Ө.Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер мұражайында және осы өзінің Ташкенттегі мемориалдық мұражай-үйінде сақтаулы екенін қызыға сұрап, біліп, көп мағлұмат алатын.

Өнер зерттеушілері оның алғашқы «Көш» атты туындысы (1931ж.), Өзбекстанның көне қалалары, Қазақстанның Арал теңізі мен Сырдария бойына сапардан туған картиналары, т.б. ел мен жерге деген тұнып тұрған сағынышымен баурайтынын, бояу үйлесімділігімен, композициялық тұтастығымен ерекшеленетінін жазған. Ол 1935 жылы Алматыда өткен Қазақстан суретшілерінің тұңғыш көрмесіне қатысқан. Пейзаждық полотнолары өр алуан мазмұнды. Оның «Ескі Самарқанд», «Қызыл шайхана», «Ангерен-Қоқан. Тау жолы», «Алай алқабы», «Күзгі таң», «Туған өлке», «Сарқырама», «Алматыдағы қыс», «Іле өзенінің аңғарында», «Мақта жинау», «Алатау», «Арал теңізі», «Таудағы күз», т.б. картиналарының атының өзі Өзбекстан мен Қазақстанға қатысты жер-су атауларына бай.

Орал Таңсықбаев туралы: «... Орта Азия мен Қазақстанда онымен тайталасатын табиғат жыршысы кем де кем. Ол – халқының ой-арманынан, аңсарынан туған тұлға. Ол нағыз реалист-романтик еді» – депті халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов. Ал Таңсықбаев әлемін қандастық таным-түйсігімен барлаған өнертанушы-журналист-жазушы Қали Сәрсенбайдың: «Таңсықбаевтың картиналарындағы таулардың аласасы жоқ. Тауларында төкаппарлықтан гөрі толғаныс басым, ал, даласы – әнші. Орал аға кезінде «Өз туған ошағыңнан алыста, өзге өлкеде жүріп өнеріңді өрістету мүмкін емес. Шынайы өнер еш боямасыз өз топырағынан ғана тамыр тартады, топыраққа тартып туады екен» деп жүрек толы сағынышпен жазған екен. сол сағыныштың көп ұшқыны осы картина бойында жатыр. Дүниенің бар шұғылалы бояуымен жазылған «Жеті келіншектің» өн бойындағы лиризм, реализм, мажорлы леп, асқақ сезім, аяулы арман адамзат жүрегін тербей беретін әсем өн, сағыныш сазындай» – деп тебіренуінің («Жүрек жыры және «Жеті келіншек» атты мақаласынан) сыры бөлек.

Орал Таңсықбаев театр декорацияларын да безендірген. Мұхтар Әуезовтің ықпалымен Қазақтың мемлекеттік академиялық Опера және балет театрында В.В. Великановтың «Қалқаман-Мамыр» балетіне (1938) жасаған эскиздерінде ұлттық нақыш пен бояудың мол болғандығын әлгі туған топыраққа тамыр тартудан танысақ керек.

Мұражай-үйіндегі қабырғада тұрған үлкейтілген фотосуреттің жанында еріксіз аялдайсыз. Мұхтар Әуезов әйелі Валентина, Орал Таңсықбаев әйелі Елизавета – төртеуі қатар отырып түскен фото. Отбасымен араласқан. Мұхаң да Оралдың қылқаламындағы құдыретке тәнті болса керек. Талантты талант таныған!

Орал мен Елизаветадан бала жоқ. Оралдың ағасының яки інісінің бір ұлы төп-тәуір суретші болған екен. Мұражайда бір картинасы тұр. Ерте қайтқан.

Алматыда О. Таңсықбаев атындағы Сәндік-қолданбалы өнер колледжі бар. Оның шәкірттері біздің Музей кешеніне жиі келіп, С.Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің музей-үйлеріндегі өнер туындыларын жиі тамашалайтындары осы арада есіме түсті.

Мұражай-үйдің директоры С.Ибрагимовке Алматыдан алып барған бірқанша кітаптарымды тарту еттім. Тілек кітабына қолтаңбамды қалдырдым.

Жиырма жетінші тамыз. Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының бастығы Марат Үкібаев деген азамат арқылы өзінің орынбасары әрі «JONI-ER» жекеменшік медициналық фирманың жетекшісі, медицина ғылымдарының кандидаты Ерәшім Рустамовпен танысқаным бірнеше күн болған. Уағда бойынша, бүгін Самарқанд қаласына барып қайтуға жолға шықтық. Ерәшім өзінің Шымкенттен келген қонағы Тұрғынбай Сәрсенбаев деген азаматты да ертіп алды. Жеңіл көлік «Нексиа» Ташкент пен Самарқанд арасындағы кең даңғылмен құстай ұшты. Рөлде – Ерәшімнің ұлы.

Самарқанд көк майса бөктерлерімен, көз ұшында айнала қоршаған көгілдір тауларымен, ертегі әлеміне енгендей әсерге бөлейтін көне қорған, қамалдарымен, ескерткіштерімен қарсы алды. Римнің құрдасы саналатын Самарқанд ЮНЕСКО-ның тізімінде тұрған қалалардың бірі.

Бұл қаланың көшелерінде Ескендірдің (А.Македонский), әл-Бұхаридің, Шыңғысханның, Захратдин Бабырдың, Ұлықбектің, Қожа Ахрардың, Саманидің, Әмір Темірдің, Жүсіп Жалаңтөс баһадүрдің арғымақтарының ізі қалған. Шығыстың шырайлы өрнектерін сақтаған бұл қаланың гүлденуі, Ислам дінінің шапағатына бөленуі, әрине, Әмір Темірдің есімімен тікелей байланысты. Мұнда Гур-Әмір – Әмір Темірдің мазар кешені. Онда Темірдің сүйікті немересі Мұхамет Сұлтан кенеттен ажал құшқанда ең бірінші болып жерленген екен. 1404 жылы Қытайға жорыққа аттанар алдында даңқты қолбасшы Әмір Темір Отырарда дүниеден озғанда балалары ақылдасып, немересінің қасына қойыпты. Сонымен, бұл Гур-Әмірде Мұхамет сұлтан, Әмір Темірдің өзі, ұстазы Саид Береке, Сейіт Омар, Темірдің ұлдары – Мираншах, Шахрух және Ұлықбек жерленген.

Азан шақыратын мұнараларының биіктігі 50 метрлік Бибі Ханым мешіті Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылыпты. Мешіттер көп және әрқайсысының тарихы көне күндерден сыр суыртпақтатады. Самарқандты 25 жыл билеп тұрған кезінде Жалаңтөс баһадүр салдырған әйгілі Шердор медресесі де көпке мәлім. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов өзінің 1970 жылы қаланың 2500 жылдығына арнаған «Самарқан» атты өлеңінде: «Ортақ боп жеңістерде бар үлеске, // Қалсын деп ұрпақтарға мәңгі есте. // Шер-дорды Самарқанда салып кеткен, // Менің бір қазақ атам Жалаңтөс те!» – деген.

Афрасиаб төбесінде Шах-и-зинда пайғамбардың, Данияр пайғамбардың көк күмбезді мазарлары. Алып шынарлар, алып емендер бар. Мақсум Ағзам кесенесінде егілгеніне 500 жыл болған алып емен ағашы өсіп тұр екен.

Әл-Бұхаридің мазарында, мешіт, медіресесінде болып, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерін жинап, таратуға бар өмірін арнаған ғұламаның рухына да құран бағыштадық. Әл-Бұхари кесенесі Самарқандтың сыртында 10 шақырымдай жерде жеке орналасқан. Кесенеге барар жол да, кірер жол да сәнді, салтанатты. Төбәрік ретінде өртүрлі бұйымдар – төсбих, жайнамаз, тұмар, тақия, т.б. алып жатқан жұрт. Қол кілемдер, қыш құмыралар қисапсыз көп. Ұсталар соққан зергерлік бұйымдар да сан алуан.

Біз бұл күні кешкісін Самарқандтағы бір жас қазақ

отбасының үйлену тойларында болдық. Тәжікше, өзбекше әндер көп айтылды. Бір-екі қазақ әні сұранысқа орай ғана берілді. Түнгі Самарқандты көп араладық. Қонып, әулиелер мен әмбилердің рухына төу еттік.

Ертеңінде көл-көсір әсерге бөленген қалпымызда Самарқандтан қайттық. Жолбасшым Ерәшімге рахмет-алғысымды айтып жеткізе алмаймын.

Ойыма осыдан отыз жыл бұрынғы бір оқиға оралды. Алматыда Сәбит Мұқановтың музей-үйі 1978 жылдың 21 қарашасында ашылған еді. Мен университет қабырғасынан жаңа ғана шыққан бозбала еңбек жолымды осы музей-үйде экскурсовод болып бастаған едім. Музей ашылғанда Қазақстан Жазушылар одағының бір топ жазушыларын екінші хатшы Әбіш Кекілбаев бастап келіп тамашалады. Әлі есімде, Сәбеңнің жұмыс бөлмесіндегі бүкіл қабырғаны алып жатқан кітап сөрелерінде бір фотосурет тұрған. Әбіш аға маған қарап: «Мынау кім?» деді. Мен «Бұл – Ақсақ Темір» дедім. Әбекең сөл езу тартып күлгендей болды. Жұрт аяғы саябыр тартқанда жүгіріп барып әлгі фотосуреттің астындағы жазуға үңілдім. Онда «Самарқанд. Темірлан» деп жазылған екен. Енді ойлап отырсам, әлгі Сәбеңнің «Самарқан» деген өлеңі мен фотосуреттің арасындағы байланыс 1970 жылғы қаланың тойымен сабақтас екен. Сол сапарда алып қайтқан болды. Әмір Темірдің суретші фантазиясымен сомдалған портретінің фотокөшірмесі музейде сол Сәбең өз қолымен қойған жерде әлі тұр...

Жиырма сегізінші тамыз. Өзбекстан Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде қызмет істейтін Мелсат Халимов деген азаматпен танысып, кейбір жағымды жаңалықтардан құлағдар болдым. Біріншіден, қазақ-өзбек арасындағы шығармашылық байланыстардың дәнекері болып жүрген Насыр Фазыловтың ұйытқы болуымен Ташкенттегі орталық «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясынан «Тіршілік әуені» деген атпен бір топ қазақ жазушыларының әңгімелер жинағы жарық көріпті. Кітапқа Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Бердібек Соқпақбаев, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбайұлы, Сайын Мұратбеков, Мұхтар Мағауин, Оралхан Бөкеев,

Бексұлтан Нұржекеев, Дулат Исабеков-сынды қарымды қаламгерлердің таңдаулы шығармалары өзбек тіліне аударылып берілген. Кітаптың жарық көруіне Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігі қолдау көрсетіпті.

Көңілді мақайтатын келесі жаңалық – Астанада Мұстафа Кемал Ататүрік тұлғасы тас тұғырға қонып жатқанда, Өзбекстанның бас қаласы Ташкентте қазақтың бас ақыны Хакім Абайдың биіктігі сегіз метр болатын, қоладан құйылатын ескерткіші Зульфия ханым мен Абай көшелері қиылысында асқақ бой түзеп, бауырластық белгісіндей болып тұрмақ. Байқауға ақынның он бес эскиздік жобасы келіп түскен екен. Соның арасынан Мемлекеттік комиссия айтулы мүсінші Нұрлан Далбайдың, сәулетшілер Қаби Баулықов пен Расул Сатыпалдиевтің жобасын жоғары бағалаған. Іске сәт!

Жиырма тоғызыншы тамыз. Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының орынбасар бастығы Жамалиддин Якубов маған бір құнды кітап сыйлады. Қазақ мәдени орталығы Ташкенттегі «Zargalam» баспасынан 2005 жылы «Ташкенттегі тұңғыш қазақ институты» атты құжаттар мен материалдар жинағын Дүниежүзі қазақтарының үшінші құрылтайы қарсаңында шығарыпты.

XIX ғасырдың екінші жартысында бүкіл қазақтардың тең жартысынан астамы Түркістан генерал-губернаторлығына (1867-1917), ал қазан төңкерісінен кейін Түркістан АССР-іне (1918-1924) қараған. Орта Азиядағы ұлттық-территориялық шекаралық бөліністар аяқталған 1924 жылға дейін солай болды. Ташкент мұрағаттары мен Ә.Науаи атындағы республикалық кітапхананың сирек қорында қазақ тарихына қатысты қаншама құжаттар жатыр десеңізші. Мына кітап соның бір тамшысы іспетті. Мұрағаттар мен қорлардан қаншама құжаттардың мұқият сұрыпталып жиналғаны көрініп тұр.

Тұңғыш Қазақ оқу-ағарту институты (Казинпрос) туралы көптеген тың деректер осы кітапқа жинақталған. Редакциялық алқа құрамында С.Тілеуқұлов (жауапты редактор), Ш.Оразымбетов, А.Голованов, М.Бакировтер бар.

1918 жылы Түркістан Республикасы Оқу-ағарту Халық

комиссары шешімімен Орыс педагогикалық училищесінде Қырғыз (қазақ) педагогикалық бөлімі ашылады. 1919 жылдың 1 шілдесінен бұл бөлім жеке училищеге айналдырылады. 1920 жылдың 1 қазанынан бұл училище Аймақтық Қазақ оқу-ағарту институты болып қайта құрылады. Мұрағаттық дерек бұл институттың оқытушылар құрамын да көрсеткен. Олар – М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев, М.Жұмабаев, К.Жаленов, Х.Болғанбаев, Қоңыр Қожа Қожықов, Ф.Құлтасов, Е.Табынбаев, С.Өтегенов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Д.Сәрсенов, т.б.

1925-1926 оқу жылында Ташкенттегі Қазақ оқу-ағарту институты негізінде Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны ашылады. 1928 жылы бұл жоғары оқу орны Алматыға көшіріледі. Аталмыш институттың бүгінгі мұрагері – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болып табылады.

Кейбір жекелеген құжаттар көзге сонша ыстық көрінеді. Көп ойларға жетелейді. Мәселен, Институттың 1923 жылғы 3-курс студенттеріне түрік-монғол тарихы бойынша өткізілетін курстың М.Тынышбаев жасаған бағдарламасы. Ол он баптан тұрады: Көне түркілер мен монғолдардың тарихы; Шыңғысхан империясы; Тоқтамыс ханға дейінгі Алтын орда; Темір және оның империясы, Алтын орданың құлауы және оның себептері; Темір әулеттері; Түркістанды алу; Шейбанидтер, аштарханидтер, маңғыттар (Бұхара), қоңыраттар (Хиуа), т.б; Қазақ хандықтарының одан кейінгі тағдыры; 1723 жылғы соғыс және оның салдары; қазақтар мен қырғыздарды орыстардың жаулауы; түрік-монғол халықтарының шежіресі. Ал енді осы тарих кеңес дәуірінде мүлде оқытылмады ғой. Тиіп-қашып жалған ақпараттар ғана берілді. Шыңғыс ханның да, Әмір Темірдің де тарихтағы рөлі теріс түсіндірілді. Соны ойласақ, М.Тынышбаев жасаған тарихты оқыту бағдарламасымен жылап көріскендей боласың. Қазіргі тарихшыларымыздың, тарих оқулығын жазатындардың да құлығына алтын сырға.

Міне, Қазақ Педагогикалық институты жанындағы жеті жылдық мектептің Педкеңес мәжілісінде қабылданған оқу жоспары : 1-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті аптасына – 12 сағат, математика – 9 сағат, өн-күй – 1 сағат, денешынықтыру

– 2 сағат. Орыс тілі оқытылмайды. Орыс тілі мен әдебиеті тек 2-сыныптан бастап аптасына 6 сағат оқытылған. Ал қазір біз ана тілінде сауат ашқызуды бірінші кезекке қоюдың орнына, бүлдіршіндердің миын балабақшадан бастап қойыртпақ тілмен улап жатырмыз. Ойландыра ма? Ойландырады!

Ал, Ташкентте 1926 жылғы 29 қазанда педагогикалық жоғары оқу орнының салтанатты ашылуында Қазақстан Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасовтың жасаған баяндамасын оқысаңыз (107 б.), қаныңызда ұлттық рух оянады. Біздің қазіргі білім және ғылым министрлеріміз неге осындай жоғары мемлекеттік мүдде, ұлттық мүдде тұрғысынан ойлап, мәселе көтермейді екен дейсің іштей қынжылып. Билік тізгінін ұстағандардың ылғи біздің үлесімізді басқаға берумен айналысатыны неліктен?!

Қазақтың жоғары педагогикалық институтының бір жылдық жұмыс қорытындысында кімдер сөз алған дейсіз ғой. Қараңыз: Т.Жүргенов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, В.Қун, Х.Досмұхамедов, Ә.Диваев, А.Панков. Қайран, марқасқалар! Бұларды толғандырған мәселелерді санамалаудың өзі санаға салмақ салады: Қазақстандағы Жоғары оқу орындарының болашағы, мөні мен маңызы, қазақ тілінің жайы, қазақтың халық (ауыз) әдебиеті, көне жазулар, Жалаңтөс баһадүрдің шығу тегі, қазақты тануға қатысты материалдар, этнографиялық мұралар, Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы және антропологиясы бойынша библиографиялық материалдар, т.б.

Жас ұрпақты тарихпен тәрбиелеуіміз керек! Бұл сөз аз айтылмайды. Ал сол сөзді бекітетін осы кітап секілді нақты жүзеге асқан шаруалар. Игілікті іс екен.

Ташкенттегі тамыздың ыстық күндері маған да мол рухани өсер, рухани нәр сыйлағанына тәнтімін.

2008 ж.

МИХАИЛ ШОЛОХОВ ПЕН СӘБИТ МҰҚАНОВ

Бірде Мұражай кешеніне, менің атыма, мынадай мазмұнда хат келді: «Соғыс жылдарында М.А.Шолоховтың отбасы эвакуацияда болғанда тұрақтаған, өзі де майданнан әлденеше рет келген Дария ауылында 1979 жылы жазушының әлемдегі алғашқы музейі ашылған болатын. 2007 жылдан бері «М.А.Шолохов атындағы мемориалдық мұражай» деп аталады. Мұражай экспозициясы мемориалдық бөлімге – өзінің отбасы тұрған үй және әдеби бөлімге – шығармашылық өмірбаянының Қазақстанға, Орал бойына қатысты деректерін қамтитын кезеңдеріне бөлінген.

Михаил Шолохов пен қазақ жазушылары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов арасында қандай мықты достық байланыстары болғаны көпшілікке мәлім. Бір өкініштісі, біздің мұражайда бұған қатысты мәліметтер тым аз. Біз Сіздің мұражай кешенімен осы бағытта қарым-қатынаста болсақ деп едік. Мұражай кешенінде жазушылардың өзара байланыстарын айғақтайтын нендей материалдар (фотосуреттер, хаттар, т.б.) бар? Біз М.А.Шолоховтың қазақстандық достары, жекелеген жазушылар туралы көбірек баяндап, осы тақырыпты кеңірек ашсақ дейміз. 2010 жылы – жазушының 105 жылдық мерейтойы қарсаңында біз мұражай экспозициясын ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің ұрпақтарымен де байланыс орнатсақ дейміз. Ынтымақтастық байланыстар үшін алдын ала алғыс білдіремін. О.А.Чеканова, М.А.Шолохов мұражайының директоры. Ленин көшесі, 25, Дария ауылы, Зеленов ауданы, Батыс Қазақстан облысы. 11.11.2008 ж».

Бұл хат менің санамда, ең алдымен, сонау кеңес дәуіріндегі гүлденген музейаралық байланыстарды жаңғыртты. Ол кезде хат алысулар, жәдігерліктер алмасулар, тәжірибе бөлісулер, барыс-келіс біршама жолға қойылған болатын. Енді міне, бір Қазақстанда тұрып, музейаралық қарым-қатынастар үзіліп қалған. Мына хаттың сол дәстүрлі байланыстарды жаңартуға септігі тиейін деп тұр. Ол

үшін мұражай директоры Ольга Андреевнаға алдын-ала ризашылығымды білдіргім келеді. Дегенмен, «әлі күнге «Ленин көшесін» өзгертпегендері несі?» деген бір ой еріксіз қылаң етті.

Сәбит Мұқанов пен Михаил Шолоховтың арасындағы достық қарым-қатынасты баяндайтын деректер туралы ойланғанда, ең алдымен, көз алдыма екі жазушының қатар отырып түскен фотосуреті келе қалды. Мұражай кешенінің мұрағатын ақтарғанда бір емес, үш фотосурет қолға ілікті. Бірінде – С. Мұқанов пен М. Шолохов иық түйістіріп жеке түскен. Екіншісінде – Сәбең ортада, оң жағында Иван Шухов, сол жағында М.А. Шолохов. Фото суреттің сыртында – «Пресновка. 24.09.1954» деген жазу бар. Яғни, Солтүстік Қазақстан облысында, Иван Шуховтың туған жері – Преснов ауылында жаздың күзге ұласқан шағында түскен фотосурет. Кім түсіргені белгісіз. Сірә, облыстық газеттің фотокорреспонденті түсіруі де мүмкін. Екі фотосуреттің бір мезгілде, бір жерде түсірілгенін жазушылардың киген киімдері-ақ айғақтап тұр.

Ал үшінші фотосуреттің тарихы туралы 1965-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Орал облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы болған Николай Корсуновтың баяндауы біраз мағлұмат береді: «Отыз жыл бойына М.А. Шолохов Доннан Орал облысына келіп, өзінің жаңа шығармаларының жаңа парақтарын жазатын, өзен жағасында отырып балық аулайтын, кейде аңға да шығатын. Оралдықтармен жазушының достығы 1942 жылдан басталады, оның отбасы эвакуациямен біздің ауылдарымыздың біріне келіп тоқтаған еді. 1965 жылдың күзінде оған Нобель сыйлығы берілгендігі туралы хабарды да ол осында естіді. Михаил Александрович мені жұбайыммен бірге Мәскеуде Нобель сыйлығын атап өту салтанатына арналған қабылдауға қатысуға шақырды.

Жағдайға байланысты, қабылдауға мен жалғыз өзім бардым. М. Шолохов Мәскеу маңында демалып жатқан Орал облыстық партия комитетінің хатшысы Б. Жұмағалиевті де шақырған екен. Қабылдауға келгенде, қонақтардың арасынан мен тағы бір жерлесімді – Сәбит Мұқановты да жолықтырдым. Ол кешігіңкіреп келсе керек, еңтігіңкіреп,

ауыр адымдап келіп біздің топқа жақындады. Өдеттегідей оның басында қара тақиясы бар екен. Ол Михаил Александровичті жоғары халықаралық сыйлықты алуымен шын жүректен құттықтады. Михаил Александрович анайда тұрған ТАСС-тың фототілшісі В. Савостьяновты өзіне ымдап шақырып алды да, бізге:

– Ал, ескерткіш болсын, суретке түсейік.., – деді. Бұлай суретке түсуіміздің себебін ол өзінің екінші Отанындай болып кеткен Қазақстан жерінде жүргенде Нобель сыйлығы берілгендігі жөніндегі жақсы хабардың жетуімен байланыстырды. Бес адам қатар тұра қалдық. В. Савостьянов фотоаппаратын бірнеше рет жарқ-жұрқ еткізді. Сәбит аға одан фотосуретті қалай, қашан алатынын сұрады ғой деймін. Фототілші мені нұсқап: «Мына кісіге берем...» деді.

Ол сөзінде тұрып, бірнеше дана фотосуретті маған беріп жіберіпті. 1966 жылдың көктемінде жазушылардың кезекті құрылтайында мен Сәбит Мұқановқа жолығып, фотосуреттің екі данасын бердім. Ол оған қатты риза болып қалды». («Музы Приишимья», Спец. выпуск. Сев. Каз. обл. Июнь-июль, 1990г.).

Н. Корсуновтың бұл айтқандарын фотосуреттегі бесеудің бірі Бисен Жұмағалиев былай деп толықтырады:

«Қазақ жерінде жүріп Нобель сыйлығы берілгенін естіп, қуандық. Соның куәсі ретінде сендермен суретке түсуді ойлап тұрмын. Бұған қалай қарайсың, Сәбит, – деді Михаил Александрович.

– Құп болады, Миша! Дұрыс айтасың..

Бір кезде Климент Ефремович Ворошилов көрінді. Аяғын жайлап болса да анық басады, өлі ширақ. Достық лебізбен, қызу құттықтап, жазушының арқасынан қақты. Михаил Александрович бізді оған да таныстырды.

– Ө, сізді білемін ғой, – деді Ворошилов Сәбеңе қарап. – Мұхтар Әуезовті де білемін. Қазақтардың екі онкүндігін көргенмін. Алматыда да болғанмын.

Жақындап келіп, Савостьянов суретке түсіруге рұқсат сұрады.

– Климент Ефремович, сіз боп бөріміз қазақ достармен суретке түссек деймін. Бұған қалай қаарйсыз?

– Иә, түсейік, лье жақсы болады, – деді маршал.

Біз бесеуіміз тұра қалдық. Соның алдында Михаил Александрович бір күлдіргі әңгіме айтқан. Содан суретте бөріміз жымыып қалыппыз.

Қонақтарды банкет залына шақырды. Нобель сыйлығының лауреаты Михаил Александрович Шолоховтың құрметіне СССР Жазушылар одағы атынан өзірленген қонақасы басталып кетті.

Тост көтергендердің барашсы бұрылып келіп Сәбеңмен рюмкаларын соғыстырып кетеді, қасында тұрған Николай екеуіміз де елеусіз қалмаймыз. Бір кезде: «Е, құдалар, бармысыңдар», – деп Сергей Михалков келді.

– Сәбит, – деді ол кісі, – менің немерем Егор саған тартқан.

– Е, бөсе, жиені нағашысына тартпағанда кімге тартсын. Бауы берік болғай.

– Нағыз қазақ, етті бөрімізден көп жейді, – деп күлді Михалков.

Қабылдау аяқталды. Қонақтар тарай бастады.

– Сәбит, жазда Ақжайыққа кел. Шалқар жағасында даланың тамаша ауасын жұтып, аспандатқан аққу өнін бірге тыңдайық. Біраз сайрандайық, – деді Шолохов.

Сәбит екеуіміз бірге кеттік. Ол кісі «Москва» қонақ үйінде екен. Жол бойы әңгімеміз Михаил Александрович, әдебиет пен өнер жайлы болды.

– Ә, дұрыс айтасың, Миша ғажап жан. Қазақ халқына деген ықылас-пейілі бөлек. Кездесе қалсақ ылғи Батыс Қазақстанда Шалқар дейтін атақты көл барын, оның қаңқылдаған қаздары молдығын, аққу өні құлағыңнан кетпейтінін, жазушыға ең пайдалы демалыс – аңшылық екенін уағыздаудан бір жалықпайды. Бірің келмейсің деп өкпелеп те алады. Өлгі біздің Иван Шухов жыл сайын барамын деп уәде береді екен де, бармай қалатын көрінеді. «Әй, сірә, Ғабит те, Иван да мылтық ұстай білмейтін шығар-ау», – деп Миша ептеп бізді де қайрап қояды, – деді Сәбең.

1965 жылы мамырда М. А. Шолохов алпыс жасқа толады. Сол қарсаңда Дондағы Ростовта шығатын «Дон» журналы С. Мұқановқа пікір білдіруді сұрап хат жазады. Хат оятқан ойлар хат түрінде қағазға түседі де көп кешікпей «Жұлдыз» журналында (№5, 1965.) «Қандас досыма хат» деген тақырыппен, «Простор» журналында (№5, 1965.)

«Единокровному брату» деген тақырыппен жарық көреді.

«Сүйікті Михаил!» деп бастаған хатында Сәбең онымен 1934 жылдың жазында, Мәскеуде, «Советская литература» баспасының кассасы алдында қалай танысқанын тәптіштеп жазады. Кассаның алдында қаламақы алуға кезекте тұрғандар М. А. Шолоховқа «Сіз алдан алыңыз!» деп ізет білдіргенде, ол: «Ненің ақысы? Көп орыстың ішінде, анау жалғыз қазақ тұр, ақшаны әуелі сол алсын!» деп құрмет көрсетеді.

Кейін екінші рет жолығысқанда, Сәбең Михаил Александровичтен «Сен мені білетін бе едің?» деп сұрағанда, ол: «– 1933 жылдың бірінші майы күні «Известия» газетінде сенің «Майға сәлем» деген өлеңі жарияланды. Мына жарық әлемде Сәбит Мұқанов деген ақын барын алғаш содан бері білем» – деп жауап береді. Мұны Сәбең ойдан шығарып отырған жоқ. Біріншіден, М. Шолоховтың бұл кезде көзі тірі, жалған айтуға реті жоқ. Екіншіден, «Правда», «Известия» сияқты Одақтық газеттердің бірінші бетіне кез-келген ақынның өлеңі жарияланбайды. Сондықтан, оның өзі көңіл аударарлық уақиға ретінде есте сақталуы бек мүмкін. Қалай болғанда да, осынау кішкентай мысалдардың өзі екі жазушының арасындағы бір-біріне деген құрмет пен ілтипат бастауларын әдемі аңғартып тұр емес пе?!

Хатында С. Мұқанов «қандас досым» деген сөзін тармақтап, тарқатып қызық түсіндіреді. «...қазақтар мен казак-орыстардың тарихы да, тағдыры да өте ұқсас. Тарихшылар «казак» (казачество) деген түрік сөзі, «еркін өскен» деген сөз деседі. Рас. Сонда, бұл «казак» (казачество) түріктің өзге тұқымынан алынған сөз емес, «қазақ» халқының атынан алынған сөз. Бұл екі сөздің тарихы да, мағынасы да біреу ғана» деп бір-ақ қайырады Сәбең. Арғы-бергі тарихқа көктей шолу жасап, қадау-қадау деректерді алға тарта отырып Сәбең бауырластық тамырларын әріден табуға тырысады. Өзінің «Игорь полкы туралы сөзді» аударып шыққанын (1941 жылы), казак-орыстар пен половецтердің қарым-қатынасындағы сөйкестіктерді, Шоқан мен Достоевскийдің, Шоқан мен Потаниннің достықтарын, Алтын Орданың ханы Беркениң бір әйелі Киев князі Владимирдің қызы болғанын, қазақтар Пугачев көтерілісіне де қатысқанын, т.б. тілге тиек

етеді.

«В.Я.Шишков «Емельян Пугачев» аталатын трилогиясында – «1760 жылы орыс армиясы Берлинді шабуылмен алғанда, қамалды бұзып, қақпасын алғаш ашып кіргендер казак-орыстар мен қазақтардың салтатты әскері болды» дейді. Бұл мәліметті ол, француз саяхатшысы және тарихшы Абель Ремюзенің материалдарынан алған. Ендеше, қазақ пен казак-орыстардың жауынгерлік достығының да талай ғасырлық шежіресі бар. Осы достықтың айқын бір куәсі, – жоғарыда аталған Шоқан Уәлихановпен, оның мектептес досы, сібірлік казак-орыс, атақты ғалым, демократ Г.Н.Потаниннің өмір бойы бірге туған адамдай болып өтуі. Тарихта талай дос адамдарды кездестіре жүре, мен Уәлиханов пен Потаниннен артық дос болған адамды білген емен...» – дейді Сәбит Мұқанов («Жұлдыз», №5, 1965).

Әрине, Сәбит қазақтар мен казактардың арасындағы өте күрделі қарым-қатынастың бір ғана қырына – достық байланыстарға ғана тоқталып отыр. Соғыстан кейінгі жылдарда Батыс Қазақстан облысындағы «Шалқар» көліне жыл сайын келіп, аңшылық құрып жүргенде М. Шолоховтың қарапайым қазақ Мұхтар Мейірмановпен достасып кеткенін де Сәбит ұтымды аңғартады.

«Қазақтар сенің шығармаларыңды орыс тілінде ғана емес (ол тілде оқитын қазақтар да аз емес), өзінің туған тілінде де оқиды. «Көтерілген тыңның» бірінші кітабы қазақ тілінде 1936 жылы басылып шықты. Ең шебер аудармашылардан саналатын Хасен Өзденбаев пен Қадыр Тайшықов шын ықыластарымен аударғандықтан, бұл шығармаңды қатардағы қазақ оқушылары төл шығармалардан кем түсінген жоқ, олардан кем сүйіп оқыған жоқ. Содан бері сенің негізгі шығармаларыңның бәрі қазақ тіліне кезінде аударылып, көп тиражбен басылып келеді. Қазір қазақ тілінде «Көтерілген тыңның» екі кітабы да, «Тынық Донның» төрт кітабы да, «Олар Отан үшін соғысты» мен «Адам тағдыры» да бар және бір рет емес, талай рет қайталанып басылды. Бәрін қосқанда, жалпы тиражы 150 мыңнан асты. Осы шығармаларың үшін, олар сені шексіз сүйеді, бәрі де сені өз тамырына, өз досына санайды» – деп С. Мұқанов хатында салмақты ой түйген. Бальзактың

барлық шығармаларын топтап «Адамзат комедиясы» деп атағаны сияқты, Шолоховтың шығармаларына ортақ атау – «Адамның тағдыры» дегенді Сәбең екпін түсіре айтқан.

Шолохов шығармаларының басты кейіпкерлері Мелехов, Нагульнов, т.б. туралы ойларын ашық білдірген С. Мұқанов осы хатында мынадай бір қызық тұжырым жасайды: «Мен 1919 жылдың күзінен бастап, біздің Отанда «тап күресі» аталған тартыстың қалың ортасында болған адамның біреуімін, сондықтан, өзімді «тап жауы» дегендерге мейірімсіз болған, оларды жою таптық қана емес, гуманистік міндетім деп түсінген адамның біріне санаймын. Сондай адам бола тұра, мен Григорий Мелеховтың тағдырына жаным аши, оған есіркей қараған адамның біреуімін. Мені мұндай халге жеткізген – сенің шындықты, әсіресе адам тағдырын ғажап қызғылықты бояумен көрсете білуің. Ол үшін саған мың сан рақмет!..»

Сәбеңнің хаты Шолохов шығармашылығына жоғары баға берген, әдеби талдауларға құрылған, сыни-зерттеу үлгісіндегі туынды болуымен де қымбат. Оның «Рас, адам қоғамындағы барлық ұлттың да тарихына көз жүгіртсең, халқының есінде ең көп, ең ұзақ сақталатыны, ең зор махаббатпен сақталатыны – жазушылар. Себебі, шын мағынасындағы халықтық жазушылар, халықтың ары да, жаны да, тірі тарихы да. Сен осындай жазушылардың бірісің...» – деп Шолоховқа қарата айтқан сөзін өзіне – Мұқановқа да қатысы бар ой-тұжырым деп қабылдаймыз.

Хаттағы мына түйін сөзді де тебіренбей оқу мүмкін емес: «Алматыда бірге болып, сыр түйіскен күндерде, сенде міндеттілік сезімнің де күшті екеніне көзім жетті. Оған съезде (Қазақстан Жазушыларының III-съезі, 1954 ж. қыркүйек. Ә.Қ.) айтқан сөзің куә. – Достық белгісі, – дедің сен ол сөзінде, – қиын күндерде байқалады. Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде, жаудан қашқан менің семьям, қазақ даласына кеп пана тапты, қазақ халқынан аса зор туысқандық мейірім көрді...

Соны айттың да трибунадан түсіп, залда лық толып отырған халықтың алдында екі қолыңды жүрегіңе басып, басыңды төмен иіп: – Осы құрметі үшін, ұлы қазақ халқына туысқандық көңілден зор алғыс айтам, – дедің. Бұл сөзді

айтқан шақта, сезімің толқып кеткен бейне көрсетіп, қалтаңнан орамалыңды алып, көзіңді сұрттің. Сонда сезімі сендей толқыған бейне көрсеткен адамдар, залда аз болған жоқ.

Сенің бұл сөзіңді залдағылар ғана емес, радио арқылы бүкіл Қазақстан естіді. Содан кейін қазақ халқының аузында қалған сөз: «Михаил Шолохов ұлы жазушы ғана емес, ұлы адам да екен! Көп жаса, ұлы адам!.. Денің сау болсын, ұзақ, бақытты өмір жаса!..»

Қазақ халқының аузында, әлі де осы сөз. Сол сөзді, сенің алпыс жасқа толған тойыңда, бүкіл қазақ халқы да, оның ұлдарының бірі – мен де осы тілекті қайталаймыз. Достық сәлеммен, Сәбит Мұқанов. 2-III-1965 ж. Алматы».

Сәбит Мұқанов пен Михаил Шолоховтың арасындағы қарым-қатынасқа замандас қаламгерлер, әдебиет зерттеушілері де өркезде назар аударып отырған.

«Ізденіс жолын жаңа бастаған кезінде Сәбит Мұқанов «Сұлушашты» жазып, еркін махаббатты қастерлесе, енді бірде Маяковскийше өктем сөйлеп, шарқ ұрып дабыл қақты. Халық өмірін терең толғап шыншылдықпен баяндау үшін қазақ көркем прозасын өркендетуге құлшына кірісті. Максим Горкийше жазуға да ұмтылды. Шолоховпен де өнер өлшесті. ...өзі де көп ойланып, көп толғанған Сәбит Мұқанов өнерде өз жолын табу қажет екендігін түсінді. Маяковскийше де, ешкімше де сөйлемей, өз үнімен, өз даусымен танылды. Нағыз халық ақыны, халық жазушысы, кәдімгі Сәбит Мұқанов болып, халықтың жүрегіне жол тапты» – дейді академик Зәки Ахметов («Егемен Қазақстан», № 135 (22406), 09.06.2000ж.).

Ал белгілі ғалым, профессор Әбділхамит Нарымбетов 1964 жылдың 30 қазанында Сәбеңнің өз аузынан жазып алған әңгімелерін жазушының 100 жылдық мерейтойына орай «Қазақ әдебиеті» газетінде (02.06.2000ж.) жариялады. Ауызекі әңгімеде Сәбең былай депті: «Шолохов 1931-32 жылдары «Көтерілген тыңның» бірінші кітабын жазды. «Көтерілген тыңның» екінші кітабы әлсіз, түкке тұрмайды. Өйткені, бұл кітапты Шолоховқа партия «жазасың!» деп жазғызды.

Орыстың жаны мейірімді, адамгершілігі, достығы

үлкен, сонымен бірге дұшпандығы да үлкен. Шолоховтың кейіпкері Григорий Мелехов – нағыз орыс, оның әлсіздігі де, күштілігі де өте шебер суреттелген. Шолоховты орыс халқы сыйлайды».

Бұдан Сәбеңнің ауыз-екі әңгімедегі айтқан пікірі оның Шолоховқа жазған хатымен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Бүгінгі таңда жасы 100-ге келіп отырған, Сәбеңнің асыл жары Мәриям апайдан да сыр суыртпақтап: «Апай, сонау соғыс жылдарында Алматыда болған А. Толстой, С. Маршак, В. Шкловский, С. Михалков, К. Паустовский, М. Зощенко, т.б. атақты жазушылар Сәбеңмен жақсы қарым-қатынас жасап, үйінде болып, өз қолыңыздан дәм татқанын көзкөргендер жазған екен. Осы Михаил Шолохов есіңізде бар ма?» деп сұрағанымызда, ол кісі: «Қарағым, неге есімде болмасын. Бір қызығы, мен анау өткен заманды, Сәбитпен бірге жүрген кезеңді еш ұмытпаймын. Қайта әлсін-әлсін ойға түсіріп, жадымда жаңғыртып отырамын. Ал, бірақ, соңғы кезде, кешегі айтқан бір нәрселерді ұмытып қала беретін болып жүрмін...

Ал, Шолохов туралы айтсам, ол кісіні мен жақсы білем. Жазушылар одағына шеттен келген адамның бәрін Сәбит үйге әкеліп қонақ ететін. Сондай күндердің бірінде, шамасы, 1950 жылдардың басы болар, М.А.Шолоховты да үйге шақырып, қонақасы бердік. Біз ол кезде Артиллерийский көшесі, 35 үйде, 1-қабатта, 3 бөлмелі пәтерде тұрамыз. Әжептәуір кең ауламыз бар. Сол аулада қой сойылып, самаурын қайнап тұрады. Қонақтар тамақ дайын болғанша аула ішінде өзара әңгімелесіп, ас қамымен әрлі-берлі жүрген бізге қарап қойып тұратын. Сол жолы да тамақты дайын етіп, қонақтарды дастарханға шақырдық. Біраздан соң, самаурынды ішке апарайын деп, құлағынан ұстап, көтере беріп ем, жүгіріп қасыма Михаил Шолохов келді. Өзі тым қарапайым.Келе, самаурынның құлағына жабысып, «мен көтеремін» деп болмайды. Бұны күтпеген мен сасып қалдым. «Өзім-ақ» десем де болмайды. Сөйтіп, 20 литрлік ақ самаурынды көтеріп, үйге алып кірді. Әлгі самаурыннан шөй құйып отырсам, қызықтап қайта-қайта қарайды. Сол самаурын қазір музейде тұр ғой. Оның құлақтарына Шолоховтың саусақтары тиген, шырағым» деді.

Әбділда Тәжібаев өзінің «Рухына бас иеміз» атты естелік - мақаласында Шолохов пен Мұқановқа қатысты ортақ ойдың арқауын қатар өрген: «1970 жылы 24 июльде Михаил Шолохов «Комсомольская правдадағы» мақаласында: «Біздің замандастар иілмейтін, сынбайтын шар болаттан жаралғандар еді. Олар сатылмайтын да, сатпайтын да, ұлы идеал үшін жандарын қиюға баратын» – депті. Шолоховтың осы айтқан қасиеттері Сәбит Мұқановтан түгел табылады. Әдебиет майданына алыса - жұлыса, мазмұны мен түрін табу үшін күресе келген жазушының бірі осы Мұқанов болатын. Горькийдің жылы назарына ілігіп, оның жылы құшағынан шыққан да Сәбит Мұқанов. Бұл жағынан ол Александр Фадеев, Михаил Шолохов, Демьян Бедный, Сәкендердің қатарында тұр. Ол – иілмеген, сынбаған ақ болаттардың бірі» (Сәбит Мұқанов туралы естеліктер. Құраст.: Б.Ыбырайым, Қ.Ергөбек. Астана: Елорда, 2001 - 480 б.).

Кейбір ой-пікірлер кезеңдік, дәуірлік мұраттарға қызмет етіп тұрса да, әдебиет тарихындағы жазушылардың орнын анықтауда салмағын жоймайды.

М.Шолохов «Тынық Донның» 1-кітабын мынадай қолтаңбамен ұсыныпты: «Дорогому Сабиту Муканову на дружескую память. М.Шолохов. 5.9.54. Алма-Ата».

Одан бері де талай су ақты. Ғасыр алмасты. Ғаламда талай өзгерістер орын алуда. Адамаралық қарым-қатынаста достықтың жөні бөлек-ау, сірә!

2009 ж.

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕК СЫРЫ

Қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит МҰҚАНОВТЫҢ сүйікті жары Мәриям МҰҚАНОВАМЕН сұхбат

– Апай, «Жамбылдың жасын берсін!» деген бата сөзді талай рет естісек те, сол жасқа жеткендерді көп көре бермеуші едік. Құдайға шүкір! Міне, Сіз алдағы қыркүйектің 15-інде, бұйыртса, 100-ге толасыз! Сәбеңнің 100 жылдық мерейтойын 2000 жылы өзіңіз бастан-аяқ өткердіңіз! Ең алдымен, Сіздің 100-ге толатыныңызды «Алматы

ақшамы» газеті жұртқа жариялап жіберді. Енді «Жүз жасқа келуіңізбен!» деген құттықтауларды естігенде, таң қалмаңыз. Біз де сол қуанышты құттықтаумен қоса, өзіңізді аздап әңгімеге тартсақ, көкейде жүрген кейбір сауалдарға жауап алсақ деп едік...

– Баяғыда біреу: «Быламық ішейін деген асым ба еді, тоқсан көрейін деген жасым ба еді?!» деген екен. Сол айтқандай, «жүзге келдіңіз!» деп жұрт қанша желпілдетсе де, сол жүзге қалай жеткенімді өзім де байқамай қалдым, қарағым. Аллам бұйыртқан екен, енді оған да шүкір...

Жамбыл атаның батасын алғандардың бірі – менмін. Сәбитке еріп, ол кісінің үйінде талай рет қонақта болдық. Өз дастарханымнан да дәм татырып, қолымнан шәй бердім. Сол кезде : «Қарағым, Мәриям, дәміңе рахмет! Менің жасымды берсін!» деген сөзі күні бүгінге дейін құлағымда тұр. Қартайған Жәкемізді қызық көріп, қалжың айтып, күліп отырушы ек. «Күлсең көріге күл!» деген. «Өттең, екі аяғым! Әйтпесе, анау атқа ырғып мініп кете барар ем!» дегенін естігенде, «мына шалдың дәмесін қарай гөр!» деп талай күлгенбіз. Енді соның бөрі басымызға келіп отыр.

– Апай, сіздің төлқұжатыңызда туған жылыңыз 1909 жыл деп жазылған. Өзіңіз 1910 жылғымын дейсіз? Осы қалай?

– Сәбит екеуіміз қосылған кезде нақты жасым 15-те еді. Совет өкіметінің кәмелетке толмаған қызды алуға болмайды деген пәрменінен қорқып, Сәбит менің жасымды 16-да деп жаздырып алған. Содан былай барлық құжаттарымда 1909 жыл деп жазылған.

– Биыл 8 наурызда Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов ағамыз алғашқы болып өзіңізді «Жүз жасыңызбен» құттықтаған екен...

– Иә, Әзілханға рахмет! Қанша дегенмен де, ескі көз... Сәбитке деген құрметіне ризамын.

– Апай, Сәбеңнің «Өмір мектебінде» Абылай қажының аты аталады. Сәбең екеуіңіздің қосылуыңызға осы кісі себеп болғанын айтып едіңіз...

– Иә, әуелі Алла, сонан соң Абылай қажы атам. Мен Қожахмет деген кісінің жалғыз қызы едім. 4 жасымда отызға да жетпеген әкем соқыршектен қайтыс болады.

Артында аңырап өжем Зейнеп, жас шешем қалды. Содан мені «жалғыздың жалғызы» деп еркелетіп, бетімнен қақпай өсірген ғой.

1926 жылы Орынбордағы оқуын бітіріп, елге келген Сәбитке ағайын-туыс, жанашыр адамдары жар болар қыз қарастырады. Сонда осы Абылай қажы: «Біздің ауылда Зейнеп бәйбішенің Мәриям атты немересі бар. Сәбитке сол қыз лайық» депті. Шешем ол кезде басқа бір кісіге тұрмысқа шығып кеткен. Көнгісі келмеген менің туған-туыстарымды да көндірген осы кісі екен. «Заман – Сәбиттердікі! Қызың бақытты болады!» деп әжемді де жұбатыпты. Ағайындар сол сөзге тоқтапты. Әйтпесе, кім білсін, мені жалаңаяқ жалғызбасты жігітке бермей қоюлары да мүмкін еді...

– **Сөйткен Сәбеңмен 47 жыл бірге өмір сүрдіңіздер... Жалпы, Сәбең тұрмыста өте жайлы адам болған сияқты ғой...?**

– Сәбитпен бірге өткен ол жылдар – менің ең бақытты кездерім. Маған еш уақытта даусын көтерген кісі емес. «Мәке, Мәке» деп, өмір бойы еркелетумен ғана өтті. Сәбит отбасының тірлігіне араласқан емес. Тек жазуымен ғана айналысты. Тіпті, қолына ақша да ұстамайтын. Будыратып әкеліп береді. Қалғанын өзім жайғастырамын. Жалпы, мінезі өте жұмсақ болатын. Балаларға да зекіп, ұрысқан кісі емес. Ал, менің қаталдығымнан олар ығып тұрушы еді. Сәбит барда ақшадан тарыққан кісі емеспіз. Қалай жұмсасаң да жетеді. Алайда, мен сол балаларды да үлде мен бүлдеге орап қойғаным жоқ.

– **Әйел адамдар алтын, бриллиант сырғаға құмар ғой. Ал, сізді құлағына ешуақытта сырға тақпаған дейді. Сол рас па?**

– Рас. Құлағымды кішкене кезімде өжем теспекші болған екен. Сөйтсе, өкем мені аяп, жылайды деп, кейінге қалдыртыпты.. Ол кісі қайтыс болған соң, өжем: «өкесінің сөзі еді» деп бұл әңгімені мүлде доғарды. Содан ба, құлақ тесу туралы ойлаған емеспін. Кейін қыздарым, келіндерім «тескізейік, бриллиант тағайық» деп еді, өзім келіспедім. Құлаққа жапсырып қоятын қымбат сырғаларым болды. Клипсі деуші ме еді... Ал, негізінен, мен алқа мен сақина тағуды ұнатушы ем. Сәбит туған күніме, әйелдер мейрамына үнемі қымбат сақина, алқа сыйлайтын. Жақұт, гауһар,

алтын алқаларды тақтым. Сақинаның неше түрі болды ғой. Күні кешеге шейін саусағымнан тастамаушы ем. Көріліктен бе, саусақтарымның еті қашып, сақиналарды тақпағаным екі жылдай болды...

Қазір осы жұрт сағатты көп тақпайды-ау деймін. Бәрі сығырайып, сотовыйларына қарап жатады. Біздің кезімізде әйелдер үшін алтын сағат тағу дәстүр болатын. Олардың да біразының қызығын көрдік...

– «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» демекші, Сәбеңнің сүйікті асы – ет деген едіңіз бір әңгімеңізде. Сіздің дастарханыңыздан өзіміз де талай дәмді ет жедік. Етті баптап ұстау, сақтау дегендерді сіз кімнен үйрендіңіз? Сәбеңе тым жас қосылдыңыз ғой... Оның үстіне 15 жасқа дейін ұл балаша киініп, еркекшора болып өсіпсіз?

– Сәбит екеуміз қосылып, 1926 жылы Қызылордаға келгенімізде, мен шынында да бала едім. Тамақ істеуді білмейтінімді байқаған Сәбит үйге бір қызметші орыс әйелін алды. Ол тамақтың түр-түрін пісіріп, үйдің ішін жиыстырып, тыным таппайды. Сәбит күні бойы жұмыста. Менің ішім пысады. Содан өзім құралыптас, менен жасы сәл кіші көршінің қыздарымен қуыршақ ойнаймын. Ойнап отырған жерімде ұйықтап қалады екенмін. Ұйықтап қалған жерімнен Сәбит өзі көтеріп апарып төсекке жатқызады екен. Өзім шілбиген арықпын. Ауылда, кең жайлауда, көк шалғында еркін өскен бала едім, қаланың тымырсық ауасы, тамағы да жақпай, біразға шейін жүдеп жүрдім. Сәбит соның бәрін түсініп, жағдайымды жасауға тырысты ғой. Бертін келе тек қазанға ет салуды ғана емес, тамақтың басқа да түрлерін пісіруді, тұшпара, бәліш, шәк-шәк, көксалат жасауды да меңгере бастадық. Ғабит Мүсіреповтің әйелі Хұсни марқұм тамақтың шебері еді. Татар ғой. Қалада өскен. Оқыған. Біраз дүниені содан көріп, жазып алып, үйде пісіріп үйрендім. Ал, ет баптауды әжем Зейнеп үйретті. Ол кісі 1937 жылы қайтыс болды. Кіші балам Ботажанды көріп кетті. Зейнеп әжем өте ақылды, парасатты адам еді. Әйел де болса, сол кісіден ақыл сұрап, жүгініп келіп отырған талай ауыл адамдарын көрдім. Сәбит те әжемді ерекше сыйлайтын.

– «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, күні бүгінге дейін сіз өзіңізді бірқалыпта ұстап

келе жатырсыз. Көп нәрсені ұмытпағансыз, жақсы естисіз, жақсы көресіз. Осының сыры неде?

– Бұл алдымен бір Алланың сыйы болар. Денсаулыққа да байланысты. Жас кезімнен тамақты талғап ішіп, ас атаулыға құныққан емеспін. Үнемі қимыл-қозғалыста болдым. Өкіметтің жұмысын істемесем де, ерте тұрып, елдің соңында жаттым. Аз ұйықтадым. Ұдайы сергек жүрдім. Бала тәрбиесі, үй шаруасы, қонақ күту – бәрі де өз мойнымда болды. Сәбитті соның ешқайсысына араластырмайын дедім. Адамның есте ұстау қабілеті жас ұлғайған сайын нашарлайды. Соны болдырмас үшін, қыздарым әртүрлі жадыны жақсартатын дәрумендерді әкеліп беріп жүреді. Әлі күнге шейін теледидарды көзілдіріксіз көремін, «Қазақ радиосын» күнделікті тыңдаймын. Телефонмен сөйлескен адамның даусын да жақсы естимін. Біреулер көрі адам ғой, нашар еститін шығар деп, айқайлап сөйлесетіндері бар. Оларға ақырын сөйлеп, жауап қатам. «Менің айқайлағаным әбес болды-ау, мына кісінің құлағы тәуір естиді екен ғой» дейтін шығар соңынан ...

– Сәбең 1926-1928 жылдары «Сұлушаш» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелгенде Сұлушаш бейнесін Сізге қарап сипаттаған деседі жұрт.

– Кім білсін, әйтеуір «Сұлушашты» жазып отырып, бірнеше рет шақырып алып, «Мәриям, шашыңды жайып жіберші! Көрейін» дегені бар. Өйткені, шашым өте ұзын еді. «Мәриям, шашыңды қиюшы болма» деп Сәбит қызғыштай қорып өтті.

– Сәбең сізді қызғанушы ма еді?.. Әдемі әрі жассыз дегендей...

– Қызғанбаушы ма еді!? Қызғанады ғой. Бірақ оны сыртқа шығарып көрген емес. Менің мінезім, бала кезімнен еркекшора, жалғыз өскендіктен бе, адуындау болды. Анау-мынау адам маған орынсыз қалжыңдап, жеңіл ойын-күлкі көрсеткен емес. Оның үстіне Сәбиттің де беделі зор. Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов сияқты құрдастарының бетін өзім-ақ қайтарып тастаймын. Олар маған батпайтын. «Бұл пәлеге жоламаңдар» деп маңайларына ескертіп отыратын. Оның себебі бар. Жас кезіміз. Жаңа жылдың түнінде бір топ жазушылар әйелдерімен бір үйде қонақта болдық. Түннің бір

уағында сыртқа шықсақ, жер дүние аппақ. Тобықтан келер қар жауып тастаған. Қонақтан көңілді шыққан Ғабиден, Ғабит, Тайыр Жароков т.б. өңкей желігіп алған жігіттер: «мына келіншектерді қарға аунатайық» деп әйелдерге тарпа бас салды емес пе. Алыса-жұлыса кеттік. Әжептәуір қарулы да едім. Бір кезде алдымнан Ғабиден шыға келді. Ұмтыла берген оның сол қолынан шап беріп ұстағанымда, қолыма бас бармағы іліге кетті. Ойланбастан бұрап кеп жібердім. Ғабиденнің жан даусы шықты. Сөйтсем, бармағын шығарып жіберіппін. Сәбит қысылып: «Мәриям, байқамадың ба?» деп қалды. «Сол керек. Маған жолап несі бар» деп мен де қоймаймын. Кейін Ғабиденнің сол бас бармағы шор болып, қисайып бітті. «Міне, көрдіңдер ме? Мынау – Мәриямның ісі. Бұған жолай көрмеңдер!» деп, жұртты күлдіріп отыратын.

Бір жылы қымбат қызыл шифоннан көйлек тіктіріп, қонаққа киіп баруға жиналдым. Мұны көрген Сәбиттің қабағы түсіп, ұнатпай қалды. Ақыры, сол көйлектен құтылуға тырысып, ауылдан келген абысынымның біреуіне кигізіп жібердім. Қызыл киген адам көзге түседі. Жұрт назары ауа береді. Сәбиттің мені қызғанғанын түсіндім. Содан былай қызыл көйлек киген емеспін.

– Өзіңіз ше? Ол кісіні қызғанушы ма едіңіз? Қызғанышыңызды қалай басушы едіңіз? Сәбең саяхаттарда, шығармашылық сапарларда көп жүрді ғой.

– Әрине, қызғанамын. Сәбиттей адамды қызғанбау мүмкін емес. Жұрттың бәрін әңгімесіне ұйытып, өзіне үйіріп отыратын Сәбитке қыз-келіншектердің де көзі түспеді деймісің. Бірақ, Сәбит көңіліме жаман, күдікті ой ұялатып көрген емес. Қайда барса да қасынан тастамай, ертіп жүрді. Курортқа менсіз барып көрген емес. «Мына тұрған Мәскеуге өзің-ақ бара берсеңші» десем де, болмай алып кететін. 1956 жылы Қытайға барғанда ғана үйде қалдым. Шақырту тек Сәбитке ғана болды. Әйтпесе, мені де ерте кететін еді. Баруын барса да, екі күннің бірінде үйге телефон шалады. Ақшаңды үнемде десең де болмайды. «Үйге алаңдаумен жүрдім» дейді. Жалпы, бір-бірімізге қадірлі болдық. Көңіл қалатындай қатты сөз айтыспадық қой. Содан да болар, Сәбит өмірден кеткелі 36 жыл болса да, әлі күнге шейін сағынамын, есімнен еш уақытта шыққан емес.

– Төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірдіңіз. Балаларыңыздың бәрі орысша оқыпты. Ал, біздің білуімізше, Алматыдағы тұңғыш қазақ балабақшасын ашуға Сәбит Мұқанов көп ықпал жасады дегенді замандастары айтады. Сол кездегі қазақ зиялылары сияқты Сәбең де шарасыз халде қалған-ау, шамасы...

Баларыңыздың ішінде Сәбеңнің жолын қуғандары, мұратын ұстанғандары жөнінде айтсаңыз.

– Сәбит тумысынан жалғыз, апа-қарындастары жастайынан шетіней берген. Атамыз Мұқан мен енеміз Балсары жалғыз ұлға зар болып жүргенде көрген баласы ғой. Содан да болар, Сәбит өте балажан еді. Арыстан, Марат, Алтай, Ботажан, екі қыз – Баян мен Жанна да әкелерінің алақанында өсті. Беттерінен қақпады. Бірақ, заманның соққан желіне біз де қарсы тұра алмадық па, бәрі орыс мектебінде оқыды. Мәскеуде, Ленинградта т.б. Ол кезде орысша оқымаған адам дүниеден құр қалады деп ойлайтын бәрі. Бірақ, балаларымыз мүлде орыс боп кеткен жоқ. Үйде қазақша, сыртта орысша сөйледі. Әр қайсысы әр түрлі мамандықты игерді.

Үлкеніміз Арыстаннан кейінгі әкесіне жақындауы Марат болды. «Тентек те болса, осыдан бірдеме шығады» деп отырушы еді Сәбит. Шынында да, Марат әкесінің жолын қуып, қолына қалам ұстады, тарихпен, этнографиямен шұғылданды. Қазақ халқының дәстүрін, салтын, шежіресін, киіз үйін, ішкен тамағына шейін зерттеп, кітаптар жазды. Ғылым докторы болды. Әкесімен көп әңгімелесетін. Ескі қазақ ауылындағы салт-дәстүрлер туралы сұрағыштап, қағазына жазып алып отыратын. Мараттың «Қазақтың киіз үйі» атты кітабы қазір көптеген шетел тілдеріне аударылды дейді.

Әкесінің соңында қалған мұрасын түп-түгел есепке алып, тізбесін жасап, музейге өткізерде Мараттың көп көмегі тиді...

– Апа, өздеріңіз 1965-1973 жылдары тұрған үйді музейге айналдыру туралы ой Сізге қалай келді? Кім көмектесті?

– Сәбит 73 жасында дүниеден өтті ғой. Содан соң көп ойландым. Балалардың бәрі жеке-жеке үй болып, өз түтіндерін түтетіп отыр. Келімді-кетімді кісілер де азайды.

Осы үйді музейге берсем деген ойымды ең алғаш құдам Ғабитке айтып ем, ол «...қайтесің, жылы ұяңда отыра бермейсің бе?!» – деген сыңай танытты. Оған да көңілім көншімеді. Дағарадай алты бөлмелі үйде жалғыз өзім не істеймін?!. Содан Қонаевтың қабылдауына өтініш жасадым. Күн белгіледі. Тілегімді айтып ем, қабыл алды. Содан соң өз жеке киім-кешегімнен басқа заттардың бәрін музейге қалдырып, жаныма немеремді алып, бөлек шықтым.

Ал музейдің ашылуына Қазақ елін ұзақ жылдар басқарған Дінмұхамед Қонаевтың, Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібековтің, профессор Тұрсынбек Көкішевтің, музейдің алғашқы директоры Хакім Бекішевтің, т.б. көп көмегі тигенін айтқым келеді.

– Апай, Сәбеңнің жеке кітапханасының – бай кітапхана екендігін келіп көрушілер жиі айтады. Аса сирек басылым – Брокгауз бен Ефронның 86 томдық энциклопедиялық сөздігінің өзі көздің жауын алып тұр. Мына төрт мыңнан аса кітаптар мен қолжазбалар қалай жиналғанына бірден-бір куәгер адам өзіңіз...

– Мәскеуге барсақ та, Тәшкенге барсақ та, тіпті, Қызылжарға жолымыз түскенде де Сәбит ең алдымен кітап дүкендеріне бас сұғатын. Онымен бірге мен де жүремін. Алған кітаптары көбейіп, ең соңында, екі жақтап кітап арқалап қайтамыз. Өмір бойы кітап оқыды, кітап жазды және кітап жинады. Мен білетін Сәбит сол! Мен оның жиған кітаптарын шашау шығармай, сақтауға тырыстым. Музейге өткізгенше, қолды болып кетпесе екен деп, уайым шектім. Осы кітаптардың әр қайсысының беттерінде Сәбиттің қаламының ізі бар. Астын сызып оқитын еді, жарықтық, кітапты. Кейде қызыл, кейде көк, кейде қара қарындашпен қалдырған жазулары кітап беттерінде сайрап жатыр. Сондықтан да маған бұл кітаптар аса қымбат көрінеді.

– **Апай, бір күні Қызылордадан бір әйел хабарласты. Екі қабатты ескі үйде тұрамыз дейді. Үйдің қабырғасында «Бұл үйде 1928 жылы Сәбит Мұқанов тұрған» деген тақта бар екен. Сол үй жадыңызда бар ма?**

– Ой, Алла, үй әлі тұр ма екен?! Сексен жылдан асыпты-ау! Қалай құлап қалмады екен, ө?! Есімде... бәрі есімде... Қызылжардан Қызылордаға көшіп келген соң аз уақыт

пәтерде тұрдық та, содан соң өзіміз отау тіккен жеке үйіміз ғой! Иә, екі қабатты сары үй еді... сол үйде Сәкен, Бейімбет ағаларым қолымнан дәм татып еді. Өтіп бара жатқан уақыт-ай! Шіркін, барып, сыртынан сол үйге бір қарасам ғой... Қайран, дүние...

– Сәкен Сейфуллин мен Сәбең ағалы-інілі, мұраттас, мақсаттас, идеялас адамдар болды ғой. Сәкеннің жары Гүлбаһрам мен сіздің 1933 жылы қатар тұрып түскен фотосуреттеріңіз сақталып қалыпты...

– Иә, бұл суретке Мәскеуде, Гүлбаһрам Цветметзолото институтының жұмысшы факультетіне оқуға келгенде түскенбіз. Гүлбаһраммен өмір бойы сыйласып өттік. Сәкеннен айрылған соң бізді арқа тұтты. Қиындыққа қайыспайтын, өр мінезді әйел еді, жарықтық. Бір күні, осы музейге айналған үйде тұратынбыз, біреудің есік алдында өлдене деп айғайлаған дауысын естіп, сыртқа шықсам, Гүлбаһрам келіп тұр екен: – «Мынау не, есігіңнің алды көк мұз. Ойып, тазалап қоймайсың ба? Сәкеннің әйелі Сәбиттің үйінің алдында мұзға тайып жығылып, басын жарып, көшеде өліпті деген атқа қалдырайын деп пе ең?» – дейді бұрқан-тарқан ашуланып. Мен күліп: «Күлеке-ау, келе жатырмын деп, телефон шалғаныңда аяғыңның астына кілем төсеп қоятын едім ғой!» – дегенімде, ол да жадырап, күліп, екеуміз есіктің алдында құшақтасып амандасқан едік. Сыйлас көңіл, сондай...

... – Былтыр Ташкентте жол түсіп, Сәбеңнің 35 жыл дәмдестүздас болған досы Ғафур Ғұламның музей-үйіне арнайы бардым. Қызы Алмаз басқарады екен. Сізге көп-көп сәлем айтқан болатын. Музейде Сәбеңнің Ғафурға сыйлаған қазақы ұлттық шапаны арнайы жәдігерлік ретінде экспозицияда тұр екен... Суретке түсіріп алдым...

– Өзбек Ғафур Ғұламмен достығы ерекше еді. Түннің бір уағында телефон шырылдаса, «Бұл – Ғафур!» деп атып тұратын. Екеуі ұзақ сөйлесетін. Жиі жолығысатын. Сондағы өңгімелерінің арқауы – әдебиет, жазу өнері, ел бірлігі. Жан досының қазасы ауыр тиді: «Енді маған Ғафурдай дос қайда?!» деп отыратын. Сәбиттің достары көп еді ғой. Ғафурмен достығы бөлек еді... Үйін музейге айналдыруға қызы көп еңбек сіңірді деп естимін. Онысы дұрыс болған

екен...

– Апай, заман көп өзгерді ғой. Алаш арыстары ортамызға қайтып оралды. Мұражай қорын Сәбеңнің жеке мұрағатында ұзақ жылдар бойы жабық сақталған Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың т.б. кітаптары толықтырды. Соның бәрін жұртқа көрсетпей, тығып ұстау да оңайға түспеген болар?..

– Сәбит олардың кітаптарын шүберекке орап, жазу столының ең төменгі тартпасында ұстады. Кейде, оңашада, өзімен-өзі отырып, ескі кітаптарды ақтарыстыратынын байқайтынмын. «Мәриям, бұл кітаптарды ешкімге көрсетпе, ешкімге берме!» деп талай айтты. Кейін алашордалықтар да ақталды деген соң жарыққа шығардық қой. Бұлар – аманат арқалаған кітаптар. Жұрт не десе, о десін, Сәбит те солар сияқты елін, халқын, ұлтын, сүйіп өтті! Соған қалтқысыз қызмет етті. Заман ыңғайына жығылса, жығылған шығар. Кім жығылмады заман ыңғайына? Қазір де бәрі заманының сөзін сөйлегісі келеді...

– Сәбең өмірінің соңында «Қазақ қауымы» дейтін ұлт мүддесіне қызмет ететін сүбелі еңбек жазды. «Аққан жұлдызды» аяқтай алмай кетті. Музейде Шоқанның бөкісі тұр...

– Е, иә... Музей 1978 жылы ашылды ғой. Бір күні Шота (қазір Шот-Аман. Ә.Қ.) Уәлиханов келді. Қолында осы Шоқанның бөкісі, Мақының түймелері бар... «Сәбең Шоқанды ұзақ жылдар бойы зерттеді. Көлемді дүние жазуды жоспарлады. «Аққан жұлдыздың» екі кітабын да халық ықыласпен қабылдады... Мынау бәкі – Шоқанның жеке мүлкі. Бабамыздың көзіндей... Сәбеңнің музейінде тұрса деген тілекпен әкелдім. Қабыл алыңыздар!» – деді. Сонымен сол бәкі тұр музейлерінде...

– **Апай, сіз адамды бір көргеннен танысыз ба?**

– Негізі, адамды бір көргеннен танымын. Кімсіне, жүріс-тұрысына да қарайсың ғой, дегенмен, адамның кім екендігін көзі айтып тұрады. Сәбит біреулердің ант-су ішіп берген уәде сөздеріне қатты сенетін, кейде алданып та қалады. Мен сөзге сенбеймін, ал көзге сенемін!..

– **Ырымшылсыз ба?**

– Қатты ырымшылмын дей алмаймын. Дегенмен, әжемнің тізесінде отырып, жаңа туған Айға қарап: «Ай көрдім, аман көрдім. Жаңа Айда жарылқа, ескі айда есірке!» – деп бет сипарым бар. Үйге келген қонақ қайтарда есік ашпаймын. Кіреді есікті өзім немесе немерелерім ашады ғой, ал қонақ шығарда есікті өзі ашып шығуы керек! Бұл да бала күннен қанға сіңген дағды, әдет, ырым болса керек. Қонағыңа «ал, кете бер!» деп есік ашып тұрғаның ыңғайсыз емес пе?! Қазақ мұны да «құт, берекеге шығатын есікті өзің ашпа!» деп ырымдаса керек...

– Сіздің қолыңызда Сәбеңнің Араб елдерінің біріне барғанда алып келген жайнамаз сақтаулы. «Музейге тапсырам» дегенсіз... Осы «Сәбең Құран сүрелерін жатқа оқитын» дегенді әрегідік естеліктерден оқып қаламыз... Жәке кітап қорынан «Құран» да табылды...

– Е, Сәбит өзі «Өмір мектебінде» ауыл молдасынан оқығанын, сауат ашқанын, «Молда бала» атанғанын жазады ғой. Құранды да сол жас кезінде жаттаса керек. Кейін балшабек болып жүргенде жұрт көзінше оқуға қаймығатын... Бірақ, кейбір қысылтаяң сәттерде шала молдаларды ұялтып, Құран сүрелерін заулата жөнелгеніне өзім де талай куә болдым. Жарықтық, Жамбыл ауруханада әл үстінде жатқанда: «Нұр жауған «Балуан Шолағым», мен жүріп кеткенде алдымен өзің дұға оқы! Молда шақыртып жаназамды шығарт!» деп өсиет айтқан екен. Сәбит Жәкеңнің айтқанын бұлжытпай орындаған. Одан бұрынырақ, сол Жәкеңмен бірге жайлауда, оңаша үйде, қымыз ішіп, әңгіме соғып бірнеше күн қасында болғаны бар. Содан келгенде маған сыбырлап «Жәкеңмен бірге бес уақ намазға жығылдым!» деген еді. Жүрек түкпірінде Жаратқанның барына, Алланың хақ екендігіне белгісіз бір түйсікпен сенген болар, сірә...

– Сәбең тұңғыш романы «Адасқандарды» 1928 жылы 28 күнде жазып шыққан деген дерек бар...

– «Адасқандарды» оқиғаның ізі суымай жатып-ақ жазғаны есімде. Сұлтанбектің (Бүркіт) сотында қоғамдық айыптаушы болып қатысты, мән-жайға толық қанықты, Сұлтанбектің күнделігін де іске жаратты, Мұстафаны (Мүсәпір) газет қызметкері ретінде біледі, Бәтимамен (Бәтес) сөйлесті – әйтеуір қажет материалдарын да тез

жинады, содан соң ыстық-суығы басылмай тұрған оқиғаны бірнеше апта бас көтермей жазып шыққаны есімде. «Адасқандар» кейін «Мөлдір махаббат» болып шықты ғой. Бірақ, көнекөз қариялар «Адасқандарды» көп іздейтін. Ақыры, 100 жылдық тойы қарсаңында «Елорда» баспасынан қайта басылып шықты ғой...

– Сәбеңе киімді де өзіңіз таңдап алып береді екенсіз. Тіпті, қалтасына ақша да салмайды дедіңіз бірде. Соның бәрі тіршіліктің уақ-түйегіне назар аудармайын дегендіктен шығар...

– Сәбит үй шаруасына көңіл бөлмегені сияқты, үстіндегі киіміне де көп назар аудармайтын. Таза болса болды, киіп жүре беретін. Зор денелі кісі болғандықтан, дүкендегі кез-келген киім бойына қона кетпейді. Сондықтан, көбінесе костюм-шалбарларын арнайы тапсырыспен ательеде тіктіретінмін. Кейде бір көйлек немесе аяқ киім алып келіп кигізгенімде: «Мәриям, мынау маған шап-шақ екен. Осы сен менің размерімді қайдан білесің?» деп мәз-мәйрам болатын. Ақша санауды білмейтін. Оның қаншасы қайда жұмсалғанын есептеп жатпайтын. Содан да болар, айлығын маған әкеп береді де, керек кезінде қажет мөлшерде ғана сұрап алып жүреді. «Артық ақша қалтаңда жүрсін, керегі болып қалады!» десем де алмайтын. Бір жағы қасында мен жүрген соң алаңдамайтын болар...

– **Апай, XX ғасырдағы ақыл-ойдың алыптары Алексей Толстой, Михаил Шолохов, Александр Затаевич, Ғафур Ғұлам, т.б. Сәбеңе құрмет белгісі ретінде кітаптарын қолтаңбаларымен сыйлаған екен. Солар үйлеріңізде болып, өзіңіздің қолыңыздан дәм татқанын да айтқансыз. Алексей Толстой сізбен суретке түсіпті ғой... Сол сурет қайда?..**

– Соғыс жылдарында Мәскеуден, Ленинградтан эвакуациямен келген көптеген зиялы қауым өкілдері Алматыны сағалаған ғой. Бірде Алексей Толстойды өйелімен үйге қонаққа шақырдық. Сәбит бәйек болып, қонақтарды күтіп алды. Маған Алексейді «Орыстың үлкен жазушысы, Бірінші Петр патша туралы кітап жазған» деп түсіндіреді. Алдына қойдың басын қойып, қазақы салт-дәстүрмен күттік. Олар қатты риза болды. Дәл кетерде, кім екені есімде жоқ, фотограф жігітті шақырып суретке түстік. Сонда Алексей

менің тілерсегіме түскен ұзын шашымды қызықтап, Сәбиттен рұқсат сұрап, менімен суретке түсті. Суретке түсерде менің ұзын шашымды мойнына шарф сияқты орап алды... Оған қарап тұрғандардың бәрі күлісіп, мәз болдық. Сол сурет бертінге дейін сақталған. Кейін жоғалтып алдым... Жақсы сурет еді... Бір жерден шығып қалар, бәлкім...

– Халыққа танымал бола бастаған «Жұлдыздар отбасы» журналының оқырмандарына, жалпы әдебиет пен өнерді сүйетін, ұлттық құндылықтарымызды қадірлейтін ұрпаққа нендей тілек айтасыз?

– Ең бірінші айтарым, өткенге топырақ шашпай, бүгінгі асылдарымыздың қадірін түсірмей, ертеңгі ұрпақтың қамын ойлап, өмір сүру керек. Біз өткен ғасырда аштықты да, соғысты да, репрессияны да көрдік қой. Жоғалтқанымыз қаншама... Енді елдің басына сондай нәубет түспесін. Барлық қиындықтан Елбасымыз алып өтетініне мен сенемін. Дағдарыстан да шығармыз. Тыныштық болсын! Ауызбіршілік болсын! Қазақ аман болсын!

– Өңгімеңізге рахмет! Өзіңіз де аман болыңыз!

2009 ж.

«ЕҢ ҚИЫҢ КЕЗЕҢДЕРДЕ ДЕ МҰРАЖАЙЛАР ЖАБЫЛҒАН ЖОҚ»

дейді Алматыдағы Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби мемориалдық мұражай кешенінің директоры, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ.

– Әділғазы Жақсылықұлы, алдымен әдеби мұражайларға ортақ проблемаға тоқталсаңыз?

– Аллаға шүкір, елімізде мұражайлар баршылық. Біз солардың ішінде әдеби-мемориалдық мұражайға жатамыз. Әдеби-мемориалдық мұражайлар жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты. Мысалы, Семейде Абайдың, Достоевскийдің, Астанада Сәкен Сейфуллиннің, Алматыда Ахмет Байтұрсынұлының, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқановтың, Атбасарда Ілияс Есенберлиннің,

Талдықорғанда Ілияс Жансүгіровтің, Қарасазда Мұқағали Мақатаевтың мұражайлары бар. Аталған мұражайлардың басты қоры – кітаптар мен қолжазбалар. Бұлардың қатарына жазушының бұрыннан жинаған бай кітапханасы да кіреді.

– Кітапханасы бай жазушыларды атай аласыз ба?

– Алматыдағы жазушылардың ішінде ең кітапханасы бай жазушы деп Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты айтуға болады. Сәбең мұражайындағы сегіз мыңнан астам жәдігердің төрт мыңнан астамы кітаптар мен қолжазбалар. Бұлардың ішінде орыс тілінде 18 ғасырда шыққан 86 томдық энциклопедиялық сөздік бар. Мұндай байлық біздің үлкен кітапханалардың өзінде жоқ. Бұл жазушының өмір бойы жинаған жеке кітапханасындағы қазына. Мысалы, Нобель сыйлығының лауреаты Орхан Памук жеке кітапханамда 12 мың кітап бар дейді. Бұл шынында байлық. Өйткені соншама кітапты жинау, оны сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру үлкен шаура.

– Осы жерде алғашқы сұрағымызға қайта оралсақ...

– Әдеби мұражайлардағы қолжазбалар өз деңгейінде зерттелуі керек. Жазушының кітаптары өз алдына. Ол еңбектерден диссертациялар қорғалып жатыр. Көпшілік мұражайларға ағарту мекемесі ретінде қарайды, ал шындығында бұл ғылыми орталық болуы керек. Әдеби-мемориалдық мұражайларды таза ғылыми мекемеге айналдыру арманға айналып тұр. Осы мәселені қалай жүзеге асырамыз деп шырылдап жүрміз. Бұл қазіргі таңдағы ең үлкен әрі басты проблема.

– Неге, таратыңқырап айтсаңыз?

– Өйткені біз ғылым кандидаттары мен ғылым докторларын мұражай жұмысына тарта алмай отырмыз. Себебі жалақы өте аз. Парламент Мәжілісінің депутаты Нұрлан Өнербаев мәдени мекемелердің басшыларымен жиын өткізді. Сол кезде ол кісіге мұражайларға ғалымдарды тартуға кедергі болып тұрған себептерді айттым. Мысалы, Үкіметтің 2007 жылдың 29 желтоқсанындағы №1400 Қаулысының 3-бөлігінде “ғылыми дәрежесі үшін қосымша ақы ғылым докторларына базалық қызметтік айлықтың 30 пайызы, ал ғылым кандидаттары үшін 20 пайызы деп көрсетілген. Бұл – мұражайда қызмет істеп жүрген ғылым

докторлары мен кандидаттар еңбекақыларына 2-3 мың теңге төленеді деген сөз. Ал осы Қаулының 4-қосымшасындағы мектеп мұғалімдеріне, педагогтарға қосымша ақы төлеуді қарастырған жеріне көз салсақ, мектепте жұмыс істейтін ғылым кандидатына 1 АЕК (ең төменгі жалақы көлемі), яғни, 13000 теңгеден алса, ал ғылым докторына – 2 АЕК, яғни, 26 000 теңгеден аса қосымша ақы төленеді. Айырмашылық жер мен көктей. Егер ғалым мұражайға келсе 2-3 мың теңге алады да, мектепте одан анағұрлым көп алады. Мұндай жағдайда мұражайға кім келеді? Негізінен әдеби мұражайлардың ең үлкен қызметі – ғылыми жұмыс болуы керек. Біз қолымыздан келгенінше біраз жұмыстар істеп жатырмыз. Сәбит Мұқановтың да, Рабит Мүсіреповтің де шығармашылығына байланысты халықаралық ғылыми конференция өткіздік. Ондағы еңбектер кітапша болып шықты. Былтыр Сәбит Мұқановқа арналған арнау өлеңдерді жинастырып кітап етіп шығардық.

– Қаржыны қайдан аласыздар?

– Әрқалай, кейде Мәдениет басқармасынан сұраймыз, кейде қосымша демеушілер іздейміз.

– Мұражай қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселесі қалай шешілген, соған тоқтала кетсеңіз.

– Алматыда мұражай қызметкерлерін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің бір бөлімі дайындайды. Онда да санаулы маман шығады. Жалақыға байланысты бұлардың көбісі мұражайларға келмейді. Негізінен тіл-әдебиет, тарих факультеттерінің түлектері келеді. Оның өзінде көп тұрақтамайды. Қызметкерлеріміздің білім-білігін көтеру мақсатында ақылы курстарға жіберуге бізде мүмкіндік жоқ. Бұрын Мәдениет министрлігіне қарадық, қазір қала өкімшілігіне қараймыз. Көбіне еліміздің әр аумағында өтетін семинар-кеңестерге қатысып, өріптестерімізбен тәжірибе алмасамыз. Қараша айында Орталық және Археология мұражайларында мұражай проблемаларын талқылайтын семинар-кеңестер өтеді. Орталық мұражайда жоспарланған ғылыми-практикалық конференцияда Мұражайлар одағын құру мәселесі көтерілмекші. Мұражайлар Одағы қажет. Одақ мұражайлардың ортақ проблемасын қарастырып, соларды шешіп отырса қанеки.

– Мұражайға келушілер көп пе, әлде...

– Кеңес дәуірінде жұрт елден немесе басқа жақтан келсе бірінші мұражайларды қызықтайтын. Бүгінде бұл үрдіс екіншіше қарай жоқ. Барлық жұрттың назары базарларға ауып кетті. Біздің бар тірегіміз оқушылар мен студенттер. Бір күні академик Зейнолла Қабдолов келіп, Ғабең мен Сәбеңнің мұражайын көрейін деді. Бір сағат аралады. Мұхтар Шаханов келді. Ол кісі де ұзақ аралады. Арнайы келіп көретіндер некен-саяқ.

– Неге бұлай болып отыр деп ойлайсыз?

– Қазір жұрттың санасын тұрмыс, нарықтың заңы билеп кетті. Рухани құндылықтарымызға деген көзқарас төмендеді.

– Ел-жұртты қайткенде мұражайларға ағылып келіп жататындай күйге жеткіземіз, әлде насихат аз ба?

– Жұртты күштеп әкеле алмайсың. Насихат жұмыстары жеткілікті. Қаншама телеарналар бар. Басылымдардан материалдарымыз үзілмейді. Өтіп жатқаннан мәдени шаралардың бәрін беріп отырамыз. Бүгінде зиялы қауым мұражайлар мен театрларға селқос қарайтын болды. Жоғарыда айтқанымдай, көбіне бізге оқушылар, студент жастар келеді. Мектептермен тығыз байланыстамыз. Олармен әр түрлі әдеби кештер, лекциялар, ашық сабақтар, оқушыларды қызықтыратын шаралар ұйымдастырамыз. Әдеби кештер ақысыз өтеді. Сонымен қатар Сәбит Мұқановтың да, Ғабит Мүсіреповтің де шығармашылық өмірі мектеп бағдарламасына кірген. Ғабең мен Сәбең шығармашылығы жайлы сабақты мұражайда өткізе қандай тартымды болады. Балалар көзбен көріп, заттарды қолмен ұстайды. Екі алыптың да жұмыс кабинеттері, қонақ қабылдайтын және жатын бөлмелері сол қалпында сақталған. Мемориалдық деп аталуының да себебі осында. С.Мұқанов мұражайының ашылғанына 30 жылдан асты. Осы жылдары үш рет музейдің экспозициясы өзгерді, әдеби бөлімдегі, ал мемориалдық бөлімдегі эспозиция өзгермейді. Жазушы қалай қолданса солай тұрады. Сонысымен құнды, сонысымен ерекше. Өз қолымен қойған суреттері, кітаптары. Мәселен, Сәбит Мұқанов кітапханасындағы сөрелердің бәрін арнайы тапсырыспен жасатқан. Өрі кітаптарды оңай

тауып алу үшін картотекасын жасаған. Мұражай болмай тұрып бәрін дайындап кеткен. Сол сияқты Сәбеңнің тағы да бір бай қазынасы – хаттары. Ол көзі тірісінде кез келген хаттың көшірмесін алып, оларды орталық мұрағатқа тапсырған. Оларды түгел реттеп, жүйелеп, түптеп келген кезде хаттар 141 том болған. Мұндай байлық біздің қазақ жазушыларының арасында ешкімде жоқ. Қазір орталық мұрағатта Сәбит Мұқановтың жеке қоры бар. 141 том тек қана Сәбит Мұқановтың хаттары. Байлық па, байлық. Мұның ішінде кезінде Сталинге, Шаяхметовке жазған талай-талай хаттар бар. Бізде негізінен кітаптар мен қолжазбалар ғой. Жан-жақтан толығып келіп жатады.

– Қайдан келеді?

– Жазушылар өздерінің кітаптарын сыйға тартады. Кенен Әзірбаевтың 125 жылдығында баласы Бақытжан ақынның бес томдығын тапсырды. Сол сияқты...

– Мұражайлардағы ең құнды, ең көне жәдігерлерді атап өтсеңіз?

– Көне деген жәдігерлердің ішінде бізде Шоқанның пышағы тұр.

– Мұқанов мұражайына Шоқанның пышағы қайдан келді?

– Сәбит Мұқанов 30 жылдай уақытын Шоқан өмірін зерттеуге арнаған. Сонау Ленинградта оқып жүрген кезінен бастап Сәбең Шоқан туралы тетрология – төрт кітаптан тұратын роман жазуды жоспарлаған. Екі кітабы жарық көрді, үшіншісін бастағанда 73 жасында қайтыс болды. Аяқталмай қалды. Шоқан туралы пьеса жазды. Бұл сахнада қойылды. Мәскеудің кіші театрында көрсетілді. Шоқан туралы үлкен ғылыми-зерттеу еңбегін жазды. Ол еңбегі кезінде Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығын алды. Шоқанға арнап “Қашқар қызы” дейтін тағы бір пьеса жазған. Осының барлығы кімнің де болса назарын аударары сөзсіз. Әсіресе, Шоқанға қатысы барлардың. Уәлихановтар әулетінен Шот-Аман ағамыз «Сәбең өмір бойы Шоқанды зерттеп еді, мынау Шоқанның бөкісі осы мұражайда тұруға лайық», – деп өкеліп тапсырған болатын. Құнды жәдігеріміз – Сәбеңнің өзі ұстаған маузері. Бұл да талай сырды шертіп тұр. Медеу Сәрсеке Ғабеңнің кезінде

өзіне сыйлаған мылтығын әкеліп тапсырды. Мысалы, Сәбеңнің тұңғыш атын шығарған 1928 жылы жарық көрген “Сұлушаш” поэмасының бірінші түпнұсқа беті бар. Сәбең көбінесе төте жазумен жазған. Ғабең де солай. Сәбеңнің жеке қорында бір қолжазбасының бірнеше нұсқасы болса, Ғабеңде ондай жоқ. Өйткені ол кісі қарындашпен жазып, қажет емес сөздерді өшіріп тастап отырған. “Жат қолында” романының қолжазбасы тұр. Маржандай тізіліп араб жазуымен жазылған. Бір үтір, нүктесі артық емес. Бұл кісінің ерекшелігі осында. Ғабең билгъярдпен қатты әуестенген. Мұражайда ол кісінің кийі тұр. Содан кейін Ғабең барған жерінде ағаштың бұтағын кестіріп алып, таяқ жонуды жақсы көрген. Сондай таяқтарының біразын біз Жаңажолдағы мұражайға жібердік. Ғабиден Мұстафин арнайы жасатып сыйлаған таяқ орындық тұр. Екі құлақшасы бар. Құлақшасын жайған кезде отырып демалуға болады, ал жинаған кезде таяққа айналады. Бұл да құнды жәдігерлердің бірі.

– Көршілес мемлекеттердегі және еліміздің басқа аумағындағы мұражайлармен байланысып тұрасыздар ма?

– Батыс Қазақстанда Михайл Шолоховтың мұражайы бар екен. Шолохов Сәбеңмен де, Ғабеңмен де жақсы қарым-қатынаста болған. Жақында олар бізге Мұқанов пен Мүсіреповтың Шолохов, Шуховтар арасындағы қарым-қатынасты білдіретін хаттар, фотосуреттер болса жіберуді сұрап хат жазыпты. Көшірмелерін жібердік. Былтыр Ташкентке барып қайттым. Сонда Ғафур Ғұламның мұражайы бар. Сәбең мен Ғафур 35 жыл дос болған. Бүкіл отбасыларымен араласқан. Тұрған үйі мұражайға айналған. Оның төрінде Сәбит Мұқанов сыйлаған шапан ілулі тұр. Қазақтың ұлы жазушысы сыйлаған шапан деп мақтан тұтады. Қаншама хаттардың көшірмесін алып келдім. Кеңес дәуірінде мұндай байланыстар барынша дамыды. Кейіндері үзіліп қалды. Бүгінде ақырын-ақырын жанданып келеді. Ең қиын кезеңдерде де мұражайлар жабылып қалған жоқ. Ал кітапханалар жаппай жабылды десе де болады.

– Енді оқырмандарды мұражайдың ашылу тарихынан да хабардар етсеңіз.

– Мұражайдың ашылуында, Сәбит Мұқанов дүниелерінің шашау шықпай сақталуында Мәриям апайдың еңбегі зор.

Сәбеңмен 47 жыл отасқан. Мұқанов қайтыс болғаннан кейін сол кездегі ел басшысы Д.Қонаевқа барып мұражай ашуға рұқсат алған. 1978 жылы мұражай ашылды. Мәриям апамыз біздің бас кеңесшіміз. Бұл кісі осы мұражай деп ғұмыр кешіп келе жатыр. Биыл жүзге толды. Бұл – үлкен оқиға. Елбасы арнайы құттықтау жолдады. Мәриям апамыз өмір бойы бала тәрбиесімен айналысып, Сәбеңді күткен адам. Сәбеңнің 100 жылдығына Елбасы бастан-аяқ қатысып, Мәриям апайға “Сіз ел анасысыз” деді. Адамның өмірден оқуы емес тоқуы көп болуы керек. Мәриям апамыз сондай кісі. Сәбең қайда барса да жанынан тастамаған. Жазушылардың ішінде жарларын жанынан қалдырмай ертіп жүрген тек Сәбең ғана. Қай қалаға, қай елге бармасын алдымен мұражайлар мен кітап дүкендеріне кіреді екен.

– Сәбит Мұқанов мұражайының ашылып, сақталуында Мәриям анамыздың еңбегінің ұшан-теңіз екенін айтып отырсыз, ал Ғабит атамыздың дүниелерін жинақтауда кімді ерекше атар едіңіз?

– 1991 жылы Ғабит Мүсіреповтың мұражайы Орталық мұражайдың филиалы ретінде ашылды. Ол кезде Ғабенің үлкен қызы Энгелина апамыз бас-көз болды. Сәбең мен Ғабен бір жерде өскен, бір-біріне құда адамдар. Ортақ немерелері бар. 1999 жылы екі мұражай біріктіріліп әдеби-мемориалдық кешен болып қайта құрылды.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
2009 ж.

АЛТЫН ҚАЛАМ

НЕМЕСЕ ҒАБИТ МҮСІРЕПОВКЕ МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТИҢ МҰҢ ШАҒУЫ

Наурыз айы еді. Қарасазда мектеп оқушыларының республикалық дәстүрлі «Мұқағали оқулары» өтіп жатты. Алматыдан Темірше, Болат, Жарас, мен, Талдықорғаннан Ерғазы, Сайлау қатарлы бір топ ақындар қазылар алқасының құрамындамыз. Республиканың түкпір-

түкпірінен 28 оқушы қатысқан жыр додасы үш күнге созылды. Мұқағали жырларының рухы асқақтады. Бас жүлдені «Тұйғын» бүркеншек атымен қатысқан қарасаздық Қуаныш Әлімберді иеленді. Өке-шешесі оралмандар екен. Сірә, Қытайдан келген қазақтар. Шешесі қуаныштан жылап жіберді. Ұл туғанда өстіп қуантып жүрсін деп атын Қуаныш қойған шығар. «Қадамың құтты болсын, Қуаныш!» деп тілек қостық.

«Мұқағали оқуларына» келгендер Қарасаздағы Мұқағалидың мұражайына барып, ақын рухына тағзым жасайды. Біз де сөйттік. Мұқағали мұражайының директоры, ақын Жұмаш Өтейұлы тірнектеп жинаған жөдігерліктермен, Мұқағали өмірі мен шығармашылығына қатысты құндылықтармен таныстырып жатыр. «Мынау ұлы Ғабең – Ғабит Мүсіреповтің өз қолымен Мұқағалиға сыйлаған алтын қаламы!» деген кезде бәріміз де елең ете қалдық. Басқаларды қайдам, мен, тіпті, қызығушылық таныттым. Былтыр Ташкентке барғанда Ғафур Ғұлам мұражайынан көрген шапан есіме түсті. Қазақтың ұлттық шапаны. «Қазақтың ұлы жазушысы Сәбит Мұқановтың досы Ғафурға 70 жылдық тойында сыйлаған шапаны» деп түсіндірген Ғафурдың қызы – мұражай директоры Алмаз. Шапанды әспеттеп, мұражайдағы экспозиция төріне орналастырыпты. Біртүрлі жылы сезім баураған. Енді міне, Қарасазда дәл сондай күй кешіп тұрдым.

Мұқағали өзінің күнделігінде осы қалам жөнінде жазатыны сап етіп ойға оралды. Ол қойын дәптеріне 1973 жылы 17 наурызда былай деп жазған екен: «Өткен аптада Мүсіреповте (үйінде) болдым. Бұл адаммен жақын келіп сұқбаттасқаным осы. Үйінде өзі жалғыз екен. Жылы қарсы алды. Екі сағаттай әңгімелестік. Мен Ғабенді бойындағы дарынның барын беріп болған адам деп айта алмаймын. Ал бойында жасырынып жатқан жанартауы бар екеніне күмөнім жоқ. Уақыт-ай!.. Әдебиет, жалпы искусство жөнінде болар-болмас шолу жасап, пікірлестік. Қарт өріден ойлайды. Қазіргі қазақ поэзиясы қатты толғандырып жүрген көрінеді. Бірдеме десем бе дейді.

«Аққулар ұйықтағандаға» тебіреніп пікір айтты, сүйсініп қалды, мен ыңғайсыздандым, онымды түйе қойды да, қоя

қойды. Өлеңдер оқыдым. Кетерде маған қалам сыйлады (алтын қалам)... »

Иә, «Аққулар ұйықтағанда» – Мұқағалидың 1974 жылы жарық көрген өлеңдер жинағы. Ал Ғабең барғанда бұл әлі кітап болып шыққан жоқ, соған қарағанда, сірә, қолжазбасын оқуға берген, немесе өзі алып барып оқыған. «Өлеңдер оқыдым» деуіне қарағанда, Ғабең «Аққулар ұйықтағанданың» қолжазбасымен бұрынырақ танысып, пікір білдірген сияқты...

Ал алтын қалам сыйлауы Ғабеңнің ерекше ықыласы түскенін айғақтайды. Жалпы, Ғабең қолындағы қымбат бұйымдарын көңілі түскенде сыйлас іні, бауыр, таныстарына мырзалықпен үлестіріп отырған. Мәселен, жақсы көретін інісі – жазушы Медеу Сәрсекке Дрезден қаласындағы Крупп зауытында 1929 жылы жасалған үш ауызды неміс мылтығын сыйлаған. «6375 санды мылтық» атты мақаласында Медеу Сәрсекке бұл жөнінде егжей-тегжейлі баяндаған. Мәкең «Мылтықты Ғабең мұражайына түбі қайтарамын» деген уәдесінде тұрды. Ғабең қырық жылдай ұстаған, Мәкең «жеті құлып астында» сақтаған мылтық қазір Мұражай кешенінің қорында. Сондай-ақ, Қызылорда облысының Сексеуіл станциясында тұратын Оразғали Ерекешов деген азаматпен танысып, жас айырмашылығы – 25 жыл болса да, қатты сыйласқан Ғабең өзінің 70 жылдық тойына келген Оразғалиға аңға шыққанда мінетін «УАЗ» машинесін сыйлап жібереді.

Бірнеше жыл жеке шопыры болған А.К.Куликинге шетелдік сағатын сыйлапты. Бұл жөнінде «Ғабит Мүсіреповтің шопыры» деген мақаласында журналист-жазушы Құлтөлеу Мұқаш қызықты дерек берген («ҚӨ», 19.01.2001).

Сол сияқты Ғабең шетелдік сапарларынан оралғанда алып келген әртүрлі оттық, қаламсап, карта, шылым салатын қорапша, т.б. заттарды біраз уақыт өзі қызықтап ұстап жүреді екен де, бір кезі келгенде жақсы көретін інілеріне, әріптестеріне сыйлап жіберетін болған.

Ғабеңнің жеке кітапханасы шағын. Гогольдің, Лев Толстойдың, Гетенің, Ф.Достоевскийдің, Марк Твеннің, Мопассанның, Чеховтың, т.б. классиктердің кітаптары көзге

шалынады. Ал өзінің әр жылдарда шыққан шығармаларын да мұқият жинамаған секілді. 1928 жылы жарық көрген «Тулаған толқынды» айтпағанның өзінде, бертінде шыққан кейбір кітаптары (мәселен, «Кездеспей кеткен бір бейне», т.б.) антиквариатқа айналғалы қашан...

Ғабеңнің Мұқағалиға алтын қалам сыйлауының бір сыры – оның өлеңдеріне деген ерекше ықыласында жатқаны сөзсіз. Бұл кездесуге дейін Мұқағали Мақатаев «Ильич», «Армысыңдар, достар», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Дариға – жүрек» қатарлы жыр жинақтарын шығарып, әдеби ортада жақсы танылған. Яғни, қазақ әдебиетінің тыныс-демін қатты қадағалап жүретін Ғабең Мұқағалидың ақындық әлеуетіне ден қойғаны анық.

Қойын дәптеріндегі ойларын М.Мақатаев былай деп жалғастырған: «...Қарт қартайған екен, бүкіл үйде жалғыз өзі отырғаны қатты әсер етті маған... Кабинеті жұпыны, жазу столы тіпті жұпыны, басы артық дүниелер, әлеміш-жаламыштар жоқ. Ұзынды-қысқалы, бір түстес, үшкір ұшталған қарындаштар. Тілдей параққа арапша жазып тастапты, жаңадан жазылған, сірә, қорапқа салынған екі мылтығы тұр. Кіреберісте саятшының сауыт-саймандары... Ретін тауып, өзімен ұзағырақ сөйлесер ме еді, біраз бірге болып, достасар ма еді. Тәңірім-ай, бұлар деген аяғын үзеңгіге салып тұрған адамдар ғой...»

Мұқағалының бұл жазғандары Ғабеңнің өмірі мен жазушылық шеберханасын зерттеушілер үшін қажет те құнды, әрине. Дегенмен, Ғабең әлі қартая қойған жоқ еді. Сексеннің үшеуіне дейін әлі он екі жыл бар. Ал Мұқағал болса, өзінің үш-ақ жыл ғұмыры қалғанын аңдамаған. Міне, бұл – өкініш...

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев арнау өлеңдерді көп жазбаған. Ал жазғандарының қай-қайсысы да тасқа қашалғандай. Әбділдаға, Фаризаға, Шәмілге, Шәмішеге, т.б. Ал «Ғабең (Ғ.Мүсіреповке)» деген арнау өлеңін әлгі кездесуден бір жыл өткен соң жазыпты.

«Ғабеке, анда-санда Сізді көрем,
Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем.

Еліктеп өзіңізге есім кетіп,
Көгендеп ақ қағазға тіздім өлең.
Мейіріммен қарайтын Сізді көрем,
Басқалар үміттерін үзді менен.

Заһармен жібітем деп қу таңдайды,
Сеземін өзін-өзі жұрт алдайды.
Жібітсем мен де кейде қу таңдайды
Басымнан Алатаудың бұлты аунайды.
Біреулер келекелеп жыртаңдайды,
Түбінде құртса мені – құртар қайғы.
Алайда жырларымды жырта алмайды!!!

Мен-дағы үмітпенен туған едім,
Мас болған өлеңіне бір жан едім.
Ғабеке!
Айтыңызшы мыналарға,
Мен кімнің қазынасын ұрлап едім?!

1974 ж.”

Мұны Мұқағалидың қазақ әдебиетінің алыптарының бірі, қазақ сөз өнерінің патриархы Ғабит Мүсіреповке арнаған қарапайым мадақ жыры деп қабылдамаймыз, қамырықты көңілмен мұң шағуы деп түсінеміз. Ақын мұңын кімге шағады? Өлең сөздің қадірін, қасиетін ұғатын жанға! Жазу өнерін биік мұрат тұтқан адамға! Жан-дүниесіндегі сезім бұрқаныстарын, ой әлеміндегі дауыл күйді аңғара алатын өнер жанашырына!

Жетпісінші жылдардың орта тұсында Ғабең, Мұқаң айтқандай, «жомарт күзге» ұқсап, мәуелеп, өдемі қартаюдың үлгісіндей болғаны да рас қой. «Өзіңізге еліктедім» дегенде, Мұқағали, әрине, сөз зергерінен үйренерім көп болды дегенді аңғартады. Ал, «Мейіріммен қарайтын Сізді көрем, Басқалар үміттерін үзді менен» деген тармақтардың оқырман санасына салмақ салатыны анық. «Жігітінен қазақтың дос таба алмай...» қалған кезі болар бұл Мұқағалидың, «Басқалар

менің ақын жанымды ұқпады, түсінбеді, жаралады!» деп тұр ғой! Аузы дуалы әдебиет алыптарының бірі – Ғабеннен бір ауыз жылы сөз, демесін, қолдау күтетіні де аңғарылады: «Ғабеке, айтыңызшы мыналарға». Қайғының құрдымына құлап бара жатқанын, бірақ біреулер келекелеп күлгенімен, «жыртаңдағанымен», бәрібір «жырларымды жырта алмайды!» деп ақын биік рухты қайтадан сүйеніш тұтады. «Мас болған өлеңіне бір жан едім» деген жалғыз тармақ – Мұқағалидың табиғи болмысын ашып тастап тұр. Ал «Мен кімнің қазынасын ұрлап едім?!» деп арнау өлеңін аяқтауы – Ғабеннен қарата айтқан арызы, еліне, жұртына, келер ұрпаққа жолдаған аманат зар-мұңы болатын.

Мұқағали кімнен қиянат көрді, кімнен жапа шекті? Былай қарасаң, жыр жинақтары бірінен соң бірі баспадан шығып жатты. Оқырмандары іздеп жүріп оқитын болды. Кезінде, «Қарлығашым келдің бе?» жыр жинағына Әбіш Кекілбаевтың өте жоғары баға берген әдеби-сыни мақаласы шыққаны да жадымызда. Әбділда ақын қамқоршысы болды...

Мұқағали талантты, дарынды адамды қорғай алмайтын қоғамға наразы, тұлпардан мәстек озып, бөйге алатынына күйінді, ол сондай-ақ адамдар арасындағы бақталастық, күндестік, көреалмаушылық, жағымпаздық, жалпақшешейлік, сатқындық атаулының тамырына балта шабуға құлықсыздықты, енжарлықты, немкеттілікті танып, түзелмеске кеткен қазақ тірлігіне күйзелді. Күйзелу – рухани күйреуге әкелетін еді. Ол соған жетпей шарт сынды. Ғажап туындыларын қалдырып, өзі бақилық дүниеге аттанып кетті.

Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің де соңында асыл мұралары – өлмес туындылары қалды. Мұқағалиға сыйлаған алтын қаламы да – ұрпаққа мұра! Баяғыда Мәскеуде болғанымда Пушкин музейінен Гогольдің көне портфелін көріп, таңырқағаным бар. Мұқағалидың музейіндегі Ғабит Мүсіреповтің алтын қаламына да үңіліп көп қарадым. Қанша дегенмен, ұлы жазушы мен ұлы ақынның саусақтарының таңбасы қалған, сырларына ортақтасқан қалам ғой бұл! Алтын қалам десе, алтын қалам...

2009 ж.

ШОҚАН ШЫҚҚАН ШЫҢ

НЕМЕСЕ СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕП-БАЙЫПТАУЫ ХАҚЫНДА

Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың музей-үйінде келушілердің назарын ерекше аударатын бір жәдігерлік бар. Ол – қазақтың ұлы ғалымы – шығыстанушы, ағартушы, саяхатшы, этнограф Шоқан Уәлихановтың бәкісі. Иә, ұшы сынған, жүзін тот басқан, сабы перламутрмен қапталған, сабының жоғарғы жағы металлмен өрнектелген, үш жерден ұсақ шегемен бекітілген, ұзындығы 17 см., ені 1 см., көнерген кіп-кішкентай бәкі. «Бұл бәкі мұнда қалай келген?» деп сұрайды музейге келушілер көбінесе...

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов Шоқан Шыңғысұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге бүкіл саналы ғұмырын арнаған. Ол ел ішінде Шоқанның ата-бабаларының шежіресін таратып, арғы Абылай, бергі Уәли, Шыңғыс туралы айтылатын аңызға бергісіз әңгімелерге де жасынан құлағдар болып өскен. Ш.Уәлиханов туралы «Ариадна арқауы» атты алғашқы пьесасы 1945 жылы Мәскеу-Ленинградтың «Искусство» баспасынан жарық көрген. Орыс тіліне аударған В.Шкловский. Пьеса 1953 жылы «Шоқан Уәлиханов» деген атпен жаңадан жазылған. Н.Погодин атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театры «Шоқан Уәлиханов» спектаклін Мәскеудегі Кіші театр сахнасында да көрсеткен. Республика театрларының репертуарларына еніп, көп жылдар бойы қайталана қойылып келді. С.Мұқанов Шоқанның өмірі мен шығармашылығын талдаған ғылыми зерттеу еңбегін («Шоқан Уәлиханов») 1962 жылдың 1 тамыз – 2 қарашасы аралығында жазып шыққан. Кейін Шоқан мен Абай туралы монографияларын жинақтап, «Жарқын жұлдыздар» деген атпен жарық көрген бұл бағалы зерттеу еңбегі (1964ж.) Қазақ КСР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығын да иеленген (1967ж.).

Музей кешенінің қорында Сәбеңнің Шота Уәлихановтың әкесі Ыдырысқа жазған хатының көшірмесі сақталған. Енді

содан үзінді келтірейік: «... Шоқан туралы: халыққа адал атқарған еңбек өлмек емес қой, әсіресе, біздің елде. Шоқанды көбірек зерттеп жүрген адамның бірі менмін. Бірақ, ол туралы әлі үлкен еңбек жаза алған жоқпын. Жазылған біраз мақалаларымды, Москвада орыс тілінде шыққан «Нить Ариадны» атты пьесамды Шоқанның зор образына лайқты киім демеймін. Бірақ олармен тынып отырған мен жоқ. Ойым – үлкен романда. Оған біраз материалдарым бар, бірақ жеткіліксіз. Жеткізу үшін: 1) Шоқанның туып-өскен жерлерін аралауым керек. 2) Омбы архивінде біраз отыруым керек. 3) Қашқарияға барып қайтуым керек. Осы үшеуінің алғашқы екеуіне өткен жаз аттанам ба деп ем, қол тимеді. Ойым сізді де көру, кеңесу еді. Енді тіршілік болса, алдағы жазға жиналам. Ол- пұлдарды сұрап (Шоқанға байланысты) сізді әурелегім келеді де, сұрайтындарымды хатқа сыйғыза алмаймын. Осында алдыртуды да ойлаймын. Академияға бұл жөнінде сөйлесіп те жүрмін., нәтижесін хабарлаймын. Жалпы хатпен хабарласып тұрайық, ағай! Інілік сәлеммен – Сәбит Мұқанов 30. 10. 1948 жыл. Алматы».

Бұл хат Сәбеңнің ішкі сырын сыртқа жайып салып тұр ғой. Шоқан туралы роман жазуды әу бастан-ақ ойға алғандығына бұл да дәлел. Ал Ыдырыс Уәлихановпен Сәбең жолығысқан, әңгімелескен, Шоқан туралы көп деректер алған.

С.Мұқанов Мәскеудің, Ленинградтың, Омбының, Алматының мұрағаттарынан Ш.Уәлихановқа қатысты мол мағлұмат жинақтаған. Шоқанның күнделіктеріне шолу жасай отырып жазған дәптерінің көшірмесі де Музей кешені қорында сақтаулы. Бұл жөнінде: «Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» пьесасы драма театрында қойылатын болып, Шоқан рөлін ойнау міндеті маған жүктелді, – деп еске алады Қазақстанның халық артисі Нұрмұқан Жантөрин, – Сәбең мені ертіп, үйіне әкелді. Өзінің жұмыс кабинетіне өткізді де, шкаф тартпасынан бір қолжазба шығарды. Соны маған ұсынып тұрып: – Мынаны қазір осы кабинеттен шықпай оқы. Бітірген соң сөйлесеміз! – деді. Бұл он сегіз жасар Шоқанның күнделігі екен. Мен құныға оқып шықтым». (Кітапта: «Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Естеліктер кітабы. – Алматы: Жазушы. 1984 – 392б.).

Осыған сабақтастыра өрбітер ойды қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, халық артисі Қапан Бадыров жазып қалдырыпты: «Сәбит Мұқановтың драмалық шығармалары негізінде қойылған құнды спектакльдің бірі – «Шоқан Уәлиханов». Спектакльде жұртшылық сүйіп қарайтын, жақсы бейнеленген – Нұрмұқан Жантөрин ойнаған Шоқан рөлі. ... Біз актер Нұрмұқанның өнер жолында бағын ашқан рөл – осы Шоқан деп танымыз. ... 1956 жылғы май айында «Шоқан Уәлихановтың» премьерасы болды. Театрға жұртшылық тарапынан ризалық пікірлер, зор алғыстар айтылып, спектакль қабылданды. «Шоқан Уәлиханов» пьесасы қазақ драматургиясында классикалық шығарманың бірі болып қалды. Қажырлы еңбек, жігерлі шабытпен жазылған Шоқан образын сахнадан көріп, Сәбеңнің қатты қуанғанын білеміз. «Шоқаным қайта туғандай болды-ау! – деп шаттанатын Сәбит аға» (Кітапта: «С. Мұқанов туралы естеліктер». Астана, Елорда. 2001. – 480 б.).

«Жол таптым бар қазақтың жүрегіне» деп батыл байлам жасаған Сәбит Мұқанов шығармашылық жолының үлкен бір асуын Шоқан өмірінен көркем роман-тетралогия жазуға арнайды. «Аққан жұлдыз» деп аталған бұл роман-тетралогияның екі кітабы ғана жарық көріп (1967, 1970ж.ж.), үшінші кітабын бастаған 1973 жылы жазушы ғұмыры тұйықталған еді.

Көрнекті ғалым, қазақ драматургиясының білгірі Рымғали Нұрғалиев: «Шоқан Уәлиханов» драмасынан кейін көп томдық романдар шоғырының алғашқы кітаптары дүниеге келді. Кітапханалар, архивтер, Шоқан болған қалалар, Шоқан басқан жолдарды Сәбит Мұқанов түгел көрді; шекарадан өтіп, Шығыс Түркістан, Қашқарға дейін барды. Ұйғыр халқының қалың ортасында болып келген соң, ойланып, толғанған, тақырыпты терең білуден, материалдың маңыздылығынан барып драматург бір объектіден өзектес екі шығарма – пьеса-диалогия тудырды. Сөйтіп, Шоқанның жас жігіт кезін көрсететін «Қашқар қызы» атты екі бөлімді тарихи драма дүниеге келді» – деп жазған болатын (Р. Нұрғалиев. Арқау. Т.1. Алматы. 1991.–190 б.).

Сәбит Мұқанов 1956 жылы Қытай Халық Республикасына

саяхаттап барып, «Алыптың адымдары» атты көлемді жолжазба кітабын 1959 жылы шығарған болатын. Сол кітаптың «Шыңжаң» атты тарауында: «Шыңжаң аталатын өлкенің негізгі жерлерін, әсіресе, бұрын «Қашқария» немесе «Шығыс Түркістан» немесе «Кіші Бұхара» аталатын жерді көру керек, ол менің Шоқан Уәлиханов туралы алдағы күнде жазсам деп жүрген шығармама қажет» дейді С. Мұқанов (233 б.). Осы арқылы Қытайға сапарының негізгі мән-мақсатын аңғартады.

Ғажайып тұлға Шоқан Уәлиханов өмірі мен шығармашылығын зерттеп, зерделеуде қазақтың екі академигі – Әлкей Марғұлан мен Сәбит Мұқановтың сіңірген еңбегі өлшеусіз. 1961 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағын шығарды. Оның жауапты редакторы Әлкей Марғұлан еді. С. Мұқанов редакциялық алқаның құрамында болған. Әлекең Сәбеңе бес томдықты сыйға тартып, I-томына мынадай қолтаңба қалдырыпты: «Қадірлі Сәбитке! Теңізге шомылғандай сүйсініп оқуға! Әлкей Марғұлан. 25 июль 1961 жыл». Шоқанның азғантай ғана ғұмырында 200 баспа табақ ғылыми жұмыстар жазып қалдыруы таңқаларлық жайт қой, шынында! Оны оқығанда «Теңізге шомылғандай» күй кешуге болатынын ғұлама Марғұлан қалай әдемі аңғартқан. Академик Н.И.Веселовскийдің «Шығысты зерттеу әлемінің аспанынан, қазақ хандарының ұрпағы, орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов аққан жұлдыздай зымырап өте шықты. Орыстың Шығысты зерттеушілері оны бір ауыздан дағдыдан тыс көрініске санап, түрік халықтарының тағдыры туралы аса зор, аса қажетті жаңалықтар ашуды күткен еді...» (Ш.Ш.Уәлиханов. Бес томдық шығ.жинағы. I-том. Алматы. 1961.– 96 б.) – деген сөзі Сәбит Мұқановқа көп ой салғанын роман атауын «Аққан жұлдыз» қоюынан да аңғарамыз.

Қазақстанның халық жазушысы, ақын Мұзафар Әлімбаев шығарманың жазылу тарихына қатысы бар мынадай бір дерек келтіріпті: «... Министрлер Советінің 2-ші демалыс үйі. Сәбең мені өзінің нөмеріне шақырды. «Аққан жұлдыздың» екінші томын жазып жатыр екен. Бір шағын бөлме, шағын стол, үсті толған блокноттар. Сарғайып кеткен,

атам заманғы, жұқа-жұқа блокноттар. – Ал, мен саған бір қызықтарды көрсетейін. Мынау 1928 жылғы дәптер, мынау 1925 жылғы. Мынау 1936 жылғы... 1940 жылғы... Ұсақ әріптермен жазылған. Араб алфавитімен... – Сен білесің бе: Мен Шоқанға байланысты материалдарды жинағаным биыл елу үшінші жыл. Мен ең алғаш ғалымның інісі мылқау Мақының суреттерін бір үйден көрдім. Жинауды содан бастадым, – деді Сәбең» (КСМ.117 б.). Бұл, сірә, 1968-69 жылдар болса керек. Куәгердің куәлігімен нақтыланған академик-жазушының бір ауыз сөзі «Сәбит Мұқанов өмірінің соңғы жылдарында ғана Шоқанға қызығушылық білдірді» дейтін сыңаржақ пікірді мүлде жоққа шығарып тұр. Сәбең «Мен Шоқанды тануға бүкіл ғұмырымды арнадым!» дегісі келген, сірә.

«Сәбеңнің көркемдік тәжірибесіне дұрыстап назар аударсақ, – дейді көрнекті сәкентанушы, сәбиттанушы ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев, – әсіресе, тарихта болған қайраткерлер жөнінде жылдар бойы ізденіп, толғанып барып шығарма жазуға отырғанын көреміз. Оған осы Шоқан тарауы мықты дәлел. Әуелі мақала, онан кейін пьеса, ірі дүниеге кірісер алдында монографиялық зерттеу жасап алып, роман жазуға кіріскен. Әрине, өкініштісі, «Аққан жұлдыздың» аяқталмай қалғаны, әйтпесе, қазақ тарихының ең бір шұрайлы кезеңінің көркем шежіресі жасалар еді» (Кәкішев Т., Ахмет К. «Сәбит Мұқанов». Әдеби-ғылыми ғұмырнама. Алматы. Арда, 2005, – 276 б.). Сондай-ақ, сәбиттанушы ғалым, профессор Құлбек Ергөбектің: «Аяқталмай қалған «Аққан жұлдыз» еркін романы және аяқталмай қалған «Қазақ қауымы» тарихи-этнографиялық кітабы – бұл екеуі іштей сабақтас туындылар. Бірін-бірі толықтыратын, бірін-бірі ашатын бұл екі еңбек өмір бойы халық атынан сөйлеп келген жазушының шын мәнінде халықтық ойға, ұлттық мұратқа оралуы еді» деуінің жөні бөлек (Ергөбек Қ. Сәбит Мұқанов. Оқу құралы. – Алматы, Санат, 2000 – 320 б.). Шоқан өміріне терең үңілген сайын Сәбит Мұқанов оның қысқа ғұмырдағы атқарған қыруар еңбегімен қоса, қол-аяғын жаздырмаған «темір кісенді» де (Ресейдің империялық саясатын) аңғарады. Өзіне өзі үңіледі. Ұлт тағдырын ойлайды. Тұйыққа тіреледі. Бәлкім

«Аққан жұлдыздың» екі кітабын тәмамдағаннан кейін оны тоқтата тұрып, тың серпіліспен «Қазақ қауымын» жазуында әлгіндей күрмеуі көп қиын түйінді шешуге деген ұмтылыс жатқан болар...

Шоқанның бөкісіне қайта оралайық. «Шоқанның бөкісі» дегенде, көп адамның көз алдына Шоқан мен Федор Михайлович Достоевскийдің қатар отырып түскен фотосуретіндегі Шоқанның қолындағы кішкентай кездік елестер. Жоқ, бұл бәкі ол кездік емес... (С.Мұқановтың жеке мұрағатында Ф.М. Достоевский мен Ш. Уәлихановтың бұл фотосуретінің бір данасы сақталған, дәлірек айтқанда, фотосуреттің көшірмесі. Оның сыртында: «Ф.М.Достоевский и Чокан Валиханов (1858 г., г.Семипалатинск). Из IV-го тома собр. сочинении Достоевского. Книга находится в библиотеке Союза писателей Казахстана. Г.Мукамедханов. 1941г. Январь-февраль. г.Алма-Ата» – деп жазған Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедхановтың қолтаңбасы бар).

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары болса керек, музейде Уәлихановтар әулетінің бүгінгі ұрпағы, Қазақстанның еңбек сіңірген архитекторы, Алматыдағы Шоқан ескерткішінің, қазіргі Елтаңбамыздың, Тәуелсіздік монументінің, т. б. авторы Шота Уәлихановпен кездесу кеші өтіп жатты. Шота ағамыздың бір шап-шағын қолсандық ұстап келгенін байқағанбыз. Әңгіме үстінде әлгі қолсандықты жұртқа көрсетіп, ашып, мән-жайын түсіндірді. Бұл Шоқанның суретші інісі Мақы (Әбділмақыжан. 1844–1916ж.ж.) жасаған қолсандық екен. Оның өрнектелуі, өшекейленуі, озық қолөнер туындысы екендігі қарапайым көрушіге де әсер қалдырарлықтай. «Ал, мұның тағы бір ерекшелігі – қос түбі бар. Яғни, астыңғы түбі мен жасырын жасалған үстіңгі түбі арасында Шоқанның талай қожазбасы жасырулы жатады екен» – деді Шота Уәлиханов. Жұртшылық қызыға көріп, біреулер «Мына көненің көзін мұражайға тапсырмайсыз ба?» деп қалды. Шота ағамыз: «Кейінірек тапсыратын шығармын. Өзірге өзімде сақталады, – деді де сөзін жалғады, – мен Сәбит атамызға Шоқанның бөкісін сыйлағанмын. Музей экспозициясында тұрғанын көрдім. Рахмет. «Оны неге сыйладың?» дейсіздер ғой. Шоқанды зерттеп, насихаттап, ұрпақ жадында жаңғыртуда

Сәбеңнің сіңірген еңбегін айтып жеткізу қиын. Сондықтан, Шоқанның көзіндей болып, осынау ақ сапты кішкене бөкі Сәбеңнің кітаптарының жанында тұруға әбден лайық деп санадым». Бұл өте орынды шешім болған деп білеміз.

Шоқан шыққан шың тым биік еді ғой. Туған халқы оны әрдайым тек биіктен ғана көріп, бағалай берсін.

2010 ж.

ЕКІ АЛЫПТЫҢ АРТЫНДА ҚАЛҒАН МҰРА

ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ –

дейді ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің директоры Әділғазы Қайырбеков.

– Әділғазы аға, қазақ әдебиетінің классиктері, яғни екі алып жазушының атындағы мұражайды басқарған жылдарыңыз өзіңізді біршама жасқа есейтті дер ме едіңіз? Әлде мұражай басшысы ретінде сыр сандықта ашылмай жатқан біраз сырларды ашуға мұрындық болдым дер ме едіңіз?

– Қазақ әдебиетінің классиктері Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің мұражайын басқарған соңғы он жылдың көлемінде ғана емес, 1978 жылы Сәбит Мұқановтың мұражайы ашылған күннен бері тағдырымды сабақтастырып келемін деуіме болады. Өйткені университетті аяқтаған бойда әдебиеттегі алғашқы еңбек жолымды осы мұражайда экскурсавод болып бастағанмын. Филология мамандығын алсам да, жолым журналистикамен біте қайнасып, телеарнада, «Лениншіл жас», «Халық кеңесі», «Қазақ елі» және «Шалқар» газеттерінде жұмыс істедім. Арада 22 жылдан соң, 2000 жылы осы мұражайға қайта келдім. Қайта келуімнің айтулы себебі, сол жылы Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтетін болғандықтан жан-жақты дайындық жұмыстары қолға алынып, мұнан өрі екі жылдан кейін Ғабит Мүсіреповтың де 100 жылдығын

өткізу жоспарланып отырған болатын. Сонда Сәбеңнің бәйбішесі, өткен жылы бір ғасыр ғұмыр кешіп, дүниеден өткен Мәрия апамыз мені мұражайға шақырды. Бұл мұражайлар 2009 жылдан бері мұражай кешені деген атауға ие болған. Екеуі де әдеби-мемориалдық мұражай. Өзі филолог әрі журналист адамға әрине алыптардың мұражайында қызмет атқару өте қызықты. Сондықтан да тағдырымның осы мұражайлармен ажырамас байланысының тереңірек кеткенін аңғарамын.

Республикамызда әдеби-мемориалдық мұражайлар саусақпен санарлықтай-ақ деуге болады. Мәселен, Семейде Абайдың, Қостанайда Ыбырай Алтынсариннің, Оралда Шолоховтың, Астанада Сәкен Сейфуллиннің, Талдықорғанда Ілияс Жансүгіровтің, Қарасазда Мұқағалидың, Алматыда Мұхтар Әуезовтің, Ахмет Байтұрсыновтың, сондай-ақ Сәбең мен Ғабендердің мұражайларын атауымызға болады.

Әдеби-мемориалдық мұражайлардың басты ерекшелігі — жазушының жеке өзі тұтынған заттары мен кітаптары, қолжазбалары сақталады. Айталық, Сәбит Мұқановтың мұражай кешені жалпы алты бөлмені қамтыса, мұның үш бөлмесі мемориалдық бөлім, онда жазушының өзі көзі тірісінде тұтынған, пайдаланған заттары сол қалпында сақталған. Мұндағы әр бір зат қаламгердің өмір сүрген дәуірінен сыр шертіп, сол кезеңнің тыныс-тіршілігін көз алдыға еріксіз елестетеді. Міне, әдеби-мемориалдық мұражайлар осындай құндылықтарымен қымбат.

Мұндай құндылықтар жазушының шығармашылығын тереңірек қаузап, зерттеп жүрген жандарға танымдық септігін тигізері сөзсіз. Зерттеймін деген адамға Сәбеңнің өзі жатқан бір өлем. Сәбеңнің шығармашылығының өзінен қаншама кандидаттық, докторлық жұмыстар қорғалуда. Өткен жылдың соңында ғана әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде мұқановтанушы ғалым Күләш Ахмет Сәбеңнің шығармашылығынан докторлық жұмысын қорғады.

Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Қызылжарда, Астанада, Алматы және Ташкент қалаларында ғылыми конференциялар өтті. Осы конференцияларда жүздеген баяндамалар жасалынды.

Жасалынған баяндамалардың бәрі де жеке-жеке жинақ болып жарыққа да шықты. Осыларға қарап отырсақ, алып жазушыны әр қырынан зерттеу жалғаса беретініне және бүгін танып-біліп тауыстық деп айтуға мүлде болмайтынына көзің жете түседі екен. XX ғасыр қарама-қайшылығы мол кезең болғаны тарихтан аян. Күрделі сол кезеңде өмір сүрген біздің ой алыптарымыз, әсіресе ғалымдар мен ақын-жазушыларымыз, бірсөзбен айтқанда, әдебиет алыптарының тағдыры өте күрделі болғандығын айғақтайтын дәлелдер баршылық. Сөбеңді алып қаралықшы. Сәбит Мұқанов жеті жасында ата-анасынан бірдей айырылады. Сол қаршадай жалшы баланың академиктікке дейін көтерілуі, кеңестік дәуірдегі таптық көзқарасы, идеяға беріліп өмір сүруі және небары отыз-ақ жыл ғұмыр кешкен адам таңқаларлық тағдыр иесі Шоқанды өмір бойы зерттеуі қайран қалдырады! Сөбеңе қатысты түрлі әңгімелер де айтылды. Бұл кісінің «таптық көзқарасының өзгелерге қиянаты болды ма?» деген сияқты. Бірақ Сөбең жасаған «қиянат туралы» нақты дерек жоқ. Оған бүгінде жұрттың көзі жетті ғой деп ойлаймын. Осыдан біраз жылдар бұрын ҚазҒу-де өткен конференциялардың бірінде ҰҚК-нің полковнигі тек қана Сөбеңе, яғни әлгіндей алып-қашпа әңгімелерге байланысты, ҰҚК-нің мұрағатындағы деректерге сүйене отырып арнайы баяндама жасады. Баяндамада Сөбеңе қарап айтылған сол әңгімелердің негізі жоқ екенін дәлелдеді.

Иә, Сөбең өзі өмір сүрген дәуірінің адамы болды. Ал таптық көзқарас – қай жазушыға болмасын әсерін тигізді. 1928 жылы «Сұлушаш» поэмасын жазды. Бұл шығармасы жазушыға даңқ әкелді. Арада аз ғана уақыттан соң, 1931 жылы «Адасқандар» романы жазылды. Бұл да жазушыға шулы даңқ әкелді. Өмірде болған оқиға, махаббат хикаясы, трагедиялық ахуалы дегендей. Артынан роман өңделіп «Мөлдір махаббат» деп атауын өзгертіп қайта жарияланды. Таптық көзқарастың лебі есіп тұратындай етіп жазды. Десе де кеңестік дәуірдің оқырмандарының өзі алғашқы нұсқасы, яғни «Адасқандарды» іздеді. Өзім де үлкендерден «Шіркін, «Адасқандарды» қайта басып шығарса...» дегенді естігенмін. Сөбеңнің 100 жылдығы тойының қарсаңында 1999 жылы Астанадағы «Елорда» баспасынан оқырмандар іздеген

«Адасқандар» романы қайта жарыққа шықты. «Балуан Шолақ» романы да оқырмандарына осылай әсер еткен. Бұл роман да бірнеше тілге аударылып шыққан. Жазушының ғасырлық тойы қарсаңында Қытайдағы «Шыңжаң» баспасынан «Балуан Шолақ» аңыз-роман деп шығарылды.

– Мұражай – әдеби-мемориалдық мұражайлар болғандықтан, ол жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты болары сөзсіз. Сәбең мен Ғабең сияқты сый-құрметке бөленген, болмысы ерек жазушыларымыздың мұражайда әрқайсысының қанша кітап қоры мен қолжазбалары сақтаулы? Олардың сақталу тарихы немесе құндылығы, салмақтырақ шығармалары, болмаса көне жөдігерлері жайында таратып өңгімелесеңіз...

– Сәбеңнің мұражай үйінде жалпы 8 мыңнан астам жөдігерліктер (экспонаттар) бар. Мұның 4 мыңнан астамы кітаптары мен қолжазбалары. Сәбеңнің жеке кітапханасының өзі бай мұра деуге әбден болады. Жеке кітапханасы туралы мен кезінде көлемді мақала да жаздым. Мұндағы әр кітапқа жазушының қолы тиген, қолтаңбасы бар. Ең құнды кітаптарының бірі – XIX ғасырдың соңында шыққан, сирек басылымға жататын Брокгауз бен Эфронның 86 томдық энциклопедиялық сөздігі. Мұндай рухани байлық біздің кейбір үлкен кітапханалардың қорында жоқ. Бұл жазушының жеке кітапханасындағы құнды қазына. Осыншама кітаптарды сақтау, оны ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізу – асқан ыждағаттылықпен атқарылатын шаруа.

Және жазушының өзіне сый ретінде қолтаңбаларымен берілген кітаптар да баршылық. Бұл қолтаңбалардың өзі қаншама ойларға жетелейді. Мысалы, «Ақылдың азабы» кітабын Сәбеңе Алексей Толстой қолтаңбасымен сыйлаған. Соғыс жылдарында Алматыда біраз уақыт болған Алексей Толстоймен Сәбең жақсы араласқан. Тіпті, мынадай да қызықты көріністің болғанын жасырып қалуға болмас. Сәбеңнің үйіндегі Мәриям апамыздың шашы тірсегінен түсетін, өте ұзын болыпты. Апамыздың шашына Толстой қатты қызығып, мынадай шашты мойныма орап суретке түсейінші деп, Сәбеңнен рұқат сұраса керек. Сәбең рұқсатын беріп, Толстой Мәриям апамыздың шашын мойнына орап,

суретке түсіпті. «Сол суретті сақтай алмадым, жоғалып кетті», – деп Мәриям апа үнемі өкініп айтып отыратын. Мүмкін бұл тарихи сурет жалғыз дана ғана емес, түсірген фотосуретшінің мұрағатында немесе Толстойдың мұрағатында бір данасы болса да сақталып қалған шығар деп үміттенем. Сондай-ақ Михаил Шолоховпен де арадағы достықтарын паш ететін кітаптағы жалғыз қолтаңба емес, Шолоховтың 60 жылдық мерейтойымен құттықтап, арнайы жазған мақаласының өзі көл сыр сабақтауға жетелейді. Ал қазақ жазушыларының қолтаңбаларымен берілген кітаптары өз алдына бөлек әңгіме.

Осы арада Сәбең мен Ғабеңнің өз қолжазбаларының сақтауының да өзіндік өзгешеліктерін айта кетейін. Сәбең өр шығармасының ерінбей-жалықпастан бірнеше нұсқасын жасаған. Алғашқы нұсқасын бастан-аяқ жазып шықса, екінші өңдеуінде де солай бастан-аяқ қағазға түсіріп отырған. Ал Ғабеңде бір-ақ нұсқа. Ғабең қарындашпен жазып, қате кеткен тұстарын өшіргішпен өшіріп, қайта дұрыстап жазып отырған. «Жат қолында» деген соңғы жазған романының қолжазбасы араб әрпімен (төте жазумен) жазылған, сол қалпында тұр. Ішінде артық шимайланған, сызылған бір сөз жоқ.

Сәбеңнің тағы бір ұқыптылығы – өз дүниесіне өте мұқият қараған кісі. Өзіне келген хаттарды және өзі өзгелерге жазған хаттарын түгелдей реттеп, жинақтап отыру дағдысында болған. Хат жазғанда екі қағаздың ортасына көшірменің нұсқасын түсіретін қара қағаз салып, көшірмесін өзіне осылайша қалдырып отырған. Оқырмандарынан көп хат алған жазушының бірі де – Сәбит Мұқанов. Көзі тірісінде-ақ Сәбең Орталық мұрағатқа қоңырау шалып, өзіндегі хаттардың бәрін мұрағатқа алуларын сұрайды. Мұрағат қызметкерлері келіп, жазушының үйіндегі хаттарды үлкен жүк көлігіне (Камазға) тиеп алып кетеді. Тек хаттың өзі бір машина болған. Арада төрт-бес айдан кейін мұрағаттан Сәбеңе хабарласып, алынған хаттарды жылдары бойынша жүйелеп, түптеп, ретке келтіріп бітіргендігін, бас-аяғы 141 том болғандығын хабарлайды. Осы 141 том бүгінде Орталық мұрағатта Сәбит Мұқановтың қорында сақтаулы. Мұндай тек хаттан жиылған том-томды құрайтын байлық қазақ

жазушыларының ешқайсысында болған емес. Сәбеңнің осы хаттарымен соңғы кездері жас зерттеушілер айналысып жатқан көрінеді. Расында да Сталиннен бастап, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғафур Ғұлам, Дінмұхамед Қонаев сынды айтулы тарихи тұлғаларға жазған хаттары зерттеуді қажет етіп тұрған дүниелер екендігі анық. Ал Шәкәрімнің өз қолымен жазған хаты тек осы Сәбеңде ғана сақталып қалған. Бертінде Шәкәрімнің жазықсыз екендігі іс жүзінде тексеріліп, ақтап алу сәтінде Сәбең: «Менде Шәкәрімнің өз қолымен жазған хаты бар», – деп сол хатты Академиядағы ғалымдардың алдында таныстырған. Сонымен қатар Шәкәрімнің қартайған кездегі фотосуреті де Сәбеңнің мұрағатында сақталып келген. Көптеген басылымдар Шәкәрімнің фотосуретін баспасөзге берер кезде түсін бояңқырап жіберіп, аздап өзгеріске түсіп кеткен. Ал Сәбеңдегісі Шәкәрімнің Тұрағұлға (Абайдың ұлы) сыйлаған алғашқы нұсқасындағы фотосуреті екен.

Сәбеңе қатысты бар дүниенің мүлтіксіз сақталуына мұқияттылық танытып, жанын сала еңбек еткен адам – Мәриям апа. Жазушымен 47 жыл бірге ғұмыр кешіп, мұражайына 37 жыл бойы бас-көз болып қана қоймастан, ақыл-кеңесін аямастан, оның бір парақ қағазына дейін шашау шығармай бүгінгі ұрпаққа жеткізуінің өзі қаншама күш-жігерді қажет ететінін бағамдап көріңіз. Бұл қазақ әйеліне төн даналық әрі қайсарлық дер едім.

Ал Ғабеңнің мұражайдағы сақталған мұрасы 4 мың жәдігерлік. Негізінен, кітаптары мен қолжазбалары. Ғабең өзі көзі тірісінде пайдаланған кітаптары мен заттарын «өзіме қажеттісін алдым ғой» деп, шетінен ауылындағы кітапханаға жіберіп отырған.

– Бұрын Мәдениет министрлігіне қарайтын мұражай бүгінде қалалық әкімшілікке қарайды екен. Кей келелі мәселелерді шешуде мұның кедергісі болып қалған жоқ па? Қолдың қысқалығы, сөздің өтімділігі, қионы келе бермейтін қаражат жағы дегендей...

– Иманғали Тасмағанбетов Алматы қаласының әкімі болып тұрған кезде, Алматы қаласындағы оншақты мәдени мекеме, Республика сарайынан бастап, Мәдениет министрлігі құзырынан қалалық әкімшіліктің құзырына

өткен болатын. Сол ұсыныстың алғашқы легінде Ықылас атындағы ұлт-аспаптар мұражайы, С.Бегалин атындағы кітапхана, Мемлекеттік қуыршақ театры және өңгімемізге арқау болып отырған осы Мұражай кешені сияқты бірқатар мекемелер өткен еді. Біз бұл өзгерістен ұтылған жоқпыз. Қаржыландыру бұрынғы қалпында. Тек соңғы бірер жылда дағдарысқа байланысты мұражай қорын толықтыру, заманауи техникамен қамтамасыз ету секілді жұмыстар саябырлап қалғаны рас. Бұл мәселелер уақыт өте қалпына келеді ғой деп сенемін.

Мұражай мұратымен іссапарға шығып тұрамыз. Мұражайдағы заттар қоймада тұрғандай қозғалыссыз қалмауы керек. Бұлар үнемі көпшіліктің назарына ұсынылып, насихатталуы керек. Сөбеңнің де, Ғабеңнің де туып-өскен жері – Қызылжар өңірі. Ол жақта Сөбит ауылы, Ғабит ауылы деп аталатын екі ауыл бар. Қызылжардың өзінде екі жазушының да атында кітапханалар, ауылдарында мектептер бар. Іссапармен Қызылжар өңіріндегі жазушылардың ауылдарына, кітапханаларына, мектептеріне барып тұрамыз.

Басқа да мұражайларға бару іссапар орайы келгенде жалғасуда. Соның бір дәлелі 2008 жылы Сөбеңмен жақын араласқан жазушы Ғафур Ғұламның мұражайын көзіммен көру үшін Ташкентке барып қайттым. Мақсатымыз Сөбең мен Ғафурдың арасындағы 35 жыл бойына созылған ғажайып достықтың өнегесін жұртқа жеткізу еді. Бұл екеуінің достықтары туралы талай дүниелер де жазылды. Мұзаффар Ахмадтың «Достық дастаны» атты шығармасы белгілі ақын Исраил Сапарбайдың аударуымен өткен жылы «Егемен Қазақстан» газетіне шықты. Ғафур Ғұламның бөйбішесі Мүкәрәма апа мен Мәриям апа екеуі абысын-ажындай араласқан. Ғафур Ғұлам бір немересінің атын Мұхтар, екінші немересінің атын Сөбит деп қоюының мәнісінің сыры да осы адал достықтарында болар. Екеуінің алысқан қаншама хаттары бар. Мұражайдағы сол хаттарының көшірмесін алып бардым. Олардағы Сөбеңнің бірнеше хаттарының көшірмесін алып қайттым. Бұл мұражайды бүгінде жазушының қызы Алмаз ханым Ғафурқызы басқарады екен. Сөбеңнің досына сыйлаған қазақтың ұлттық шапаны

мұражайдың төрінен орын алыпты.

Өткен жылы Қостанайда облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ұйымдастыруымен Шоқан Уәлихановтың 175 жылдығына орай ғылыми конференция өтті. Аталмыш жиында Сәбеңнің Шоқанды зерттеуін арқау ете отырып, баяндама жасадым. Алматы облысына қарасты Ескелді ауылында Шоқан Уәлиханов атында мектеп бар. Осы мектеппен де арамыздағы байланысымыз өте жақсы. Мұражайаралық байланыстарымызды жалғастыра береміз. Шет мемлекеттерге шығу әзірге тоқтап тұрғанымен, еліміздің ішінде ұдайы жалғасын табуда.

– Біраз уақыт бұрын «әдеби-мемориалдық мұражайларды таза ғылыми мекемеге айналдыру керек, осы мәселені жүзеге асырамыз деп шырылдап жүрміз» деп едіңіз. Осы игі бастамаңыз оң шешімін тапты ма?

– Мұражайлардың тыныс-тіршілігін зерттеймін деген ізденушіге осы мәселе қызық. Кеңес дәуірі кезінде бүкіл одақтағы мұражайлардың тағдыры солай болған. Мәскеудегі қаншама ғалымдардың өзі «мұражайларды таза ғылыми мекемеге айналдырсақ» деп мәселе көтерген. Мұражай әр кезеңде де Мәдениет министрлігінің құзырында болып келді. Мұражайлар неге Ғылым және білім министрлігіне қарамайды деген әңгіме бүгінге дейін айтылып келеді. Егер мұражайлар ғылыми мекемеге айналса, ғылым министрлігі қаржыландыру керек болады. Мұражайға ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарын тарта алмай отыруымыздың бірден бір себебі осы. Олар мектепке барып сабақ өтсе, үстеме ақы төленеді, мұражайда мұндай үстеме ақы көзделмеген. Негізінен әдеби мұражайлардың ең үлкен қызметі – ғылыми жұмыс болуы керек. Мәдениет министрлігінің өзінде де бұл мәселе талай рет қозғалған болатын.

Кезінде Мәдениет министрлігіне мынадай ұсыныспен шықтым. Сәбең мен Ғабеңнің 100 жылдықтары қарсаңында олардың энциклопедиясын шығару жөнінде Үкімет қаулы қабылдаған еді. Алайда бұл жұмысты бастау үшін энциклопедияны қолыма алуым керек. Ол үшін тікелей қаржы бөлінуді керек. Мұндай қаржыландыру

қарастырылмағандықтан, «Қазақ энциклопедиясы бар, солар шығарады» деп шешті. Бірақ олар қалай шығарады? Екі жазушыға да қатысты бар материал осы мұражайда болса? Міне, ғылыми мекеме ретінде қарамаудың осындай да кедергілері бар. Білікті маман тартуда бір қиыншылық болса, қаржы бөлінбегендіктен ғылыми зерттеу жұмыстарын шығара алмауда екінші қиыншылық ұшырасады. Жалпы, «Ғылым туралы» бұрынғы заңда мұражай деген сөз мүлдем жоқ еді. Ғылым туралы заң қазір қайта қаралуда. Ғылым туралы заңға мұражай туралы арнайы бап па, әлде тарау ма енгізілуі керек. Парламент Мәжілісінің депутаты Нұрлан Өнербаев мәдени мекемелердің басшыларымен жиын өткізгенде айтып та, ұсынысымды жазып та, мұражайларға ғалымдарды тартудың кедергі болып тұрған себептерін көрсетіп те бергенбіз. Қаржы болса, ғылыми конференцияларды жыл сайын өткізуге болады.

Соңғы онжылдықта бірнеше кітаптар шығардық. Сәбит Мұқановқа да, Ғабит Мүсіреповке де арнау өлеңдер өте көп жазылған. Арнау өлеңдерді негізге ала отырып «Кәдімгі Сәбең» деген атпен 101 ақынның 151 арнау өлеңдерін жинақтап, кітап етіп шығардық. Сол сияқты «Ғажайып Ғабең» деген атпен Ғабең арналған өлеңдерді жинақтап, кітап етіп басуға дайындап қойдық. Арнау өлеңдер арқылы сол адамның портреті де жасалынады, кейде сол өлеңді жазған ақын өзінің арман-сырын айтады, кейде мұңын шағады.

С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің көптомдықтары «Мәдени мұра» бағдарламасына енгізіліп, жүйелі түрде шығуы керек еді. Кезінде Үкімет қаулысы болған. Екі-үш томдары ғана жарық көрді. Содан соң тоқтап тұр. Мысалы, Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің көптомдықтары әрқайсысы әр баспадан құрастырылып шығуда. Көптомдықтарды шығару дұрыс жолға қойылмағандықтан, жұмыс осылай жүріп жатқан сияқты...

– «...Ақын-қыран қияға да қонады, ақын- адам далаға да қонады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды» дегенді осы мұражай қара шаңырағы иесінің бірі Ғабең атамыз айтқан екен.

Ақындықтың табиғатын дөп басқан Ғабен атамыз айтқан сол өзіңіздің ақындық дүниеніңізде не өзгерістер болуда?

– Өлең – ақынды үнемі мазалап жүреді. Өлең – сағыныш пен мұң секілді, көзге көрінбейтін елес секілді ғайыптан пайда болатын ғажайып. Поэзияға деген сезімім ешуақытта суыған емес. Газет редакцияларында жұмыс істеген жылдарымда да, мейлі іссапарда жүрсем де, қай уақытта да қара өлеңге бұрылуға уақыт табатынмын.

Осы мұражай кешеніне келгеннен кейін де 1991-2001 жылдар аралығын қамтитын «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы» деген тақырыпта 2004 жылы кандидаттық диссертация жазып, қорғадым. Бұл тақырып бұрын қозғалмаған болатын. Әдеби ортамыздағы поэзияның орны қай заманда болса да ерекше екенін көрсеткім келді.

Ал жаңа қоғамда жас буын толқын-толқын болып поэзияға келіп жатыр. Бұл қуантады. Өрине, прозада да, драматургияда да, поэзияға қарағанда, бөсеңдік бар. Уақыт ағымына ілесе алмай қалу, әлде ауысқан қоғам өміріне бейімделе алмай кідіру байқалатын сияқты. Дегенмен, поэзияда тоқырау болған жоқ.

Қысқа-нұсқа:

– Тағдырыңызға ренішіңіз бар ма?

– Ренішім жоқ. Себебі, сонау Тарбағатайдың теріскейіндегі бір орысы жоқ, таза қазақи ауылда туып-өстім. Орыс тілі пәнінің өзін қазақша өтетін. Мектептен соң КазГу-дің филология факультетіне оқуға түстім.

Жастар газетінде бас редактор Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз біздерге: «Сендер жассыңдар, журналисті аяғы асырайды. Неге сендер төрт қабырғаның ішінде омалып отырасыңдар, барыңдар іссапарға. Анау Маңғыстауда, Үстірттің үстінде жас шопандар бригадасын көріп қайтыңдар», – деп сөзімен қамшылап жіберетін. Ертеңіне самолетпен ұшып барып, он күн бойына Үстірттің үстінде жүріп... адасып... елу градус ыстықта... темір вагонда тұрып жатқан жас комсомол-жастар бригадасында болып, көрген-білгенімізді қағазға түсіріп қайтатынбыз. Болмаса Қостанайда егіннің кезі. Таңертең телефон арқылы тапсырылған материалды төптіштеп жеткіземіз. Міне, осының бәрі өмірді көру, өмірді тану, адамдардың

психологиясымен танысу екен ғой. Тағдыр деген осындай бұрылыстардан тұратын шығар.

– Мінезіңіз қандай?

– Әкемнің мінезі өте ауыр кісі еді. Көп сөйлемейтін. Сыртқа эмоциясын білдірмейтін. Басына қиындық түскенде де қатты абыржымайтын. Бәрін де іштей көтеретін. Осы бір қасиеттер өзімде де бар сияқты.

– Құпия сақтауға беріксіз бе?

– Мұны қасымдағы адамдардан сұрау керек шығар. Құпияны сақтаймын. Негізі адамның мінез-құлқына байланысты. Көп сөйлегенді емес, көп тыңдағанды ұнататын адамдар болады. Солар құпияны жақсы сақтайды. Мен сол көп тыңдағанды ұнататын адаммын. Айналамдағы адамдарды да көбірек тыңдауға тырысамын.

– Қанағат деген сіздіңше қандай ұғым?

– Қанағатшылдық адам атаулыға қажет. Бірақ шығармашылық адамдары үшін жазуда, жаза түсуде қанағатсыздық керек.

– Ортама өз бағамды алдым дер ме едіңіз?

– Бағалану шартты ұғым. Тек қана сыйлықпен кітаптың құны берілді деп айтуға тағы болмайды. Шығармаң үнемі сұраныста болуы керек.

– Қалам мен шабыттың арасындағы қандай да байланысты сезесіз бе?

– Әзиз Несиннің «Сіз ысқырғыңыз келе ме ысқыра беріңіз. Көшеде де, жұмыс орныңызда отырып та, аулада жүріп те, тіпті жиында отырып та. Бірақ сіз ысқырған кезде жұрт ойлайтындай болсын, «апырау, мынау қалай жақсы ысқырады деп» деген керемет сөзі бар. Шабыт, жалпы шығармашылық, қаламның құдіреті деген нәрселердің бәрі де сенің «ысқыруыңа» байланысты. Жазған дүниең көркем де, әдемі болу керек. Оқырманның қажетіне жарау керек. Шабытпен жазылған дүние ғана керемет «ысқырған» сияқты маңызды болады, оқылады. Шабытсыз жазылған дүние – ажарсыз орындалған өн сияқты.

– Қаламгер ретінде өзіңізді қай кезде «таныдыңыз»?

– Бұл сауалға жауапты мектептегі бала шағымда болған мына жайтты айтудам бастағаным дұрыс болар. 6-шы сыныпта оқып жүргенімде мектеп директорының өзі бастап

он оқушыны Ленинградқа апаратын болды. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі мені жақсы көретін. Сол кісі Ленинградқа барғанда күнде не көргеніңді қағазға түсіріп, күнделік жазып кел деп тапсырма жүктеді. Ол кезде мұғалімнің айтқаны заң, орындауға міндеттісің. Ленинградқа барғанда өзге балалар айналаны керегінше тамашалап, қызықтап жүргенде мен көрген-білгенімді қағазға түсіріп жүрдім. Дәптердің мұқабасына «Ленинградқа саяхат» деген тақырып қойдым. Келгеннен кейін мұғаліміме апарып көрсеттім. «Мынауың жақсы дүние. Енді мұны ауылдың адамдарына жеткізуіміз керек. Кеңшардың мәдениет үйінде жиын өткіземіз. Сен баяндама жасайсың», – деді. «Баяндаманы қалай жасаймын?» – десем: «Баяндамаң осы жазған күнделігің», – деді. Сол 13 жасымда көпшіліктің алдына шығып, «Ленинградқа саяхат» атты күнделігімді оқып бердім. Сонда Эрмитажды аралаған күнімді күнделікке былай түсіріппін. «Бүгін Эрмитажда болдық. Эрмитажда 1050 бөлме бар екен. Біз екі сағатта тым болмаса соның 50 бөлмесін де аралай алмадық қой», – деп өкініппін. Бұл дәптерім әліге дейін сақтаулы. Әдебиет пәнінің мұғалімі мені осылай әдебиетке жетеледі.

– Мемлекеттік сыйлық Сіз үшін қандай сыйлық?

– Бұл сыйлық кейінгі кезде әдеби қауымның көңілін қалдырып тұрғандай әсер етеді маған. Себебі, берілетін дүниелерге берілмей жатыр. Құны түсіп қалды. Жақсы дүниелердің өз бағасын алмай қалуы, әрине, қынжылтады. Мәселен, Қытайдағы жазушы Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» атты 6 томдық романы осы сыйлықты алуы керек еді. Бұл дүниенің жазылу стилі де өте қызық. «Уа, құрметті, менің тергеушім!» деп басталады. «Мың бір түнді» еске түсіреді. Сөйтіп басталады да, бүкіл өзінің бастан-кешкенін жазып шығады, өзін-өзі тергейді. Біздің әдебиетімізде мұндай үлгіде жазылған дүние жоқ. Қырық жылдан аса түрмеде отырған адамның тағдырлы туындысы еді.

– Сұхбаттасқаныңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан, Қызжібек БӘКІР.
2011 ж.**

ЖАМБЫЛ – ЖЫРДЫҢ ЖАНАШЫРЛАРЫ

Ұлыжырау Жамбылдың өнерін халыққа кең насихаттауда, танытуда, бағалауда әдебиетіміздің алыптарының үлкен үлес қосқанын байқаймыз. Сәкен Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің, Әбділда Тәжібаевтың, т.б. қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің Жамбыл туралы ой-толғаныстары, мақалалары, естеліктері суырып-салма ақындық дәстүрге, айтыс өнерінің тарланына, жыршылық, жыраулық өнердің майталманына деген ерекше құрметті байқатады. Сәкен Сейфуллин 1927 жылдан бастап Жамбылмен бірнеше рет кездескен. Өз үйіне шақырып алып та жырларын тыңдаған. «Жабай батыр» дастанын, Құлмамбетпен айтысын жазып алып, әдебиет оқулығына қосқан. С.Сейфуллиннің Көп томдық шығармалар жинағының 6-томына жазған алғы сөзінде профессор Тұрсынбек Көкішев Сәкенге қатысты: «Ақан сері, Біржан сал, Майкөт, Қарақожа, Мұсайып, т.б. өнер қайраткерлерінің мұраларын ел аралап жүріп жазып алса, Жамбыл, Кенен-сынды халық ақындарымен жүзбе-жүз кездесіп, Жетісуға аты мәшһүр өзге жыршылардың сөздеріне назар аударған» [1.6] – дейді. «Жамбылдың жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржандар сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» [2.373] – деген Сәкен Сейфуллиннің бағалауынан өз замандастарына үлкен міндет жүктеушілік аңғарылады. Өйткені, Жамбылдың тоқсан жасына дейін ауызша шығарған өлеңдері, айтыстары, толғаулары қағаз бетіне түспеген, тек өмірінің соңғы он жылында ғана жадындағы жырларын жаңғырта жырлап, жаңадан шығарғаны бар, заманға үн қосқаны бар мол рухани мұра қалдырған. Жамбылдың жыр селі ХХ ғасырдың 30-40 - жылдарындағы қазақ зиялыларына «өшкен жанып, өлген тірілгендей» әсер еткені байқалады. Темірбек Жүргенов, Ораз Исаевтар 1934 жылы қазақ халық таланттарының слетінен кейін Жамбылдың жарқыраған

жұлдызына айрықша назар аудара бастаған.

Әбділда Тәжібаев 1936 жылы Жамбылды Ұзынағаштан Алматыға алып келіп, өз үйінде бірнеше күн қонақ қылады. Сол жолы Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты Жамбылмен үйінде жүздестіріп, таныстырады. «Осындай еді ағалар» атты естелігінде ол былай деп жазады:

« – Е, Құнанбай елінен екенсің ғой, – деп Жәкең Мұхтарға бір қарап қойды.

– Абай еліненмін.

– Абайды да білемін. Ол оның өлеңші баласы емес пе?.. Біздің жақ дуан басы әжі Құнанбайды жақсы білген. Өзі қырғыздың Шәбдені секілді болса керек қой!...

– Ал мен Сарыарқаданмын. Біржан, Ақан, Балуан Шолақтардың жеріненмін, – деп Сәбит дауыстады.

– Болсаң боларсың, – деді Жәкең Сәбитке кеудесімен бұрылып, – өзің де Балуан Шолаққа келеді екенсің!...

Бәріміз де қарқылдап сүйсіне күліп қалдық» [3.86].

Осы жолығысуда Мұхтар Әуезов өзі бастап Жамбылдың бірнеше сағатқа созылған жыр нәсеріндегі жылт-жылт ой, образ маржандарын қағазға түсіріп алып отырады. Сәбит Мұқанов та Әбділдаға «жаз, жазып ал!» деумен болады.

Мұхтар, Сәбит, Ғабиттердің халық ақынын, ұлы жырауды танып, бағалауы өз алдына, Қалмақан Әбдіқадыров, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қасым Тоғызақов, Қапан Сатыбалдиндер кезекпе-кезек Жамбыл үйінде хатшылық қызмет атқарған екен. Жәкеңнің шабыт қысқанда шашып тастайтын жыр-шумақтарын қалтқысыз қағазға түсіріп отырған.

Ә. Тәжібаев өзінің естелігінде Мұхтар да, Сәбит те Жамбылдың суырып-салма айтқыштық өнеріне төнті бола түскісі келіп, тақырыптар ұсынып, тарихқа, өткенге баға бергізіп, біраз сынап та көргендерін жазады.

Жамбылдың тоқтаусыз төкен жыр жаңбырын тыңдай отырып: «Жәкең осындай екен-ау... Ақын емес, топан ғой шалың!», – деп мұндай тұста Сәбит қиқуға басып-басып жібереді.

– Мінеки, – деді Мұхаң Сәбеңе қарап, екі қолын бірдей жайып, – импровизатордың шеберлігі деген осы. Эпостағы бұрын қолданылып жүрген образдарды қалай пайдаланады!

Мүдірмей ағытып, өзінің биік идеясы тамаша жырын табанда тудырып отырғанда, халық байлығы оған алтындай құйылып, жарқылдап жатқан жоқ па?! Бұрынғы ұлы ақындар осылай сөйлеген... – Бұл – жүз жылдарда бір-ақ көрінетін құбылыс. Гомер деуімізге осы Жәкең ғана сиятын болу керек...» [3.90].

Бұл – Жамбылды Мәскеудегі Қазақ көркем-өнерінің онкүндігіне апарар алдындағы сынақта берілген баға! Кейін Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» романында: «Онкүндік зор абыроймен аяқталды. Күләш Байсейітоваға «СССР халық артисткасы» деген атақ берілді. Қазақтың бірнеше артистері мен артситкаларының кеуделеріне ордендер тағылды. Қазақ көркем әдебиетінің өкілдерінен екі адамға Еңбек Қызыл Ту ордені берілді: ауыз әдебиетінің биігі – Жамбыл Жабаевқа, жазба әдебиетінің биігі – Сәкен Сейфуллиенге» [4.471] – деп жазды.

Жамбыл жырының Қарақастектен қалықтап шығып, Алатаудың мұзарт шыңдарын айнала ұшып, Мәскеу асып, одан әрі әлем халықтарының игілігіне айналуы осылай басталған еді. Сонда Жамбыл жырдың жанашырлары болып алдыңғы лекте қазақ әдебиетінің классиктері жүргені қандай ғанибет.

1938 жылы Мұхтар Әуезовтің «Жамбыл және халық ақындары» атты мақаласы әуелі орыс тілінде «Казахстанская правда» газетінде жарық көреді, кейін қазақ тіліне аударылып басылады. Жалпы, қазақ халқының ұшан-теңіз фольклорлық бай мұрасынан сусындап өскен, кейін еуропалық білім деңгейінен көрінген М.Әуезов Жамбылды қазақ халық поэзиясының, ғасырлар бойы інжу-маржандарын бойына жинаған фольклорлық әдебиеттің теңдессіз өкілі деп таниды. Ұлы Абайды зерттеп, қазақ жазба поэзиясының XIX ғасырдағы ғұлама ақынын сан қырынан ашқан Әуезов, енді ұлы Жамбылдың эпостық тұлға-жаратылысын тануда, XX ғасырдағы қазақтың соңғы жырауын жұртшылыққа таныстаруда да көрегендік байқатады. Ол: «Жамбыл творчествосының негізгі мотивтері мен идеялық, тарихи тамырлары тікелей оның алдында өткен Махамбет, Сүйімбай, т.б. поэзиясында ғана жатқан жоқ, әлдеқайда тереңде – сан халықтың әрі сан ғасырлық

көне заманғы эпосында, тарихи жырларында, аңыздары мен әңгіме, хикая-мұраларында жатыр» [5.448] – деп тұжырымдайды. Әлем халықтарының фольклорындағы сияқты халықтың арман-аңсарын арқалау, болашаққа үміт-сенімін ояту – Жамбыл жырларының да негізгі тіні, өзегі болғандығын, сонымен бірге, ол өзі өмір сүрген ортада, қоғамда да халықтың сөзін сөйлеп, елдің мұңын жоқтағанын, озбырлық, қиянат атаулыға өлең сөзбен қырғидай тигенін, елдің қамын ойлаған ерлерін, батырларын әспеттеп жырға қосқанын, дастандар жазғанын айтады.

...Сәбит Мұқанов 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдығына арнап шығарылған толық жинағына алғысөз жазып, мақаласын «Ұлылық сыры» деп атайды. Кейін бұл мақала толықтырылып «Жамбыл Жабаев» деген атпен әдеби портреттер жүйесінде жазушының он алты томдық таңдамалы шығармалар жинағында жарияланды (15-том). Жамбыл Жабаевтың өмірбаяндық әрі шығармашылық жолын неғұрлым мол қамтыған бұл мақала өзінің құндылығын жоймайтынына уақыт төреші көз жеткізе түсуде. Биыл Жамбылдың туғанына 165 жыл толуына орай мерейтойлық іс-шаралар Жамбылдың Ұзынағаштағы музей-үйінен бастау алды. Мәдениет үйінде мерекелік жиын болды. Оған Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Нұрлан Оразалин, академик Сейіт Қасқабасов және бір топ қаламгерлер қатыстық. Осы мерейтой қонақтарына Жамбылдың 2 томдық таңдамалы шығармалар жинағы сыйға таратылды. Алғысөзіне «Кемеңгер ақын» деген атпен С.Мұқановтың жоғарыда аталған мақаласы берілген. Қос томдықтың құрастырушысы – профессор Сұлтанғали Садырбаев екен.

С.Мұқанов өзінің портреттік мақаласында Жамбылды қазақ жыршылық, жыраулық мектебінің XX ғасырдағы ірі өкілі деп танып, осы ойын былай да аңғартады: «Жәкең әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі. Бірақ оқушы көпшілікке ескерте кететін нәрсе: Жәкеңде, сөзді өлеңмен сөйлейтін өзге ақындарда ешуақытта өлеңдерін жинау немесе сақтау мақсатымен айтпайды, олар кезегі келген жерде өлеңмен сөйлеп қалады да, сол өлең сөзді

тыңдаушылардан ұғып тарататындар болмаса, ақынның өзі айтқан өлең-сөзін есіне сақтауға тырыспайды, қайталап айтпайды. Сондықтан да қазақтың я болмаса басқа елдердің халық ақындарының бір зор тарихи оқиғаға арналған ұзақ желілі жырлары, я ұзақ көлемді айтыстары болмаса, қысқа тақырыпқа арнаған жырларының жүзден тоқсан тоғызы ұмытылып отырады. Арғы ғасырлардың ұмытылған қазақ ақындарын айтпағанда, XIX ғасырда аттары мәлім қазақ ақындарының көбін айтыс жанры арқылы ғана білетіндігіміз осыдан» [3.254].

1846 жылы туып, 1945 жылы дүниеден озған Жамбылдың ғасырлық ғұмырының 85 жылы ақындықпен өткеніне назар аударта отырып, С.Мұқанов оның өмірінің соңғы он жылында ғана жырларын қағазға түсіріп алу ісі жедел қолға алынғанын, осының нәтижесінде қыруар жыр-дастандары халық игілігіне жаратылғанын тілге тиек етеді. С.Мұқанов Жамбыл туралы мақалаларындағы ой-пікірлерін «ауыз әдебиетінің биігі», «халық ақыны», «сөзді өлеңмен сөйлейтін адам» деген анықтама атаумен айқындап отыратынын байқаймыз. Жамбыл мен С.Мұқанов арасындағы қарым-қатынасты жазып отырғанда мына бір дерек ойға орала берді. Негізі, С.Мұқановқа қатысты бұл деректі келтіруші – Есенкелді Жақыпов, оны жазып алған – Герольд Бельгер. Біз енді соған назар аудартайық:

«...Әбден қартайып, тозған Жамбыл бір күні қатты ауырып қалады. Шалды үйтіп-бүйтіп емханаға жеткізеді. Есі кіресілі-шығасылы. Көңілін сұрап Сәбең барады. Барса, шалдың жағдайы өте нашар. Өзер сөйлейді. «Сәбит, – дейді шал, – кетіп барам. Демім таусылды. Сен менің жаназамды шығар». Не істеу керек? Совет заманы. Сәбит болса қызылдың қызылы. Бірақ шал кетіп бара жатыр. Жүзге келген шал Совет өкіметін қайтсын?! Сәбең дереу дәрігер мен медбикені шығарып жіберіп, есікті жауып, Жөкеңнің қасына отыра қалып, аят оқи бастайды ғой. Жөкең тыңдап жатып, жүріп кетіпті...

Міне, ерлік, азаматтық, адамгершілік деп осыны айт. Мұндай Сәбеңді кім білген, кім көрген?! Естелік жазсаң, осындай жұрт естімеген мәлеметтерді көрсетіп, тізіп, адамның рухын көтерер дерек келтір. Солай емес пе? Әлде,

менікі дұрыс емес пе?» – депті Е.Жақыпов [5].

1941–1945 жылдардағы сұрапыл соғыс жылдарында қысқа мерзімдік сапармен туған жерлеріне келіп қайтқан қазақтың қос батыры Мәлік Ғабдуллин мен Бауыржан Момышұлын «Жөкеңнің батасын алыңдар!» – деп Сәбең кезекпе – кезек Жамбылға ертіп барады. Бұл жөнінде Сәбең де жазды, Мәлік пен Бауыржан да өз естеліктерінде тартымды тоқталған. Жөкең қазақтың атақты ақындарын, жазушыларын, батырларын бір көргенде сынап қарап, дәл баға беріп отырғаны да қайран қалдырады.

«Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды... Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты...

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүниежүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес» [6.44] Бұл – қазақтың сөз зергері, классик жазушымыз Ғабит Мүсіреповтің Жамбыл туралы жазылған «Феномен – Феникс» атты мақаласынан алынған үзінді. Онда ұлы жыраудың жүз жыл жасаған ұзақ ғұмырына таңғалудан гөрі, жүз жылдың соңғы он жылындағы бұрқырап көзі ашылған жыр дариясына таңырқау басым. Бұл мақаласында Ғабен Жамбыл Жабаевтың ғұмырбаяндық қырына аз тоқталады, ішкі жан дүниесіндегі ғаламат буырқанудың сырын ашуға ұмтылады: «Жамбыл өмірге жымия қарап, сынап өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ ұшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасаң «Мен бір алжуға айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп өкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың». [7.44]

Кейде ойлайсың, таңырқап отырып та талай сырды ашуға

болады екен-ау деп. Ғабең жазады: «Таңқаларлық бір нәрсе – өзімен тұстас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкеңде ол жоқ. Түн артында Күн барына шектенген емес.» [7.44] Осының бәрін кеңестік дәуірде қайта туған ақынның өзіндік ерекше болмысы деп ұғындырады. 1953 жылы Н.Погодин мен Ө.Тәжібаевтың сценарийі бойынша режиссер Ефим Дзиган «Жамбыл» кинокартинасын түсіреді. Басты рөлде – Шәкен Айманов. Осы фильм туралы Ғабит Мүсірепов талдап рецензия жазады. Кинокартинаның жетістіктерімен қоса, көптеген кемшілік тұстарын бақайшағына дейін шағып, талдайды. Ғабенді толғандырған киноның түсірілуі ғана емес, Жамбыл образының қай деңгейде шыққандығы. Бұл ретте де Ғ.Мүсіреповті халықтық ақынның ғажайып ғұмырнамасы бейжай қалдырмағанын байқаймыз.

Жамбыл ұлы жырау ретінде тұстас замандастарына, әдеби қауымға қаншалықты ұғынықты болды десек те, болмыс-бітімі тұлғалана беретін, зерттеле беретін, жаңа қырларымен таныла беретін күрделі тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Сейфуллин.Көп томдық шығармалар жинағы. Т.6. Алматы, Қазығұрт, –2006.
2. Ж. Жабаев. Таңдамалы шығармалары. Т.2. Алматы. Ғылым. – 1996.
3. Дастан ата. Естеліктер (Құраст. Н.Төреқұлов). Алматы Жазушы. – 1989.
4. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалары. Т.11. Алматы. Жазушы. – 1977.
5. М.Әуезов. Жиырма томдық шығ. жинағы. Т.18. Зерттеулер. – 1985.
6. Г.Бельгер. Жадымдағы жазбалар. Парасат. №2 . – 2003.
7. Ғ.Мүсірепов. Заман және әдебиет. Алматы. Жазушы, – 1982.

2011 ж.

ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ

Қани Тоқсанбаевтың «Орындалған ой-арман» кітабына жазылған алғысөз.

Алматы. Өнер. 2011 ж.

Сексеннің сеңгіріне сергек шығып, өткен өмірін көктей шолып өтіп, «Орындалған ой-арман» деп кітап жазудың өзі бір ғанибет шығар. Кітап авторы Қани Қазиұлы Тоқсанбаев – Қызылжар өңірінің тумасы. Қожаберген жырау, Серіз Сері, Шал ақын, Біржан, Ақан Сері, Мағжан, Сәбит, Ғабит, Сафуан, т.б. әдебиет пен өнер ұсталары шыққан өңірден. Қани Тоқсанбаев жасынан қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларымен жақсы таныс болып, батырлар жырын, ертегілерді, қиссаларды жаттап өссе де, тағдыр соқпағы әдебиетке емес, ауыл шаруашылығына қарай бұрып әкеткен екен. Ауыл шаруашылығы институтын Алматыда бастап, Түменде аяқтаған. Одан соң ұзақ жылдар бойы өртүрлі шаруашылық қызметтерін атқарған.

Алғашында бұл кітаптың қолжазбасымен танысып шықтым да көп ойға қалдым. Негізінен, шежіре, күнделік, өлеңдер, ой-толғаныстар, фото-суреттер, өртүрлі құжаттар қамтылған. Шежіре дегенде, Керейдің Ашамайлы Танашының Шұбарат-Самай бұтағынан таратады. Қызылжар өңірінде тыңға түрен түскен кезеңде де Есілдің екі жағалауында моншақтай тізілген қазақ ауылдары сақталып қалған. Солардың бірі – Жамбыл ауданындағы Жарқын ауылы. Сол елді мекендегі шұбарат-самайлар жөнінде мол деректер бар. Қазақтың ортақ шежіресін жасауда әрбір рудың, әрбір атаның кіші шежіресінің жазылып, жинақталуы да аса маңызды. Мұны, әсіресе, шежірешілер шетін түсінеді.

Әкесі Қазидың бастап қолға алған шежіре тарқату үрдісін Қани ақсақал жарасымды жалғастырған екен. Сондай-ақ мұнда ата-баба, әке-бала, немере, шөбере, т.б. сабақтастығы да сақталған. Кейде мұндай шежірелер бір өулеттің ғана көдесіне жарайтындай көрінуі де мүмкін, дегенмен, өр

әулеттің тарам-тарам бұтақтары қағазға түсіп қатталып, ұрпақ жадында жатталып қалса, соның бәрі ұласа келе, тұтаса келе Қазақтың тұтас Төр шежіресін толықтыруға септігін тигізіп жатса, қанеки.

2009 жылы Қани ақсақал музейге арнайы келіп, маған жолығып, бір сарғайған фотосуретті көрсетті. Фотосуретте – төрт адам. «Мынау – менің әкем Қазы Қошқығұлов, жанындағы – қарындасы Рахима, оның қасында отырғандар – Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов» – деп ол маған көз қиығымен сынап қарап, «Осыдан не түсіндің?» дегендей үнсіз отыр.

– Рахима! Сәбеңнің бірінші әйелі ме?! – деппін таңырқап.

– Иә. Сол Рахима – осы! Сәбеңнен төрт жас кіші екен. Әкем Қазы Қошқығұлов Сәбит Мұқановпен Орынбордың рабфагінде оқып жүргенде танысады. Каникулда үйге ертіп келеді. Сәбит пен Рахима бір-бірін ұнатып қосылған. Арыстан деген тұңғыш ұлдары болған...

– Иә, иә... Бұл жөнінде Сәбең «Өмір мектебінде» жазды ғой! – дедім мен.

Сәбит пен Рахима алғаш рет ауыл сыртындағы алтыбақанда жолығысып, танысады. Жеңгетайлыққа жүрген кісілер де бар, әрине. Болашақ қалыңдығына ұрын барған жігіттің алғашқы сезім-әсері мынадай:

«... әуелі түр-тұлғасын көріп алайын» деп, отырған тұрпатына көз тіктім: шықты салқыннан тоңазуы ма, түнгі күңгірт сәуледен бе, әлде жаратылысы солай ма, қыздың қазақылау біткен дөңгелектеу жүзі, қоңыр қалайы сияқты сүп-сүр; тоңазудан ба, әлде танымайтын, «күйеу болам» деп ойлайтын әлдекім қасына отырудан қымсынуы ма, әлде бет-пердесі жыртылмаған ұялшақ қыз ба денесі дірілдеңкіреген сияқты... киімдері ауылша: басында төбесіне үкі таққан, барқытпен тыстаған дөңгелек құндыз бөрік, сыртында өңірін оқалаған, кең етек, қынама бел пүліш қамзол, оның ішінде көлкіген қос етек жібек көйлек». (С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. 11-том. Өмір мектебі. Алматы. Жазушы, 1977. – 476 б.)

Міне, біз Рахиманың кескін-келбетін Сәбеңнің осы суреттеуі арқылы ғана білетінбіз. Жазушының жеке мұрағатында Рахиманың суреті сақталмаған, музей қорында

жоқ. Енді, күтпеген жағдайда, жиырма жастағы Рахиманың фото-суреттегі дидарын көріп, таң-тамаша болдық.

Бұл кітапта Қани Қазиұлы, әкесінің айтуы бойынша, Сәбит пен Рахима арасындағы тым келте жұбайлық ғұмырдың жадыда қалған суреттерін жаңғыртады. Сәкен, Мағжан, Сәбит, Ғабит және әкесі Қазі туралы сөз сабақтайды. Рахима туралы бұған дейін тек Сәбит Мұқановтың өзі ғана жазған деректерді нақтылайды, толықтырады. Екі жыл ғана тату-тәтті отбасылық ғұмыр кешкен Рахима ауырып қайтыс болады, ұлдары Арыстан да бір жасқа толмай шетінеп кетеді. С. Мұқановтың 1926 жылғы «Сәбидің өліміне» деген өлеңі осыған байланысты туған. Сәбең бұдан соң Мәриям Қожахметқызына үйленеді де, тұңғыш ұлдарының атын тағы да Арыстан қояды. Сәбең Мәрияммен екеуі 47 жыл бірге түтін түтетіп, үбірлі-шүбірлі болып, алты баладан (төрт ұл, екі қыз) көптеген немере, шөбере сүйеді. Сәбит Мұқанов 73 жасында, ал Мәриям апамыз 101 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Қани Тоқсанбаевтың бұл еңбегіндегі тұтас бір әулет тарихына қатысты шежіре-деректер келер ұрпақтары үшін қаншалықты құнды болса, ал қалың алаш оқырмандары үшін үлкен олжа – қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың алғашқы сүйіп қосылған жары Рахима Қошығұлқызының фотосуреттерінің (екеу) тұңғыш жариялануы! Фотосуреттердің көшірме нұсқаларын Қани Қазиұлы Музей кешеніне де тапсырды. Мұражай қорында сақталатын құнды фотосуреттер алдағы уақытта әдеби бөлімнің экспозициясынан да лайықты орын алатыны анық.

Шежіре өз алдына, мұндағы күнделік жазбаларында, ой-толғаныстарында, сан алуан фото-суреттер мен құжаттарда да көп сырлар тұнып тұр. Ормандай орыстың ортасында таласа-тартыса өз мүддесін және ұлт намысын қорғап өскен солтүстіктің қайсар қарағайындай қазақ азаматының түртұлғасы танылады. Өзінің қарапайым да күрделі өмір жолын ұрпағына өнеге әрі аманат етіп жазып отыр.

2011 ж.

ЖАНЫ ЖАЗ АҒА – ӨЗ-АҒА

Мынау тылсым тіршілікте махаббаттың, ерліктің жыршысы атанған әйгілі қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Өзілхан Нұршайықов – мыңдаған, миллиондаған оқырмандарының жүрегіне қапысыз жол тапқан, лирикалық прозаның ұлттық әдебиетіміздегі көрнекті өкілдерінің бірі болып қалды. Өзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық, мол жылдар» романын мектеп қабырғасынан түлеп ұшар қарсаңда, 1971–1972 жылдары, қолдан қолға тигізбей қызыға да құныға оқығанымыз есімде. Біздің де алдымызда белгісіз әлем – студенттік өмір күтіп тұрғанын іштей сезінгендіктен бе екен, әйтеуір, Алматыға жеткенше, университет табалдырығынан аттағанша, алып-ұшып арман жетегінде жүрдік. Өз-ағаның шығармасы бізді керемет қанаттандырды, қатардағы кейіпкерлері арқылы достық пен махаббат әлеміндегі адалдыққа, кіршіксіз тазалыққа шақыратыны ұнады. Сөйтсек, бұл тек біздің ғана емес, бізден басқалардың да – алдыңғы, орта, кейінгі буынның да көңіл төрінен орын алған туынды екен. Арада біраз жылдар өткен соң «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы оның даңқына тағы да даңқ қосты.

2000 жылы мен Алматыдағы Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешеніне басшылық қызметке келдім. Осы жылдардан бастап Өз-ағамен арамызда кездесудің, жүздесудің, әңгімелесудің сәті жиі түсіп тұратын болды. Оның бір себебі – қазақ әдебиетінің классиктері, әдебиет алыптары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің музей кешенінде өтіп жататын әртүрлі әдеби кештерге, кездесулерге ең бір сыйлап, құрметтеп шақыратын жазушымыз Өзілхан Нұршайықов еді. Өз-аға әрқашан да біздің шақыруларымызға дайындықпен келетін. Өзінің жеке мұрағатында сақталған Сөбеңе, Ғабеңе қатысты құнды деректерді қайтадан тірілтіп, тыңдаушыларына (зиялы қауым өкілдері, оқушылар, студенттер, т.б.) көл-көсір сыр шертетін еді. Көбінесе сөйлейтін сөзін қағазға түсіріп,

кейде қысқаша тезис түрінде ой оралымдарын жинақтап, жүйелеп алып келетін. Өз-аға сондай бір кездесудегі жазбасының көшірмесін маған қалдырып еді. Содан үзінді келтірсем, сөзімнің дәлелі болатын сияқты. Өз-аға былай деп жазыпты: «Биылғы (2004ж. Ө.Қ.) 15 октябрьде Сәкен Сейфуллиннің туғанына 110 жыл толады. Соған байланысты бүгін С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мұражайында «Сәкен мен Сәбит оқулары» өткізілмек екен. Сағат бесте басталмақ. Мұражай директоры Әділғазы Қайырбеков соған қатысуымды сұрап, таңертең телефон соқты. Алдыңғы күні, Марфуғаның тойынан қайтқанымызда, Тұрсынбек те соны айтып, «қалайда келіңіз» деген болатын.

Мұражай директорына барайын дедім.

– Сіз Сәбит Мұқанов туралы естелік айтасыз. Сіздің алдыңызда Мәриям апай Мұқанова (Сәбит Мұқановтың бәйбішесі) Сәкен туралы естелік айтады.

– Жарайды, Әділғазы.

Түскі астан кейін үстел басына отырдым. Мұндай жиындарда мен бұрын жазып сөйлейтін едім. Бұл жолы уақыт тығыз, жазып үлгере алмаймын. Сондықтан не айтарымды пункттеп, қағазға түсіруге кірістім.

Сәбит Мұқанов мұражайында сөйлейтін сөзімнің жобасы:

1. Сәбиттің «қара қазандай» шляпасы туралы төбелес. Мұрын қанауы.

2. Сәбиттің сәлемі: «Пионер» журналынан келген хат, онда журналдың жауапты секретары Т.Әбдірахмановтың: Сенің «Бір» деген өлеңің журналда басылады. Сәбит Мұқанов мақтады. Саған сәлем айтты» деген хабары. Менің қуанышым. («Бір» өлеңін жатқа айтып беруім керек).

3. Сәбит Мұқановтың үйінде қонақ болуымыз (1944). «СҚ»-ға шыққан «Делегация келді» деген хабар, үш сержанттың суреті. (Екеуінің де фото-көшірмесін жұртқа көрсету керек).

4. Менің майданнан Сәбеңе жазған хатым («Сәлем саған майданнан, Қазақстан» кітабы, 1975, 371-373 беттер). (Ол хатты оқып беріп, кітабын жұртқа көрсету керек).

5. Сәбең үйінен қонағасы жеп, қонақ үйге қайтарымызда, Мәриям апайдың айтуымен, алақанын жайып, бізге батасын берген. Маған өзінің «Сұлушаш» поэмасын сыйлаған.

6,7,8. Жоғарыда Сәбеңе жазған хатымда айтылған Төкен

туралы бір ауыз сөз айта кетейін.

9. 1953 жылы Павлодарға облыстық газеттің редакторы болып бардым. Мен газеттің тілін жақсартып, авторлар аумағын кеңейтуге тырыстым. Алдымен Алматыдағы Сәбит Мұқановқа хат жаздым. Газетімізге не бір өңгіме, не бір очерк жіберуін өтіндім. Романның үзінді берсеңіз де басамын, – дедім. Алматыда тұратын басқа да бірсыпыра ақын, жазушыларға осындай тілек білдірдім. Ең алдымен Сәбеңнен жауап алдым. Қысқаша хат жазып, «Украина даласында» деген 30 беттік ұзақ очеркін жіберіпті. Қуанышымызда шек болмады. Газетіміз «Қызыл тудың» бес нөміріне бөліп бастық. Газеттің беделі көтерілді. Оқырмандар телефон соғып: «Сәбиттің енді қандай шығармасын, қашан басасыздар?» – деп дамылсыз сұрайтын болды.

10. 1960 жылы Сәбеңнің 60 жылдығы өтті. Оған мен де атсалыстым. Ол жазғаным менің «Екі естелік» кітабыма кірді. Мерейтойы өткеннен кейін Сәбең маған мынандай автограф жазып, «Өсу жолдарымыз» деген кітабын жіберді (кітапты жұртқа көрсетіп, автографты тұтас оқып беремін.)

11. Сәбит Мұқанов туралы өз ойларым.

Менің бұл кеште айтайын дегенім осы. Көп сөйлегенім үшін кешірім сұраймын. (28.05.) Өз.Нұршайықов».

Наурыз, сәуір айларында өткізіліп тұратын дәстүрлі «Ғабит оқуларын» 2010 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 65 жылдығымен орайластырған едік. Майдангер-жазушы Әзілхан Нұршайықовты арнайы шақырып, өңгіме тыңдадық. Өз-аға ерекше шабытпен, қанаттанып, Ғабең мұражай-үйінің кең де жарық залында жиналған тыңдаушыларына – ғалымдар, ақын-жазушылар, оқытушы-мұғалімдер, студенттер, т.б. – бір жарым сағаттан аса уақыт бойы тік түреге тұрып сыр шерткен еді. Бұл 88 жастағы ардагер жазушының, ардақты қарияның біздің мұражай кешеніндегі соңғы кездесуі екен ғой. Кеш өте әсерлі болып, жиналған қауым зор ризашылықпен тарағандығын.

Өз-ағаның үйінде алғаш болғанымда мені бір қайран қалдырғаны: жұмыс кабинетіндегі кітаптардың көптігі емес, сол кітаптарды қалқалап жауып тұрған үлкенді-кішілі фотосуреттердің көптігі. Әсіресе майдангерлердің,

соғыста қан кеше жүріп кейбірі мәңгілік қайтпас сапарға кеткен, Отан қорғау жолында шейіт болған жауынгерлердің сарғайған суреттері көп-ақ. «Менің кабинетімдегі жазу үстелімнің арт жағындағы кітап шкафтарының кенересінде әскери адамдардың сарғайған суреттері тұр. Олар кімдер? Ұлы Отан соғысы кезінде мен қызмет еткен 100-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері...» деп жазыпты ол қойын дәптеріне.

Өзінің майдан жазбаларында, күнделіктерінде, естеліктерінде Өз-ағаның фотобейнелерді барынша нақты беруге тырысатынының бір сыры осы жинақылық пен ұқыптылықта жатқандай еді.

Өз-ағаң әрдайым қолына фотоаппарат ұстап жүріп өзінің болашақ шығармаларының кейіпкерлерімен кездесетін журналист-жазушылардың қатарынан болды. Әуестікпен басталған осы бір фотосуретке құмарлық кейін әдетке, дағдыға, тіпті, шығармашылығының ажырамас бір бөлігіне айналып кеткендей, сірә.

Мұражай кешеніндегі әртүрлі кездесу кештеріне шақырғанымызда Өз-ағаң фотосуретке түсетін сәтке ерекше мән беретін. Бірде сондай кездесулердің соңында Сәбеңнің жары – Мәриям апайды қолтықтап, суретке түсуге шақырды. Мәриям апай мен Өз-ағаңды ортаға алып тұра қалдық. Немересі Динаның қолында фотоаппарат жүрген, енді соған арнайы суретке түсірткізді. Арада бірнеше күн өткенде Дина әлгі түсірген фотокадрлердің бірнешеуін шығарып, музейге әкеліп берді. Мәриям апай да риза болды. Өз-ағаңның осы бір ұқыптылығы, фотобейнелерді өзінің өңгіме, очерктерінде шебер пайдаланатыны қаламгерлердің қай-қайсысына да үлкен өнеге.

Өз-ағаның 85 жасқа толу мерейтойы аталып өтілгенде мен арнау өлең жазып, жұртшылық алдында оқып бергенмін, өзіне ілтипатпен тапсырғанмын. Өлең мынадай еді:

Кемелдік тауып, кеңдік те,
Елдікке үндеп, теңдікке,
Өрдіңіз сөзбен мұнара,
Махаббат пенен Ерлікке!

Тынбастан шарлап даланы,
Тынығып қана шамалы,
Сөзбенен емдеп жаздыңыз
Соғыстан қалған жараны.

Өтеді уақыт, сырғиды,
Ұшады бастан қырғи күн.
Сіз жазған әрбір шығарма
Жүрекке шуақ, нұр құйды.

Асудан асу астыңыз,
Жалғандық десе қаштыңыз.
Бауыржан батыр бейнесін
Аңызға орап аштыңыз.

Еңбекпен екпін еселеп,
Қажыған жоқсыз десе де.
Халима апай басына
Қойдыңыз аппақ кесене.

Жайдары, жаны жаз аға,
Тұныққа іңкөр, тазаға.
Махаббат жырын толғаңыз,
Азаттық жырын толғаңыз,
Аман болыңыз, Өз-Аға!

Асыл ағаның соңында қалған мол мұрасы келер ұрпақтың игілігіне жарай беретіні сөзсіз. Өмірде қарапайым, өнерде қанатты жан еді Ол.

2011 ж.

«ҒАБЕҢНІҢ АЛҒАШҚЫ ТУЫҢДЫСЫНА БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН БАТА БЕРГЕН»

дейді ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Алматыдағы С.Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің директоры Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ.

– Әділғазы Жақсылықұлы, өзіңіз басшылық жасап отырған Ғ. Мүсіреповтің мұражай-үйі қашан, қай жылы ашылған еді?

–Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің 1968-1985 жылдары өзі тұрған үйінде дүниеден озғаннан кейін мұражай ашу ісі қолға алынған болатын. Сол бастамамен мұражай-пәтер 1991 жылы Орталық мұражайдың бір бөлімі ретінде ашылды. Ал 1999 жылы Алматыдағы Сәбит Мұқановтың мұражай-үйі мен Ғабит Мүсіреповтің мұражай-үйі әкімшілік басқару жағынан біріктіріліп, мұражай кешені аталды. Бірақ тұрған үйлері сол қалпында екі бөлек тұр. Бұл үйде Ғабен ұзақ жылдар бойы, өмірінің соңына дейін тұрды. Мұражай ашылғанда Ғабен тұрған үйдің кей бөлмелері бұрынғы қалпында сақталған болатын. Екі бөлмесі – мемориалдық бөлім деп аталады. Енді бірі – әдеби бөлім. Оның экспозициясы жаңартылып тұрады. Мұражайда төрт мыңнан астам жәдігер бар. Салыстырмалы түрде қарағанда, Сәбеңнің мұражайында сегіз мыңнан астам жәдігер бар. Оның себебі, Ғабен мұрағат сақтау, өзінің жазған-сызғандарын жинап-теруге үнемі көңіл бөліп отырмаған. Ғабеннің шығармаларын қайта бастыру, оның текстологиясын жасау, жылдар бойынша реттеу, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап газет-журналдарда басылып жатқан мақалаларын жинастыру мәселесінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет істеген, профессор Әбділхамит Нарымбетов көп еңбек сіңірген. Сол кісінің арқасында Ғабеннің әр жылдарда жарық көрген

еңбектері сақталып, жиналып қалды. Жазушылардың көбінде үлкен кітапхана болса, Ғабең шағын ғана кітапхана ұстаған. Керек кітаптарын пайдаланып болғаннан кейін, жергілікті немесе ауылындағы кітапханаларға жіберіп отырған. Мұражайдағы әдеби бөлімде жазушының бүкіл өмірі, кесек-кесек туындыларының туу тарихы баяндалады. Ғабең 1902 жылы Қызылжар өңіріндегі Жаңажол деген ауылда дүниеге келген. Ол ауылды Ғабит ауылы деп те атайды. Онда да шағын мұражай бар. Ал біздің мұражайдың негізгі тірегі – мектеп оқушылары мен студент жастар, қала қонақтары. Өйткені екі алыптың да өмірбаяны мен еңбектері мектеп бағдарламасына енгізілген. Кейбір мектептерге өзіміз барамыз, кездесулер, әдеби кештер, ашық сабақтар өткіземіз.

– **Мұражайда тарихы қызық қандай жәдігерлер бар?**

– Ғабеңнің жазудан қолы қалт еткен кезде айналысатын ермегі (хоббиі) де болған. Ол – таяқ жону. Ғабең өзінің барған жерінде әдемі ағаштың бұтағын көрсе, соны кестіріп алып келіп, одан әдемі таяқ жонып, біраз таяқтар жинаған. Солардың бірнешеуі экспозицияда тұр. Кейбірін Жаңажолдағы мұражайға жібердік. Негізі Ғабең әртүрлі сыйлық заттарды көп жинаған. Оның ішінде оттық, портцигар, автоқалам, қарындаш сияқты заттар да кездеседі. Оларды біраз уақыт қызықтағаннан кейін жақсы көретін інілеріне сыйға таратып жіберіп отырған. Таяқтарын да кей адамдарға сыйлаған. Жұрт көңілін аударатын тағы бір жәдігер – Ғабеңнің 70 жылдығына өзінің құрдасы, досы, жазушы Ғабиден Мұстафин сыйлаған орындық-таяқ. Өзінің екі құлақшасы бар, құлақшаларын жазған кезде орындық ретінде отыруға болады. Құлақшаларын біріктіргенде қолға ұстайтын таяқ болады. Таяқтың тағы бір ерекшелігі, онда құрдасының жазған өзіл сөзі де бар.

– **Таяқта не жазылған еді?**

– Онда «Іші кепкен, тоқалы тепкен, жетпістегі сылаң шалға сыйладым. Таяқ – үшінші аяқ. Ғабиден.» деп жазылған. Құрдастардың қалжыңы ғой. Мұражайға келген адамдар таяққа аса үлкен қызығушылықпен қарап, жазуын оқып күлісіп жатады. Әрі мен ондай таяқты басқа жерден көрген емеспін. Мұстафиннің арнайы жасатқаны екен. Мұражайға

келген адамдардың көбі Ғабеңнің қолжазбаларын сұрайды. Ертеде жазылған шығармаларының қолжазбалары мүлде сақталмаған. Тағы бір ерекшелігі, Ғабең туындыларының барлығын төте жазумен жазған. Соңғы жазған «Жат қолында» деген романының қолжазбасы қолымызда. Ғабеңнің жазудан тыс кезде үйірсек болған тағы бір ісі – бильярд ойнау болатын. Қазіргі күні өздеріңізге де белгілі, жыл сайын бильярдтан Ғ.Мүсірепов атындағы республикалық байқау өтіп тұрады. Ғабеңнің бильярд ойнаған кезінен қалған бір белгі – кийі (бильярд таяқшасы) мұражайымызда тұр.

– Жазушы мұражайынан тағы бір көзім түскен дүние – биік жазу үстелі болды...

– Ол үстелді Ғабең өмірінің соңына қарай тапсырыспен жасатқан. Үнемі отырғаннан шаршайтын болуы керек, бір уақыт түрегеп тұрып та жазған. Кітап оқығанда да жаңағы үстелге сүйеніп тұрып оқыған. Сондай мақсатпен жасатқан, тұрған адамның кеудесінен келетін биік үстел тұр. Бұл да Ғабеңнің бір ерекшелігі. Мұндай үстел басқа жазушыларда жоқ.

– **Ғабит Мүсіреповтің киімдеріне қатысты түрлі аңыз көп. Әсіресе кейінгі жазушылар ол туралы «Біз аптаның қай күні екенін Ғабеңнің киіп келген костюміне қарап ажыратушы ек» дегенді айтады. Мұражайда жазушының қандай киімдері сақталған?**

– Сырт киімдері, костюмдері, жейделері мен галстуктері бар. Бас киімдерінен бастап туфлине дейін сақталған. Мұражай қорындағы киімдерге қарап-ақ Ғабеңнің өте сәнді киінгенін байқауға болады. Тазалыққа жаны құмар жан болған. Оның бір себебі өзінің талғампаздығы болса, екінші бір себебі, Ғабеңнің таза, ұқыпты киініп жүруіне әйелі Хұсни өте үлкен мән берген. Сәбеңнің бәйбішесі Мәриям апайдың: «Мен өмірімде Хұсни сияқты күйеуінің шалбарын өтірмен үтіктеген адамды көрмедім» дегені бар. Шалбардың қырын шығару үшін көп адам су сеуіп үтіктесе, Хұсни апамыз өтірмен үтіктейді екен...

Тағы бір қызық нәрсе, ол кісі барлық шығармаларын қарындашпен жазған. Жазу үстелінің үстінде бір бума қарындаш пен бірнеше өшіргіш тұрған. Ол кісиде

шығарманың бірінші, екінші, үшінші нұсқасы деген болмаған. Тек бір ғана түпнұсқа бар. Жазып отырған уақытында мәтінді өзгерткісі келсе, өшіргішпен өшіріп, ары қарай маржандай жазуымен тізіп кете берген. Оны біз «Жат қолынданың» қолжазбасынан-ақ байқаймыз. Бір сөз, тіпті бір әріп сызылмаған. Тап-таза, маржандай қалпы. Жазу кезіндегі тазалыққа да сондай мән бергенін көреміз.

– Ғабеңнің жазудан өзге уақытта айналысқан қандай сүйікті ісі болды?

– Жоғарыда билярд ойнап, таяқ жонғанды жақсы көретінін айттым. Одан бөлек Ғабеңнің аңшылыққа ерекше құмар болғанын айтуға болады. Семейлік жазушы Медеу Сәрсекеге сыйлаған мылтығы мұражайымызда сақтаулы. Ол кісінің аңшылығы соншалықты берілген аңшылық емес, шығармашылық адамының бірнеше күн бас көтермей жазудан кейінгі бой сергітуі сияқты деп ойлаймын. Аңшылыққа шығудың өзі бірге шыққан адамдардың жан дүниелерін ақтарып сырласуы, таза ауада жүріп қайтуы, табиғатпен қауышуы сияқты.

– Ғабит Мүсірепов бірнеше рет шаңырақ көтерген екен. Осы туралы айтып беріңізші. Жұбайларынан қанша баласы болды?

– Ғабеңнің немере інісі Екпін Махмұдовтың жазуына қарағанда, 1921 жылдың тамызы мен 1922 мамыры аралығында, тоғыз ай, Ғабит Таузар болысының военкомы болып тұрады. Осы қызметте жүргенде ол Сәпі дейтін байдың Қаншайым атты жас келінін алып қашып, үйленеді. Қаншайым Көшебе Аңдамас деген байдың қызы екен. Бір жарым жылдай, Орынборға оқуға кеткенше бірге түтін түтеткен. Одан бала болмаған. Бұл туралы С. Мұқанов «Өмір мектебінде» жазған. Сонда алғашқы жұбайы – Қаншайым болады. Екінші жұбайы Хүсни апамыздан Энгелина (Ғалия), Роза, Райхан, Ақмарал атты қыздары дүниеге келген екен. Энгелина атты қызы Сәбит Мұқановтың үлкен ұлы Арыстанға тұрмысқа шыққан. Екі алып та Қызылжар өңірінде, бір Есілдің бойында туып-өсті, одан кейінгі өмірлерінде құдандалық байланыс орнатты. Ғабеңде ұл болмады. Арыстан мен Энгелинаның тұңғыштары Бақытжан дүниеге келіп, екі атасының көз қуанышына айналды. Ол

көрікті жігіт болып өседі. Әскерден келгенінде әскери киімін шешпеген күйі екі атасына кезек сәлем беріпті. Сонда Ғабең Бақытжанды ертіп алып, жақын маңдағы фотостудияға барып, бірге фотоға түсіп, Сәбеңнің алдын орап кетіпті. Кейін қырықтан аса бергенінде Бақытжан да қайтыс болып кетті. Ұзақ жылдар бойы Ғабең отбасында жылылықты ұстап отырған, оның жазуына жағдай жасаған, дастарханы мол Хүсни апамыз. Ол кісі қайтыс болғаннан кейін Ғабең актриса Раиса Мұхамедияроваға үйленді. Одан Гауһар, Гүлнар деген екі қыз бар. Олар әкелерінің мұражайымен тығыз байланыста. Қандай да бір мәдени шаралар өткізер кезде екеуін шақырып аламыз, ақылдасамыз. Энгелина апамыз Ғабеңнің 100 жылдық тойына қатысты, өзі басы-қасында жүрді. Қазір ол кісі де өмірден өткен. Ғабеңнің ғұмырының соңына қарай дәм-тұзы жарасқан жары – Ғазиза. Бұрын тұрмыс құрмаған, егде тартқан жан.

– Ал жазушының өзі отбасында неше ағайынды болған?

– Жұрт Ғабеңнің туысқандарын жиі сұрайды. Ғабеңнің әкесі Махмұт деген кісі 1936 жылы дүниеден өткен. Ал анасы Дина 80 жас ғұмыр кешкен. Ғабеңнің Хамит, Сәбит деген ағалары, Баязит, Қажым, Әшім деген інілері, Гүлсім деген жалғыз қарындасы болған. Олардың көзі жоқ болғанымен, олардан тараған ұрпақ бар. Көбісі елде, Қызылжарда, Алматыда тұрады. Ғабеңнің балалық шағы аласапыран кезге тап келді ғой. Мұражайда Ғабеңнің жастық шағынан бір сурет қана сақталған. Бұл Ғабеңнің Бурабай орман шаруашылығы техникумында оқытушы болып жүрген кезі. Сол тұста атқа мініп тұрған Ғабеңнің суреті. Бұл – 1927 жыл. Одан бұрынғы кезінен ешқандай фотосурет жоқ. Әрі бұл 1927 жылдың тағы бір ерекше сипаты бар. Осы жылы Ғабең «Тулаған толқында» атты алғашқы туындысын дүниеге әкелген. Ол қабырға газетіне жарияланады да, оны Бейімбет Майлин оқып қалып, ұнатады. Солай Ғабеңнің алғашқы туындысы Бейімбет Майлиннің батасын алған. Оның кейін баспасөз бетінде жарық көруіне де Бейімбеттің ықпалы болған.

– **Ғ.Мүсіреповтің «Бейімбет жау болса, мен де жаумын!» дейтіні қай кез еді?**

– Ғабеңнің өз өмірінде жасаған бірнеше ерлігі бар.

Соның біреуі – 1932 жылғы аштық кезінде орын алған оқиға. Ол жылдары аштықтан қаншама адам қырылды, қаншамасы босып, шетелге кетті. Міне, осы кезде Ғабит Мүсірепов Халық ағарту комиссариаты өнер бөлімінің сектор меңгерушісі болып қызмет істеп жүр еді. Ол кісіні экспедициямен солтүстік өңірлерді аралауға жібереді. Көзбен көрген жағдайдан шошып келген Ғабең «мұны бұлай қалдыруға болмайды» деген оймен өзі бастап, Ғатаулин, Даулетқалиев, Алтынбеков, Қуанышев – бесеуі бірігіп Голощекинге хат жазады. Ол – тарихи хат. Ел ішіндегі алапат аштықты нақты деректермен көрсетеді. Ол уақытта сондай мазмұндағы хат жазу басын бөйгеге тігумен бірдей еді. Партияның саясатында «осындай қайшылықтар бар» деп айту оңай емес болатын. Бірақ бесеуі бастарын бөйгеге тігіп тұрып, осындай ерлікке барды. Соған қарамастан Ғабең «Біз солай істеген едік» деп айқайлап айтып көрген адам емес. Уақыт өзі екшеді, кейін Алматыдағы партия тарихы институтының мұрағатынан бұл хат та табылды. Орысша жазылған ол хатты қазақшалап экспозицияға қойдық. Кейін Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмалық шығармасы дүниеге келді. Театрда Р.Сейтметов қойған спектакль талай жылдар бойы көрермендер назарында болды. Ғабеңнің тағы бір ерекше көрінген тұсы Бейімбеттің айыпталып, партия жиналысына салынған кезі. Онда Ғабең Бейімбеттің жау еместігін айта келіп, «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген. Бұл туралы қазақ зиялылары талай рет тілге тиек етіп келеді.

– Сондай сөз айтып тұрып репрессияға ұшырамай қалғанында не сыр бар?

– Маған Сәбең, Ғабеңдерді қазақ прозасын алға сүйресін деп Алланың өзі қорғап қалғандай көрінеді. Әйтпесе, оларға да оңай болған жоқ. Сәбең де, Ғабең де партиядан шығарылды. Қуғындалды. Атылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Аман қалғандарына қуануымыз керек.

– Ғабит Мүсіреповтің жазу шеберлігіндегі өзге жазушылардан ерекшелігі туралы айтыңызшы...

– Ғабең – өте талғампаз жазушы. Сөзге үлкен мән берген. «Тулаған толқында» кітап болып жарық көрерде оған Сәбит Мұқанов редактор болған екен. Кей жеріне қалам

тигізіп, қысқартулар, өзгертулер жасайды. Бұл туралы Ғ.Мүсіреповтің Сәбит Мұқановқа 1928 жылы жазған хаты сақталған. Хатта Ғабең «Мен жазып, айтып отырған дүниемнің барлығы айқын, түсінікті болып тұрғанын қаламаймын. Айтып отырған нәрсемнің тұспалы болып, ол ең соңында ғана бір-ақ ашылғанын құп көремін. Гогольдің стилін жақсы көремін» деген мағынада уәж айтады. Алғашқы шығармасы туралы ұстанған осы көзқарасын Ғабең өмір бойы сақтап өтті. Расымен де ол кісінің шығармасын оқып отырып, терең астарына қызығасың. Өзі айтқан «Сөзге сөз көлеңкесін түсірмеу керек. Бір сөз бір сөзге жарығын түсіріп, содан керемет шұғыла шашып тұру керек» деген қағиданы ұстанғанын көресің. Ғабең шығармаларын ләзаттанып, сүйсініп оқисың. Ондағы жеңіл юмор, әзіл, әсіресе этнографиялық, автобиографиялық әңгімелерінде байқалады. Ғабеңді көптеген зерттеушілер зерттеді. Одан кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Бірақ соған қарамастан біз үшін Ғабең өлі шығармашылық құпиясын ішке бүккен жазушылардың бірі болып қала береді. Өйткені, оның қысқа ғана әңгімесін оқып шыққаннан кейінгі алатын көл-көсір әсердің сыры қайда жатқандығы, осыншама табиғилығы, адамға мол әсер сыйлайтындығы – жазушының үлкен шығармашылық шеберлігінің айғағы.

– Жазушының қай шығармасы өз өмірінен алынған?

– Жазушы қай шығармасында да өзін, өзінің көзқарасын жазады ғой. Ғабең өз өмірін «Автобиографиялық әңгімесінде» біршама нақтырақ көрсеткен. Сонда наурыздың 22-сінде дүниеге келгенін, оның ескі жаңа жыл екенін тілге тиек етеді. Ғабеңнің «Ұлпаны» да өз өміріне қатыстыдай көрінеді. Ғабең мен Раисаның арасындағы жас айырмашылық тура Есней мен Ұлпанның арасындағыдай еді. Кеңес өкіметі орнамай тұрған дәуірде бірнеше әйел алу, әсіресе бай, ауқатты адамдар үшін онша таңсық болмаған шаруа. Қазақ дәстүрінде, өмір-салтында бар нәрсе. Бірақ олардың арасында адамның ақылды әйелмен атағы шығуы сирек кездескен. Есней мен Ұлпанның арасындағы отбасылық жағдайдан үлкен әлеуметтік мәселені шығару, Ұлпанның қайраткерлігін көрсету, Еснейге лайықтылығын көрсету оңай шаруа емес. Бірақ Ғабең сол міндетті алып шықты.

«Ұлпанға» дейін Ғабең бірнеше әйелдің образын жасады. Ол жалпы, ана, әйел тақырыбына көп барған жазушы.

– Ғабеңнің ана, әйел тақырыбын көп жазушының қандай да бір себебі бар ма?

– Нақты себебі бар деп айту қиын. Бірақ Ғабеңнің өзі өмірде әдемілікке, сұлулыққа құштар жан болды. Ол сұлулықты әйелден іздеді. Өзінің «әйел саған тура қараған кезде, ешқайда бұрылмай соған қарай жүре бергің келеді» деген сөзі де бар. Әйел туралы жазуға деген құштарлық Ғабеңде ертеден қалыптасқан. Және сол тақырыпты жан-жақты ашуға тырысқан. Бұл тақырыптың соңын «Ұлпанмен» аяқтауы оның шығармашылық жолындағы жетістігі деп білемін. Өзі ол туралы «Ұлпан – менің Моно Лизам» дейді. Осы бір сөзбен-ақ ол өзінің Ұлпан образына деген махаббатын көрсетіп тұр. Кинорежиссер Сергей Азимов Ғабең өмірінен «Классиктің кеш оянған махаббаты» деп аталатын шағын деректі фильм түсірді. Осында Ғабең мен Раисаның арасындағы ғажап махаббат керемет ашылған. Ұлы адамның ұлы махаббаты! Кейде мұражайға келген мұғалімдерге осы фильмді көрсетеміз. Олардың көздеріне жас алғандарын көреміз...

– Жоғарыда жазушының алғашқы туындысын айттыңыз. Ал соңғы шығармасы қайсысы еді?

– Ол – «Жат қолында». Бұл туынды «Оянған өлкенің» жалғасы ретінде жазылды. «Оянған өлке» – жазушылық ортада үлкен резонанс тудырған, Ғабеңнің қаламгерлік қуатын, шығармашылық әлеуетін айқындаған туынды. Жұрт оның жалғасын ұзақ уақыт күтті. Ғабең де кешіктіріп, 1984 жылы жарыққа шығарды.

– Аға, соңғы уақытта Махамбетті қызылбас, Әуезовті арабқа телитіндер көбейді. Мүсіреповтің тегін түрікмен деп жүргендер де бар. Бұл қаншалықты рас сөз?

– Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінде» айтылған түрікмен ауылы туралы бір ауыз сөзден кейін жұрт ұзақ уақыт солай атап жүрді. «Ұлпанда» да екі Мүсіреп бар, бірі – түрікмен. «Бұл Мүсіреп қайдан келді?» деген сауалдарға Ғабеңнің Хамит деген ағасының баласы Екпін жауап берген болатын. Ол жазушының ата-тегінің шежіресін жазды. Сонау шапқыншылық заманында бір түрікмен жігіті қолға

түседі. Ол қазақ қызына үйленеді. Сол түрікменнің бой жеткен қызына Ғабеңнің аталарының бірі үйленеді. Екпін шежірені жазғанда Ғабең де осы нұсқаны мақұлдаған. «Мүсіреповтің тегі түрікмен екен» деген әңгімеге байқап қарау керек. Өйткені, Ғабеңнің өз өмірбаянын өзінен артық ешкім білмейді. Ал Ғабеңнің ағаларының барлығы Махмұтов болып жазылғанын, тек Ғабеңнің Мүсірепов болғанының себебі мынада екен. Ол туралы жазушы: «Мектепке барғанымда «Фамилияң кім?» деп сұрады. Оған түсінбедім. «Атаң кім?» деп сұрағанда, әкемді айтпай, атамның атын айтып жібердім» деп жауап берген екен. Ғабеңнің фамилиясы солай Мүсірепов болып кете барған.

– Алдымыздағы жылы Ғабеңнің 110 жылдығы келе жатыр екен. Мерейтой қарсаңында қандай да бір шаралар қолға алынып жатыр ма?

– Ғабеңнің 100 жылдығы кезінде де, одан кейін де атқарылып жатқан шаралар өте көп. Мысалы, қазір Солтүстік Қазақстан облысында Ғ.Мүсірепов атында аудан бар. Қызылжардың өзінде жазушының атында кітапхана бар. Алматыда балалар мен жасөспірімдер театры Ғабеңнің атында. Былайша айтқанда, Ғабең халықтың құрметі, ықыласы жақсы. Есімін ұлықтауда біраз шаруалар істелді. 110 жылдық мерейтой үкіметтің қаулысымен аталып өтілмейді. Бірақ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Серік Біләловтің қолдауымен Сәбеңнің 110 жылдығы былтыр, 2010 жылы, аталып өтілді. Бұл жолы да Ғабеңнің туған жері шет қалмас. Ал біз дәстүрлі «Ғабит оқуларын» 110 жылдықпен орайластырамыз. Ғабең деген халықтың ықыласы ерекше ғой. Ақындар қаламынан туған арнау өлеңдер де аз емес. «Кәдімгі Сәбең» атты арнау өлеңдер жинағын шығарғанбыз. Енді Ғабең арналған өлеңдерді де жинақтап, дайындап отырмыз. 110 жылдық кезінде кітапты жарыққа шығарып, тұсаукесерін жасасақ деген ойымыз бар. Мұражайда өзге де мәдени шаралар атқарылмақ.

Сұхбаттасқан Марфуға ШАПИЯН,
2011 ж.

ӨЗАҒАҢНЫҢ ӨНЕГЕСІ

1978 жылдың күз айлары еді. Алматыдағы Сәбит Мұқановтың музей-үйіне қызметке алындым. ҚазМУ-ден ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішевтің «жолдамасымен» бірнеше шәкірттері музейге бірі келіп, бірі кетіп жатқан кез. Мен музейге келгенде нағыз қарбаластың үстінен түстім. Қараша айының 21-інде музей ашылуы керек. Бұған дейінгі жүргізілген жұмыстарды тиянақтайтын, экспозицияны жасақтауды аяқтайтын ең жауапты сәт.

Суретші-дизайнерлер мұрындарынан шаншылып жүр. Жұмыс таңертең ерте басталып, түннің бір уағына дейін созылады екен. Күнде кешкісін, сағат 18:00-ден кейін, музейге Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков келеді. Күні бойғы істелген жұмысты бастан-аяқ өзі тексереді: «Мына суретті салған кім?...» – «Ауыстыр!»; «Мына фотоны қайдан таптыңдар?» – «Ауыстыр!»; «Мына мәтінді кім жазды?...» Кеше ғана университет қабырғасынан шыққан, музей жасақтау ісінен мүлде бейхабар, әлі шіпшикі жас мамандар – Жанат пен маған қарап жауап күтті. Көзіміз жыпылықтап біз тұрмыз. Бір кезде мені өзіне шақырды. «Мына мәтінді қайта жазып, мынадай-мынадай мағынада толықтырып, ертең таңғы сағат 9:00-да менің жұмысыма әкелесің!» – деді. Бұйырып айтты.

Содан түннің бір уағында дейін отырып, әлгі мәтінді екі нұсқада екі параққа толтырып дайындадым. Ойым – бөлкім, министрдің орынбасары біреуін ұнатпаса, екіншісін ұнатар дегенге саяды. Не керек, ертеңінде бұрын табалдырығын аттамаған Мәдениет министрлігіне сағат 9-да жетіп бардым. Өзағаң менің жазған мәтіндеріме ойлана көз жүгіртіп шықты да, «жұмысыңа бара бер!» деді. «Неге дұрыс, бұрысын айтпады?» деп екіұдай күйде қайттым. Кешкісін, әдеттегідей, жұмыс аяғында Өзағаң музейге келді. Қолтығындағы папкісінен үш парақ қағазды алды да біреуін суретші жігіттердің біріне ұстатты: «Осы мәтінді жазасың!» деді. Ал енді қолындағы анау әбден шимайланған, сызылған,

өңделген мәтіні бар екі парақ – менікі еді. Бір ауыз сөз айтқан жоқ. Өзіме қайтарды. Соңынан салыстырып қарасам: ол әлгі мен дайындаған мәтіннің екі нұсқасын да пайдалана отырып, үшінші нұсқасын өзірлепті! Қайта жазып шығыпты! Ал, керек болса!..

Республика Мәдениет министрінің орынбасары музейдегі әрбір жәдігерлікке, оның әрбір мәтініне осыншалықты жанашырлықпен қарағанын, өз қолымен оның тұратын орнын белгілеп, мәтініне түзетулер жасағанын өз көзіммен көріп, қатты таңырқадым. Мәдениет министрінің орынбасарының жұмыстары онсыз да шаш-етектен екендігіне қарамастан, ол жұмыстан кейін де жұмысқа уақыт тапты. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоятын еді ғой.

Одан бері С.Мұқанов музей-үйінің экспозициясы үш рет өзгерді. Соңғы рет жазушының 100-жылдық мерейтойы қарсаңында. Оған өзім де үлесімді қостым. Әрбір жәдігерлікті қолға алғанда ойыма ылғи белгілі қоғам қайраткері, этнограф-тарихшы, мәдениет пен өнердің нағыз жанашыры Өзағаңның, Өзбекәлі Жәнібековтің өнегесі орала береді...

Өзағаңның өнегесі туралы замандастарының жазғандарына үңілген сайын өзімнің де көкейімде қордалана абстаған ойларымды қағазға түсіріп қояды жөн санадым. Біріншіден, Өзбекәлі Жәнібеков совет дәуіріндегі жастар ұйымының белсенді жетекшісі болып көрінген, Ғани Мұратбаев тәрізді қалың қазақ жастарының көшбасшысы дәрежесіне көтерілген тұлға. Отаншылдық, шыншылдық, әділдік, турашылдық, принципшілдік, жастық жалын мен жігерді қоғам мүддесіне, ұлттық мүддеге жұмсау секілді қасиеттерді жастар бойында қалыптастырудың жарқын үлгісі іспетті. Екіншіден, ол қазақ елінің ұлттық салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, ұлттық өнерін өркендетуге, көне мұралардың көмбесін ашуға, ұлт қажетіне жаратуға өлшеусіз еңбек сіңірді. Өзағаңның тарих мен этнографияға деген ынта-ықыласы терең ғылыми зерттеулерге ұласқанын аңғарамыз. Кез келген комсомол, партия, совет қызметкері мұндай парасаттылыққа көтеріле алған жоқ. Көбінесе, саяси науқандардың шылауынан шыға алмай, өкімшілік басқаруды жоспарлы тапсырмалардың шеңберінде ғана түсінген өкім-қаралар қаншама. Ал Өзағаң болса, ұлттық

идеологияның көшбасшы күрескері ретінде көрінді. Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков есімдерінің ұлт жанашырлары қатарында құрметпен аталуының бір сыры осында. Үшіншіден, ол «Қазақтың қолөнер мәдениеті» (1982), «Жаңғырық» (1990), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайырықта» (1995), «Қазақ киімі» (1996) және қос томдық «Тағдыр тағылымы» (1996-1997) атты іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерін жазу арқылы сөзін ісімен, ісін сөзімен тиянақтаған қайраткер ғалым. Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей ықпалымен дүниеге келген музейлер, театрлар, ансамбльдер, өнер ұжымдары, жаңғырған жөдігерліктер, т.б. туралы жиі айтылуы, жазылуы қажет, жадымыздан шығармауымыз керек. Өз ұлттына, халқына бір перзенті осындай еңбек сіңіре алса, ел ішінен өсіп шығар ұлтжанды қайраткерлер қатары көбейсе, онда еліміздің ертеңіне сенім бекиді, күш нығаяды. Өзбекәлі Жәнібеков ұлттық рухты қалғытпау үшін, ояту үшін еңбек етті. Бұл өнегенің жөні тіптен бөлек-ау, шіркін!

2011 ж.

Ы. АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ ЖӘНЕ С. МҰҚАНОВ

Қазақтың XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз, кирилл харпіндегі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің соңында қалдырған мұрасы зерттеушілердің назарын өзіне әр кезеңдерде де аударып келгені анық. Бұған М. Әуезовтің, Е.Бекмахановтың, Б.Сүлейменовтің, Ә.Сыдықовтың, т.б. ғалымдардың Ы.Алтынсарин туралы жазып қалдырған ғылыми мақалалары, монографиялық еңбектері дәлел. XIX ғасырдағы қазақтың ақыл-ой алыптары Шоқан, Ыбырай, Абай туралы қазақ зиялылары XX ғасырдың басынан бастап зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Солардың алғашқылары қатарында академик-жазушы Сәбит Мұқановтың да есімі аталады. Рас, Сәбит Мұқанов 23 жасында, яғни, 1923 жылы 1-наурызда «Еңбекші Қазақ» газетінде шыққан атышулы мақаласы арқылы

(«Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер») Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы туралы таптық көзқарас тұрғысынан баға беру барысында қате пікірге ұрынды. Бұл жөнінде өзі 1941 жылдың 10 қарашасында «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабына жазған алғы сөзінде былай деген: «Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай туралы қате пікір айтуға объективтік және субъективтік бірнеше себептер болды. Субъективтік себеп: ол кезде мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім, менің ол кездегі саяси білімім де, жалпы білімім де бастауыш көлемде ғана еді...» [1,10-б.] – дейді де көне әдебиет мұраларына сын көзбен қарай отыра, пайдалы жақтарын алу керектігін, бұл бұрыңғы бұқарашыл халық әдебиетінің жалғасы, ілгері дамуы екендігін ұқпағандығын және объективті себеп ретінде «байшыл-ұлтшыл» тарихшылардың оларды Алашорданың рухани көсемдері деңгейінде көрсеткендерін алға тартады. Әрине, кеңестік дәуір идеологиясының қалыптасу кезеңіндегі бұл таптық көзқарастағы қайшылықтарға қазір басқаша баға берілуде. Енді, осы орайда, көрнекті сәкентанушы, сәбиттанушы ғалым, професор Тұрсынбек Кәкішевтің «Жалпы, Сәбит Мұқановтың мінезіне төн қасиет – өзінің қателік жасап, шалыс басқанын басқадан бұрын өзі айтып отыратыны» [1,260-б] – деуінің ескерерлік терең мәні бар.

С. Мұқанов Абай туралы да, Шоқан туралы да ұзақ жылдар бойы іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ол монографиялық еңбектері «Жарқын жұлдыздар» деген атпен 1961 жылы жеке кітап болып шыққан. Қазақтың екі ұлы перзенті – Шоқан мен Абайға қатысты ғылыми көзқарас эволюциясының нақты көрінісі болып табылатын бұл екі монография С.Мұқановтың XX ғасырдың басындағы ұшқары, қате айтылған пікірін түбегейлі жоққа шығарады, түбірімен түзетеді. Ал Ыбырай туралы ше? Ыбырай Алтынсаринге қатысты ғылыми ой-тұжырымдарын С. Мұқанов өзінің «Жарқын жұлдыздар» зерттеу еңбегіне жазған алғы сөзінде берік тиянақтаған: «...аз жыл ғана жасаған Шоқан екі мақсатына жете алмай кетті: бірі – жазушы болу, екіншісі – қазақ арасында орыс мектептерін ашу. Осы екі мақсаттың біреуін аз түрінде, біреуін мол түрінде, қоғамдық майданға

Шоқанның із-өкшесін баса шыққан Ыбырай Алтынсарин іске асырды» [2,7-б] – дейді ол. С.Мұқанов Шоқан мен Ыбырай бірін-бірі білген, Шоқанды Ыбырай сырттай болса да таныған деген болжам жасайды. Оған дәлел ретінде Орынбор шекара комиссиясының председателі болып қызмет істеген В.В.Григорьевпен Шоқанның да, Ыбырайдың да жақын достық қарым-қатынаста болуын алға тартады. «1861 жылдан бастап Россияның Географиялық қоғамының «Хабарларында» басыла бастаған Шоқан еңбектерін Ыбырайдың оқымауы да мүмкін емес, өйткені Шоқан сияқты Ыбырайдың өзі де этнография мәселесімен шұғылданған адам ғой» [2,7-б] – деп жазады С.Мұқанов.

Шоқан мен Абайды ғана емес, Ыбырайды да Сәбит Мұқанов зерделей зерттегендігін осы «Жарқын жұлдыздарға» жазған алғысөзінен аңғарамыз. «Ең алдымен, қазақ балаларына арналған мектептер үшін орыс алфавитінің негізінде Ыбырай қазақтың бірінші алфавитін жасады. Онымен ғана қанағаттанбай, сол мектептеріне арнап оқулықтар құрастырды. Осы ісінің үстінде оның жақсы әдебиетші және талантты жазушы екендігі де көрініп қалды» [2,10 - б] – дейді ол.

Сәбит Мұқанов Ыбырайдың соңында қалдырған мұраларына да жоғары баға береді. Ол мұраларының қазақ үшін мәні, маңызы аса зор болғанын да қысқаша тұжырымдай кеткен: «Қазақтың шын мағынасындағы ұлттық жазба әдебиетін бастау – Ыбырай Алтынсариннің маңдайына жазылған бақыт. Оның «Жаз басы», «Балғожа бидің баласына жазған хаты», «Жаз», «Өзен», «Өнер, білім бар жұрттар», «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңдері – қазақ поэзиясының европалық поэзия үлгісіне алғаш түсе бастауын көрсететін шығармалар. Қазақ әдебиетінің прозалық жанрына да жаңалық кіргізіп, жазба прозаның алғашқы ізін салды» [2,10- б].

Қазақтар үшін орыс мектептерін ашудағы Ы. Алтынсариннің еңбегінің маңыздылығына ерекше назар аудартқан Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының қазақ мектептерін ашудағы іс-шараларына да жоғары баға берген болатын: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап,

қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» [3,97- б]. Бұл – 1932 жылы айтылған пікір. С. Мұқанов өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты әдеби-зерттеу еңбегінде «Байтұрсынұлы Ахмет» атты мақаланы арнайы жазып енгізген. Көптеген объективті бағалаулары барына жоғарыдағы пікірі дәлел. Таптық көзқарастың салқыны да сезіледі.

«Бірін бірі білсін-білмесін, Шоқан, Ыбырай, Абай – орыс оқуының дүкенінде соғылған бір берік шынжырдың біріне бірі жалғасқан, бірін бірі ұзартатын үш сақинасы. Шоқан бастап бітіре алмаған идеяны (орыс оқуын қазақ арасына таратуды) Алтынсарин толығымен іске асырды, Алтынсарин бастап бітіре алмаған идеяны (қазақтың европалық мағынадағы жазба әдебиетін жасауды) Абай іске асырды» [2, 11- б] – деуін, әрине, Сәбит Мұқановтың он ойланып, мың толғанып барып жасаған тұжырымды пікірі деп қабылдаймыз.

С. Мұқановтың Ыбырай Алтынсарин мұраларына деген жанашырлық көзқарастарын айғақтайтын тағы бір құжат – Музей кешені қорынан табылған, 1960 жылы 4 ақпанда жазылған Қ.Т.Жұмағұловтың «Ыбырай Алтынсариннің шығармалары» атты кандидаттық диссертациясына академиктің оппонентік сөзі. Араб харпімен (төте жазу) жазылған бұл пікір – төрт парақ. Ізденушінің ғылыми ой-пайымдарына терең талдау жасаумен қатар С.Мұқанов Ыбырай Алтынсариннің педагогтік, ағартушылық, т.б. еңбектеріне өзінің тиянақты пайымдарын қоса білдіріп отырады. Мәселен, «Жұмағұловтың диссертациясы: Кіріспе, Ы.Алтынсарин туралы әдебиетті сын көзімен талдау, Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі, Ы. Алтынсариннің шығармалары, Қорытынды» аталып, бес тарауға бөлінеді. 180 беттік осы бес тараудың 104 беті Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармаларын талдауға арналған. Алдымен көрінетін нәрсе: диссертацияның мазмұны атына сәйкес екендігі, яғни – диссертанттың бұл еңбегінде Алтынсариннің көркем шығармаларына ерекше көңіл бөліп, шұқшия талдауы. Осылай талдаудың арқасында диссертант Алтынсарин шығармаларының төмендегідей сырларын кең және дәлелді түрде ашып береді» [4] дейді де, еңбектің

жеті түрлі нәтижесіне арнайы тоқталады. Диссертациялық жұмыстың жетістік, кемшіліктерін көрсете келе «шын мағынасындағы ғылымдық зерттеуге жататын бағалы еңбек» деп ой түйіндеген.

Сондай-ақ, Сәбең 1946 жылдың 17 қазанында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің мәдениет бөліміне, Б. Степановқа жазған хатында (Музей кешенінің қорында сақталған) Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет ғылыми-зерттеу институты Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсарин мұраларын өз деңгейінде зерттей алмай отырғандығын сынайды. Сәбеңнің бұл хаттағы көптеген қайшылықты көзқарастарына қосылмасақ та, Ыбырай Алтынсарин туралы зерттеу мәселесінің тоқырап тұрғанын орынды көрсеткен деп ойлаймыз. Арада біршама уақыт өткеннен кейін, 1950 жылы Ә. Сыдықовтың «Алтынсаринның педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі» атты зерттеу кітабы, 1955 жылы Ы. Алтынсаринның «Таңдамалы шығармалар» жинағы (құрастырған, баспаға дайындаған Б. С. Сүлейменов) жарық көрген. Бұл екі кітап та С. Мұқановтың жеке кітапханасында сақталған, қазір Музей кешенінің қорында.

С. Мұқанов өмірінің соңына дейін Ыбырай Алтынсарин мұрасына деген өзінің оң көзқарасын айқын тұжырымдап кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Мұқанов. «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер». Алматы, «Арыс», 2002.
2. С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. 16-том. Алматы, «Жазушы», 1980.
3. С. Мұқанов. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». Алматы, «Атамұра», 2008.
4. СМҒММӘММҚ –СМҚ- 8-ЖА, 273-б.

2011 ж.

Қазақ әдебиетінің классигі, әйгілі сөз зергері, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің туғанына биыл 110 жыл толып отыр. Осыған орай, Алматыдағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің директоры, ақын Әділғазы Қайырбековті әңгімеге тартқан едік.

ҒАБИТ КӨП, ҒАБЕҢ ЖАЛҒЫЗ...

– Әділғазы Жақсылықұлы, Ғабен туралы сөз болғанда ең алдымен серілігі, сырбаздығы, суреткерлігі әңгімеленеді. Жазушылық шеберлігінің сыры неде деп ойлайсыз? Өзгелерден ерекшелеп тұратын өзіндік қолтаңбасы жайында, шығармашылыққа қадам басқан алғашқы сапары, сол тұстағы әдеби дайындығы, ұстанымы, бағыты туралы айтсаңыз.

– Ғ.Мүсірепов 1927-1928 жылдары Бурабай орман шаруашылығы техникумында оқытушылық қызмет атқарады. Осы жылдары оның Бурабай орманынан Ой орманына қарай сапарға шыққанын аңғарамыз. Оның мұражай экспозициясында тұрған ең алғашқы түскен фотосуреті де осы жылдардан қалған бір белгі. Жәй белгі емес, символдық мәні бар нышан. Міне, ат тізгінін тартып, үзеңгіні шірей, жиырма бес жастағы жігіт ұзақ өмір жолына шығуға қамданғандай. Фотосурет өте жақсы сақталған. Сол жылы Ғ.Мүсіреповтің тырнақалды туындысы «Теңіз тепкісінде» Қазақстан мемлекеттік баспасынан «Тулаған толқында» деген атпен жарық көреді. Әдемі үйлесімді байқаған боларсыз. Атқа қонған азамат һәм алғашқы кітабы шыққан қаламгер!

«Ғ.Мүсіреповтің сол тұстағы әдеби дайындығы қандай еді?» деген сауалға оның 1928 жылдың 18 сәуірінде Сәбит Мұқановқа жазған хаты жауап береді. Хат С.Мұқановтың жеке мұрағатында қалыпты. Хаттың ұзын-ырғасынан түсінетініміз – алғашқы кітабының сарашысы Сәбит болғандығы. «Теңіз тепкісінде» автордың алғашқы жазған көркем шығармасы болғандықтан, мазмұнында да, түрінде де елеулі кемшіліктер бар екен. Соларды хат арқылы дұрыстату баспаға бір күшке түсті...» – деп жазады

С.Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» романында. «Хат арқылы дұрыстату» деген сөзге назар аударыңыз. Яғни, түзетулер мен өңдеулер автордың келісімімен жүзеге асқан сыңайлы. Енді Ғабеннің өлгі хатындағы мына бір ойларына үңілейікші: «... Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей, көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Мүмкін бұл ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар өсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқытынымды білетін едің ғой, көбінесе ол маған осы жағынан ұнайды... Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа ешқайда бұрылмайтын әдет. Мұны мен жеккөрем. Өсіресе, болмысы, тұрмысы... тағы басқалардың ізі түсіп отырса екен. Осы күні (меніңше) жазушылар «саяси жақ» деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсымын. Сондықтан қай күнде болса да, менің жазғандарым көлденең материалдарды көбірек қойып отырады. Бұл әдетті (өзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде жазып кете алған күнде де тастамаспын деймін...».

Бір қызығы, Ғабен әдебиеттегі ұстанымын, бағытын, мұратын осынау 1928 жылғы жазған хатында тайға таңба басқандай айқындаған. Оның жазу стиліндегі астар, тұспал, ишараның қайнар көздері де қайда жатқанын түстеп-танамыз. Бірте-бірте жылы юмор, ащы сарказмға бой ұрған оның жазушылық қолтаңбасы ерте қалыптасқан. Жазушы кез келген туындысын көркем жазуға тырысқан. Ғабен: «Сөзге сөз көлеңкесін түсірмеуі керек. Сөзге сөз жарығын түсірген кезде ол шуақ, шұғыла шашып тұрсын», – дейді. Жазушының осылай өз-өзіне талап қоя отырып жазғаны шығармаларынан көрініп тұрады. Ана тіліміздің тазалығына қатты мән берді, сол үшін күресті. Осының бәрі алғашқы өңгімесінен басталған. Және ол өзінің осы бағытынан ешқашан айнымаған. Гогольді сүйіп оқыған, Горький секілді ана тақырыбына көп қалам тербеген. Яғни, олардан үйрене отырып, өзінің – Ғ.Мүсіреповтың тамаша стилін қалыптастырған. Әрине, Б.Майлиннің де әсері бар екені сезіледі.

– Біздің оқырмандарымыз Ғабит Мүсіреповтің әкесі, шешесі, аға-бауырлары туралы, сөз зергерін аялаған,

отбасылық жылуын аямаған аяулы арулар туралы да білгісі келеді...

– Ғабиттің әкесі – Махмұт Кәжімбайұлы 1936 жылы 65 жасында дүниеден озыпты. «Шағын денелі, көп сөйлемейтін, арабша оқыған, Құраннан түсінігі бар, мәсі тігетін, қамшы өретін, аз уақыт ауыл старшыны, атқамінер кісі болған екен». Ғабеннің жеке мұрағатында әкесінің фотосуреті сақталмаған. Шешесі – Дина Оңғарбайқызы. 80-нен асқан жасында, 1957 жылы қайтыс болған. Фотосуреті бар. «Дина үлкенге келін боп, кішіге жеңге боп, жастарға шеше боп жаққан, мінезі биязы, пейілі кең, асы дәмді, абысын-ажын арасында ұйымшыл, ақылды болған кісі. Ол – менің кіндік шешем» – деп жазды Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебінде». Атасы Кәжімбай Мүсірепұлы 81-ге қараған жасында өмірден өткен. Ал Мүсіреп Еламанұлы 1800 жылы туып, 1889 жылы қайтыс болған. Ғабеннің 83 жыл ғұмыр кешуінде арғы аталарынан, шешесінен дарыған табиғи ұзақ жасау қасиеті болуы да мүмкін. Мұндай жандарды қазақ «сүйегі асыл» деп те атаған.

Ғабеннің бірге туған екі ағасы – Хамит пен Сәбит, үш інісі – Баязит, Хажым, Әшім және қарындасы Гүлсім.

1921-1922 жылдары Ғ.Мүсірепов Таузар болысының военкомы болып тоғыз ай жұмыс істейді. Сол тұста Ғабит ауылдағы Сәпі дейтін байдың Қаншайым атты жас келінін алып қашып үйленеді. Ол кісімен 1923 жылдың күзінде Орынборға оқуға кеткенше бір жарым жылдай тұрмыс құрған. Бала болмаған. Бұл жөнінде алғаш рет С.Мұқанов жазған. Туған ауылы Жаңажолдағы Ғабит мұражайының директоры болған Айдарбек Аتكелтіров те бұл деректі нақтылаған. Ғабиттің жеңгесі – ағасы Хамиттің әйелі Рәзия Мырзахметқызы да куәлік сөзқалдарған. Ал Ғабеннің немере інісі Екпін Махмұтов «осы бір шындықты жасырмауды» жөн көрген екен («Қызылжар» журналы, №1, 2002ж.).

Ғабит 1926 жылы 22 жастағы Хүсни Ягафорова деген әкесі башқұрт, шешесі татар қызға үйленеді. Одан – Энгелина, Роза, Ақмарал, Райхан атты төрт қыз туған. Хүсни 1964 жылы мамыр айында қайтыс болды. Ғабит пен Хүснидың 1926 жылы Орынборда түскен фотосуреттері сақталған. Әкелерінің 100 жылдық тойына бұл қыздарынан Энгелина

ғана қатысты (2002 жылы). Энгелина С.Мұқановтың үлкен ұлы Арыстанға тұрмысқа шыққан. Сәбит пен Ғабит – мың жылдық құдалар. Ортақ немере, шөберелері бар.

Ғабеңнің Хұснидан кейінгі әйелі – Раиса Мәжитқызы Мұхамедьярова. Актриса Раямен Ғабең 60 жасында танысады. Рая сонда 23 жаста екен. Олар 1964 жылы үйленеді. Гауһар, Гүлнар атты екі қыз дүниеге келеді. 1970 жылдың басында өрттей қаулаған өсек сөз, қызғаныш, көре алмаушылық оларды ақыры ажыратып тынған. Кинорежиссер Сергей Азимов Ғабең мен Раяның арасындағы сүйіспеншілік сырын ашатын «Классиктің кеш оянған махаббаты» атты фильм түсірді. Фильмді көріп отырып тебіренбеу мүмкін емес. Ғабеңнің жазған хаттарын арқау ете отырып, Раяның өзінен сыр суыртпақтаған. Музейге келушілерге жиі көрсетеміз. Өте әсерлі шыққан фильм.

1970 жылы Ғабең Ғазиза Нұрғалиқызына үйленіп, өмірінің соңына дейін бірге тұрады.

– Қазақтың маңдайына біткен қос перзентінің әдеби-мемориалдық мұражай кешеніне басшылық етудің жауапкершілігін қалай сезінесіз?

– Негізі Сәбит Мұқановтың музейі 1978 жылы өзі тұрған пәтерінде ашылған болатын. Оның ашылуына кезінде жазушының жары Мәриям Мұқанкеліні көп еңбек сіңірді. Ғабит Мүсіреповтің музейі де өзі тұрған пәтерде 1991 жылы Мемлекеттік Орталық мұражайдың бір бөлімі ретінде ашылды. Сәбең мен Ғабең екеуі бір Есілдің жағасында туып-өскен, әдебиетке де қатар келген қаламгерлер. Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар сияқты алдыңғы буынның өнегесін көрген бұлардың өмір жолдары үнемі түйісіп отырған. Құдай қосқан құдалар екендігін жоғарыда айттым. Сондықтан да олардың бір көшенің бойында тұрған музей-үйлерінің 1999 жылы өкімшілік басқару жағынан біріктіріліп, Музей кешені аталуы кездейсоқтық емес сияқты көрінеді маған. Екеуі де әдеби-мемориалдық музей. Әдеби-мемориалдық музейдің бір ерекшелігі жазушылардың өздері тұтынған заттары, кітапханалары, жұмыс бөлмелері – бәрі қаз-қалпында сақталады. Келушілерді қызықтыратын да осы нәрсе. Дегенмен, екі бірдей алып жазушының музейін басқару оңай шаруа емес.

1978 жылы университетті бітірген соң, жаңадан ашылғалы жатқан С.Мұқанов музейіне келіп экскурсовод болып жұмысқа орналастым. Кейін жиырма екі жыл баспасөз саласында қызмет еттім. С.Мұқановтың 100 жылдық мерейтойының алдында, 2000 жылы, Мәриям Мұқанкелінінің өтініші бойынша осы музейге қайтып келдім. Одан бері де он екі жылдан аса уақыт өтті. Екі жазушының да 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО шешімімен аталып өткенін ел-жұрт біледі. Сол қарсаңда музейлердің экспозициясы түгелдей жаңарды. Себебі бұрын Сәбәнді большевик жазушы, кеңес одағының жыршысы ретінде көбірек көрсететін едік. Ал қазір нағыз халық жазушысы ретінде таныстырамыз. Оның өзі жазушының «Жол таптым бар қазақтың жүрегіне» дейтін бір ауыз сөзінен бастау алады. Шынында, бұлай батыл айтуға кез-келген жазушының дәті бармас еді. Ал ол өткен ғасырдағы ең көп оқылған, ең көп танылған жазушы. Мұхтар Әуезовтың өзі Сәбәң: «Жолы кең жазушы» деп баға берген болатын. Ал енді Ғабәң келсек, ол кісі шынында да көркем ойдың, көркем сөздің зергері.

– **Кезінде жазушының «Бесеудің хатын» жолдаушылардың бірі болғанын, кейін «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деуге батылы барғанын білеміз. Қаламгердің билікке көзқарасы қандай болып еді және билік басындағылар оны қалай қабылдады?**

– Бұл Ғ.Мүсіреповтің Қазақ өлкелік комитетінде өнер секторының меңгерушісінің орынбасары болып қызмет істеп жүрген кезі болатын. Бұл дегенің ол кезде үлкен қызмет. Өйткені әдебиет пен өнердің мәселелері сол кезде жоғарыда шешілетін. «Бесеудің хатын» жазған ашаршылық тұсындағы, содан кейінгі «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» дейтін сталиндік репрессияның тұсындағы әрекеттерін шынында да ерлік деп бағалау керек. Өйткені ол басын бөйгеге тігіп, саналы түрде соған барды. Ашаршылық кезінде қаншама адам, мал басы босқа қырылып жатыр, неге бұлай деп ашық айту кез келген адамның қолынан келмейтін еді. Ғабәң үнемі шындық жағында болды. Уақытша билікке, өтпелі дүниелерге ешқашан құл болған жоқ. Ал билік қай заманда болмасын, шындықты бетке айтқанды онша

жақтыра бермейді.

– Бір қарағанда Сәбит, Ғабит, Ғабидендер өздеріне дейінгі зиялыларға қарағанда елінің қошеметіне бөленді деуімізге болды. Ел еркесі бола жүріп, кесек-кесек туындыларын дүниеге әкелді. Дәл солардай көсіліп жазу үшін бүгінгі жазушыларға не жетіспейді деп ойлайсыз?

– Бұл кісілер әдебиетке үлкен құштарлықпен келген адамдар еді. Халықтың жаңа әдебиетін жасауға бар ынта-жігер, күш-қуаттарын арнады. Ол кездері әдебиетке жақсы қамқорлық жасалып отырды. Өйткені әдебиет идеологияның басты құралдарының бірі болды. Жаңа шыққан кітапқа мол қаламақы қойылып, кітаптарын елдің түпкір-түкпіріне тарататын. Тіпті одақтас республикаларда бірінен-біріне аударылып жататын. Яғни, оқырмандар іздеп жүріп оқитын жазушылар болды. Соның өзі адамға шығармашылық серпін береді ғой деп ойлаймын. Себебі оқырманы бар екенін сезінген уақытта бір шығармадан екіншісіне тез ауысып, туындыны оқырман талқысына салуға құштарланып отырады ғой. Ал енді кейінгі жылдардағы әдебиетке келсек, поэзия өзінің көркемдік деңгейін, биіктігін жоғалтқан жоқ. Ал прозада аздап баяулау бар. Бүгінгі күн тақырыбына тікелей араласып кеткен жазушылар санаулы. Олардың жазғандары да қазақ әдебиетінің асыл мұрасы болып қалады деп ойлаймын.

– **Ғабеңнің ауызекі әңгімеде айтқан оқыс ойларын, тапқыр сөздерін де жинастыру керек шығар...**

– Әрине, мұражай қызметкерлері Сәбеңнің де, Ғабеңнің де «...Деген екен» деп аталатын кітапқа сай сөздерін жинастырып жатыр. Кейінірек жинақтап шығару да ойымызда бар..

Бірде Ғабеңді сынағысы келді ме екен, сөзден сүріндіргісі келді ме екен бір қаламгерсымақ: «Ғаба, осы қазақтың «қолаң шаш» дегені қандай шаш?» – деп сұрапты. Өлгінің қойған сауалына дұрыс жауап беруге де болар еді немесе «сені де жазушы дейді-ау, соны да білмейсің бе?» деп бетін қайтаруға да болар еді. Бірақ, Ғабең өйтпеген, сәл ойланып алып: «Қолаң шаш» деп жапондардың шампунімен жуған шашты айтады!» депті. Анау сөзден мат алғанын сезіп, тілі байланыпты.

Ғабеңнің сырбаз сөз саптауын, астарлы ой меңзеуін

Ақселеу Сейдімбек өзінің күнделігінде: «Ғабең дүние саларынан бір ай бұрын менен «Білім және еңбек» журналының Шоқанға арналған №11 санын сұрады. Мен алып бардым. Үйінде жалғыз өзі екен. Журналды мұқият қарап шықты да, «Дұрыс екен» деді. Сонсоң Шоқанның 150 жылдығына орай жоғарғы жаққа ұсыныс-ойларын айтып хат жолдағанын, ол хаттың аяқсыз қалғанын сөз етті. Ұсынысының бірі Қарағанды университетіне Шоқан есімін беру екен. Сөз арасында өзінен өзі бір ауық қабақ шытып үнсіз отырды да денсаулығын сөз етті. «Осы бір тұсымда, – деп кіндігінің тұсын бипаздай сыйпап қойды, – осы бір тұсымда бір ауру бар. Өлгі жаман ауру дейін десем көп белгісі оған келмейді. Ал енді онша жаныма батпаса да, бір жағымсыз белгісімен алаң етеді. Қалай ауыратынын тілмен жеткізіп айтудың өзі қиын. Егер бұл аурумен Ісләм Жарылғапов ауырса, ол лайықты атауын, ұрымтал теңеуін тапқан болар еді. Мен қалай ауыратынын дәл елестетер сөз таппадым». Осылай деді де Ғабең жымылып қойды» деп жазып қалдырыпты

– **Ғабит Мүсірепов жазушылардың ішіндегі көп жасағаны десек те болады. Және тілі де шұрайлы болатын. Сөйте тұра өзгелермен салыстырғанда орыс тіліне дұрыс аударылмаған екен. Мұның себебі неде деп ойлайсыз? Мысалы кезінде «Абай жолы» арқылы Әуезов, кейін «Ботагөз» арқылы Мұқанов орыстардың назарына ілінді. Ал Ғабиттің бұлай танылмауына қандай кедергі болды?**

– Бірақ сол замандағы ең үлкен марапат Социалистік Еңбек Ері атағын алған жалғыз қазақ жазушысы Ғабит Мүсірепов емес пе.

– Дегенмен сол сыйлықтың өзіне жазушыны қандастары емес, орыс ағайындар ұсынған көрінеді деген сөздер айтылып қалады.

– Енді кім ұсынса да қазақ жазушыларының ішінен осы сыйлыққа ие болған жалғыз қаламгер ретінде Ғабең танылды. Еңбегі еленбей қалды деп айту өте қиындау. Академик, Халық жазушысы атанды. Ғабең аз жазса да саз жазды. «Оянған өлке» мен «Жат қолынданың» арасына 30 жыл салып жіберді. Бұл деген ұзақ уақыт қой. Бірақ Ғабеңнің бір ерекшелігі баппен, асықпай жазғанды ұнатты. Әр жазған

сөзіне, бояуына мән берді. Ол кісінің жазу тәсілі де қызық. Жазар алдында үстеліне көп қарындаштарды ұштап, өшіргішін дайындап қояды екен. Жазып отырғанда бір сөзін өзгерту керек болса, ақырын өшіргішпен өшіріп, мұнтаздай таза қалыпта түзеген. Қазір «Жат қолында» романының түпнұсқасы музейде тұр. Араб қарпімен маржандай тізіліп жазылған, баспаханада теріліп шыққандай. Аз жазса да Ғабеннің шығармалары бағаланып отырды. Алғашқы шығармасына Бейімбеттің көзі түсіп, батасын берді. Ғабен әдебиетке кездейсоқ келген жоқ, ойланып келді. Кезінде Сәкен Сейфуллиннің үйінде Сәбит пен Ғабит пәтерде жатқанда, Мұқанов бұрқыратын өлең жазып, екеуі соның қаламақысына күн көреді екен. Ол кезде Ғабит әлі жазбаған. Сәбит жазсаңшы деп қамшылап отыратын көрінеді. Сонда әдебиетке келер жолында да біраз ойланғанын байқаймыз. Алғашқы кітабы шыққан кезде жиырма алты жаста болған.

– **Сәкен Сейфуллин ұсталарынан бұрын Ғабитке: «Біз кетеміз, кейінгі жастарға басшы боп сен қаларсың, соларға қамқор бол» деп табыстаған көрінеді. Жазушы осы үдеден шыға білгені де бізге аян. Ғабиттің кейінгі жастарға қамқорлығы жайында айта отырсаңыз. Және бүгінгі аға буыннан осындай қамқорлықты неге байқай алмай жүрміз?**

– Ол кезде шынында да біреудің жазған шығармасын оқып, талқылау, бағалау, сынау қызу жүріп жатқан. Қазіргі жазушылардың арасында мұндай байланыстар үзіліп қалды. Қазір жазушылар бір-бірінің кітабын іздеп жүріп оқиды деп те айта алмайсың. Оның түрлі себептері бар. Дегенмен әдебиетке келген әрбір жаңа, жақсы дүние назардан тыс қалмайды деп ойлаймын.

– Жазушының «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Ақан сері–Ақтоқты» пьесалары талай жыл бойы театрлар сахнасында үзбей қойылды. Кезінде жазушы шығармаларының желісінде фильмдер де түсірілген. Яғни, Ғабеннің бойында бір ғана жазушылық емес, драматургтік, сценарийстік қасиеттер де болған ғой.

– Сол тұстағы жазушыларға бірнеше жанрда қатар жазу дәстүрі тән. Өйткені театрлардың репертуары бос тұр. Соны толтыру керек деп шұғыл түрде отырып пьеса жазған. Прозамызда кесек дүние тумай жатыр деп соған

атсалысқан. Жоспарлы түрде шығармашылық өнімдер реттеліп отырған. Ғабеңнің киноға да, театрға да бірдей қалам тербегені сондықтан болар деп ойлаймын. Тұңғыш қазақ киносы «Амангелдінің» сценарийін Бейімбет екеуі бірігіп жазған. «Қыз Жібек» пьеса, либретто, киносценарий болып туындады. Осының өзі де уақыттың, заманның тапсырысы. Әлеуметтік ортаға қажет, сұранысы бар дүниелерге атсалысудан қаламгерлердің қай-қайсысы да шет қалмаған.

– Сұраныс демекші, «Антонио мен Клеопатраны» Ғабең аттай қалап аудартып алғаны белгілі. Бірақ сахналанбай қалғанына не себеп болды екен?

– Меніңше, осы шығарманы Ғабең өзінің көңілі қалап аудармаған секілді. Ол кісі өзінің драмалық шығармаларын жазарда Шекспирді де, өзге драматургтерді де оқыды, олардан үйренді. Ғабеңнің драмалық шығарманы ақ өлеңмен жазу тәсілінің бір ұшы Шекспирде жатыр. Ал енді «Антонио – Клеопатраны» тапсырыспен алды, бірақ өзінің бабы келмеді ме, әйтеуір ерекше құштарлықпен аударып, биік дәрежеде аяқтай алған жоқ. Бұл бір жазушының шабытпен кіріспеген дүниесі ғой деп ойлаймын.

– Сол тұстағы әдеби ортада рушылдық, жершілдік, жікшілдік секілді нәрселер байқалмайтын сияқты...

– Біздің қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлық деген сұмдық өршіп тұр. Бұдан құтылудың жолын іздеу мемлекеттік мәселеге айналып бара жатыр. Бұл билікке де, басқа салалардың бәріне де дендеп еніп алған дерт. Ал енді жаңағы рушылдық деген де сондай нәрсе. Мұндай кеселдер өнерге, таланттарды тануға кесірін тигізеді. Рас Мұқан, Сәбең, Ғабеңдердің заманында мұндай кесапат дендеген жоқ. Олар кез келген талантты жасқа қолдау көрсетіп отырды. Мәселен, Сәбеңнің шапанынан шыққан жазушылар қаншама!

– Ғабең әйел сұлулығына ерекше мән берген сияқты...

– Ғабең өз шығармаларында әйел, ана тақырыбына көп барды. Ол кісі өмірде де сұлулыққа ынтық еді. Әсіресе әйел жанының сұлулығына құштар болған. «Дүниеде әйелдің көзінен артық қызықтыра алатын, әйелдің көзінен артық сиқырлап тартып кете алатын күш жоқ қой деймін. Қандай

да байлық, бақ, мансап, тіпті қоғамдық дәреже дегендердің бір де бірінде ондай күш жоқ. Бәрі бірге қосақталып келіп мойныма асыла кетсе, оқтай қадалған әйел көзіне қарай жүре берер едім» деп жазыпты ол өзінің қойын дәптеріне. Ол өмірде де, өнерде де әйел жанының жұмбағын шешуге, құпиясын зерттеуге ерекше ықылас байқатқан жазушы деп айтуға болады. Өйткені өнерде онсыз мүмкін де емес қой. «Әлемді сұлулық құтқаратыны» сияқты, көркем шығармаға махаббат мәңгілік арқау.

— Жазушының мұражайдағы жеке кітапханасы қаншалықты сақталған? Солардың ішінде қызықты қолтаңбамен ұсынылған біреуін атап өтсеңіз...

— Ғабеннің жеке кітапханасы шағын. Себебі өзі көзі тірісінде қазақ қаламгерлеріне баспасөз арқылы арнайы үндеу жариялап, бір мың кітабын туған ауылындағы кітапханаға сыйға тартып, үлгі көрсеткен болатын. Кейін де басы артық кітаптарын елге жіберіп отырған. Ал қызықты қолтаңба дегенде, қазақ аруларының атынан сыйға тартылған бір кітап бар.

«ҚАДІРЛІ ҒАБЕ АҒА!

Ақын жоқ әйел жанын жазып біткен,
Ашылмас биіктік пен жазықтық тең.
Қазақтың әйелдерін асқақтатып,
Аға, Сіз жырладыңыз нәзіктікпен.
Тыңдайтын сыңғырласа жұлдыз үнін,
Түсінген жапырақтың мұңды ызыңын.
Көк бұлттың көбесінен сәуле іздеген,
Халқымның мен-дағы ақын бір қызымын.
Қолыма қауырсындай қаруды алдым,
Қаймығар бұл майданға баруға өркім.
Мен сізге тағзым етіп, алғыс айтам,
Атынан Сіз жырлаған Арулардың!

Құрметпен...»

деп қолын қойып ақын Күләш Ахметова 1984 жылдың мамыр айында өзінің «Жасыл жағалау» жыр кітабын ұсыныпты.

– Бүгінгі таңда Ғабит Мүсіреповтың шығармашылығына деген көзқарас өзгерді ме?

– Рас, XX ғасырдағы ақын-жазушылардың таптық көзқараспен жазылған шығармаларына қазір сын көзбен қараймыз. Тіпті, кейбір туындыларды уақыттың өзі жоққа шығарып, әдебиет тарихынан сызып тастауы әбден мүмкін. Бірақ Ғабеңнің шығармалары мұндай күйге ұшырамауға тиіс деп ойлаймын. Себебі онда сол дәуірдің шындығы, сол кезеңнің бейнесі анық берілген. Ол қазақ сөз өнерінің хас шебері. Сөзінің қайталанбас бояуы, өшпейтін мөрі бар. Бір өзі мектеп. Міне, XXI ғасырға аяқ бастық, қазір біреулер ойлағандай XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыптары ұмытылып қалған жоқ. Олар келер буын, жас ұрпақтармен бірге әлі де жасай бермек.

Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтың 110 жылдығына орай көптеген конференция, әдеби кештер, кездесулер ұйымдастырылуда, қаншама баяндамалар дайындалып, тыңдалып жатыр. Осындай зерттеулер жазушыны тануға, оның шығармашылығын білуге септігін тигізеді. Жақын арада мерейтойға орай Мұражай кешенінде дөңгелек үстел ұйымдастырмақшымыз. Осының алдында Сәбеңе арналған арнау өлеңдерді жиып-теріп «Кәдімгі Сәбең» деген кітап шығарғанбыз. Енді жүзден аса ақынның Ғабеңе арналған өлеңдерінің басын қосып «Ғажайып Ғабең» деген жинақ шығардық, бұйыртса, жақында тұсаукесерін жасаймыз. Көп томдықтарының үш томы жарық көрген. Жалпы, осы классиктеріміздің көп томдықтары «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы шығарылса дұрыс болар еді. Жүйелі түрде, жоспарлы түрде.

– Өңгімеңізге рахмет.

Өңгімелескен Айнара АМАНОВА.

2012 ж.

ЕСТЕЛІКТЕР, ХАТТАР СОРАБЫМЕН

(С.Мұқанов пен Ж.Бектұров хақында)

Белгілі бір тұлғаны жан-жақты танып-білу үшін оның өмір жолын, шығармашылық жолын зерттеп-зерделеудің жөні бөлек. Мұндайда, әсіресе, замандастарының ол туралы жазған естеліктерінен, өзара жазысқан хаттарынан да көп ойларға дерек, дәйек табасыз.

XX ғасырда ғұмыр кешкен академик-жазушы Сәбит Мұқанов пен журналист-жазушы Жайық Бектұровтың арасындағы ағалы-інілі, дос-бауыр қарым-қатынастың сырларын ашуға да әлгіндей естеліктер мен хаттар көп көмегін тигізеді.

Ең алдымен ескереріміз, Жайық Бектұров «Орталық Қазақстан» газетінде Сәбит Мұқановтың 80 жылдық және 90 жылдық мерейтойларына орай екі рет – «Өнегелі өмір» (1980, желтоқсан) және «Сәбит сонары» (1990, қазан) – естелік-мақалаларын жариялаған екен. Сондай-ақ, Алматыдағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мұражай кешенінің қорында С.Мұқановтың Ж.Бектұровқа жазған бес хатының көшірмелері сақталған. Осы жерде айта кеткен орынды шығар, қазақ жазушыларының ішінде оқырмандарына, замандастарына ең көп хат жазған және олардан ең көп хат алған адам – Сәбит Мұқанов. Сәбең өзі көзі тірісінде өмір бойы жинап-сақтаған мол хаттарын Орталық мұрағатқа өз қолымен табыстаған екен. Кейін мұрағат қызметкерлері ол хаттарды жылдар бойынша жүйелеп, сұрыптап, реттеп, тіркеп, есепке алған кезде көлемі 141 том болған! Бұған басқалардың таң қалуы өз алдына, кәдімгі Сәбеңнің өзі қатты таңырқаған ғой! Қазақ эпистолярлық жанрын зерттеушілер бұған енді соқпай кете алмайды. Бұл – зор рухани мұра, әдеби қазына.

Сәбит Мұқановтың И.Сталинге, Ж.Шаяхметовке, Д.Қонаевқа жазған хаттары бір бөлек әңгіменің тақырыбы болса, М.Әуезовке, М.Жұмабаевқа, І.Жансүгіровке, А.Толстойға, М.Шолоховқа, Ә.Нұршайықовқа, С.Құдашқа,

Ғ.Ғұламға, Ғ.Мүсіреповке, Ә.Қоңыратбаевқа, Н.Фазыловқа, Т.Әлімқұловқа, т.б. жолдаған хаттарының әрқайсысы тарата, тарқата ой өрбітуге сұранып тұрған жөдігерліктер.

Жайық Бектұровтың естеліктеріндегі мына бір үзік-ойларға назар аударайықшы:

«... Хат демекші, соғыстан бұрын Сәбеңмен хатты жиі жазыстым. Бірақ олар сақталмады. Өзім тұтқынға алынғанда, өмір бойы жинаған кітаптарым, жұрттың хаттары түгелдей қолды болып кетті». «... Сәбең 1937-1941 жылдары партия қатарынан шығып қалды. Оны Сәкенмен, Мағжанмен байланысты деп айыптады. Осы тұстың өзінде де мен Сәбеңмен өте жақын жүрдім. Сол жақындықтың нәтижесінде Сәбит ағамыз мені үйіне де шақырып, алыста жүрсем жиі хат та жазып тұрды». «... Өз басым Сәбит ағамызбен ұзақ жылдар бойы жақын жүріп, ол кісінің өмірінің нелер ұңғыл-шұңғылын білгендей болдым».

(«Орталық Қазақстан», 09.10.1990 ж.)

«Сәбеңмен хатты жиі жазыстым» деген Жайық ағамыздың сөзін Сәбит Мұқановтың мына бір хаты бекіте түседі: «Жайық! Жаңа жылмен құттықтаған хатыңды алғам. Сансыз рахмет. Менің 16 томдығыма жасап жүрген қамқорлығыңа сансыз алғыс! Жергілікті кітап саудасы орындарына түрткі салудан тынбассың. Досмағанбетовке (Облатком төрағасы) және обкомның үгіт бөліміне айтып, жәрдемдесулерін өтінерсің, одан басқа не айтам! Он алты томдықтың соңғысы жеке-жеке хат-хабар (переписки) болуын көрдің. Менің сенде көп хатым (әсіресе Сәкен туралы) болу керек. Мен олардың көшірмесін аз сақтаймын. Солардың томға кіруге жарайды-ау дегендерін машинкаға көшіріп, маған бір-бір данасын жіберсең қайтеді? Мұның асығысы жоқ нәрсе ғой.

Ертең «Алматы» санаторийіне, 24 күнге тыныстауға кетем. Күн жылына солтүстіктің өдемі қысын көріп қайтсам ба деген ойым бар. Шыға қалсам – күн бұрын хабарласармын. Жолдастарға сәлем. Достық көңілден Сәбит. 16/І-1971 ж. Алматы».

Осы хаттағы «Он алты томдықтың соңғысы жеке-жеке

хат-хабар (переписки) болуын көрдің» деген сөйлемге қатысты қысқаша түсініктеме бере кетейік. Әу баста Сәбең 16 томдық шығармалар жинағының соңғы томын хат-хабарларға құрмақ болып жоспарлағаны көрініп тұр. Мұны Ж.Бектұровтың білетінін де аңғартады. Сәбең өзі жоспарлаған 16 томдықтың 4 томын ғана көзімен көріп кетті, қалған 12 томы ол дүниеден өткен соң жарық көрді. 16-шы томға хат-хабарлар емес, академик-жазушының «Жарқын жұлдыздар» атты Абай мен Шоқан туралы монографиялық еңбектері енгізілді. Ал хат-хабарларын жинақтап, кітап етіп шығару алдағы күндердің иығында тұрған міндет. Хаттағы екінші бір көңіл аудартатыны: «Менің сенде көп хатым (әсіресе Сәкен туралы) болу керек...» деген аңғартпасы. Шынында да С.Мұқановтың Қарағандымен, ондағы інісі Жайық Бектұровпен арадағы байланыстары негізінен Сәкенге қатысты екенін байқаймыз. 1964 жылы Сәкеннің 70 жылдығы Қарағандыда аталып өткен үлкен мерейтойда С.Мұқанов арнайы баяндама жасайды. 1967 жылы «Сәкен Сейфуллин» атты пьесасы спектакль болып сахналанғанда Қарағандыға екінші рет арнайы ат басын бұрады. Ал 1972 жылы Қарағанды Мемлекеттік университеті ашылғанда үшінші рет келген. Осы келулерінің бәрінде де жанында Жайық Бектұров бірге болған. Соның алдында екеуара жиі хат жазысып тұрған. Жазушылардың мұрағаттарынан ол хаттардың сарғайған парақтары әлі де табылып қалуы мүмкін ғой... Сәкен Сейфуллин жөнінде Ж.Бектұровтың былай деп жазғаны бар: «Біздің келісуіміз бойынша, Сәбең осы пьесасының көлемді бір үзіндісін бізге жіберді. Біз оны Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде бастырттық. Ақыры бұл пьеса қазақ тілінде Қарағанды театрында, орыс тілінде Целиноград театрында 1967 жылдың аяғында сахнаға шықты» Орталық Қазақстан. 11.10.1990).

Пьеса 1963 жылы 10 қыркүйекте жазылып бітіп, 1964 жылдан бастап мерзімдік басылымдарда үзінділері жариялана бастаған. Сәкен ақталғаннан кейін де, С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» атты пьесасы бойынша қойылған спектакль сахнаға шыққаннан кейін де әлдебір кедергілердің аяқтан шалып, бөгесін бола бергенін

С.Мұқановтың Жайыққа жазған мына бір хаты жеткізеді:

«Құрметті Жайық! Омбыдан және Қарағандыдан жазған хаттарыңды алдым. Сөкенге біраз қызмет атқарған екенсің, ол үшін сансыз рахмет.

«Сөкеннің» спектаклі Алматы драм театрында 14 рет көрсетіліп, бәрінде де адам сыйғысыз аншлаппен өтті. Қарағанды мен Целиноград театрлерінде солай өтуіне өзің куәсің. Одан бері де жақсы өтіп жатыр деп естігем.

Халық осынша биік бағалаған спектакльге республикалық газет-журналдарымыздың біреуі де үн қатпастан тып-тыныш жатыр. Одан кейін көрсетілген кейбір жобалғы спектакльдерге құлаш-құлаш мақала беріліп жүргенін оқыған боларсың. Сөкенге республикалық газет-журналдардың үндемеуін маған, я, «Сөкенге» байланысты екенін және не себепті екенін түсіне алмай қойдым. «Қай құдайдың» бөгет болып жүргенін де білмеймін. Өз ойымда, бұл пьесаны «Октябрьдің 50 жылдық тойына арнап жаздым» деп, «Октябрьді жасасқан большевиктердің бейнесін көрсеттім» деп түсінген едім. Халық та осылай ұғып жатқан сияқты, өйткені, спектакль сайын залда лық толған халық, үздіксіз овация жасап ретті жерлерінде күліп те, жылап та отырады. Көрермендердің Қарағанды мен Целиноградта да сөйткеніне өзің куәсің. Біз, әдетте, «Тарихты халық жасайды» дейміз. Ендеше баспасөздердің халық пікірімен санаспауы мен үшін таңғаларлық іс. Неге олай болу хақиқатына партия ұйымдары арқылы жетеміз, өрине. Бұл жәйда өзім үлкен реніштімін.

Бірге жасаған сапарларымыз туралы «Жұлдыз» журналына жіберген очеркің келген. Оның да басылуына Сөкен себеп болып жатыр ма, басқа себеп бар ма – тез байқастырам. Өзім сендерден ажырасқалы тауда демалыс үйінде болып, қалаға бүгін оралдым.

*Сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
5.02. 1968 жыл. Алматы».
(СМФММӘММК-КП-6001).*

«Большевиктің бейнесін» лайықты әдеби образға айналдырдым деп түсінген Сәбит Мұқанов қателескен жоқ.

Большевиктің бейнесі пьесада шынайы шыққан. Бұл да жиынтық бейне. Жуырда «Орталық Қазақстан» газетінде (06.09.12) «Алашорданың соңғы тұяғы» атты мақала жарық көрді. Сонда Жайық Бектұровтың үйінде, 1967 жылы, Өлімхан Ермеков Сәбит Мұқановқа «Сәкен Сейфуллин» спектаклін көріп келгеннен кейін, актерлердің сөз қағысына қатысты «Бөкейхановқа Сәкен солай деп айта алушы ма еді?» деп сауал тастайды-мыс. «Сәбең қысылып қалып: - Ей, Жайық, пьесада өзі сондай сөз бар ма еді? – деп өзі жазған шығармасының сөзін ұмытып қалғандай сыңай танытады» - дейді. Өлекеңнің Сәбитке дәл солай деп айтуға хақысы бар да шығар. Пьесадағы драмалық кейіпкерлердің аузына сөз салып отырған автор. Астар бар, тұспал бар. Пьесаның 16-томдықтың 5-ші томында жарық көрген нұсқасында ондай сөз жоқ! С.Мұқанов Жайыққа 1963 жылдың 29 қарашасында жазған бір хатында: «Сәкен Сейфуллин» есімді пьесаның әдебиеттік варианты бітіп, Жазушылар одағының драматургия секциясында оқылды. 13 кісі сөйлеп, бәрі де «пьеса бар, күшейте түсу керек» деген пікір айтты. Пайдалы пікірлер де көп болды. Қазір оларды түзетудің үстіндемін. 10-15 күндік жұмысы бар сияқты» деп жазған екен. Осы орайда, әлгі он үш кісі аңғармаған бір сөзді Өлекең байқап қалыпты. Оны да Сәбең «дұрыс пікір» деп қабылдаған сияқты. Мұндай шетін мәселелерде ол өзге жұрттың да пікірлерін мұқият ескерген. Жайық Бектұровтың өз естелігінде: «Сәбеңнің өзге жазушылардан бір ерекшелігі мынадай еді: ол ішіне біреуді жек көрген, не жақсы көрген ой-пікірін өсте жасырмайтын. Жазуға мүмкіндігі болмаған жағдайда өз ойын жолдастарына ашық айтып отыратын. Кейбір жазушылар өз пікірінің терістігіне көзі жетсе де, қасарысып, сол алған бетінен өсте қайтпайтын. Біздің Сәбит олай емес еді. Жолдастарының әлде оқушыларының бірі орынды пікір айтса, «Мынау дұрыс екен» деп, соны тез мойындайтын» (Орт.Қаз-н, 11.10.1990).

Жайық Бектұровтың Сәбит Мұқанов туралы ойлары мен көзқарастары сырттан таңылған, біреулердің «деген екен», «дейді екен» деген пікірлеріне сүйенген тұжырымдар емес, өзі ой елегінен өткізіп, өзі куәгер болып, өзі Сәбеңнің аузынан естіп барып қана көзі жеткен ақиқаттардың қорытпасы.

Ендеше оның ағынан жарыла жазған: «С.Мұқанов көп жазған адам. Асығыс та жазған адам. Өмірдің барлық құбылысын, бар көрінісін түгел қамтып қалғысы келген алымды адам. Сондықтан да кейде асып, кейде кейін қалып айтқан пікірлері де болмай қалған жоқ. Алайда, С.Мұқанов өз дәуірінің, өз халқы өмірінің айнасы болды. Ол халықтың өзі қандай болса, дәл сол халқына мінезі де, сөзі де, тұлғасы да сай адам болды» (Орт. Қаз-н.11.10.1990 ж.) – деген пікірін аса құнды санаймыз.

«... Соңғы 30-40 жыл ішінде өзге ағалармен қатар, Сәкен жайлы көп-көп мақалалар жаздым, радиода, теледидарда жұртшылық алдында сөйледім. Жоғары дәрежелі оқу орындарында да көп кездесулер өткіздім. Мұндай еңбегім үшін кезінде Сәкеннің інісі Мәжиттен, оның балаларынан да, Гүлбаһрам жеңгемізден де, С.Мұқановтан да алғыс естіп жүрдім. Осы алғыс маған үлкен сыйлықтан артық болды» – деп жазды Жайық Бектұров (Кітапта: Ақиқаты осы еді... (Естеліктер), Алматы, Ғылым, 1995. – 85 б.).

Рухани інісі Жайық Бектұров 60 жасқа толып жатқанда Сәбең алдымен жұрттан бұрын құттықтау телеграммасын жолдайды, іле-шала 1973 жылдың 17 ақпанында «Құрметті Жайық дос!» деп басталатын ақырғы хатын жазады: «... Сені мен бала жігіт кезіңнен білемін ғой. Содан бері санама берік орнағаны – сенің әділет жолынан таймауың, әрдайым сенімді сатпауың, өз пікіріңе тұрақты болуың. Маркстен бір қызы: «Әке, шындық деген не?» деп сұрапты-мыс. Сонда әкесі: «Ол дәлелдеуді керек қылатын нәрсе» депті-мыс. Сол айтқандай, дәлелдей алмаған шындық – шындық емес. Дәлелдегендер көріп кетеді, дәлелдемегендер өліп кетеді. Осының бір дәлелі – Сәкен. Ол өліп кеткен адам. Менімше, шындықты одан артық көкसेп, одан артық іздеген кісі жоқ. Ақыры өзі таптым деген шындықтың оғынан қаза тапты. Қандай трагедия десеңізші!...

Көңілге алма, сен де сондай шерменденің біреуісің...». Осы хаттан аңғарылғандай, Сәбең Сәкеннің өміріне қатысты күтпеген тұжырым жасайды. Сәкен ғұмырының бүкіл трагедиясын жайып салады...

Өмір бойы кеңес өкіметінің жырын жырлап, кеңестік идеологияны ту ғып ұстаған, коммунизмге көзсіз сенген

Сәбит Мұқанов өмірінің соңында бірнеше рет тұйыққа тіреліп, дағдарысқа ұшыраған. Біріншісі – ұлы Шоқан Уәлиханов өмірінен тетрология жазуды жоспарлап, оған «Аққан жұлдыз» деп ат қойып, төрт кітаптың екеуін тәмәмдағаннан кейін үшіншісін бастай алмай, ұзақ толғанып, ақыры Шоқанның орыс империясының шеңгеліне түскен трагедиялы тағдырын жазуды тоқтата тұрып, «Қазақ қауымы» дейтін этнографиялық еңбекті жазуды асығыс қолға алады. Өмір бойы Шоқанды зерттеу, ол туралы екі пьеса, бір монография, ақыры роман жазу оны терең тануға, ащы ақиқатпен жолығысуға әкеледі... Ал ақиқатты айту – тым қатерлі еді, айтпау – алға қойған мақсатына жеткізбейтін еді... Бұл тұйықтан ол шыға алмады. Екінші – Сәкен туралы ойларының хат бетінде қалған жоғарыдағы түйіні. Үшіншісін тағы да Жайық Бектұров: «... мен бірде Сәбеңе «Өмір мектебі» одан әрі жазыла ма?» деп сұрау бердім. Сәбең «енді жаза алмаспын, себебі 1937 жылдардың уақиғасын жазу қиын» деді (ОҚ, 11.10.1990) –, деп көп жұрттың көкейіндегі шындықпен жүздестіреді.

Иә, жазушылардың жан-дүние әлеміндегі кейбір қалтарыстар мен қатпарлар олардың естеліктері мен хаттарының сорабында да сайрап жатады.

2012 ж.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ БАУЫРЛАСТЫРҒАН СӘБИТ МҰҚАНОВ ПЕН МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН

«Мәлікті мен 1930 жылдың көктемінде Көкшетау қаласында көрдім» деп жазады Сәбит Мұқанов өзінің «Мәлік Ғабдуллин» атты естелік-очеркінде (А., Жазушы, 1974). Бұл тұста екеуінің жас айырмашылығы – 15 жастай. Губерниялық «Кеңес ауылы» газетінің редакторы, жас ақын С.Мұқановты оқушы Мәлік мектептегі кездесуге шақырады. Жасөспірімнің көзіндегі от пен сөзіндегі жалынды аңғарған ол шақыруды құп алады. Тіпті, сол жылы

Қызылжардан Алматыға қызмет ауыстырғанда Мәлікті өзімен бірге ала кетіп, Сәкен Сейфулиннің көмегімен, Қазақ педагогика институтының екі жылдық даярлық бөліміне орналастырады. ҚазПИ-ді бітірген соң Мәлік оның аспирантурасына қалдырылады. Қазақтың батырлар жырын зерттеуді қолға алады. Жетекшісі – Сәбит Мұқанов. «Сол аспирант кезінде менімен ақылдаса отырып, Мәлік қазақ ауыз әдебиетінің қалың томдық екі кітабын құрастырды: бірі – тоғыз дастаннан құралған «Батырлар жыры», екіншісі – қырықтан астам шығармадан құралған «Айтыстар». Батырлар жырын іріктеуде де Мәліктің еңбегі ерекше» – деп жазды Сәбең (10 б). Бірінші томдыққа «Батырлар жырының әдебиеттегі орны» деп аталатын кіріспе мақала жазған Сәбит Мұқанов ғылыми зерттеулерге арқау бола бастаған фольклордың пайда болуы, жанрлық белгілері, тарихи оқиғалармен байланыстылығы, көркемдігі, кейіпкерлер жүйесі, т.б. мәселелерге қатысты өз ой-көзқарастары мен тұжырымдарын жасайды. Батырлар жырларын топтастырғанда өзінен бұрынғы зерттеушілердің «Батырлық эпос» және «Тарихи эпос» деп жүйелеулерін дұрыс емес деп санап, жырдағы қаһармандардың өмірде болғанын немесе болмағанын, оқиғаның тарихқа қатыстылығы мен қатысты еместігін ескере отырып жүйелеуді ұсынады. Тарихта болған Едіге, Қобыланды, Шора, Қамбар, Ер Көкше туралы дастандарды жеке қарастыруды, ал тарихи негізі көмескі Ер Сайын, Ер Тарғын, Алпамыс туралы жырлар бөлек қарастырылуы керек дейді. Бұл тұжырымның да ғылыми шартты екенін аңғартқан.

Ұстазынан алған бағыт-бағдарын алғыр шәкірті тереңдете дамытады. М. Ғабдуллин 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ал 1958 жылы жарық көрген «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты монографиясында халқымыздың фольклорлық әдебиетінің бастау көздері, тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар, көңіл-күйін білдіретін туындылар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, батырлар жыры, айтыс өлеңдері туралы тиянақты ғылыми топшылаулар мен қорытындылар жасады. 1972 жылы «Ғылым» баспасынан

шыққан Мәлік Ғабдуллин мен Тұрлыбек Сыдықовтың «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбегі – қазақ эпосы туралы көлемді дербес ғылыми зерттеу. Онда «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырлары туралы егжей-тегжейлі салыстырулар мен тұжырымдар жасалады, ақындар, жыраулар, жыршылар хақында, бұрын зерттелмеген дастандар туралы да деректер бар.

Сәбит Мұқанов пен Мәлік Ғабдуллиннің арасындағы ұзақ жылдарға созылған ағалық-інілік, ғалымдық-жазушылық, ұстаздық-шәкірттік нәзік қарым-қатынастарды, берік арқауларды танып-білуге ұмтылыс жасағанда, қаһармандық жырлардағы, батырлық дастандардағы ұлттық, отаншылдық рухқа деген ұрпақ махаббаты екеуін үнемі жақындастырып тұрғанын ескеру керек.

С.Мұқановтың Алматыдағы музей-үйінің қорында Мәліктің оқушы кезіндегі (1930 ж.), соғыстан батыр болып оралып, Жамбылға сәлем бере барғандағы (1943ж.), С.Мұқанов, Х.Бекішев және М.Ғабдуллиннің Балтық бойы майданында түскен (1944ж.), т.б. фото-суреттері сақталған. Сондай-ақ, «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» кітабын: «Ардақты Сәке! Зор құрметпен осы кітабымды Сізге тарту еттім. Мәлік. 04.10.1958.» деген, «Қазақ халқының батырлық жыры» кітабын: «Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қамқоршысы Құрметті Сәкеңе! Сізге тартқан сыйлығым. Мәлік. 21.Х. 1972 ж.» деген, «Сұрапыл жылдар» кітабын: «Ардақты Сәке! Оқ астында, от ішінде жазылған осы еңбегіме көз саларсыз. Зор құрметпен Мәлік. 21.Х.1972 ж.» деген қолтаңбасымен сыйлаған.

С.Мұқановтың «Эпостың арғы түбі мифке, яғни табиғаттан тысқары күш-қуаттарға жалғасып кетеді. Мәселен, көне гректің эпостары «Иллиада» мен «Одиссея», қырғыздың эпосы «Манас», қазақтың эпосы «Қобыланды», т.б.» деп, «Тайбурылдың Қобыландымен адамша сөйлесуі, әдебиеттің өсірелеу заңынан, гиперболадан туған образ емес, бір ұшы мифологиямен жалғасып жататын образ» деп тұжырымдар жасауы ғылыми ізденістердің өрісін ашуға жасалған оң қадам болатын.

М. Ғабдуллиннің «Батырлар жырының дәстүрін дамытуда

ақындар мен жыршылардың алатын орны айрықша. Олар бір-бірінен үйренеді, осы арқылы әрбір жырдың нұсқасын жасайды. Әр эпоста көне дәуірден елес беретін эпизодтар, мотивтер, сюжеттік өрістер, қатысушы адамдардың іс-әрекетіндегі әр түрлі жайлар сақталып қалған. Ақын, жыршылар батыр жайындағы жырды біріне-бірі қалай болса солай бере салмай, творчестволық жолмен дамытып, сөйтіп барып ауысып отырған. Әрбір ақын, жыршы өзінің бетін көрсетіп, тексті сан құбылтып, өзгертіп отырумен бірге, халықтың жайсаң ойын, өміршең пікірін қосып жіберуді де ұмытпаған. Осыдан барып эпос нұсқаларының айырмашылықтары пайда болған» дейтін түйінді пікірі де бағалы.

Өткен ғасырдың 30-40-жылдарындағы қазақ ауыз әдебиетіне, қазақ эпосына, батырлық, ғашықтық, тұрмыс-салт жырларына деген ғылымдағы бетбұрыс – көне мұраларымызды тарих тозаңынан аршып алуға біршама септігін тигізді. 1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғыстың кезі де ұлттық, батырлық, қаһармандық рухты көтеруге үлкен ықпал жасады. Бірақ, отаршыл қызыл империяның қысымымен осы батырлық, ерлік рухтың қазақ елі үшін қымбат арғы-бергі тарихындағы өршіл дастандары ғылыми-зерттеу айналымынан бірте-бірте ығыстырылып, тарихи жадымыздан көмескілене бастады. Өзге елдің тарихын, батырларын, патшаларын оқып-білуге жасалған жағдай қазақ елінің ұлттық қаһармандарын танып-білуге келгенде өрісі тарылып қалды. Сондықтан да Мәлік Ғабдулиннің зерттеуеңбектері ұлттықрухты, батырлықрухтыкөтеруімен бағалы болып қала береді. Сөз орайында, 1972 жылы ҚазМУ-дің филология факультетіне түскенімізде, 1-курстың алғашқы семестрінде, қазақ халық ауыз әдебиетінен дәрісті Мәлік Ғабдулиннің өзінен тыңдағанымызды айта кетсем деймін. Тұлғалы, өнді, келбетті профессор, академик, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдулиннің қоңыр дауысы құлағымызда, асықпай, баяу бастап, ерлікті, қаһармандықты жырлаған дастандарды талдаған кездегі шабытты шағы көз алдымызда мәңгілік қалып қойды. Сол кезде Мәкең 57-ақ жаста екен ғой. Біз деканымыз – профессор Кәкен Ахановтың, Зейнолла Қабдоловтың,

Тұрсынбек Көкішевтің, Мырзатай Жолдасбековтің, Сағат Өшімбаевтың лекцияларын қалай құмартып тыңдасақ, Мәлік Ғабдуллиннің қазақ фольклорының байтақ әлеміне бастаған дәрістеріне сондай құштарлықпен ден қойғанбыз.

М.Ғабдуллиннің «Көрнекті жазушы» дейтін мақаласы С.Мұқановтың 50 жасқа толуына орай 1950 жылы 24 мамырда «Лениншіл жас» газетінде жарияланған. Жазушының шығармашылық жетістіктеріне тоқтала келе: «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, әдебиет кадрларын дайындау жөнінде де Сәбиттің еңбегі үлкен... Оның қазақ фольклоры туралы және Абай, ақындар айтысы, батырлар жыры, ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы, Жамбыл жайында жазған зерттеу еңбектері, жалпы қазақ әдебиеті туралы және бүгінгі әдебиетіміз туралы жазған еңбектері, орынды айтқан пікірлері әдебиетіміздің тарихын дұрыстап зерттеуімізге аса көп пайдасын тигізуде» – деп салмақты ой түйеді.

«Жыр алыбы» жинағына (1972ж.) енген «Жамбылға сәлем бере барғанда» атты естелігінде Мәлік Ғабдуллин 1943 жылы майданнан елге демалысқа келгенінде Сәбenniң қолдауымен жыр алыбының үйіне қалай жолы түскенін баяндайды. Соғысқа аттандырған Алғадайынан айрылып, жарым көңіл отырған қарт Жамбылға демеу сөз айту үшін барады. «Мен сені Қобыланды батыр сияқты еңгезердей екен десем, талдырмаш қана жігіт екенсің ғой» – деп қарсы алған ұлы жырау қазақтың батыр ұлын көргенде қатты толқып, тебіренеді. «Бұл келістерің мен үшін үлкен той, қуаныш қой. Сондықтан, үйдің үш ауызын өзім айтып берейін, ал ауылдың алты ауызын мына Балуаншолақ айтар, – деп Жәкең өзілдеп, Сәбитті нұсқады» – деп еске алады Мәкең. Ақынын да, батырын да ардақтаған ел екеніміздің бір дәлелі осы естелік. Мәлік Ғабдуллиннің батырлық жырларды зерттеумен шыққан атағынан да бұрын, алапат соғыста бабалар дәстүрін жалғастырып, қан майданда көрсеткен ерлік, батырлық даңқы елге тез жайылған еді.

С.Мұқанов Шоқан туралы «Аққан жұлдыз» романының екі кітабын жазып болғаннан кейін, үшінші кітабына кіріспей тұрып, «Қазақ қауымы» дейтін тарихи-этнографиялық еңбекті жазуға отырады. Екі кітап деп

жоспарланған еңбектің бірінші кітабын аяқтап, «Қазақстан» баспасына қолжазбасын тапсырады. Осы қолжазбаға баспа тапсырмасымен М.Ғабдуллин рецензия жазған (19.09.1972ж.). Бұл рецензияның бір данасы (мәшіңкеге басылған 12 бет) жазушы мұрағатында сақталған. М.Ғабдуллиннің: «Қазақ қауымы» деп аталатын бұл еңбегінде ол қазақ халқының тарихы жөнінде, әсіресе, оның революцияға дейінгі әдебиеті мен мәдениетінің, салт-санасының қалыптасып даму тарихы жөнінде сөз қозғайды, көптеген мәселелер көтеріп, олар жайында өзінің ой-пікірін ортаға салады, ғылым үшін қызықты және қазақ тарихын зерттеген тарихи еңбектерде кездеспеген мәліметтер, фактілер келтіреді» – дей келе, кітап қолжазбасының бірінші бөліміндегі жалпы шежіре, қожалар шежіресі, қазақ шежіресі, қазақ тарихы дейтін тақырыптарды, кітаптың екінші бөліміндегі қазақтың қоғамдық өмірін: мекені, елдігі, дүние тануы, шаруасы, аңшылығы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайлары, сенімі сияқты жеке-жеке тарауларда қарастырылуы жөнінде «керек те құнды еңбек» деп баға береді. Қолжазбаның әр бетіндегі ұсақ-түйек кемшіліктерге дейін, грамматикалық қателерге дейін тізіп көрсетіп, түзету керектігіне назар аудартады. Кейбір бұрмаланған тарихи деректерге (мысалы, «Кіші жүз Русияға ... 1737 жылы еркімен бағынған» делініпті. Дұрысы: 1731 жыл ғой), 166-бетте «Сыпыра жырау... он тоғызыншы ғасырда жасаған делінген, бұл жаңылыс айтылған сөз», т.б.). Осыған қарап отырып, авторға рецензеттің көмегі қаншалықты керек болғанын бағамдайсыз. Қазір ешбір рецензиясыз, сын-пікірсіз қаулап шығып жатқан тарихқа, этнографияға қатысты еңбектерді ойлап, ішің ашиды. Мұндай жанашырлық жоқ қой, жоқ.

Сәбит Мұқановтың жалпақ жұртқа белгісіздеу бір романы – «Біздің заманның батырлары». Әуелде «Өрлеу» деген атпен роман-дилогия жазуды жоспарлаған. Алғашқы кітабы ғана жазылған. «Әдебиет және искусство» журналының 1945 жылғы (№ 4), 1946 жылғы (№№ 1,2,3,4,5) сандарында жарияланған. Осы романның жазушының жеке мұрағатында сақталған қолжазбасының орысша аударма нұсқасының (ауд. Ю.Домбровский, 1946 ж.) бірінші бетінде: «Близкому и родному другу моему, славному

сыну казахского народа, Герою Советского Союза Малику Габдуллину с любовью посвящает автор» деген жазу бар. 1916 жыл оқиғасына, Жетісудағы, Верныйдағы (Алматы) кеңес өкіметінің орнауын сипаттайтын туындысын Мәлікке арнауында былайғы жұрт ұғып-түсіне бермейтін көп құпия сыр жатқандай.

Алматыдағы Мұқан Төлебаев көшесінің бойындағы 129-үйде Сәбең тұрса, 131-үйде Мәкең тұрған. Ал мына бір құттықтау открыткасын оқысақ: «Қымбатты Сәке, Мәке! Сіздерді келе жатқан Жаңа Жылмен құттықтаймыз. Жаңа Жыл Сіздер үшін мықты денсаулықтың, тыңдықтың, қуаныш пен шаттықтың, жемісті еңбектің жылы болуын тілейміз. Сіздерді құрметтеуші Нәзия, Мәлік. 27.12.1972» – деп жазылса, конверттің сыртына: «1-І-1973 жылы қайтыс болды. Өте аянышты! С.М.» – деген жазу қызыл сиямен түсіпті. Үйлері қатар тұрғаны өз алдына, құттықтау хатын пошта арқылы жіберіп, жақын жүрсе де алыстағыдай сағына құрмет көрсетуінде інінің ағаға деген зор ілтипаты жатқан жоқ па?!

Жазушы мұрағатындағы «Жарияланбаған дүниелер» деген папкіден шыққан мына бір өлеңді Сәбең Мәлік Габдуллиннің қазасына жиналған қаралы қауымның алдында оқып тұрғандай сезінем. Өлі есімде, қақаған қаңтардың 5-і күні ұстазымызды ақтық сапарға шығарып салу үшін Ғылым Академиясындағы қоштасу жиынына, топырақ салу үшін зират басына да барғанбыз. С.Мұқановтың өлеңі «Азаларлық ауыр қаза» деп аталған. «Совет Одағының батыры, кенет қазаға ұшыраған – Мәлік Габдуллинге» деген арнау сөзі бар өлең мынау:

Қалқам-ау, бала боп ең біздің үйге,
Істердің арасында үйме-жүйме.
Жүргенде жан-таласа атқарысып,
Қалайша ұшырадың мұндай күйге?!

Талайды тамсандырды алған ажал,
Жатқанға тойынбайтын неткен тажал?!.

«Кенеттен Мәлік қайтыс болды» деген
Хабарға бойымды ұстап тұрдым азар.

Майданға біздің үйден аттанып ең,
Міндетті азаматтық атқарып ең,
«Баласы біздің үйдің батыр болды!»
Деп дүние жүзіне мақтанып ем.

Жауларға ажал болды берген соққың,
Ішінде төпеп тұрған нөсер оқтың,
Жауды жеңіп, денеңе оқ түсірмей,
Туған-өскен жеріңе аман жеттің.

Жете сап, ғылым кілтін қолыңа алып,
Білімнің сан алуан шамын жағып,
«Бұл өзі тылда-дағы батыр болды!»
Деп ісіңе сүйсінді бүкіл халық.

Ажалға неге жылдам жетектеттің,
Боларын сезінгендей осы кептің.
Майданда, тылда барлық міндетіңді,
Алдында Отаныңның өтеп кеттің!..

Күйзелтті кенет келген ауыр қаза...
Бәрі де жанашырдың тұтты аза.
Тек қана, қам көңілге медеу болар, –
Азамат, қайраткерсің ары таза.

Мейілі, жүрегімді қайғы бусын,
Бетімді сорғалаған жасым жусын.
Тілегім: бүгін және болашақта,
Қазақтан туған ұлдар сендей тусын!

03-01.1973ж.»

Мәлік қазасының өте ауыр тигенін Сәбең Мөлгаждар Әуелбековке жазған мына бір хатында да аңғартады. «Құрметті Мөлгаждар! Біз – Мәриям екеуіміз ноябрьдің аяғында Москва жаққа жолаушылап кеткеміз, содан Алматыға тек декабрьдің аяғында оралсақ, сенен келген хат және шежірелер жатып қапты. Ол сәлемдемелер үшін сансыз рахмет. Саған тез жауап қайтаруға, кенеттен Мәлік Ғабдуллин қайтыс болды да, соған қатты қайғырып, ауыра жаздап қалдым. Ол бала шағынан біздің балалармен бірге ойнап өскен, қол-баламыз сияқты еді. Майданға біздің үйден аттанып, Совет Одағының Батыры болғаннан кейін, елге амандыққа келгенде біздің үйге түскен. Содан жалғасқан достығымыз жыл сайын беки түскен еді. Сондай қымбат адам кенеттен өлуіне (жүрегінде зақым болған, оны өзі де, дәрігерлер де сезбеген) бүкіл ел болып қатты қайғырды. Әсіресе – мен. Осы қайғыдан енді ғана ес жиып, саған хат жазуға отырдым... Жолдастық көңілден – Сәбит.10.01.1973 ж. Алматы.»

Сәбит Мұқановтың да, Мәлік Ғабдуллиннің де өмір жолдары, азаматтық ұстанымдары, соңдарында қалдырған мол мұралары өскелең буынды, келер ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге бағытталған. Олар ұлтты сүюді ұранмен емес, нақты өмірдегі іс-әрекеттерімен, ғылыми, әдеби, еңбектерімен дәлелдеген. С.Мұқановтың Алматыдағы алғашқы қазақ балабақшасын шырылдап жүріп аштырғанын марқұм Қадыр Мырза Әлі өзінің «Иірім» (2004 ж.) атты кітабында жазып кетті. Ана тілінің тағдырына қатысты талай еңбектерді қалдырды. Ол аралас мектептерді енгізуге үзілді-кесілді қарсылығын Оқу министрінің орынбасары А. Щербаковтың кандидаттық диссертациясын қорғатпау үшін сөйлеген сөзінде (1967 ж.) өте өткір қозғады. Қазақстанды ұзақ жылдар басқарған Скворцовтың шовинистік көзқарастары мен іс-әрекеттерін партияның Орталық Комитетінің бюросында әшкерелеп сөйлеген Сәбит Мұқановтың сөзі де мұрағатта жатыр.

Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық көзқарастары жеке зерттеуді қажет етеді. Мыңдаған шәкірттерді тәрбиелейтін жоғары оқу орнын басқарған жылдардағы тәлімі де бөлек өңгіме болуға тиіс.

1972 жылы Мәскеуден «ЖЗЛ» сериясынан Тұрсынбек Көкішевтің «Сәкен Сейфуллин» ғұмырнамалық кітабы жарық көргенде Сәбең қатты қуанады. Шәкіртін үйіне шақырып алып, енді Мәлік туралы осындай кітапты бірігіп жазуға уағдаласады. Әрине, Сәбең ол арманына жете алмады.

Қазақ халқының әдебиеті, мәдениеті, ғылымы мен өнері өрге басуы жолында Сәбит Мұқановтың да, Мәлік Ғабдуллиннің де сіңірген еңбегі орасан зор. Бүгінгі жастардың бойында отаншылдық сезімді, патриотизмді қалыптастыруда олардың азаматтық ұстанымдары әрдайым үлгі болуға лайық.

2013 ж.

Б.МАЙЛИН МЕН Ғ.МҮСІРЕПОВ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан алыптарымыз туралы сөз болғанда, ең алдымен, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов есімдері аталады. Бұларды әдебиет тарихында бөле-жармай, таптық жікке топтамай, ұлт руханиятының ұстындары, қазақ көркем сөзінің ұлы тұлғалары деп біртұтас алып қарауымыз керек.

Осылардың ортасында қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының шеберлері ретінде Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық байланыстары әдебиет зерттеушілерінің назарын аударуға негіз бар. Оған қазақ жазушыларының арасындағы алғашқы журналист, көркем проза мен көсемсөздің, көркем очерктің аса көрнекті өкілі Бейімбет Майлиннің жазуға қабілеті бар жастарды іздеп жүріп тауып, тапсырма беріп жаздырып, қаламдарын ұштауға тигізген әсер-ықпалы жөнінде айтқанда, әрине, ең алдымен Ғабит Мүсіреповтің жазғандары ойға оралады:

«Төрт-ақ сөзінді өзгерттім... Үзбей жазып көрші., – деді. Бейімбет сияқты атақты шебердің жәрдем берерін сезінген соң, мен төрт таңды көзімнен аттырып, «Тулаған толқында» деген ұзақтау бір әңгіме жаздым. Бірақ онымды Би ағаңа үш рет әкеліп, үш рет көрсетпей алып қайттым. Аяғында рабфактың қабырға газетіне бердім». Ғабиттің әңгімесін қабырға газетінен оқыған Бейімбет Майлин: «... әңгіменді оқыдым. Жаман емес екен... Маған неге көрсетіп алмадың?» – дейді.

Осы бір ауыз сөзде қаншама қамқорлықтың лебі жатыр десеңізші. Оны жас Ғабит те жан-дүниесімен түсінеді. Сол түсінгенін кейін: «Би ағаңның (Бейімбет Майлинды айтып отырмын) мен әр түрлі толқу үстінде көрсеткен сенімі болмағанда, өзімнен жазушы шығады деген үмітім бұлдыр да буалдыр еді. Тәуекелмен бастап кетпей, тастап кетуім де мүмкін еді. Жастарға сенім көрсетудің, жастармен жұмыс істесудің үлгісі солай болса етті деген оймен «Біздің Би аға» очеркімді жазуға тура келді», – деп тиянақтайды. «Біздің Би аға» очеркі 1965 жылы 12 қыркүйекте «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Осы очеркінде Ғабен Бейімбеттің бүкіл болмыс-бітімін ашып көрсетіп, өзінің неге осы бір қарапайым да қарымды қаламгерге көңілі құлағанын, екеуара достық, шығармашылық байланыстыраның қалай қалыптасқанын, қалай дамығанын біршама толығырақ баяндайды. 1928 жылы Ғ.Мүсіреповтің «Тулаған толқында» атты прозалық шығармасы кітап болып шығады, сол жылы «Қазмемиздаттың» орнына «Қазақстан» баспасы ашылып, оқуға кеткен С.Мұқановтың орнына Ғ.Мүсірепов бас редактор болып қызметке кіріседі. Бейімбет екеуінің тізе қосып, ақылдаса жүріп, көп шаруалар тындыратын кезеңі басталады. Тоғыз жылға созылған тығыз шығармашылық байланыстағы қарым-қатынасты қызыл репрессия қырғыны үзіп кетеді. Бірақ, осы азғантай уақытта екі ұлы жазушы бір-бірін жақсы танып-білумен қоса, бір-біріне рухани демеуші, жанашыр аға-іні болғанын аңғарамыз. Бейімбеттің шығармашылық әлеуетіне қатысты Ғ.Мүсіреповтің: «нағыз журналист, «әрі үлкен жазушы, әрі маңдай алды журналист» деп бағалауы да сол жылдардағы оның еңбегіне берілген жоғары баға еді.

1929 жылы Жақан Сыздықов Қызылордаға келіп, Ғабиттің үйіне тоқтайды. «Кешке жақын Би ағаң Ғабиттікіне келді. Сондағы екеуінің шүйіркелесе сөйлескені, бірін бірі зор ілтипатпен тыңдайтыны, ерекше сыйласатындығы осы күнге дейін ұмытылмастай зор әсер қалдырды. Би ағаң ол үйге келгенде, өте сағынысып, алыстан жолаушылап келген адамдай сый-құрметке, әдемі ықылас, жарқын күлкіге бөленетін. Ғабиттің үйінде осылай өткен кештерге мен талай араластым. Бірге болдым. Талай қызықты әңгімелер естіп, талай әдемі күндерді өткіздім» – деп еске алған екен.

1932 жылы Б.Майлиннің ақындық, жазушылық жолының 20 жылдығы аталып өтіледі. «Социалды Қазақстан» газеті тұтас бет арнайды. Бірақ, іле-шала Бейімбетті сын садағына алған, орынсыз кіналаған, азаматтық арына, ақындық шеберлігіне тиіскен мақалалардың шығуы оған қатты соққы болды. «Ұлтшыл-байшыл» деп айып тағумен қоса, «Қазағым – елім, жұртым деп Бейімбеттің ақындығы туды» (С.Қ. 24.05.1932ж.) деп кіналады. Алашқа бүйрегі бұрады деген айыптау да алғаш рет айтылды. Келесі жылы ҚазАПП ұйымы таратылып, Қазақ совет жазушыларының одағы құрылар қарсаңдағы ұйымдастыру комитетінің пленумында Ғ.Мүсірепов Бейімбеттің «Он бес үй» повесі мен «Майдан» пьесасы туралы оң пікірін білдіріп, былтыр әділетсіз сынға ұшырағанын, орынсыз жала жабылғанын айтып, оны алғаш рет әдебиет содырларының сойылынан қорғайды. Бейімбет пен Ғабиттің бірлесіп жазған жұмыстарының тағы бір нәтижесі – «Социалды Қазақстан» мен «Қазправда» газеттерінде басылған Амангелді туралы очерктері еді. 1936 жылы 25 қарашада «Социалды Қазақстан» газетінде «Амангелді» пьесасы жұртшылық назарына ұсынылған. Оған алғаш Сәбит Мұқанов пен Есмағамбет Ысмайлов сын-пікір жазған. Бейімбет пен Ғабит арасындағы шығармашылық қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа Дихан Әбілов өзінің «Би ағаң» атты естелігінде жақсы тоқталған.

Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Всеволод Иванов – үшеуі бірлесіп «Амангелді» атты тұңғыш қазақ киносының сценарийін жазады. Амангелді өмірінен деректер жинау мақсатымен Торғай, Бетпаққара аудандарында екеуі бірге болып, жетпіс-сексен адаммен кездесіп, әңгімелесіп,

Бейімбет – бес, Ғабит бір жарым дәптерді жазбаға толтырып қайтады. Үшеуінің шығармашылық ынтымағы нәтижесінде дүниеге келген киносценарий бойынша «Ленфильм» кино түсіреді... Бірақ, 1938 жылдың соңғы тоқсанында экранға шыққан фильмнің авторлары қатарында Б.Майлин есімі аталмады. Оның себебі түсінікті... Өкінішті, әрине.

Танымал Бейімбеттанушы, филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше «Бейтаныс Бейімбет» атты монографиясында: Б.Майлин «1933 жылы Ғабит Мүсіреповпен бірге «Сауат үшін» кітабын жазды. 1934-1936 жылдары Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Әміржан Ситдықов – үшеуі «Сауаттандырғыш» деп аталатын сауат ашу әліппесін жасады. Бұл кітап алғашқы жылы 150 мың, келесі жылы 250 мың, ал үшінші кезегінде 75 мың дана таралыммен шығарылды» – деген дерек береді.

Ғ.Мүсірепов Бейімбеттің жазушылық өнеріне деген зор құрметін: «Ол – әрі теңдесі жоқ әңгімеші ретінде де, әрі прозадағы сүйекті шығармаларды жасаушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз. Біздің қай-қайсымыз болсақ та Бейімбет Майлиннің осыдан түп-тура алпыс жыл бұрын жазылған «Шұғаның белгісі» повесінің құрсағынан шығып, етегіне оранып өскендейміз» – деп те білдірген. Ал, енді, Бейімбеттің басына қара бұлт үйіріліп, 1937 жылы 8 қазанда Қазақстан Жазушылар одағының бастауыш партия ұйымының Б.Майлинді партия қатарынан шығару туралы болған жиналысында оны ашық қорғап, «Бейімбет – жау болса, мен де жаумын!» деуі – тарихи факті, боямасыз шындық, ақиқат. Мұны «басын бөйгеге тігу», «көзсіз ерлік» деп қаншама дәріптесек те нақты бағасын бердік дей алмаймыз. Ғабең Би-ағасының жазушылық шеберлігіне тәнті болғаны өз алдына, оның қарапайым адами тұлғасына жанында қызметтес болып бірге болған жылдарда толық көз жеткізгенге ұқсайды. Бұл жөнінде белгілі Бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұлов Ғабең Бейімбеттен көп қамқорлық көргенін айта келе: «Ғабең сол қамқорлықтары үшін Бейімбетті қорғады десек, ұшқарылау көрінетін сияқты. Оның басқаларға ұқсамайтын айрықша қасиеттері барын байқаған, көңілге түйген Ғабең жария етпей кетпеді. Б. Майлиннің бойындағы, мінезіндегі, жүріс-тұрысындағы

баға жетпес адамгершілік және азаматтық бейнесін ажарландыратын қасиеттердің Ғабең байқаған кейбірін атар болсақ, өте қарапайымдылығы, қолының кіршіксіз тазалығы, жүрегінің қалтқысыз, қаяусыз пәктігі, талантына сай асқан еңбекқорлығы, бастық болуға жоламайтындығы, шенқұмарлығының жоқтығы, пәтуасыз айтыс-тартысқа бармайтындығы, жүріс-тұрысының табиғилығы, өнер, әдебиет десе ішкен асын жерге қоятындығы, байлыққа қызықпайтындығы, басқа адамдарға мейірімділігі...» деп санамалап шығады да: «Ендеше, Ғабеннің оны сыйлап, құрмет тұтуы тегін емес» – деп ой түйеді.

«1964 жылы әдебиет қауымы, Бейімбет шығармаларын сүйіп оқитын оқырмандар – жазушының жетпіс жасқа толуын тойлап өткізді. Би ағанның бұл юбилейлік мерекесін басқарған сол кісінің абзал, айрылмас досы Ғабит Мүсірепов болды. Айта кетелік, Бейімбет пен Ғабит ағаларымыздың достығы жыр болғандай жақсы өнеге» – деген ақын Қалижан Бекхожиннің сөзі де әлгі пікірмен тоғысып жатыр. Бейімбетке деген адал көзқарасын Ғабең өмір-бақи өзгертпеген. «Мен солай істедім!» деп кеудесін соғып, мақтанған да емес. Бәрін тарих пен уақыт өз орнына қойды.

2014 ж.

«ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ» КІТАБЫНА ТҮСІНІКТЕМЕ

1. «Музейдегі мәңгілік мезеттің мәні». Мақала «Жас Алаш» газетінде (5 шілде 2001 ж.) шыққан. Кітапта: Қазақстанның қазіргі мәдени дамуының басым бағдарлары. Ғылыми мақалалар жинағы. (Жауапты редактор – Рахиманова К.Н.) – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2000. – 363 б.; Кітапта: Қайырбеков Ө. Саға. Эссе, әдеби сын-зерттеу, ой-толғам. Астана: – «Фолиант», 2003. – 296 б.

2. «Көзге ыстық, көңілге жақын». Кітапта: Қайырбеков Ө. Саға. Эссе, әдеби сын-зерттеу, ой-толғам. Астана: – «Фолиант», 2003. – 296 б.

3. «Музей экспозициясын өзгертудің өзекті мәселелері». ; Кітапта: Қайырбеков Ө. Саға. Эссе, әдеби сын-зерттеу, ой-толғам. Астана: – «Фолиант», 2003. – 296 б.

4. «Сәбит пен Ғабит: қос арна, тел ағыс, егіз өрім». Кітапта:

«Өмірбаяндық өрнектер. Автобиографические эскизы». (Құраст. Г.Жетпісқызы). – Алматы: Арыс, 2002. – 288 б. ; Кітапта: Қайырбеков Ә. Саға. Эссе, әдеби сын-зерттеу, ой-толғам. Астана: – «Фолиант», 2003. – 296 б.

5. «Ғажайып Ғабен». Мақала «Егемен Қазақстан» газетінде (22 наурыз 2002 ж.) жарияланған. «Ғабеннің музейдегі мұрасы» деген тақырыппен кітапта: «С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері. Халықаралық ғылыми конференция материалдары (Құрастырған Гүлнәр Жетпісқызы) – Алматы: «Арыс», 2002. – 168 б.»

6. «Өрбір зат алуан сыр шертеді». «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісіне берген сұхбаты (14 маусым 2002ж.)

7. «Сөбең мен Ғабеннің мұражай-үйінде». «Жас Алаш» газетінің тілшісіне берген сұхбаты (28 желтоқсан 2002 ж.)

8. «Ғабеннің қара шаңырағы». Кітапта: «Ғабит Мүсіреповтің көркемдік әлемі: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары», Жалпы ред. Басқарған З. Бисенғали – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 213 б.

9. «Тәсбих, жайнамаз және домбыра». Мақала «Егемен Қазақстан» газетінде (3 желтоқсан 2003 ж.) Сәбит Мұқанов музей-үйінің ашылғанына 25 жыл толуына орай жарық көрген.

10. «Сұлушаш һәм Мәриям». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (28 сәуір 2005 ж.) шыққан.

11. «Бұл бала – Сөбең мен Ғабеннің тұңғыш немересі!». Мақала «Ана тілі» газетінде (10 ақпан 2005ж) жарияланған.

12. «Ғабен мұражайындағы құнды сағат». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (18 мамыр 2006 ж) жарық көрген.

13. «Шөкәрім һәм Сәбит». Мақала «Шөкәрім әлемі» журналында (№1, 2006 ж.); «Шөкәрім қажының Сөбең хаты» деген тақырыппен «Егемен Қазақстан» газетінде (22 наурыз 2006 ж.) жарияланған. Кітапта: «Шөкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Семей, 2006. – 380 б.; Кітапта: «Етжеңді «Егемен Қазақстан» – 2006». Астана: 2007. – 132 б.; Кітапта: «Шөкәрімтану мәселелері». Сериялы ғылыми жинақ, 6-том. – Алматы: Раритет, 2008. – 352 б.

14. «Тарлан талант тағдыры». Мақала Т. Көкішұлы мен К. Ахметтің «Сәбит Мұқанов» атты кітабына рецензия-пікір. «Егемен Қазақстан» газетінде (1 ақпан 2006 ж.) жарияланған.

15. «Ерекше өрнектелген екі домбыра». «Еуроазия кеңістігі:

рухани және мәдени құндылықтардың тоғысында» атты халықаралық конференцияда жасалған баяндама. Астана. 2006 ж.; Мақала «Егемен Қазақстан» газетінде (1 қыркүйек 2006 ж.) шыққан.

16. «Айнаның сыртында сақталған сурет». Мақала «Егемен Қазақстан» газетінде (31 қаңтар 2007ж.) жарияланған.

17. «Ғабеңнің төрт хаты». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (22 наурыз 2007ж.) шыққан.; «Ғабит Мүсіреповтің хаттары» деген атпен кітапта: Қайырбеков Ө. Саға. Эссе, әдеби сын-зерттеу, ой-толғам. Астана: – «Фолиант», 2003. – 296 б.

18. «С. Қирабаев және Сәбиттану мәселелері». Кітапта: «Академик Серік Қирабаев және XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымы: Алматыдағы «Академик Серік Қирабаев және XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық және Астанада өткен «Академик С.С.Қирабаев және отандық әдебиеттану мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, зерттеулер, мақалалар. Алматы: Unigue Service, 2007 – 480 б.; «Ғылымдағы өнегелі жол» деген тақырыппен «Ана тілі» республикалық ұлт газетінде (22 наурыз 2007ж.) жарияланған.

19. «М. Базарбаев және Ғабиттану мәселелері». Кітапта: «Мүсілім Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мәселелері», «Мүсілім Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, зерттеулер, мақалалар. Алматы: Unigue Service, 2007 – 410 б.

20. «Алабұртқан көңілдің сөз дауасы». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (1 желтоқсан 2007 ж.) жарық көрген.

21. «Зар-мұңымды ұққан Затаевич». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (9 ақпан 2008 ж.) жарық көрген.

22. «Сәбеңнің жеке кітапханасы». Мақала «Кітап жаршысы» газетінде (№2/376/ наурыз, 2008 ж.) жарияланған.

23. «Ботакөз – Гүлфайрус». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (10 тамыз 2008 ж.) шыққан.

24. «Кенекең мен Сәбең!». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (13 қазан 2008 ж.) жарық көрген.

25. Ташкент: Тамыздың ыстық күндері. Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (09 желтоқсан 2010 ж.) жарық көрген.

26. «М. Шолохов пен С.Мұқанов». Мақала «Алдымен қазақ алсын» деген қаламгер немесе Шолоховтың қазақстандық достары» деген тақырыппен «Алматы ақшамы» газетінде (14

мамыр 2009 ж.) жарық көрген.

27. «Жүз жасаған жүрек сыры». Мәриям Қожахметқызы Мұқановамен жасы жүзге толар қарсаңда жүргізілген сұхбат. «Жұлдыздар отбасы» журналында (№15/56 /, тамыз, 2009ж.) жарияланған.

28. «Ең қиын кезеңдерде де мұражайлар жабылған жоқ». Республикалық «Заң» газетінің тілшісіне берген сұхбаты. (16 қазан, 2009 ж.)

29. «Алтын қалам». Ғ. Мүсіреповтің Мұқағалиға сыйлаған алтын қаламынан өрбіген ойлар. «Алматы ақшамы» газетінде (17 қаңтар 2010 ж.), «Мұқағали» журналында (№2, 2010 ж.) жарық көрген. Кітапта: «Есіңе мені алғайсың». М.Мақатаев туралы ақынның көзін көрген замандастарының естелік еңгімелері. Редакторы Б. Мәжитұлы. Алматы. Сарыжайлау. - 2010. – 258 б.

30. «Шоқан шыққан шың немесе С. Мұқановтың Шоқан Уәлиханов өмірі мен шығармашылығын зерттеп-байыптауы хақында». Мақала «Алматы ақшамы» газетінде (26 қыркүйек 2010 ж.), «Қостанай таңы» газетінде 28 қыркүйек 2010 ж.) жарық көрген. Сондай-ақ, кітапта: «Ш.Уәлихановтың рухани мұрасы мен қазақстандық және әлемдік ғылымдағы қоғамдық өрлеу идеяларының дамуы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Баяндамалар жинағы. Құраст. Г.Саталкина, Н.Оташева. Қостанай. – 2010. -164 б.

31. Екі алыптың артында қалған мұра... Газет тілшісіне сұхбат. Мақала «Алтын Орда» (27.01.2011ж.) газетінде жарық көрген.

32. Жамбыл–жырдың жанашырлары. «Жамбыл және түркі халықтарының эпикалық мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жасалған баяндама. 11-12 сәуір 2011 ж. Алматы.

33. Өмір өрнектері. Қани Тоқсанбаевтың «Орындалған ой-арман» кітабына жазылған алғысөз. Алматы. Өнер. 2011 ж.

34. Ғабеннің алғашқы туындысына Бейімбет Майлин бата берген... Журнал тілшісінің сауалдарына жауап. «Жұлдыздар отбасы», №21(111), қараша 2011 ж.

35. Өзағанның өнегесі. Мақала. «Қазақ әдебиеті» газетінде (№6, 31/70. 2010 ж.) жарияланған.

36. Ы. Алтынсарин мұрасы және С. Мұқанов. Мақала «Қостанай таңы» газетінде (23 қараша 2011 ж.) жарық көрген. Сондай-ақ, кітапта: «Ыбырай Алтынсарин мұрасының

әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Баяндамалар жинағы. Құраст.: Н.О.Мұқатов, К.Н.Омарова. Қостанай. – 2011. -228 б.

37. Ғабит көп, Ғабез жалғыз. Газет тілшісіне сұхбат. Мақала «Қазақ әдебиеті» (13.04.2012ж.) газетінде жарық көрген.

38. Естеліктер, хаттар сорабымен. Қарағандыда журналист-жазушы Жайық Бектұровтың 100 жылдық мерейтойына орай Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасы мен Ж. Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған «Ғасыр дауысы» атты халықаралық ғылыми конференцияда жасалған баяндама (18-19 қазан 2012 ж.)

39. Батырлар жыры бауырластырған. Ақмола облыстық Мәдениет басқармасының, М. Ғабдуллин музейінің ұйымдастыруымен Совет одағының батыры, академик, жазушы, педагог, мемлекет қайраткері Мәлік Ғабдуллинді еске алуға орай өткізілген «Батырлар жырындағы елдік мұрат» атты ғылыми семинарда «Сәбит Мұқанов пен Мәлік Ғабдуллиннің азаматтық ұстанымдары және жаңа қазақстандық патриотизм» деген тақырыпта жасалған баяндама. 15.11.2013 ж. Көкшетау.

40. Б.Майлин мен Ф.Мүсірепов: шығармашылық байланыстар. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, Б.Майлиннің туғандарына 120 жыл толуына орай ұйымдастырған республикалық ғылыми конференцияда жасалған баяндама. 17 маусым 2014 ж. Алматы.

Түсініктемелерді жазған
Г. Ж. ҚҰДАБАЕВА

МАЗМҰНЫ

Музейдегі мәңгілік мезеттің мәні	3
Көзге ыстық, көңілге жақын	7
Музей экспозициясын өзгертудің өзекті мәселелері	9
Сәбит пен Ғабит: қос арна, тел ағыс, егіз өрім	13
Ғажайып Ғабең	16
Әрбір зат алуан сыр шертеді.....	28
Сәбең мен Ғабеңнің мұражай-үйінде.....	31
Ғабеңнің қара шаңырағы.....	34
Тәсбих, жайнамаз және домбыра.....	35
Сәбит Мұқанов туралы сөз.....	42
Сұлушаш һәм Мәриям	45
Бұл бала – Сәбең мен Ғабеңнің тұңғыш немересі!	50
Ғабең мұражайындағы құнды сағат	53
Шөкәрім қажының Сәбең хаты.....	57
Тарлан талант тағдыры	71
Ерекше өрнектелген екі домбыра	79
Айнаның сыртында сақталған сурет	84
Ғабеңнің тағдырлы төрт хаты	90
С.Қирабаев және Сәбиттану мәселелері	93
М.Базарбаев және Ғабиттану мәселелері	98
Алабұртқан көңілдің сөз дауасы	103
Зар-мұңымды ұққан Затаевич.....	107
Сәбеңнің жеке кітапханасы.....	124
Ботакөз – Гүлфайрус.....	133
Кенекең мен Сәбең	140
Ташкент. Тамыздың ыстық күндері.....	150
Михаил Шолохов пен Сәбит Мұқанов.....	167
Жүз жасаған жүрек сыры.....	176
«Ең қиын кезеңдерде де мұражайлар	

жабылған жоқ».....	188
Алтын қалам.....	194
Шоқан шыққан шың.....	200
Екі алыптың артында қалған мұра	206
Жамбыл – жырдың жанашырлары.....	218
Өмір өрнектері.....	225
Жаны жаз аға – Өз-аға.....	228
Ғабеңнің алғашқы туындысына Бейімбет Майлин бата берген.....	233
Өзағаңның өнегесі	242
Ы. Алтынсарин мұрасы және С. Мұқанов.....	244
Ғабит көп, Ғабең жалғыз.....	249
Естеліктер, хаттар сорабымен.....	260
Батырлар жыры бауырластырған.....	266
Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов: шығармашылық байланыстар.....	275
Түсініктеме. Г.Ж. Құдабаева.....	279

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

**ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ:
Сәбит пен Ғабит.**

**Эсселер, ғылыми-зерттеу мақалалар,
ой-толғам, сыр-сұхбат**

Редакторы **Әлсейіт ОСПАН**
Қате түзеуші **Қазына НҰРМАХАНОВА**
Беттеуші дизайнер **Мақпал АЙТАҚЫНҚЫЗЫ**
Техникалық сарапшы **Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISBN 978-601-03-0231-0



9 786010 302310

ИБ №19

Басуға 04.08.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108^{1/32}. . Офсеттік басылым.

Қаріп түрі “Academy.kz”. Көлемі 15,0 шартты баспа табақ.

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №19.

«ҚазАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы